

«Alikhan Bokeikhan University» ББМ

ӘОЖ 811.512.122

Қолжазба құқығында

МАМЫШЕВА МӨЛДІР ЕРЛАНҚЫЗЫ

**Абай облысы микротопонимдерінің лингвомәдени жүйесі (Ақсуат, Аягөз,
Үржар аудандары жер-су атаулары негізінде)**

6D020500 – Филология

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесші
филология ғылымдарының докторы,
профессор
Сейітова Ш.Б.

Ғылыми кеңесші
филология ғылымдарының докторы,
профессор м.а.
Абикенова Г.Т.

Шетелдік ғылыми кеңесші
доктор PhD, профессор
Мехмет Өлмез
(Стамбул университеті)

Қазақстан Республикасы
Семей, 2023

МАЗМҰНЫ

АНЫҚТАМАЛАР	3
КІРІСПЕ	5
1 МИКРОТОПОНИМДЕРДІҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ (АҚСУАТ, АЯГӨЗ, ҮРЖАР АУДАНДАРЫ ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫ НЕГІЗІНДЕ)	13
1.1 Микротопонимикалық жүйенің зерттелу барысы және кластар бойынша жіктелімі.....	13
1.2 Ғалам (дүние) бейнесі және микротопонимдер.....	24
1.3 Микротопонимдердегі «адам» концептісі.....	35
1.4 Микротопонимдердегі «қоғам» концептісі.....	46
1.5 Микротопонимдердегі «табиғат» концептісі.....	56
Бірінші бөлім бойынша қорытынды.....	65
2 МИКРОТОПОНИМДЕРДІҢ ТАРИХИ-ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТЫ (АҚСУАТ, АЯГӨЗ, ҮРЖАР АУДАНДАРЫ ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫ БОЙЫНША)	67
2.1 Микротопонимдерді қалыптастырудағы тарихи-этимологиялық ерекшеліктер.....	67
2.2 Микротопонимдердің тіркесімділік қасиеттері.....	79
2.3 Микротопонимдердің топонимжасамдық ерекшеліктері.....	92
2.3.1 Ақсуат ауданы микротопонимдерінің топонимжасамдық сипаты	105
2.3.2 Үржар ауданы микротопонимдерінің топонимжасамдық сипаты.....	113
2.3.3 Аягөз ауданы микротопонимдерінің топонимжасамдық сипаты	119
Екінші бөлім бойынша қорытынды.....	128
ҚОРЫТЫНДЫ	129
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	133

АНЫҚТАМАЛАР

Диссертациялық жұмыста төмендегідей анықтамаларға сәйкес терминдер қолданылды:

Аналитика-семантикалық тәсіл – сөз жасаудың синтаксистік амалы, яғни түбір (негізгі я туынды) сөздердің бірігуі, қосарлануы, тіркесуі арқылы жаңа сөз тудыру тәсілі.

Гидроним – су объектілерінің атаулары.

Ғаламның тілдік бейнесі – адамды қоршаған объективті шындық. Ол танымға тәуелсіз өмір сүреді.

Концепт – жинақталған ұғым, жинақталған түсінік пен білімдердің қорытылған бірлігі. Кең мағынасында алғанда, концепт ғалам туралы білімдер жүйесінің бір үзіндісі ретінде түсініледі де, индивидтің қоршаған ортадағы, ақиқат болмыстағы бар заттар мен құбылыстар, алуан түрлі объектілер туралы білетінінің, ойларының, қиялдағы көріністерінің бәрін қамтиды.

Концептілік жүйе – ұлттық нақыштағы күрделі ұғымдарды бір мазмұнға реттеп топтастыра отырып жүйелеу.

Лексика-семантикалық тәсіл – белгілі бір сөздердің жаңа мағынаға ие болуы, көп мәнді, омонимдік қатарда келуі арқылы жасалады.

Лингвомәдениеттану – лингвистика мен мәдениеттану пәндерінің торысуында пайда болып, халық мәдениетінің тілдегі әсерін, ерекшелігін, жаңаша көзқараспен салыстыра зерттейтін сала.

Микрогидроним – шағын өзендердің, арналардың, бұлақтардың, құдықтардың, шығанақтардың, тоғандардың, батпақтардың атаулары.

Микродроним – жолдардың, соқпақтардың, өткелдердің атаулары.

Микроороним – қырат, ойпат, сай атаулары.

Микротопоним – көлемі шағын және аса маңызды емес объектіге (алаңқай, қоныс, бұлақ, шабындық және т.б.) қатысты географиялық атау, оны тек жергілікті халық қана біледі.

Ойконим – кез келген елді мекеннің (қала, кент, жұмысшы кенті, бақша серіктестігі, ауыл, деревня, бөлімше және т.б.) атауы. Ономастика– тіл білімінің жалқы есімдерді (географиялық атаулар, адам есімдері, ғаламшарлар, жұлдыздар және т.б. атаулар) зерттейтін саласы. Ороним– орографияның кез келген объектісінің (жота, тау, төбе, шоқы, аңғар, шатқал, жыра және т.б.) атауы.

Сана – өзіне қатысты кез келген нәрсеге бағыттталып, оны қайта бейнелей алатын, өз-өзіне айқын менталды феномендерді (mental phenomena) бейнелейтін түрлі қабілеттер кешені.

Синтетика-семантикалық тәсіл – сөзжасамның мағыналық сипатын анықтаудың күрделі түрі.

Сөзжасам – тіл білімінің жаңа мағыналы туынды сөздердің қалыптасуы мен мағыналық дамуын, жасалу тәсілдерін зерттейтін саласы.

Сөзжасамдық талдау – осы күнгі сөзжасам тұрғысынан сөз құрылымын, яғни, сөз құрамындағы морфемалардың өзара байланысын, қарым-қатынасын анықтау.

Стратиграфия – географиялық атаулардың тарихи жағынан әртүрлі кезеңде қалыптасқан және тілдік тұрғыдан алуан түрлі қабаттары. «Стратиграфия» (латынш *astratum* - «қабат», грекше *grapho* - «пишу») термині геологиядан алынған.

Топонимика – географиялық атауларды, олардың шығу тегі, дамуы, қазіргі жай-күйі, мағынасы, жазылуы мен айтылуын зерттейтін ғылым.

Тілдік сана – біріншіден, кең мағынада тілдік сана дегеніміз объективті әлемдегі заттар мен құбылыстар туралы көзқарастардың, ақпараттардың, түсініктердің тілдік белгілер арқылы санада бейнеленуі. Екіншіден, тар мағынада тілдік сана дегеніміз белгілі бір тілде сөздердің құрылымы, оның қолдану ерекшеліктері, айтылу ережелері, мағынасын білуі тәрізді ақпараттардың жиынтығы.

Фито-микротопоним – ормандар, шабындықтар, алқаптар атаулары.

Халықтық этимология – географиялық атаудың мағынасын белгілі бір сөзбен кездейсоқ сәйкестігі, дыбыстық ұқсастығы негізінде, тіл заңдылықтары мен тарихи жағдайларды ескермей түсіндіру.

Этимология – географиялық атаудың шығу тегі.

Этноним – кез келген этностың, этностық топтың, ұлттың, халықтың, ұлыстың, тайпаның немесе рудың атауы. Этнонимдер де географиялық атауларды құрауға қатынасқан.

КІРІСПЕ

Тіл білімінің ономастика саласында қарастырылатын жер-су атаулары – халқымыздың сан ғасырлық тарихи соқпағынан ақпарат беретін, ұлттың рухани-мәдени ерекшеліктерін, құндылықтарын бойына сіңіріп, ұлттық болмысымызды танытатын тілдік қазынамыз. Әр күн сайын тіл тілде жүздеген, мыңдаған жер-су атаулары тілдік коммуникацияда қолданысқа түсіп, әрбір саналы азаматтың өмір тіршілігінде белгілі бір жерді, елді мекенді, тауды, тасты, суды, ну орманды атау үшін өзіндік қызмет атқарады.

Қазақ халқы ұлт ретінде қалыптасу кезеңінен бастап, көшпелі өмір салтын ұстана отырып өмір сүрді. Көшпелі тірлігінде қолындағы малға шұрайлы жер іздеу мақсатында көктем, жаз уақыттарында жайлауға, күзде күзеуге, қыста қыстауға көшіп жүріп, мал тұяғы жеткен жерді оның ыңғайына қарай иеленіп отырған. Жерді меншіктеу мақсатында аталған жердің ерекше белгілерін анықтай отырып, ұлттық ерекшеліктерді де қатар сипаттайтын, жерді иеленушіден де ақпарат беретін атау қою арқылы топонимика саласының зерттеу нысанасы болып табылатын жер-су атауларының қалыптасуына алғышарт жасады. Сол себепті де әрбір топонимде ең алдымен ұлттың болмысы, халықтың дүниетанымы, салт дәстүрі мен әдет-ғұрпы жинақталып, тілдік зерттеу барысында жер-су атауларының кумулятивті қызметінен мол мағлұмат беріп отырады. Ал бұл мағлұматтар тілде тарих пен лингвистиканы, география мен лингвистиканы бірегейлестіруде құнды материал болып табылады.

Соңғы жылдардағы ғаламдық жаһандану үдерісінде ұлттық бірегейлік пен бірлікті кейінгі ұрпаққа жеткізу – біздің ұлт ретіндегі азаматтық борышымыз. Ұлттық бірегейлік дегеніміз – бір халықтың бірлігін көрсететін ортақ құндылықтар. Ал ортақ құндылық – әрбір кісіге ананың сүтімен берілетін ана тілі, ұлттық тілі. Ұлттық тіліміз – барша халықтың ғасырлар бойынша басынан кешкен тарихы, салт-дәстүрі мен мәдениетін, әдет-ғұрыптарын ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отыратын тілдік құрал. Демек, әрбір халықтың ұлттық болмысы, ерекшелігі ұлттық тілінде сақталады. Яғни, ұлттық тіл – халықтығымызды, ортақтығымызды білдіретін ұлттық кодымыз. Осы ұлттық кодымыз ұлт бейнесінде көрініп, ұлттық танымында сипатталады.

Дүниенің ұлттық топонимиялық бейнесінің құрамында аймақтың топонимиялық бейнесін зерттеу нысаны ретінде қарастыруымызға болады. Өйткені ол белгілі бір аймақтың топонимдер мен микротопонимдерінің тарихи, рухани-мәдени ұлттық құндылықтарын сипаттайтын тілдің менталды көрінісі болып табылады. Олай болса, сол аймақта өте ерте дәуірлерден бері өмір сүріп келген елдің, халықтың этнотанымдық ерекшеліктерін аймақтық топонимиялық жүйеде әрекетке түсіреді.

Кез келген аймақтың топонимиялық жүйесі, оның ішінде топонимиканың маңызды бір саласы микротопонимдер сол аймақтың ондаған ғасырлар бойы қалыптасқан табиғат жағдайларын, сол өңірді мекендеген халықтың ежелгі және жаңа тарихын бойына сіңірген, әрі сақтап келген, ұлттың рухани және

материалдық мәдениетінен көрініс беретін жалқы есімдер кешені болып саналады. Ол жекелеген топонимдерге қарағанда көбірек зерттеулерді қажет етеді. Микротопонимдер белгілі бір аймақта адамдардың ұзақ уақыт тұрақтануы негізінде қалыптасқан нысан атаулары ретінде өзіндік құрылымдық және семантикалық ерекшеліктерге ие. Мұндай ерекшеліктерді тану лингвистика топожүйесінің теориялық және тәжірибелік сипатындағы маңызы мен қажеттілігін танытады.

Қазіргі ғаламдық жаһандану кезеңінде тіл білімі ғылымының дамуы антропоцентристік бағытта жүргізіліп жатқан зерттеулермен сабақтастықта қарастырылып отырғаны белгілі. Осы орайда белгілі бір аймақ микротопонимдерін антропоцентристік парадигма аясында қарастыру арқылы да қазақ халқының антологиялық табиғатын, көп қырлы ерекшеліктерін тануға, дүниетанымын, ғасырлар бойы тайпа ретінде өмір сүрген бір аймақта, бір өлкеде қалыптасқан оның әдет-ғұрпының нәтижесін тек қана тілдік, табиғи-географиялық тұрғыдан ғана емес, мифологиялық, этномәдени тұрғысынан да қарастыру мәселелері диссертациялық жұмыстың жалпы сипатын танытады.

Зерттеу жұмысының «Микротопонимдердің лингвомәдени ерекшеліктері (Ақсуат, Аягөз, Үржар аудандары жер-су атаулары негізінде)» деп аталатын бірінші тарауы бес тараушадан тұрады. Тараушалар «Микротопонимдік жүйенің зерттелу барысы және кластар бойынша жіктелімі», «Ғалам (дүние) бейнесі және микротопонимдер», «Микротопонимдердегі «адам» концептісі», «Микротопонимдердегі «қоғам» концептісі», «Микротопонимдердегі «табиғат» концептісі» деген атаулармен беріліп, бірінші тарауда микротопонимдердің зерттелу барысы мен лингвомәдени, концептілік аясы қарастырылады.

Екінші тарау «Микротопонимдердің тарихи-лингвистикалық сипаты (Ақсуат, Аягөз, Үржар аудандары жер-су атаулары бойынша)» деп аталып, «Микротопонимдерді қалыптастырудағы тарихи-этимологиялық ерекшеліктер», «Микротопонимдердің тіркесімділік қасиеттері», «Микротопонимдердің топонимжасамдық ерекшеліктері», «Ақсуат ауданы микротопонимдерінің топонимжасамдық сипаты», «Үржар ауданы микротопонимдерінің топонимжасамдық сипаты», «Аягөз ауданы микротопонимдерінің топонимжасамдық сипаты» тараушаларына бөлінген. Бұл тарауда микротопонимдердің, тарихи-лингвистикалық ерекшеліктері, тіркесімділік қасиеттері, топонимжасамдық сипаты зерделенеді.

Зерттеудің өзектілігі. Бүгінгі қоғамда әлеуметтік-саяси және экономикалық өзгерістерге байланысты топонимика, оның салалары зерттеулердің жаңа кезеңіне аяқ басуда. Оның айғағы, бірқатар жағдайларда ауыл және қала жер-су атауларына өзгерістер енгізілуде. Қоғамдық сананың да бүгінгі күйі топонимика саласындағы зерттеулерге ерекше қызығушылық тудырып отырғанын байқауға болады. Осы тұста белгілі бір аймақты мекендеген халықтардың тарихын зерттеуге, география мен экономика, жергілікті фольклор мен тілдік өзгерістер туралы білімдерін кеңейту міндеттері қойылып отыр. Халықтың этникалық тарихы, қоғамдық өмірдегі тіршілігі, ең алдымен табиғи ортасы мен әлеуметтік-экономикалық жағдайларымен біте

қайнасып отыратыны белгілі. Ал аймақтың топонимиялық жүйесінің өзіндік келбетін танытатын сипаттар кіші аймақтар топонимиясынан да көрініс табады. Өйткені, белгілі бір аудан аймағындағы топонимдер жиынтығы аймақтың топонимдік жүйесін құрайды. Топонимдердің ерекше бір түрі микротопонимдер жалқы географиялық есімдер ретінде локалды түрде географиялық нысанды көрсетеді. Микротопонимдер белгілі бір шағын аймақтың жүйесін құрайды. Сондықтан микротопоним шартты түрде азғана адамдарға мәлім, уәжділігі жергілікті тұрғындарға ғана белгілі және ұсақ нысан атауы ретінде көрініс береді. Сондықтан микротопонимдер жекелеген топонимдерге қарағанда көбірек зерттеулерді қажет етеді, әрі өзекті деп танылады.

Тақырыптың зерттелу деңгейі. Бүгінгі таңдағы тіл білімінің дамуы полипарадигматикалық бағыттармен ерекшелінеді, яғни лингвистика функционалдық, прагматикалық, лингвомәдени, когнитивтік т.б. салалар арқылы өрісін кең жайып даму үстінде. Тілтанымның осындай көп бағытты парадигматикадағы оның кемелденген жағдайын көрсетеді. Әлемді тіл арқылы танудағы микротопонимдердің орны мен маңызын ескеретін болсақ, ономастикалық-тілдік бірліктердің ментальді-концептілік сипаттарын айқындау қазақ тіл білімінің қазіргі кездегі өзекті мәселелерінің бірі болып табылады.

Қазіргі таңда қазақ тіл білімінде ономастика саласы бойынша жүздеген кандидаттық, докторлық диссертациялар қорғалды (Т. Жанұзақ, Б. Бияров, А. Әбдірахманов, Е.Қойшыбаев, В.Н. Попова, О.А. Сұлтаньяев, Е.Ә Керімбаев, В.У. Махпиров, Б. Бектасова, М. Қожанов, Г.Б. Мәдиева, Қ. Рысберген, А Жартыбаев, Ғ. Сағидолда, Д. Пашан, Б.М. Тілеубердиев, Б. Тасболатов, Э Орынбетова, Ұ. Ержанова, А. Мақұлбек, К.М. Головина, М.А. Диарова, С. Иманбердиева, С.Е. Керімбаева, М.Е. Какимова, Л. Наханова, Г. Бөрібаева, Ж. Бұғыбаева, т.б.).

Қазақ тіл білімінде соңғы жылдары қорғалған диссертациялардың ішінен ономастиканы жаңа антропоөзектік парадигмада зерттеу, аталым теориясының негіздерін зерделеуге арналған мынадай еңбектерді атауға болады: Г. Мадиеваның «Имя собственное в контексте познания» (2005), Б. Тілеубердиевтің «Қазақ ономастикасының лингвоконцептологиялық негіздері» (2006), А. Жартыбаевтың «Орталық Қазақстан топонимиясының тарихи-лингвистикалық, этимологиялық және этномәдени негіздері» (2006), Қ. Айдарбектің «Қазақ терминологиялық аталымның ономастиологиялық аспектісі» (2009). Бұл жұмыстарда қазақ ономастикасы мен терминологиялық аталым теориясының бірқатар іргелі мәселелері қарастырылып, оң нәтижелерге қол жеткізілді.

Соңғы жылдары қазақ ономастикасының бірқатар кешенді де келелі теориялық проблемалары өзінің оң шешімін тапты деуге болады. Мәселен, Қазақстан ономастикалық ғылымында алғаш рет қалыптасқан ғылыми-теориялық пайымдаулар жүйеленіп, біршама реттестірілді, зерттеу аспектілеріне жан-жақты тоқталды. Сонымен қатар алғаш рет қазіргі

ономастикалық жүйенің метадиалектісі мен концептуалды-терминологиялық аппараты, Қазақстанның қазіргі ономастикалық кеңістігіндегі онимдік бірліктерді леммалау мәселесі зерделеніп, жүйеленіп, тереңдете қарастырылу арқасында бірқатар тың теориялық нәтижелерге қол жеткізілді.

Қазақ топонимиясының лингвокогнитивтік және этномәдени негіздері қазақ тіл білімінде ұлттық жер-су атаулар жүйесін жаңаша көзқараста, жаңа әдіс-тәсілдермен когнитивтік, психолингвистикалық тұрғыдан алғаш рет қарастырылды. Жер-су атаулары ұлттық сананың көрініс тапқан ұлттық бірегейліктің алғышарты ретінде алғаш рет проблема қойылып, қарастырылды. (Қ. Рысберген, 2010). Ономастикалық зерттеулерде, әсіресе топонимия саласында, зерттеушілер күрделі теориялық проблемаларға батыл тереңдеп баруы арқылы ұлттық ономастиканың когнитивтік бағытын қалыптастырып, іргелі теориялық жаңалықтарға қол жеткізді. Сонымен қатар лингвистикалық, ономастикалық материалды зерттеу барысында жаңаша озық әдіс-тәсілдер, ономастикалық тілдік бірліктерді саралауда алғаш тың зерттеу технологиялары енгізілді. Яғни халқымыздың тілі мен тілінің тереңінде қатталған ұлттық құндылықтарды қазіргі қоғамда, әлемде қалыптасып отырған тарихи, саяси реалийлерге сай зерделеуге мол мүмкіндіктерге жол ашылып отыр. Осы зерттеу жұмысында біз қазақ ономастикалық кеңістігіндегі аймақ микротопонимдерін лингвомәдени аспектіде зерделеп, тарихи-лингвистикалық, тарихи-мәдени, топонимжасамдық сипатына қарай зерттейтін боламыз.

Зерттеудің мақсаты – микротопонимдерді танудың лингвомәдени негіздері мен дәстүрлі лингвистикалық парадигма аясындағы қолданысын негізге ала отырып, Абай облысы Ақсуат, Аягөз, Үржар аудандары микротопонимдерінің лингвомәдени жүйесін лингвомәдени және тарихи-лингвистикалық тұрғыдан кешенді зерттеу. Аталған мақсатқа қол жеткізу үшін төмендегі **міндеттер** атқарылады:

1. Абай облысы Ақсуат, Аягөз, Үржар аудандары микротопонимдерінің жиынтығын аймақтық микротопонимиялық жүйе нысанында лингвистикалық тұрғыдан зерттеу.

2. Тіл білімінің ономастикалық кеңістігі мен микротопонимдік жүйесінің зерттелу барысына шолу жасап, кластар бойынша жіктеу.

3. Абай облысы Ақсуат, Аягөз, Үржар аудандары микротопонимдеріндегі ғаламдық бейне мен халықтық танымды зерделеу.

4. Аталған аудандар бойынша микротопонимиялық бейне құрайтын концептілерді анықтай отырып, микротопонимдерді адам, қоғам, табиғат тақырыптары аясына топтастыру.

5. Ақсуат, Аягөз, Үржар аудандары микротопонимдерінің тарихи-лингвистикалық ерекшеліктерін негізге ала отырып, тарихи-этимологиялық сипатын айқындау.

6. Ақсуат, Аягөз, Үржар аудандары микротопонимдерінің құрамындағы компоненттерінің грамматикалық ерекшеліктерін негізге ала отырып, тіркесімділік қасиеттерін айқындау.

7. Ақсуат, Аягөз, Үржар аудандары микротопонимдерін сөзжасамдық тұрғыдан жекелей талдау арқылы өңір микротопоним топонимжасамдық сипатын анықтау.

Зерттеу нысаны: Абай облысына қарасты Ақсуат, Аягөз, Үржар аудандарында кездесетін микротопонимдер.

Зерттеу пәні ретінде Абай облысы Ақсуат, Аягөз, Үржар аудандары микротопонимдердің лингвомәдени, тарихи-лингвистикалық, топонимжасамдық-тіркесімділік ерекшелігі қарастырылады.

Зерттеудің әдістері. Диссертациялық зерттеуде сипаттама, құрылымдық, салыстырмалы-тарихи, тарихи-әдеби және концептуалды зерттеу әдістері қолданылды.

Зерттеудің теориялық және әдістемелік негіздері. Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негізіне қазақ ономастикасының жалпы мәселелеріне қатысты А.Әбдірахманов, Е. Қойшыбаев, Т. Жанұзақов, О. Султаньяев, Е. Керімбаев, Е. Жартыбаев, Қ.Қ. Рысберген және т.б. зерттеушілердің зерттеулері негізге алынды. Сонымен қатар аймақтық топонимика мәселелеріне қатысты Қ. Сапаров, Б. Бияров, А. Әлімхан, Ұ. Ержанова, Ш. Сейітова, Э. Орынбетова сынды зерттеушілердің ғылыми еңбектері ізденіс көзі болды. Зерттеу барысында микротопонимдердің тарихи сипаты қазақ топонимдері стратиграфиясын әр түрлі аймақтық деңгейде зерттеген А. Әбдірахманов, Т. Жанұзақов, Ұ. Ержанова, Б. Бияров сынды зерттеушілердің еңбектері негізінде қарастырылды. Жалпы топонимдердің табиғи ортамен байланысы туралы мәселелерде Э.М. Мурзаев, Б.А. Будагов, Б.Х. Хасанов, К. Конкобаев, Ж.Д. Достай, А.Р. Медеу, т.б. зерттеулері басшылыққа алынды. Микротопонимияның ландшафттар динамикасы және табиғатты қорғау мәселелеріне қатысты қырлары С. Омарбекова, Ә.Е. Аяпбекова, А.У. Мақанова, З.Қ. Мырзалиева, К.Т. Мәмбеталиев, Ө.Ж. Сағымбай т.б. ғылыми жұмыстарына сүйеніп жүзеге асырылды. Микротопонимдердің лингвомәдени ерекшеліктерінде А. Әбдірахманов, Е. Қойшыбаев, Т. Жанұзақов, О. Султаньяев, Т. Жанұзақов, Е. Керімбаев, Қ. Рысберген, этномәдени қырларында А. Арысбаев, Б. Әбдуәліұлы, А.Ә. Әлімхан, Д.Ш. Бикенов, А.Н. Бекмешева, Б.Н. Бияров, Г.Н. Джумадилаева, Ғ.Ж. Ермекбаев, Ш. Сейітова, Ж.А. Исмайлова, З.А. Құламанова, А.Б. Мақұлбек, Б.Т. Тасболатов, Ұ.Р. Ержанова және басқа да зерттеушілердің лингвистикалық сипаттағы зерттеулері әдіснамалық негіз ретінде қолданылды. Микротопонимдердің семантикалық, морфологиялық, фоносемантикалық қырларында А. Мақұлбек, А. Әбдірахманов, Қ. Рысберген сынды зерттеушілердің еңбектеріне сүйенсек, микротопонимдердің сөзжасамдық ерекшеліктерін анықтауда Б. Бияров, Б. Қасым, Ж. Бұғыбаева сынды зерттеушілердің теориялық еңбектерін әдіснамалық негіз ретінде қолдандық. Микротопонимия тұжырымын негіздеуде Н. Подольская, В. Никонов, Э. Мурзаев, Т. Жанұзақов, С. Булатова, Л. Наханова тәрізді зерттеушілердің ғылыми тұжырымдары негізге алынды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

1. Абай облысы Ақсуат, Аягөз, Үржар аудандары микротопонимдерінің жиынтығы аймақтық микротопонимиялық жүйе нысанында арнайы зерттеліп, лингвистикалық тұрғыдан қарастырылды.

2. Тіл білімінің ономастикалық кеңістігіндегі микротопонимдік жүйенің зерттелу барысына шолу жасалып, кластар бойынша жіктелді.

3. Абай облысы Ақсуат, Аягөз, Үржар аудандары микротопонимдерін танудың этномәдени негіздері ғаламдық бейне мен халықтық таным тұрғысынан аймақтық микротопонимия аясында зерттеліп, жүйеленді.

4. Абай облысы Ақсуат, Аягөз, Үржар аудандары бойынша микротопонимиялық бейне құрайтын концептілерді көрсете отырып, микротопонимдер адам, қоғам, табиғат тақырыптары аясына топтастырылды.

5. Ақсуат, Аягөз, Үржар аудандары микротопонимдерінің тарихи-лингвистикалық ерекшеліктері теориялық тұрғыдан зерделеніп, өңір микротопонимдерінің тарихи-этимологиялық сипатын айқындалды.

6. Ақсуат, Аягөз, Үржар аудандары микротопонимдерінің грамматикалық ерекшеліктерін жүйелеу арқылы тіркесімділік қасиеттері айқындалды.

7. Ақсуат, Аягөз, Үржар аудандары микротопонимдерін сөзжасамдық тұрғыдан талдау арқылы өңір микротопонимиясының топонимжасамдық ерекшеліктері анықталды.

Зерттеудің теориялық маңызы. Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері мен қорытындылары өз деңгейінде қазақ топонимикасы мен микротопонимика теориясын негізге ала отырып, белгілі бір аймақтардағы топонимдік жүйе туралы жаңа теориялар мен тұжырымдар қалыптастыруға мүмкіндік береді. Аймақтық топонимиялық материалдармен деректелетін болашақ зерттеу жұмыстарына осы ғылыми еңбектің кейбір теориялық ұстанымдары мен тұжырымдарының кейбір тұстары негіз бола алады. Зерттеу нәтижелері мен тұжырымдары ономастика, топонимия, этнолингвистика, лингвомәдениеттануға қатысты теориялық мәселелерді шешуде өз деңгейінде үлес қосады.

Зерттеудің практикалық құндылығы. Диссертация жұмысының нәтижелері мен материалдарын жоғары оқу орындарында арнайы оқытылатын ономастика, топонимика, этнолингвистика, лексикология және лингвомәдениеттану пәндері бойынша оқулықтар мен оқу құралдарын әзірлеуде, теориялық курстар мен арнайы семинарлар ұйымдастыруда, сонымен қатар лексикографиялық тәжірибе жүргізуде қолдануға болады.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар:

1. Абай облысы Ақсуат, Аягөз, Үржар аудандары микротопонимдерін арнайы зерттеу нысанына алу арқылы аймақтық микротопонимиялық лингвомәдени жүйе қалыптастырылды.

2. Абай облысы Ақсуат, Аягөз, Үржар аудандары микротопонимдері лингвистикалық тұрғыдан зерделеніп, микрогидронимдер, микрооронимдер, микродронимдер, фито-микротопонимдер, елді мекен бөліктерінің атауларына қатысты микротопонимдік кластар ретінде қарастырылды.

3. Абай облысы Ақсуат, Аягөз, Үржар аудандары микропонимдерін ғаламдық бейне мен халықтық таным негіздері арқылы этномәдени тұрғыдан тану өңір микропонимиясын зерттеудің жаңаша қырын танытады.

4. Этнос танымының топонимиялық жүйедегі көріністерін қарастыруда таным (этнос танымы немесе этикалық таным), дүниетаным, ғаламның (дүниенің) аймақтық микропонимиялық бейнесі сынды ұғымдар «адам», «қоғам», «табиғат» концептісінің айналасына топтастырылып берілді.

5. Ақсуат, Аягөз, Үржар аудандары микропонимдерінің тарихи-лингвистикалық ерекшеліктері теориялық тұрғыдан зерделеніп, өңір микропонимдерінің тарихи-этимологиялық сипаты тілдік қабаттар арқылы берілді.

6. Микропонимдердің тіркесімділік қасиеттерін айқындауда топонимдік кеңістіктің құрамын және грамматикалық ерекшеліктерін талдау микропонимнің біртұтас бөлігі ретінде қарастырылады.

7. Микропонимдердің де өзіне тән грамматикалық сипаты, морфологиялық құрылымы, жасалу тәсілдері, сөз тудыратын формалары – нақтысы, топонимжасамдық құрылымы болады. Ақсуат, Үржар, Аягөз аудандары микропонимдерінің топонимжасамдық ерекшеліктері өзіне тән белгілі тәсілдерін негізге ала отырып лексика-семантикалық тәсіл арқылы жасалған топонимдер, аналитика-семантикалық тәсіл арқылы жасалған топонимдер, синтетика-семантикалық тәсіл арқылы жасалған топонимдер деп топтастырылып берілді.

Зерттеу жұмысының жариялануы: «Бөрітастаған» топонимінің этномәдени негізі // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Филология сериясы.– 2020. – № 4(133). – Б. 24-31; Тарбағатай аймағының топонимдік аңыздары // М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің Хабаршысы. – 2021. – №1. – Б. 225-231; Тарбағатай топонимдеріндегі атаулар семантикасы // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Филология сериясы.– 2022.– №3(140). – Б. 95-102; Үржар ауданы топонимикалық жүйесінің тілдік қабаттары тарихи-лингвистикалық аспектіде // С. Торайғыров университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. – 2022. – №4.– Б. 247-258; Toponymic Space of Tarbagatay District of East Kazakhstan Region as a Reflection of the Material and Spiritual Culture of the Kazakh People // Astra Salvensis.– 2021.– №1; Ұлттық сананың қалыптасуы мен дамуында – тіл саясаты шешуші фактор // Алаш мұраты және рухани жаңғыру: тағзым мен тағылым: атты Алаштың 100 жылдығына арналған республикалық семинар материалдары (Астана, 2018); Тарбағатай топонимдерінің этимологиялық семантикасы //Түркі жазба ескерткіштері: тілі, тарихы және мәдениеті: Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары жинағы (Нұр-Сұлтан, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы, 2022); «Үржар» топонимінің қалыптасу тарихы – лингво-мәдени аспектіде // XXI ғасырдағы педагогикалық білім беру: басымдықтар мен ізденістер:халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары жинағы (Астана, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы, 2022).

Зерттеу жұмысының құрылымы. Жұмыс кіріспеден, екі бөлім, өз ішінде бірнеше бөлімдер, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

1 МИКРОТОПОНИМДЕРДІҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ (АҚСУАТ, АЯГӨЗ, ҮРЖАР АУДАНДАРЫ ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫ НЕГІЗІНДЕ)

1.1 Микротопонимикалық жүйенің зерттелу барысы және кластар бойынша жіктелімі

Тіл тілдегі ономастика саласы – жалқы есімдерді зерттейтін тіл білімінің саласы. Ономастика негізі ел тарихындағы оқиғалар, саяси жағдайлар, мемлекеттің сыртқы-ішкі байланысы, халықтың дәстүрлерімен байланысты болып келеді. Рухани мәдениет пен келешекке деген көзқарасына да атаулар тарихының ықпалы зор. Ономастика ғылымы нысанына қарай бірнеше салаға бөлінеді. Халық тарихына орай ономастика категориялары түрлі жолмен қалыптасып дамиды. Қазақ ономастикасында антропонимдер мен топонимдер маңызды қызмет атқарады. Ат қоюға әр халықтың ертеден келе жатқан дәстүрі, ой-тұжырымы бар. Әсіресе жер-суға ат қоюды қазақ халқы аса маңызды деп есептеген. Дегенмен, ертеректегі есімдер қолданыстан шығып, ат қою үрдісі заманға сай өзгеріп, түрленіп отыратыны белгілі. Жалқы есімдер әлем туралы білім жүйесін анықтайтын және адамның дүниетанымын қалыптастыруға қатысатын белсенді элементтердің бірі.

Тіл білімінің жалқы есімдерді зерттейтін саласы ономастика атаулардың шығу, қалыптасу жайын қарастырады. Ол зерттеу нысанына қарай топонимика, этнонимика, астронимика, зоонимика, фитонимика, теонимика т.б. бағыттарды қамтиды. Қазақ ономастикасының жалпы мәселелеріне қатысты зерттеулер қатарын А. Әбдірахманов, Е. Қойшыбаев, Т. Жанұзақов, О. Султаньяев, Т. Жанұзақов, Е. Керімбаевтардың т.б. еңбектері құрайды. А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ономастика бөлімінің жұмыстары «Қазақстанның географиялық атаулары» тақырыбын зерттеу нәтижесінде «Қазақстан географиялық атауларының сөздігі. Жезқазған облысы» (1990); «Қазақстанның географиялық атаулары. Ақмола облысы» (1998); «Қазақстан Республикасының топонимдері. Топонимия Республики Казахстан» (2001) сынды ұжымдық сөздіктер топтамасын және Қ.Рысбергenniң «Историко-лингвистическое исследование топонимов Южного Казахстана» (2000) атты монографиясын 2006-2008 жылдар аралығында «Қазақ ұлттық топонимиясының когнитивтік негіздерін зерттеу» атты іргелі тақырыбы және 2007-2009 жылдары «Ұлттық идеяның қазақ ономастикалық жүйесіндегі көрінісі» атты қолданбалы сипаттағы зерттеулердің бірқатар нәтижелері 2010 жылы Қ. Рысбергenniң «Қазақ топонимиясының лингвокогнитивтік негіздері», С. Иманбердиева «Тарихи ономастикалық кеңістік (X-XIV ғғ. түркі жазба ескерткіштері негізінде)» атты докторлық диссертацияларында қамтылады.

Ономастика зерттеу пәнінің бір ерекшелігі – ол тіл білімінің саласы бола тұра, атауға ие болған нысандардың ерекшеліктеріне байланысты этнографиялық, тарихи, географиялық, әлеуметтік, әдебиеттану элементтерін де қамтиды. Осыған орай ономастиканы кешенді сала деп те атауға болады. Ол жайында белгілі ғалым, қазақ ономастикасының іргетасын қалаушы, профессор

Т. Жанұзақ: «Ономастика – тілдің сөз байлығы, сөздік қормен, жалпы лексикамен тығыз байланысты. Ол осымен қатар тарих, этнография, этнология, география және эстетика, әдебиеттану, философия, биология сияқты ғылымның беделді салаларымен үнемі байланыс, бірлікте. Бұл көрсетілген ғылым салаларымен бірлікте болғанымен, ономастика лингвистикалық пән болып есептеледі. Өйткені, оның зерттейтін негізгі объектісі – сөз. Жалпы тіл білімі, оның бір саласы ономастика тек қоғамдық ғылымдармен жанасып қоймай, әдебиет, мәдениет, география, психология, геология, зоология ғылымдарымен де ұштасып, байланысып жатады» [1], – дейді.

Қазақ ономастикасына байланысты зерттеулерге шолу ең алдымен Қазақстан территориясындағы топонимдік бірліктер жинақталып, тіркелгендігінен ақпарат береді. Бертін келе, әр аймақтың топонимдік жүйесі зерттеу нысанаға алынып, аймақ топонимдерінің қалыптасуына әсер ететін тарихи, географиялық, экстралингвистикалық факторлар зерделеніп, жаңа ғылыми-теориялық, әдістемелік зерттеулер қолға алынады.

Топонимика – жер бетіндегі жер-су, өзен-көл, тау-тас атауларының қалыптасу және даму үлгілерін зерттейтін ғылым саласы. Ал кез келген аймақтың макро және микро топонимдері сол өңірдің топонимдер жүйесін құрайды. Топонимдер географиялық атаулардың сипатына қарай бірнеше түрге бөлінеді. Оларға гидронимдерді (өзен, су атаулары), антропонимдерді (адам аттарынан жасалған географиялық атаулар), ойконимдерді (елді мекен атауларын), оронимдерді (тау аттары) дримонимдерді (орман атаулары), нейкронимдерді (бейіт атаулары) және т.б. жатқызамыз.

Түркітанудағы топонимика саласын зерделеу В.В. Радлов, Е.Д. Поливанов, С.Е. Малов, В.А. Гордлевский, Н.К. Дмитриев, А.Н. Кононов, Н.А. Баскаков, Э.Р. Тенишев, Э.В. Севортян, В.Г. Егоров, А.А. Юлдашев, А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, І. Кеңесбаев, Ә. Қайдаров, Ә. Абдрахманов, Л. Нахановалардың тарапынан қолға алынды.

Қазақ топонимика саласының тарихы сонау ХХ ғасырдың 20-30 жылдарынан Ғ. Қоңқашбаев, Е. Қойшыбаев, еңбектерінен бастау алып, А. Әбдірахманов, Р. Рысбергген, Ж. Манкеева, Е. Жартыбаев, Ұ. Ержанова, Э. Орынбатова, Е. Керімбаев, Ғ. Ермекбаев сынды ғалымдардың зерттеу еңбектерінде лексика-семантикалық, құрылымдық, тарихи-мәдени, этимологиялық сипаты тұрғысынан зерттеу нысанына айналды.

Топонимика саласында еліміздегі барлық жер-су аттарын топтастыру, жіктеу, лингвистика тұрғысынан талдау мақсат етілсе, бүгінгі таңдағы топонимикалық зерттеулердің бағыты кеңейіп, қазіргі тіл ғылымына жаңадан қосылып келе жатқан салаларда да ауқымды қарастырыла бастады. Соңғы жылдарда Қ.Қ. Рысбергген, А.Е. Жартыбаев, А. Арысбаев, Б. Әбдуәлиұлы, А.Ә. Әлімхан, Д.Ш. Бикенов, А.Н. Бекмешев, Б.Н. Бияров, Г.Н. Джумадилаева, Ғ.Ж. Ермекбаев, Ш. Сейітова, Ж.А. Исмайлова, З.А. Құламанова, А.Б. Мақұлбек, Б.Т. Тасболатов, Ұ.Р. Ержанова және басқа да ғалымдардың лингвистикалық сипаттағы зерттеулерін атауға болады. Топонимдердің семантикалық, морфологиялық, фоносемантикалық қырлары

А. Мақұлбек, А. Әбдрахманов, Қ. Рысберген, сөзжасамдық қырлары Б. Бияров, Б. Қасым, Ж. Бұғыбаева сынды ғалымдар зерттеулерінде көрініс тапты. Зерттеулер нәтижесінде көптеген топонимжасамдық мәселелердің сыры ашылды. Онда топонимдердегі сөзжасамдық құбылыстар, тілдік бірліктердің топонимдерді жасаудағы уәжділігі, туынды мағына жасауға қатысушы морфемалар, олардың сөзжасамдық ұядағы орны т.б. турасында сөз болады.

Топонимика дәстүрлі ғылыми парадигмада негізінен тіл, география және тарих ғылымдарының тоғысуы нәтижесінде пайда болғаны белгілі. Алайда қазіргі уақытта топонимиканы зерттеуде өзге ғылым салаларының үлесі артқаны байқалады. Бұл жөнінде ғалым Қ. Рысберген: «Топонимика қоғамдық, жаратылыстану бағыттарының әдіс-тәсілдеріне, деректік-ақпараттық базасына сүйенетін мынадай бірнеше саланы қамтиды: лингвомәдениеттану, лингвогеография, лингвоэтнозоология, лингвофольклористика, полеолингвистика, нейролингвистика, лингвофилософия, психоллингвистика, компьютерлік лингвистика, және т.б.» [2], – деп топонимика саласын кешенді зерттеу саласының қатарына қосады.

Топонимдердің география ғылымдары тұрғысынан саралаған арнайы еңбек Ғ.К. Қонқашпаевтың (1949) географиялық терминология мәселелеріне арналған диссертациясы айрықша атауды қажет етеді. Жалпы топонимдердің табиғи ортамен байланысы туралы Э.М. Мурзаев, Б.А. Будагов, Б.Х. Хасанов, К. Конкобаев, Х.Л. Ханмагомедов, С.К. Караев, С.О. Омырзақов, А.П. Горбунов, Ж.С. Бейсенова, Ж.Д. Достай, А.Р. Медеу, т.б. еңбектерінде көрініс тапқан. География институтының топонимист мамандары С.А. Әбдірахманов, Қ.Базарбаев Қазақстан топонимдерін жинақтап, Қазақстан Республикасының географиялық атауларының мемлекеттік каталогтарын (облыстар бойынша) жарыққа шығарып, қомақты зерттеулер жүргізген. Географиялық ғылымдар тұрғысында тұңғыш рет қазақ топонимдерінің ақпараттық жүктемесінің этноэкологиялық және физикалық-географиялық негіздері К.Д.Каймулдинованың зерттеулерінде талданған. Микротопонимияның ландшафттар динамикасы және табиғатты қорғау мәселелеріне қатысты қырларын қазақ топонимдері негізінде, географиялық ғылымдар тұрғысында зерттеу С. Омарбекова, Ә.Е. Аяпбекова, А.У. Мақанова, З.Қ. Мырзалиева, К.Т. Мәмбеталиев, Ө.Ж. Сағымбай т.б. ғылыми жұмыстарында жүзеге асырылған. Бұл еңбектердің барлығы топонимика ғылымындағы табиғатты пайдалану және қорғау, экономикалық және әлеуметтік, физикалық география, геоэкология бағыттарын дамытуға негіз болады. Қазақстан топонимдерінің қалыптасуы мен дамуының географиялық негіздерін (шығыс, солтүстік-шығыс өңірлері мысалында) зерттеген ғалым Қ.Т.Сапаров: «Табиғат ресурстарын игеру барысында адамдар географиялық нысандарға ат беруге мәжбүр болды. Географиялық атауларда (топонимдерде) физикалық-географиялық ақпарат бар. Ақпарат белгілі заңдылықтарға негізделіп, кез-келген халықтың әлеуметтік, экономикалық даму жағдайын анықтайды. Осы тұрғыдан алғанда қазақтар мыңдаған жылдар бойы байтақ

Еуразия кеңістігін игеру барысында топонимдерде өз іздерін қалдырды» [3], – дейді.

Топонимдер талай ғасырлар бойы этноспен бірге жасап келе жатқан тілдік бірліктер болғандықтан, қоғамның дамуы, өзгеруі сияқты құбылыстарды бастарынан кешіріп, әр дәуірдің куәгерлері ретінде өмір сүріп келе жатқан жер-су атаулары үнемі ғалымдар назарында болған. Өйткені, жер-су атауларының пайда болуы, тарихы ең алдымен ұлттық тіл байлығымыздың көрсеткіші болатын болса, екіншіден, мәдениетіміз, салт-дәстүрлеріміз, өмір сүру салтымыз және әлемді тануымызбен тікелей байланысты. Үшіншіден, халықтың әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты физикалық-географиялық ақпарат беруші – табиғи нысан.

Белгілі ғалым Т. Жанұзақ «Қазақ онимдері (жалқы есімдер) құрамы мен құрылысы және шығу тегі – этимологиясы жағынан алуан түрлі. Олардың құрамында ежелгі заман мен ерте орта ғасыр, ортағасырлық және жаңа заман топонимдердің бары тарихи құбылыс» [4],– деп топонимикада тілдік қабат мәселесі өте күрделі құбылыс екенін атап өтеді.

Кез келген ел мен мемлекет өзіндік даму барысында түрлі тарихи жайларға байланысты көршілес, тіпті алыс қашықтықтағы елдермен қарым-қатынасқа түседі, қарым-қатынас барысында бір-бірімен сөз алмасады, бір-біріне мәдени, саяси тұрғыда ықпал етеді. Соның салдарынан көршілес елдердің, ежелгі тайпалық қауымдастықтардың, саяси идеологияның әсерінен топонимдер әртүрлі тілдердің тілдік ерекшеліктерін қабылдауы мүмкін. Бұл тұрғыдан келгенде қазіргі қазақ тілінің топонимдер жүйесі бірнеше тілдік қабаттардан тұрады. Соның бірі – көне түркі қабаты. Түркі халықтарының ортақ мұра саналатын Орхон-Енесей жазба ескерткіштері – ежелгі дәуірдегі ұлттар мен ұлыстардың өмір тіршілігінен, елді мекен, өзен-көл, жер-су атауларынан мәлімет беретін тас жазулары. Ескерткіш мәтінінде қазақ тілінің грамматикалық құрылысы, сөзжасамдық бірліктері туралы да материалдар баршылық. Ескерткіште топонимдік атаулар көптеп кездеседі. Орхон-Енесей жазба ескерткіштеріндегі жер-су атаулары түркі халықтарынан Ерхан Айдын тарапынан, ал қазақ ғалымдарынан Л. Наханова тарапынан зерттеу объектісіне алынып, көне түркі және қазіргі қазақ топонимдері арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар сараланды [5].

Бертін келе, орта ғасырда Түркі халықтарынан шыққан тұңғыш түрколог Махмұт Қашқари өзінің «Диуани луғат-ит-түрік» атты еңбегінде жер-су, елдімекен атауларының 175 түрін көрсетіп, оларға тілдік талдау жасап шығады. Автор өзі өмір сүріп отырған замандағы көшпенділердің ой-өрісі, дүниетанымы жайында баға жетпес қазына қалдырды [6].

Қазақ топонимдері стратиграфиясын әр түрлі аймақтық деңгейде зерттеген ғалымдар еңбектері де негізінен осы тұрғыда қарастырылады. Қазақ топонимдерін алғаш рет стратиграфиялық тұрғыдан кең көлемде қарастырған ғалымдардың қатарына А. Әбдірахманов, Т. Жанұзақов, Ұ. Ержанова, Б. Бияров, Қ. Рысбергенов және т.б. қосуға болады. Мәселен, Оңтүстік Қазақстан өңірі топонимдерін стратиграфиялық тұрғыдан зерттеу барысында

Қ. Рысберген өңір топонимдерінің ерекшеліктеріне қарай үш тілдік қабатқа бөледі: 1) субстратты топонимдер; 2) басқа тілдерден енген топонимдер; 3) түркілік топонимдер. Мұндағы басты ерекшеліктер ретінде автор аталған өңірде иран және араб тілінен енген атаулардың мол ұшырасатынын тарихи-географиялық жайларға байланысты қарастырады [7].

Қазіргі таңда қазақ тілінің топонимикалық жүйесіндегі өзекті мәселелердің бірі – макро және микротопонимдер. Микротопоним – грек т. «микро» – кіші+«топоним» – елеусіз, кіші деген мағыналарымен түсіндіріледі. Ол жекелеген топонимдерге қарағанда жан-жақты зерттеулерді қажет етеді. Себебі, қазақ тіл білімінде микротопонимдердің теориялық негіздемелері, жекелеген аймақ микротопонимдеріне қатысты зерттеу еңбектер қатары жоқтың қасы.

Қазақ макро және микротопонимдерін 1989 жылы Т. Жанұзақов Орталық Қазақстан топонимикалық жүйесі негізінде қолға алды. Аталған еңбегінде зерттеуші Орталық Қазақстан аймағы топонимдерін өзара екі үлкен топқа бөліп, біріншісіне ірі географиялық нысандардың атауларын, екіншісіне кішігірім объектілердің атауларын жатқыза келе, оларды ғылыми терминмен біріншісін макротопонимдер, екіншісін микротопонимдер деп атады.

Ғалымның пайымдауынша, микротопонимдер тегі жағынан жалпы есімдерге тым жақын болып келеді және жалпы есімдерге ауысуға бейім болады. Мәселен, *Желдінің асуы*, *Жапалақтың қыры* атауларын алып қарасақ, олар қаншалықты жер атауы болғанына қарамастан, *желді* және *асу*, *жапалақ* және *қыр* деген жеке-жеке дербес сөздерге айнала алады [1, б. 28].

Жалпы тіл білімінде орыс ғалымдарының микротопонимдерге берген анықтамалары терминді әр қырынан тануға негіз болады. Мәселен, микротопонимдерге қатысты тұжырымдарда шағын географиялық нысандардың барлық атауларын микротопонимдерге жатқызатындығы айтылады [8].

Ал Н. Подольскаяның еңбектерінде микротопонимдер дегеніміз – белгілі территорияға тән ұсақ физика-географиялық объектілердің, яғни өзендер мен көлдер, көлшіктер, бұлақтар мен бастаулар, құдықтар мен жылғалардың жыралар мен сай-салалардың, жоталар мен төбе, төбешік, қыр-қыраттардың, шабындықтар мен пішендіктердің, қыстаулар мен жайлаулардың аттары деген анықтама берілген [9].

Зерттеуші В.А. Никоновтың анықтамасында: «Микротопонимия – бұл шағын нысандардың атаулары. Оған бұлақтар, тоғайлар, егістіктер, шалғындар, сайлар, жолдар, көпірлер, құдықтар, елді мекеннің бөліктері тіпті жеке ағашқа дейінгі атаулар жатады» [10], – делінген.

Н.В. Подольскаяда микротопоним – табиғи физика-географиялық микронысанның жеке атауы. Қолданылу аясы тар, тек микротерриторияда жұмыс істейтін, аталған микронысанға жақын тұратын адамдардың шеңберіне ғана белгілі ұғым ретінде де түсіндіріледі [9, с. 83].

Э.М. Мурзаев тарапынан микротопонимдерге: «Микротопонимия – жайылым жер, батпақтар, жолдар, сайлар, қорғандар, құдықтар т.б. аты аталған

ұсақ нысандарға жақын орналасқан адамдардың шектеулі шеңберіне ғана белгілі географиялық атаулар жиынтығы» [11], –деген анықтама беріледі.

Зерттеуші С.М. Булатова микротопонимдердің географиялық қасиеттерімен ерекшеленіп, орналасу белгілерімен аталатын, табиғи нысандарға қарағанда микротопонимдерде қоғамдық қатынастар мен оқиғаларды сипаттайтын, сол микротопонимнің кімге, қандай тайпа не руға тиесілі екендігін сипаттайтын атаулармен аталатындығына баса назар аударады [12].

А. Суперанская микротопонимдерді атау кезінде экстралингвистикалық факторлар ескеріледі, яғни, «микро» деген терминінің өзі көрсеткендей, аталған географиялық нысанның өлшемі шағын болып келуіне байланысты. Бұған шағын табиғи нысандардың мәселен, өзендердің, көлдердің, жартастардың т.б. атаулары ғана емес, сонымен қатар ауданның немесе мәдени маңызды бірліктердің, көшелердің, алаңдардың, үйлердің т.б. атауларын да жатқызады. Алайда кейбір зерттеулерде көше атауларын микротопонимге жатқызуға болмайды деп есептейді [13].

Түркітанушы ғалым Л. Наханова Орхон жазба ескерткіштерінің тілін зерттей келе, микротопонимдер – белгілі бір аймақты мекендейтін халық шығармашылығының өнімі деп сипаттайды. Яғни, аймақ халқы қандай да бір себептерге байланысты өзгертін болса, микротопонимдер де өзгеруі ықтимал. Сол себепті де ғалымның пайымдауынша микротопонимдер топонимияның ең мобильді бөлшектері болып табылады. Сол себепті ғалым микротопонимдердің табиғи және жасанды деген екі түрін ажырытады [5, с. 30-31].

Көп зерттеулерде микротопонимдерді нысанның орналасу түріне қарай бөліп көрсетіледі. Олар: о баста қалыптасқан, орныққан нысан және адам арқылы жасанды түрде жасалған артефактілер. Артефактілерге сакральды нысандар, функциональдық объектілер, мәдени, тұрақты тұратын орындар, уақытша тамақтандыру орындары, қалаішілік орындар, көлік қатынасының негізгі нүктелері жатқызылады [14].

Топонимист-ғалым А.В.Суперанская микротопонимдерге қарама-қарсы макротопонимдердің де болатындығын көрсетеді [13, с. 65].

Түркітанушы ғалым Э. Мурзаев шағын географиялық объектілер атауын микротопоним, ал белгілі бір немесе бірнеше аймақты қамтитын көлемді жер-су атауын макротопоним деп атайды [11, с. 48].

Демек, микротопонимдерге берілген көптеген анықтамалар микротопонимиканы географиялық атаулардың ең төменгі, қарапайым деңгейіне жататындығын көрсетеді. О баста қалыптасқан микротопонимдер белгілі бір аймақта адамдардың ұзақ уақыт тұрақтануымен байланысты болған. Кейіннен нысан атаулары сан мәрте өзгеріске түсуі әбден мүмкін. Осындай ерекшеліктеріне орай микротопонимдердің төмендегіше белгілерін көрсетуге болады:

- 1) өмір сүру жағдайына қарай: ұзақ немесе қысқа болып келуі;
- 2) тұрақтылығына қарай: тұрақты, өзгермелі болуы;
- 3) семантикалық уәжі басым болуы;

4) морфологиялық және фонетикалық варианттардағы қолданысының кездесуі;

5) сөз тіркестері мен септік жалғауларында құрылымдық өзгерістердің жиі орын алуы;

6) диалектілік ерекшеліктермен байланыстылығы;

7) монотілділіктің басым болуы.

Жоғарыда санамалап көрсеткен микротопонимдерге тән басты ерекшеліктердің бірі – семантикалық жағынан уәжділігінің басымдылығы – микроатаудың дыбыстық таңбасы мен мағынасының арақатынасынан көрінеді. Кішкентай заттардың атаулары массалық жағынан көбірек өзгертіндіктен, кейбір жағдайларда микротопонимдер мүлдем жойылып кетуі де оңай. Микротопонимдер нысандарының өмір сүру ұзақтығы мен табиғатына байланысты да ерекшеленеді. Сондықтан микротопонимдердің келесі бір ерекшелігі тұрақсыздығы деуге болады.

Тұрғындардың шектеулі шеңберінде ғана белгілі болғандықтан монотілділік басым көрінеді. Жергілікті халықтың сөйлеу тілінде нысандардың бейресми белгісі ретінде қызмет етуінде екендігі.

Микротопонимдерде морфологиялық және фонетикалық варианттардағы қолданысының болуы мен сөз тіркестері, септік жалғауларында құрылымдық өзгерістер жиі орын алуы көрініс береді.

Микротопонимдер локализациялау қызметін атқарады. Яғни, географиялық нүктені білдіреді. Олар аймақтың құрамдас бөліктерінің өзгермелілігімен сипатталады.

Микротопонимдердің топонимдер сияқты басты қызметі – локалды түрде географиялық нысанды атайды, кеңістіктегі орнын көрсетеді, сөйлесімде (речь) болып жатқан оқиғаның, эпизодтың «адресі» орнын меңзейді.

Микротопонимдер мен топонимдердің ортақ басты белгілері:

1) экстралингвистикалық факторлармен байланыстылығы;

2) аталған бір нысанның екі не одан көп географиялық атауының болуы;

3) географиялық жалқы есімдер жүйесі бірлігінің (компоненті) болуы;

4) атауыштық мағынасынан басқа коннотативтік компоненттерінің болуы.

Сонымен, аймақтық топонимиялық жүйе ретіндегі географиялық атаулардың қалыптасу үдерісінде және олардың қазіргі тұрақтылығында заңдылық түрінде кездесетін және қайталанып тұратын ерекшеліктер, белгілер, өзгешеліктер кешенді түрде қатысады.

Осы орайда микротопонимдер микроэлементтері бар әртүрлі кластардан тұратынын ескергеніміз жөн. Ғалымдар микротопонимдердің негізгі критерийлерін ажырата отырып, төмендегідей микротопонимдік кластарға жіктейді:

Микрогидронимдер: шағын өзендердің, арналардың, бұлақтардың, құдықтардың, шығанақтардың, тоғандардың, батпақтардың атаулары.

Микрооронимдер: қырат, ойпат, сай атаулары.

Микродронимдер: жолдардың, соқпақтардың, өткелдердің атаулары.

Фито-микротопонимдер: ормандар, шабындықтар, алқаптар атаулары.

Елді мекен бөліктерінің атауларына қатысты микротопонимдер:
көшелер, шаруа қожалықтар, шағын құрылыстар атауы

Микротопонимдердің нақты шекарасын анықтауда ғалымдардың пікірлері әртүрлі. Сондықтан олардың басым тобы ерекше белгілерін аша отырып, оларды жоғарыдағыдай кластарға бөледі. Аталған микротопонимдік қатар құраушы топтар жіктелімі зерттеу нысаны ретінде алынған Ақсуат, Үржар, Аягөз аудандары бойынша жүйеленді. Аймақтардағы жер-су атаулары сол мекенде ғасырлар бойы жүріп өткен, небір құндылықтарын бойына сіңірген тілдік жәдігерлер. Тұрғындарының ежелден көшпелі мал шаруашылығына бейімделіп, мал тұяғына ере отырып, жер жағдайын мал ыңғайына қарай таңдай отырып, сол жердің ерекшелігін баса көрсететін ат қоюы, жер-су атауларының ерекше маңызды факторға айналғанының көрінісі. Аймақтардағы әр атауда ұлттық болмыс, дүниетаным, салт дәстүрдің кумулятивті жинақталуы нәтижесінде қонысты, жұртты, жайлау, күзеу, қыстау ерекшелігін дәлдікпен бере алғандықтан да құнды.

Ақсуат ауданы бойынша:

Микрогидронимдер – шағын өзендердің, арналардың, бұлақтардың, құдықтардың, шығанақтардың, тоғандардың, батпақтардың атаулары: *Ақбарша тоғамы, Айтқожса тоғамы, Ажыгүл Рақ тоғамы, Айғырқұм(көлдің жағасы), Айнабастау (бастау), Айтқожса (тоған), Ақанбозша (өзен) Ақбарша (тоғам), Ақжайлау (өзен), Әлібай бұлағы, Әміребастау (бастау), Әулиебұлақ(бұлақ), Белібай тоғамы, Базар (өзен), Базарбастау (бастау), Барғана (тоған), Белбастау (бастау), Есенгелді (тоған), Жамбике (тоған), Иттің көлі (көл), Кегенбай тоғамы (тоғам), Кезеңсу (бұлақ), Келте (бұлақ), Қазақстан (тоғам), Қаратоғам/Қаратоған (тоғам), Масалы (бұлақ), Ортайрық (су), т.б.*

Бұл аймақтағы микрогидронимдердің басым бөлігін антропонимдік, этнонимдік атаулар құрайтындығын байқауға болады.

Микрооронимдер– қырат, ойпат, сай атаулары: *Айтқанишоқы (тау, төбешік), Айғайкезең (үлкен асу), Әулиеүңгір (табиғи үңгір), Бесоба (оба, төбелер), Биесыймас (аңғар), Бүлдіргенсай (сай), Бақай (асу), Бүрін кезеңі (асу), Қара оба (оба), Қарашапан ойпаты (ойпат), Қарымсақ (тоғам), Қоскөл (көл), Қырықоба (оба), Майлы асуы (асу), Отрядшоқы (шоқы), Бектұр тұйығы (сай), Қызыл адыр (сай), т.б.*

Микродронимдер – жолдардың, соқпақтардың, өткелдердің атаулары: *Ақой (егістік жер), Майлы шат, Майлыекең шаты, Дабар (қыр), Қабанбай шаты, Майлы төбесі, Келте (егіндік), Қарадала (егіндік), Қарадала(жазық дала), Кешудің қара өткелі, Соқыратан (шабындық), т.б.*

Ақсуат аймағындағы кейбір этнотопонимдік аталымдарды бірнеше кезеңге бөліп атаулар ретінде қарастыратынын байқауға болады. Мысалы, *Майлының шаты, Майлыекең шаты, Қабанбай шаты, Майлы төбесі* атты жер атауларының болуы сол кез тарихынан хабар беріп тұрған дереккөздердің бірі. Халық жадында Қабанбай мен Боранбай батырлардың серігі Майлының жерленген жері, зираты және соған қатысты жер атаулары сақталған [14, с. 9]. Сонымен қатар *Кешудің қара өткелі* (қыржының бір табы) – Кешу атақты

батыр, Қабанбайдың бас сардарларының бірі болған. Кешу батыр ұзақ жасап, қартайып өлген. Денесі Ақмолада жерленсе керек. Есіл өзенінің қазіргі Ақмола тұсындағы жерін жергілікті халық бүгінге дейін «Кешудің қара өткелі» деп атайды [15].

Өсімдікке байланысты фито-микротопонимдер – ормандар, шабындықтар, алқаптар атаулары. Фитонимге (өсімдік атауына) байланысты топонимдер: *Ақши, Аршалы, Ащылы, Белдеу шеңгел, Бүлдірген сай, Дөңшілік, Жалғызтал, Жаңғыз ағаш, Жоңышқа қора, Жұзағаш, Кезеңшілік, Көкащы, Көктал, Көкшағыр, Қамыс, Қамысбағы, Қамысты, Қарағаш, Қаратал, Қарашеңгел, Қарашілік, Қотанащы, Қотаншілік, Қызылащы, Қызылқайың, Қырық тошала, Майқайың, Ойшілік, Сарыөлең, Сарымсақты, Сұлутал, Шеңгелді, Шитөбе, Шилібастау, Шұбарши, Шілікті т.б.*

Бұл жүйеде топтастыру барысында халық тұрмысындағы әдет-ғұрпын, салтын, наным-сенімін, ырым-сырымын, шаруашылық жүргізу дәстүрін, тарихи оқиғалар үрдісін, ұлттық ерекшеліктер мен т.б. қасиеттер белгісін айқындауға қатысы барлығын байқауға болады.

Елді мекен бөліктерінің атауларына қатысты микротопонимдер – көшелер, шаруа қожалықтаның атаулары, шағын құрылыстар. *Абыз (қыстау), Айбақкөл (ферма), Айдабол (қыстау), Айнабұлақ (қыстау), Ақанбұлақ (жайла), Ақбаз (қыстақ), Ақбай (қыстау), Ақбитон (қыстау), Ақбоз (қыстау), Ақжайлау (қыстақ, жайлау), Ақоба (ферма), Әмірсана (қорған), Бабахан (қыстау), Дорба ата зираты, Елпен (төлқора), Еске алмас (тарихи орын), Жібек жолы, Ит пен қоқай (зират), Калинин (колхоз), Кәмен (төлқора), Кәрімжанов (жастар бригадасы), Кенемолда (күмбез), Күзуін (застава), Қабдеке қорымы, Қамысты (ферма), Қаңылбай (қора), Қозыбағар (төлқора), Құттықадам (мазар), Майтөбе (төлқора), Ойшілік (ауылдық округ), Отарбай қор (ферма), Ырғызбай зираты.*

Аягөз ауданы бойынша:

Жер-су атауларын мазмұн-мағынасы жағынан бірнеше кластарға жіктеп, топтастырып қолданылу өрісін анықтауға болады. Бұлай топтастыру жер-су атауларының рухани, мәдени өмірдің қай саласында көбірек, қай саласында азырақ қолданылуы, оның тарихи-лингвистикалық уәжін айқындай түсуге мүмкіншілік береді.

Микрогидронимдер: Аягөз, Мамырсу, Нарын, Дағанды, Еспе, Жіңішке, Игілік, Терісайрық, Кеңсай, Күн, Қайрақты, Қарақол, Қараөткел, Қарасу, Қорық, Құрайлы, Қусақ, Құр өзен, Қыздың суы, Қызылсу, Тансық, Кеңбұлақ, Киіксу, Көкен, Көкбұлақ, Күркіреме, Көлденеңсу, Қайбұлақ, Қайыңды, Қалғұты, Қалпе, Қаракөз, Қасқа су, Қасқабұлақ, Қотырбұлақ, Құрттыбұлақ, Майбастау, Молбастау, Мұздыбұлақ, Мұқанбұлақ, Сарыалақаз, Тақырбастау, Талдыбұлақ т.б.

Гидроним – су объектілерінің атаулары. Осы өңірдегі өзен-көлдер мен бұлақ-бастауларының әрқайсының өзіндік ерекшеліктері мен аталу тарихы бар. Атаулар, біріншіден, табиғи ерекшелігіне байланысты: *Құр өзен, Құрттыбұлақ, Тақырбастау, Терісайрық, Батпақ т.б.*, екіншіден, көлеміне

қатысты: *Жіңішке, Молбастау* т.б., үшіншіден, ұқсатуға байланысты: *Қаракөз, Ақкөз, Аққияқ, Ақсабұлақ, Балға* т.б., төртіншіден, түсіне қатысты: *Көкбұлақ, Қарасу, Қызылсу, Балакөксала* т.б., бесіншіден, өсімдік атауларына қатысты: *Қурайлы, Қайыңды, Ақтоған, Ақтомар* т.б., алтыншыдан, жан-жануар атына қатысты: *Киіксу, Сарыалақаз, Балықбай* т.б., бесіншіден, судың құрамына қатысты: *Ащысу, Ащыөзек, Борлы* т.б., жетіншіден басқа тілден енген атаулар: *Нарын, Дағанды, Көкідаба* т.б. қойылған.

Микрооронимдер: *Адырдың биігі, Айнаң ұшқан, Айыртас, Өгізтау, Ақирек, Ақшатау, Ақтөбе, Ақшәулі, Қоңыршәулі, Бала Шәулі, Ақшоқы, Көкетау, Алтынқазған, Алтынқазық, Амалдық, Аманбай жотасы, Арғынбай, Арқарлы, Арсалаң, Аяққарауыл, Балтатарақ, Бәйтен биігі, Битентау, Борлышоқы, Бөрлі, Дәрігер, Досқана* т.б.

Аягөз өңіріне қатысты оронимдер, көбінесе кісі аттарынан жасалған. М.: *Айнаң ұшқан* (Жорға тауының батыс жағындағы жақпар тас). Төлеңгіт руының Қалмақ-Қанай аталығынан шыққан Айнаң Кішенұлы (шын аты – Өмірзақ) бидің аң қағып жүргенде атымен қалың қарға құлаған жері; *Бәйтен биігі* (Тік шаншылған тау). Аңыз бойынша ғашығын басына алып шығып, қуғыншыларға тас домалатып, қорғанып паналаған Бәйтен деген жігіттің құрметіне аталған Ал түске қатысты: *Барлықызыл, Ақшоқы, Ақшатау, Ақирек*; зоонимдерге байланысты: *Өгізтау, Ақшәлі, Қоңыршәулі, Арқарлы, Бөрлі және т.б.* [16].

Микродронимдер: *Жүзжылдық, Қарағанды-Аягөз-Боғас, Серектің жырасы, Таңсық, Көшбике, Кесік* т.б.

Фитомикротопонимдер: Аягөз топонимиясындағы фитонимдер (өсімдік атауы) де аз емес. Мысалы, *Аққияқ, Ақши, Көкқия, Қона, Тарлаулы, Жұзағаш, Ақтоғай, Қызылағаш, Қурайлы, Қарағаш, Бидайық, Қарашілік, Қызылшілік, Сушілік, Шілікті, Асылшілік, Бестерек, Белтерек, Көктерек, Қозалы, Сайқамыс, Сарықамыс, Үлкен қамысты, Кіші қамысты, Қамыстықұдық, Қайыңды және т.б.* Көшпенділік жағдай, мал шаруашылығы кәсібі халықты табиғаттың сан-салалы құбылыстарына зер салуына мәжбүр еткен. Көне замандардан бері-ақ халық өзінің айналасындағы күнделікті оқиғаларды көріп біліп, табиғи құбылыстарды, оның жалпы заңдылықтарын аңғаруды үйренген. Сол заңдылықтарды, тәжірибе нәтижелерін өз мүдделеріне пайдалануға тырысқан. Сөйтіп, өсімдіктің қасиетін екшей келе даралап, жер атауы ретінде уәж етіп қабылдаған. Өсімдікке қатысты қойылған атаулардың халық тұрмысындағы әдет-ғұрпын, салтын, наным-сенімін, ырым-сырымын, шаруашылық жүргізу дәстүрін, тарихи оқиғалар үрдісін, ұлттық ерекшеліктер мен т.б. қасиеттер белгісін айқындауға қатысы барлығын байқауға болады.

Елді мекен бөліктерінің атауларына қатысты микротопонимдер: *Абылай, Ақбейіт, Әңке, Әулие бабаң кесенесі, Дүтжанның қорасы, Есенжол күмбезі, Кеңесбай, Күсембай күмбезі, Қараүңгір, Қасабай басы, Қызбейіті, Қызай, Сарышолақ күмбезі, Шақантай күмбезі, Шәкет базы.*

Үржар ауданы бойынша:

Қазақ даласында болған кеңестік түрлі өзгерістер мен бетбұрыстар топонимикалық жүйенің қалыптасуына өз ықпалын тигізіп, тіпті бұл процестің

бәсеңдеуіне де әкеліп соқтырды. Өңірдегі бұрынғы шағын елді мекендер жойыла бастады. Сол себепті де болар микроатаулар бірте-бірте қолданыстан шығып, ұмытыла бастады. Ал бүгінде микротопонимдердің біразы елді мекен атауларында, гидроним, ороним атауларында сақталып, өзгерместен ғасырлар бойы қолданыста келетінін байқауға болады.

Микрогидронимдер: *Ай, Ақкөл, Аққайың, Ақтоғай, Ақшоқы, Алакөл, Арғайту, Ботабай, Егінсу, Емел, Жаман-Айқұн, Жеті Су, Абдыра, Ақтоғай, Бүрген, Еділбай тоғаны, Емел, Жайтөбе, Жалаңаш көл, Жаман-Айқұн, Жамантау, Тоған, Үлкен Теке, Үржар, Шарбақты, Жолболыс, Керейтоғай, Көктұма, Көлденең, Қаратұма, Сайрамкөл, Жарбұлақ, Еспе, Қарақат, Мұқанишы, Жасылкөл, Жеменай, Жетісу, Лай, Қатынсу, Қара емел, Қайнар, Қызылбел, Қарғыба, Сасықкөл, Соқыртұма, Сыбаты және т.б.* өзен-көлдері мен бұлақ-бастауларының әрқайсының өзіндік ерекшеліктері мен аталу тарихы бар. Ертеде микротопонимдердің көп болуы жеке меншік қатынаспен де байланысты болған көрінеді.

Микрооронимдер: *Бахтатау, Қожыр, Ақшәулі, Алтыншоқы, Арасан, Арқалды, Бақты, Бардықтау, Барқытбел, Барқыт, Біл-Теректен, Ботамойнақ, Барлық, Балатөбе, Құсақ, Бұқар, Майлы-Жайыр, Қызыл белдеу, Маңырақ, Жақсы жартас, Жаман жартас, Жуанжота, Кеңсай, Керегетас, Кереңтас, Кіші Көгілдір, Кіші Бұқар, Қарауңгір, Қарлыкезең, Қоңырбөрік, Қоңыршәулі, Салқынбел, Сайқан т.б.*

Микродронимдер: *Ақбұлақ, Бие сыймас, Бұзау емізген, Дүнгендерің тұғылы, Елтайдың бұрылысы, Көк ат қуған.*

Фитомикротопонимдер: *Қызылжыңғыл, Белтерек, Бүрген, Доланалы, Дөңгелекши, Жидебай, Тасқайың, Көктал, Көктерек, Қамысқала, Қарабұта, Қамысты Қона, Қарамойыл, Қос терек, Шолақтерек, Сартерек, Қаратал, Қайыңды және т.б.* Көшпенділік жағдай, мал шаруашылығы кәсібі халықты табиғаттың сан-салалы құбылыстарына зер салуына мәжбүр еткен. Көне замандардан бері-ақ халық өзінің айналасындағы күнделікті оқиғаларды көріп біліп, табиғи құбылыстарды, оның жалпы заңдылықтарын аңғаруды үйренген. Сол заңдылықтарды, тәжірибе нәтижелерін өз мүдделеріне пайдалануға тырысқан. Сөйтіп, өсімдіктің қасиетін екшей келе даралап, жер атауы ретінде уәж етіп қабылдаған. Өсімдікке қатысты қойылған атаулардың халық тұрмысындағы әдет-ғұрпын, салтын, наным-сенімін, ырым-сырымын, шаруашылық жүргізу дәстүрін, тарихи оқиғалар үрдісін, ұлттық ерекшеліктер мен т.б. қасиеттер белгісін айқындауға қатысы барлығын байқауға болады.

Елді мекен бөліктерінің атауларына қатысты микротопонимдер: *Бақты, Баласаз, Балтабек қажы, Бапының қыстауы, Барлық-Арасан, Бармақ бейіті, Бармақтың құмы, Бармақтың суаты, Дәменқора, Дүйсекенің кілеті, Жауырттам т.б.* [17].

Байқап отырғанмыздай, аймақтарда ерте кезеңде микротопонимдердің көп болуы жеке меншік қатынаспен, елді мекендердің ру, тайпа болып қоныстануымен тығыз байланысты болды. Кейін қазақ даласында колхоздастыру мен социалистік қоғамның орнауы бұл процестің бәсеңдеуіне

әкеліп соқтырды. Ауылдар ірілендіріп, бұрынғы шағын елді мекендер жойыла бастады. Олардың таратылуы атаулардың да бірте-бірте қолданыстан шығып, ұмытылуына себепші болды. Қазіргі кезеңде микротопонимдердің біразы елді мекен атауларында, гидроним, ороним атауларында сақталып, өзгерместен ғасырлар бойы қолданылып келді.

Қазіргі уақытта орасан зор әлеуметтік-саяси және экономикалық өзгерістерге байланысты микротопонимика зерттеулердің жаңа кезеңін бастан өткере бастады. Мәселен, бірқатар жағдайларда ауыл және қала жер-су атауларына елеулі өзгерістер енгізілуде. Соған орай қоғамдық сананың қазіргі жағдайы микротопонимика саласындағы зерттеулерге ерекше қызығушылық тудырып отыр. Тіл саясатын жүзеге асырудағы, оның ішінде мемлекеттік тілді дамытудағы атауларды өзгерту стратегиясының маңыздылығы басымдылық танытып отыр. Демек, микротопонимика қолданбалы, яғни, географиялық нүктелерді қайта атауды жүзеге асырумен байланысты стратегияларды ауқымды тұрғыдан қарастырып отырғанын байқауға болады. Бұл ретте зерттеушілердің ескеретіні – белгілі бір аумақты мекендеген халықтардың тарихын зерттеуге, география мен экономика, жергілікті фольклор мен тілдік өзгерістер туралы білімдерін кеңейту міндеттері қойылып отыр. Әрбір адамзат баласының туған өлкесін танып-білуде, халықты мәдениеттілікке, ұлтжандылыққа тәрбиелеуде географиялық атаулар ғылымының маңызы зор екені белгілі. Сонымен қатар микротопонимика аясындағы зерттеулер ғылымда шешілмеген мәселелерді нақтылауға да ықпал етеді. Соңғы уақыттарда мәдениеттің түрлі салаларында, атап айтсақ, лингвистикада, атаулы сөздіктерде елеулі өзгерістер болып отырғаны байқалады. Оның басты көрінісі – географиялық нысан атауларының өзгерістерге түсуі.

Қорыта келе, әр аймақтың физика-географиялық орналасуына орай жер бедерінде де алуан түрлілік орын алады. Ол түрлілік атау беруге де ықпал етпей қоймайды. Сол себепті де зерттеу нысанамызға алынған атауларды микротопонимдер жүйесінде жан-жақты зерттеу қазақ ономастика ғылымына елеулі жаңалықтар мен жаңа пайымдаулар берері сөзсіз.

1.2 Ғалам (дүние) бейнесі және микротопонимдер

Ең алдымен «дүниенің (ғаламның) тілдік бейнесі» ұғымы ұлттық мәдениет контекстінде қарастырылатынын атап өтуге болады. Жалпы ғылымда «дүниенің тілдік бейнесі» ұғымының негізін ХІХ ғасырда физиктер қалыптастырған болатын. Мысалы, А. Эйнштейн: «Әр адам өзінің деңгейіне тән түсінікті де қарапайым дүниенің суретін жасай отырып, сезім дүниесінен бөлінгісі келеді. Міне осындай бейнелерді суретшілер, ақындар, философтар және жаратылыстанушылар жасайды және әрқайсысы өзіне тән сурет қалыптастырады. Адамдар осы бейнемен өзінің рухани өмірін байланыстыра отырып, сол ортада өзіне тыныштық пен сенімділік табады» [18], – деп жазған еді.

Дүниенің тілдік бейнесінің қалыптасуында адамның әлеуметтік және кәсіби ортасы да үлкен роль атқарады. Осыған байланысты американдық

зерттеуші Дж.Л. Фишер «...тіл мен әлеуметтік топтың арасын жалғастырушы көпір психологияда табылуы мүмкін. Бір жағынан белгілі бір әлеуметтік құрылым жалпыға ортақ ойлау дағдысын талап етеді және өз кезегінде оны қамтамасыз етіп отырады. Ал енді осы басым дағдылар тілде көрініс табады. Бірінші кезекте лексикада, сонан соң морфология мен синтаксисте. Себебі, тіл біртіндеп қажетті нәрсені тиімді түрде және көпшілік жеңіл қабылдайтын деңгейде жеткізуге машықтанады» [19], – деп адам тіршілік ететін қоғамдағы әлеуметтік ортаның тіл тілге әсерін нақтылай түседі.

Дүниенің тілдік бейнесінің құрамдас бөліктерінің бірі – ол дүниенің ақпараттық бейнесі. Зерттеушілер дүниенің бейнесін екіге бөліп қарастырады. Бірі ғылыми, терминдер мен тәжірибелік және теориялық білімге негізделген, екіншісі, қарапайым дүниенің бейнесі. Қазіргі кезеңде дүниенің ғылыми бейнесі қай тілде жасалып жатса, сол тіл әлемдік деңгейде үстемдікке ие болуда. Мысалы, қазір ағылшын тілінің халықаралық тілге айналуы оның ғылым мен техника тіліне айналуына себеп болып отыр – деп айтуға болады.

Әдіснамалық тұрғыдан алғанда қазіргі кезеңде дүние бейнесінің тіл арқылы жасалуын зерттеуде екі бағыт қалыптасып отыр. Біріншісі, әр түрлі халықтардың тілдеріндегі семантикалық жүйелерде еш айырмашылық жоқ. Себебі шындықтың санадағы көрінісі әмбебап сипаты басым логикалық қағидалар мен категорияларға негізделген. Осыған орай мынадай негізгі тұжырымдар жасалды:

- тіл дүниені объективті бейнелей алады;
- адамдар дүниедегі біртұтас болмыс кеңістігінде өмір сүретіндіктен біртұтас адамзатты құрайды;
- әр түрлі тілде сөйлейтін халықтардың мәдениетіндегі ерекшелік кездейсоқ сипатқа ие;
- аударма тәжірибесі әр түрлі тілдердегі және мәдениеттегі айырмашылықтардың болуына қарамастан, ақпаратты дәл мағынада жеткізуге мүмкіндік береді;
- дүниенің санадағы көрінісін тілдік бейнелеудегі негізін логикалық категориялар құрайды.

Екінші бағыт Сепира-Уорфтың, Вайсгербердің, Хольцтың тілдің салыстырмалылығы туралы теорияларына негізделген. Осы бағытты жақтаушылар тілдердің лексикалық жүйелеріндегі айырмашылықты абсолютті құбылыс деп есептейді және олар мынадай қағидаларды тұжырымдайды:

- тіл дүниені субъективті түрде бейнелей алады;
- әлемдегі халықтардың барлығы әр түрлі болмыстық кеңістікте адамзатты біртұтас құрамай өмір сүреді;
- әр түрлі тілде сөйлейтін адамдардың мәдениетіндегі айырмашылықтар кездейсоқтық емес;
- тілдік және мәдени айырмашылықтарға байланысты ақпаратты дәл сол мағынасында жеткізуге аударма тәжірибесінде мүмкіндік жоқ.

Дүниенің тілдегі көрінісі сол халықтың дүниені тілдік меңгеруіне байланысты айырмашылықтарнан қалыптасады [20]. Айналадағы дүниенің

дамуымен кеңістік кеңейеді. Сондықтан әлемнің ұлттық бейнесін қалыптастыруда кеңістік семантикасының маңызы зор. Кеңістік уақытпен тығыз байланысты. Қазақтың этникалық санасының қалыптасуында басқа халықтар сияқты табиғи-географиялық фактор маңызды орын алады. Шаруашылықтың негізгі саласы көшпелі мал шаруашылығының дамуына қолайлы кең дала кеңістігі жоғары көші-қон ұтқырлығын да, көшпелілердің экстремальды жағдайларына тән әлеуметтік-генетикалық бейімделуі де ықпал етеді. Көшпенділердің түсінігінде кеңістік шексіз болады.

Топонимия жүйесінде ғалымдардың «ономастикалық кеңістік» туралы зерттеулер қатары кездеседі. О.Т. Молчанова Таулы Алтайдың топонимикасына талдау жасай келе белгілі бір территорияның топонимикасы ономастикалық кеңістік құрайтындығын айтады [21]. Ал Б.М.Тлеубердиев кеңістіктің ментальдық болмысы оның концептілігін анықтайды, адамның концептілік және тілдік санасында ментальдық болмыс концепт түрінде қызмет атқарады деп түсіндіреді. Әрі тілдік санада кеңістік тектік концептіні білдіреді дей келе, оның құрылымына «аспан», «жер», «тау» сияқты түрлі концептілер кіретіндігін атайды. Олардың өзі іштей бірқатар концептілерге бөліне алады [22].

Кеңістік арқылы адам өзін-өзі, айнала қоршаған ортаны таниды. Кеңістік ұғымын көп жағдайда «шексіздік», «қозғалыс» ұғымдарымен байланысты қарастырылады. Кеңістік ұғымы халықтың территориялық орналасуына қатысты туындаса керек. Кеңістік категориясы – бүгінде лингвомәдениеттану, әлеуметтік лингвистика, этнолингвистика, психолінгвистика т.б. салаларда жан-жақты зерттеліп жатыр. Әр ғылым аясында өзіндік анықтамалар беріледі. Гуманитарлық зерттеулер ұғымдарды түсінуге бет бұрды.

Кеңістіктегі бейнелердің қалыптасуы мен дамуы, адамның қоршаған дүниелермен байланысымен қатысты. Адам дүниенің қоршаған ортасын тілдің көмегімен игереді. Сол себепті де бұл ұғымның қолданысына лингвистикалық зерттеулер елеулі үлес қосады.

Кез келген мәтінде іс-әрекет уақыт пен кеңістікте орын алады. Ғылыми тұжырымдамалардың бірінде Ю.М. Лотман мәтіндік және семиотикалық кеңістік белгілі бір ғылыми ойлармен тығыз байланысты болатынын, мәдениет пен тілдің кез келген үлгісін кеңістіктік ұғымдар мен терминдер арқылы сипаттауға болатынын көрсетеді [23].

Кеңістік дүниенің және ондағы адам өмірінің ең маңызды формасы ретінде тілдік тұлғаның тілінде, санасында, мәдениетінде, мифологиясында жан-жақты бейнеленгендігін көрсетуге болады. Дүниенің тілдік суретінде адамның өзінің өмір сүру кеңістігін түсіну үшін ерекше орын алатын кеңістігін түсінуі қажет. Қазақ тілінде кеңістік ландшафтық сипаттармен айқындалып, кеңдік, далалық деп белгіленеді. Көшпелі қазақ үшін ғарыш – аспан астындағының бәрі, ол шексіз, кең. Кеңістік – қоршаған дүние: шөл, алқап, шөл дала, шөлейт, шабындық.

Кеңістік ұғымының семантикалық өзегіне кіретін жеке топ – жалқы есімдер. *Жазықдала* – ж.а., *Айғайкезең* – егіндік, *Белбастау* – ж.а., *Белқұдық* – арал, *Белсу* – ж.а., *Жетікезең* – кезең, *Көлденең* – е.м., *Күнгейқұм* – жота т.б.

Аймақтық микротопонимдерді ментальді-танымдық тұрғыдан қарастырсақ, танымның түрлері аймақтық микротопонимиядағы белгілі бір тізбектік этнотанымдық қабаттарды құрайды. Мәселен, кейбір микротопонимдер мифтік таным негізінде қалыптасады. Осы таным түрлеріне негізделген микротопонимдерді тарихи тұрғыдан алғанда, мәдени-тарихи хронологиялық қабаттар құрайды. Алғашқы ең көне дүниетанымдық микротопонимдік қабатқа мифтік танымға негізделген микротопонимдер жатады. Мифологиялық таным бойынша қоршаған орта мен адам біртұтас дүние. Сол кезеңдегі түрлі түсініктер мен танымға байланысты көне замандарда, одан да кейінгі кезеңдерде наным-сенімдердің көріністері тілде, ономастикалық сөз қорында байқалады. Микротопонимдер қатарында *Қырық қыз сынды агиотопонимдер кездеседі*. Бұл атаулармен аталған нысандар киелі болып саналады.

Көне мифологиялық танымдардан көрініс беретін аймақтық топонимдердің бір үлкен тобы үңгір атауларымен байланысты болып келеді. Бір кезеңдерде киелі орын ретінде саналған үңгірлердің сакральды мәні уақыт өте келе бәсеңдей бергені байқалады. Сондықтан үңгірлерге қатысты кейбір мифологиялық ақпараттар ұмыт болған. Мәселен, көне заманда үңгірлер зиярат ететін, белгілі бір ырым-жоралғыларды өткеретін киелі орындар қызметін атқаратын болса, кейінгі кезеңдерде ол қызметі солғындаған немес мүлдем жоғалған. Үңгірлердің қызметі туралы: «Тас ғасырының адамдары үшін үңгірдің маңызы қандай болғанын айту, сірә, артық болар. Үңгірдің функционалдық сипаты басқа адамдар тобырынан, жыртқыш аңдардан, қыста суықтан қорғану болған, міне, осы екі сипат жаудан және суықтан қорғану кейінгі замандарда ұмтылған жоқ, қайта адам танымының тұрақты көрсеткішіне айналған» [24], – деген пікірлер де жоқ емес.

Көне нанымдардың мифологиясына қатысты айтқанда, нысанаға алынып отырған аймақтардағы бұлақ атауларына да байланысты сақталуы көрініс береді. Аймақтық микротопонимдердің этнодүниетанымдық сипаты ислам дінімен де байланысты болғандығы байқалады. Жалпы қазақ топонимиясында әулие адамдар есімімен қатысты атаулар қатарын көптеп кездестіруге болады.

Аймақ микротопонимдеріне қатысты аңыздар мен әпсаналар этнотанымдық қызмет атқарады. Ғасырлар бойы қалыптасқан жер-су аттарына байланысты аңыздық және әпсаналық әңгімелер ел өмірінің өткен кезеңдерінен, тарихынан мәліметтер береді.

Демек, аймақтың мәдени және тарихи тұрмысын бейнелейтін микротопонимдік кеңістіктің үлкен қызығушылық тудыруы ол жерде болған түрлі тарихи жағдайлар, бір кездерде осы жерлерде болған оқиғалар, олармен байланысты куәгерлердің әңгімелері, елді мекендердегі белгілер т.т. өңірдің қайталанбас келбеті мен ұлттық ерекшелігін құрайды. Аймақ топожүйесін

зерттеу қазақ халқының қалыптасқан этно-территориялық санасын терең ұғынуға, ұлттық негіз-ерекшеліктерін, рухани бастауларын түсінуге әсер етеді.

Бүгінде топонимдер еліміздің тыныс-тіршілігіне қажетті бағыт-бағдар беретін таңбалық қызметінен басқа үлкен қоғамдық-саяси маңызға ие болып, ұлттық, танымдық сипаттары алдыңғы орынға шықты. Өйткені, жер-су аттары адамзат қоғамында ғана пайда болып, өмір сүріп, қызмет ететіндіктен, сол қоғамда болып жататын өзгерістерден тыс қала алмайды.

Дүниенің аймақтық топонимиялық бейнесінде жалпы ұлттық топонимиялық бейнесінің инварианттық сипаттары және сонымен бірге осы аймаққа ғана тән аймақтық ерекшеліктері бар. Ендеше, аймақтық топонимиядағы этникалық дүниетаным көріністерін арнайы түрде қарастыруымыз қажет.

Осы ретте зерттеу нысаны ретінде алынып отырған аймақтардағы жер жағдайын, сол жердің ерекшелігін баса көрсететін ат қоюы – жер-су атауларының ерекше маңызды факторға айналғанының көрінісі. Әр атауда ұлттық болмыс, дүниетаным, салт дәстүрдің кумулятивті жинақталуы нәтижесінде қонысты, жұртты, жайлау, күзеу, қыстау ерекшелігін дәлдікпен бере алғандықтан да – тарихи атаулар ұлттық бірегейлестіру ретінде құнды.

Қазақ халқы ежелден көшпелі өмір сүргендіктен жер-су аттары ерекше маңызды факторға айналған. Әр атауда ұлттық дүниетаным, психология, салт-дәстүрдің кумулятивті түрде жинақталып жатуы өз алдына, әр атау жер бедерін өте жоғарғы дәлдікпен белгілеуді мақсат еткен. Атау сол жердің ерекше бір белгісін білдірмесе, көш адасып, мал арып, шаруашылық күйзелуі мүмкін болған. Мәселен, *Бөрілі* топонимі «бұл жер – бөрі жасырынатын бұта-қарағаны мол, соқпақты жер» деген ескерту-концептісін білдіріп тұруы қажет еді. *Құлынембес* атауы «оты (құлынембес шөбі), суы мол жер, тойынған құлын енесін ембейді» деген ақпарат-концептісін беріп тұрғаны айқын.

Аягөз ауданы аумағындағы Бесбақан тауыбес бөліктен тұратын кішігірім тау, әрі жоғарғы жағы екі аша келген киіз үйді тіккенде шаңырақты көтеретін, түндікті ашып-жабатын ұзын сырық – бақанға ұқсату жер атын қоюға негіз болған деседі. Атаудағы «бақан» сөзі тек қазақ халқының тіршілігіне, киіз үйге қатысты, әрі қазақ халқының дүниетанымына ғана жақын.

Топонимдік атаулардың қолданылуындағы негіз – шежірелік аңызнама және әр атаудың өзіне ғана тән шығу төркінінің халықтық бағамдалуы. Ру атауларына қатысты этнотопоним, этногидроним, этнооронимдерді тарихи-мәдени және этнографиялық аспектіде тіл білімімен бірлікте алғанда ғана мәнді тұжырым болары анық. Қазақ тарихында жер-суға кісі атын қою тегін құбылыс емес, ол көбінесе қонысты қай атаның кімі жайлап отырғандығын білдіретін этникалық көрсеткіш. Бұл мәселенің бір жағы болса, екінші қырық ру тарихындағы ерекше оқиғаларды, оған қатысушыларды өскелең ұрпақ жадында қалдыру үшін де өзен-көлдер, жер бедерлерін кісі есімінен атау дәстүрі қазақтың барлық ру-тайпалары арасында кең тараған үрдіс.

Әр аймақтағы микротопонимдерді зерттеу оларды келешек ұрпақ үшін сақтауға мүмкіндік береді, өйткені олардың көпшілігі уақыт өте келе адам

танымастай өзгереді немесе тіпті жойылып кетуі де мүмкін. Бұл қоғамның өмір салтын өзгертуге ықпал ететін объективті және субъективті факторлармен анықталады. Екінші жағынан, халықтың дәстүрлі рухани және материалдық мәдениеті микротопонимдер арқылы кодталған, оның сақталуы қоғам дамуының қазіргі жағдайында да өзекті болып қала береді.

Ғаламның тілдік бейнесінде тұжырымдалған тілдің танымдық қасиетін ұлт болмысымен сабақтас тіл табиғатынан, тіл болмысынан, тілдік бірліктердің астарынан көруге болады.

Микротопонимдердің берілуінің тілдік бейнесі лингвистер үшін үлкен қызығушылық тудырады. Өйткені, бұл географиялық атаулар тіл фактілерін көрсетеді. Микротопонимдердің басым көпшілігі географиялық нысанның кеңістік сипаттамаларын бейнелейді. Бұл микротопонимия мәнімен түсіндіріледі. Зерттеушілер топонимикада кеңістікті сипаттаудың әртүрлі параметрлерін анықтайды. Е.Л. Березович кеңістікті төмендегі көрсеткіштер арқылы сипаттайды: 1. Нысанды (объектіні) оқшаулау. 2. Аумақты қамту. 3. Ұзындығы. 4. Қоныстанған кеңістік [25].

Топонимика зерттеушілері әртүрлі тілдердің топонимикалық жүйесіндегі кеңістік идеясының өзіндік ерекшеліктері бар екенін айтады [26].

Сонымен қатар микротопонимдер құрамына кіретін географиялық терминдер де жақындық/қашықтық семантикасын жүзеге асыра алады. Кеңістік жақындық идеясын елді мекен атауларынан жасалған сын есімдердің көмегімен (Кузнецов батпағы), сондай-ақ мекен-жай септіктерін қамтитын көсемше құрылымдардың көмегімен (мал үстінде, ауылдың астында) жасалады.

Біз аймақ микротопонимиясындағы «жоғары/төмен» оппозициясын жүзеге асыру жолдарын қарастыруда микротопонимдердегі жоғары/төмен қарама-қарсылықты білдірудің Жоғарғы Егінсу – ауыл (Жоғары Егінсу а.о.), Жоғарғы Ұзынбұлақ – бұлақ, қыстақ кеңістіктік модельдері, заттың кеңістіктегі локализациясын күрделі микротопонимдер арқылы көрсетуге болады.

Жоғары/төмен қарама-қарсылық нысанының өзенге жақын орналасуын сипаттайды (жоғары немесе төменгі ағыс). Географиялық нысандардың тік орналасуы жоғары/төмен сын есімдері бар атауларда көрінеді. Жоғары/төмен кеңістіктік модельді үстіңгі, үстінде, төменде ұғымдары арқылы да білдіруге болады.

Кеңістік – заттар мен құбылыстардың бір-бірімен қатар орналасуы, әрекеттесуі. Айнала қоршаған ортадағы заттардың барлығы кеңістіктен орын алады. Уақыт пен кеңістік бір-бірімен тығыз байланысты. Өйткені, қазақ халқы үнемі уақыт пен кеңістік ұғымын бірлікте танып түсінеді.

Топонимикалық жүйедегі кез-келген микротопонимде орын алған тіл, уақыт, кеңістік, аймақ, мотивация бірліктері ортақ жүйені құрайды. Демек, «микротопонимикалық жүйені когнитивті-прагматикалық аспектіде зерттеу қажеттілігі айқын екені көрініп, микротопонимияға адам санасы тұрғысынан қарауға итермелейді» [27].

Мәдениет аралық қарым-қатынас және онымен байланысты тіл түсінігі, мәдени сана, ұлт санасы шетелдік психолингвистиканың ғылыми

зерттеулеріндегі басты сауалдардың бірі. «Тілдік сана» түсінігіне түрлі әдіснамалық позицияны ұстанушы көптеген оқымыстылар анықтама беруге тырысты. Тіл мен сананың арасындағы қатынас өткен және қазіргі заман авторларының зерттеу пәні болып табылады. Олар: Л.С. Выготский, А.Н. Леонтьев, Е.Ф. Тарасов, Г.Ф. Гегель, В. Гумбольд, Б.Л. Уорф, Э. Сепир, Х. Ортега – и – Гассет, К. Ясперс, М. Хайдеггер, А.А. Потебня, А.А. Леонтьев, Н.Д. Арутюнова, Р.М. Фрумкина, А.А. Залевская, Ю.А. Сорокин, Н.В. Уфимцева, В.А. Пимальникова және басқалар. Тілдік сананы зерттеудің жаңа әдісін іздестіруде ұлттық сананы анализдеудің мәдениет аралық онтологиясы құрылды. Мұнда түрлі мәдени сана бейнесін сәйкестендіруші кешенді әдістер қолданылды. Зерттеудің теориялық негізі ретінде іс-әрекеттік қарым-қатынас процесіндегі шынайы ақиқат құбылысының постулаты пайдаланылды. Яғни, адамның іс-әрекеттік қарым-қатынасы барысында қабылдаған дүниелер оның санасында себептік, кеңістіктік және эмоциялық құбылыстарды бекітеді. Сонымен қатар әлемнің бейнесі бір мәдениетте екіншісінен өзгеше болып отырады. Сана, ойлау сынды философиялық және психологиялық ақиқаттылықты лингвисттер адамның тілдік қабілетін әдіснамалық негізде зерттеулері үшін қолданады. Сана түсінігінің негізіне терең үңілу үшін танымал тұжырымдарды қарастырған жөн. Гегельдің пікірінше сана бұл объектінің ішкі және сыртқы күйі жөніндегі білімдер. Л.С. Выготский сананың дамуындағы қоғамдық қатынасты детерминацияланушы: «Барлық жоғарғы психикалық функциялар негізінде әлеуметтік тәртіпке интериоризациялық қатынаста болады, сонымен қатар ол әлеуметтік қылық - әрекет пен сананың бастауы» [28], – атты тұжырымды енгізді.

А.Н. Леонтьев сананы «Материалды өмірдің өнімі мен оның дамуының дериваты, материалды өмір сананың қоғамдық – тарихи дамуы негізінде құрылады» [29], – деп сипаттайды.

Сана қоғамдық феномен ретінде адам миының іс-әрекетінің өнімі болып табылады. Қоғамдық тарихи даму процесі кезінде пайда болатын идеялар, көзқарастар, қатынастар санада қаланып, адамның психикасының индивидуалды қасиеті ретінде тіршілік етеді. Қоғамдық сана жеке тұлғалардың санасынан жинақталған құбылыс ретінде индивидтің психикалық дамуы мен индивидуалды санасына тұтас әсер етеді. Бұл меншік пен ортақтықтың, нақтылылық пен абстрактіліліктің, индивидуалдылық пен қоғамдықтың диалектикалық бірлігінің тікелей куәгері. Адам санасы мен параллельді сипатта тіл дамуы орын алуда. Гнесеологиялық және кумулятивті функциялар білімді меңгеріп, жинақтауға және ұрпақтан ұрпаққа беруге мүмкіндік тудырады. Вербалды қатынас және таным индивидтің өз-өзімен қарым-қатынас ретін қалыптастыру мен жақсартуға негіз болады. Ал бұл сана дамуының маңызды бөлігі болып табылады. Бұл ретте зерттеуші М.М. Бахтин: «Сана бар жерде диалог бар» [30], – деп түсіндіреді.

Қазіргі замандағы шетелдік психоллингвистика адам санасы мәселесіне үлкен мән беріп отыр. Тверд психоллингвистикалық мектебінің негізін салушы

А.А. Залевская ассоциативтік, параметрлік, белгілік, прототивті және жағдаяттық бағыттарды индивидтің қасиет ерекшеліктерін сипаттау үшін ұсынды. Оның айтуы бойынша психолінгвистикалық бағытты зерттеудегі мәселелер үшін «логикалық – рационалистік трактовканы» қайта қарау қажет болып табылады [31].

Е.Ф. Тарасов психолінгвистикада маңызды мәнге ие болып келетін тілдік санаға келесідей анықтама береді «тілдік сана – тілдік таңбалармен көрсетілетін сананың бейнесі» [32].

Н.В. Уфимцеваның тілдік сана жөніндегі еңбектерінде: «...адам санасы тілдің көмегімен бекиді, ал сананы бейнелеуші бұл – мағына болмақ. Яғни осы мағыналар қоғамнан туындай отырып, индивидтің санасы мен іс-әрекетін реттейді. Тіл және сана адамның рефлексивті тұрмысының екі қатынастық типін көрсетеді» [33], – деп сипатталады.

Тілдік санаға берілетін негізгі әрі қысқа анықтамалар арқылы оқымыстылардың айтайын деген пікірлерінен тұжырым жасауға болады. Яғни олардың барлығы сана «материясындағы» тілдік құбылыстардың болуын сипаттай отырып түсіндіреді. Сонымен қатар, тілдің дамуы мен қызметіндегі, туындау процесіндегі тілден тыс факторларды қарастырады [34]. Тіл мен сананың, тіл мен ойлаудың, адамның танымдық сферасымен, санасымен, қылық – әрекетімен, мәдениетімен, қатынасымен ажырамас байланысы классикалық анықтамаларында да орын алған.

Сана-сезімнің психологиясын зерттеген өткен ғасырдың ғалымдарының әртүрлі әрекеттері, психикалық қасиеттерді және жағдайларды себептес байланыстарды орнату, сана-сезімнің қарапайым элементтерін анықтау іздеу нәтижелерін берген жоқ. «Қарапайым» құрамаға бөлінген сана-сезім қайтадан бейнелі суретте қалыптаспайды. Осы орайда С. Никитина сана-сезімге қатысты 5 негізгі теория еңгізуге тырысты: «Сана-сезім элементтерінің теориясы» (В. Вундт); «Сана-сезім әрекет теориясы (Фр.Брентано); «Сана-сезім ағымы» теориясы (В. Джемс); «Феноменальды алаң (гештальт – психология) және суреттеу психологиясы» (Дильтей) теориясы. Аталған теориялардың ешқайсысы іс-әрекет негізіне – субъектінің қоршаған әлеммен байланысына, яғни қазіргі заман психологиясындағы барша психикалық процестерді ортақ құрылымға біріктіруге тоқталмады.

Сананы зерттеу мен меңгеру, сонымен қатар жаңа талдау механизмдерін құру Л.С. Выготский, М.М. Бахтин, А.Н. Леонтьев, А.Р. Лурия, А.В. Запорожец, Н.А. Бернштейн, В.Н. Зинченко сынды оқымыстылардың есімімен байланысты. Л.С.Выготскийдің пікірінше сананы талдау үшін оның шегінен шығу қажет. Сананың екі түрін (ішкі және сыртқы форма) зерттеуде Л.С. Выготский таңба, мағына және мән сынды терминологиялық психология аппаратын енгізді. Сәйкес, қатынастың қос функциясын түсіндіре отырып, таңбаны – сөз, ал сөзді – сананы суреттеуші құбылыс деп түсіндіреді. Аталған түсініктермен байланысты тілдің санамен ажырамас байланысын жоққа шығару жөніндегі идеяның бастаушысы ретінде А.А. Потебняны атауға болады. Бұл идея Л.С. Выготский, Ж. Пиаже, И.А. Соколянский, А.И. Мещерякова және

өзге де қазіргі заман психологтары тарапынан қарқынды қызығушылық тудырды [28, с. 11].

Сананың іс-әрекет пен тығыз байланысын қарастыруда Е.Ф. Тарасов адамдардың қоғамдық қатынасы мен әрекеттестігін атап өтеді. «...сана іс-әрекет пен байланысты, сана психикалық шынайылықтың бейнесі ретінде танылады. Егер іс-әрекет адамдардың қоғамдық қатынасын қамтамасыз етсе, онда сана аталған қатынастың өнімі болып табылады» [35]. Сана – әлемнің объективтік заңдылықтары, қасиеттері мен мүмкіндіктері жайлы біліммен дүниеге деген көз-қарас» [36], ретінде анықталады. Сана көптеген пәндер үшін ақиқатты мінсіз қайталау қабілетін, сондай-ақ әртүрлі деңгейде механизм дер мен формаларды білдіретін негізгі ұғым болып табылады. Өткен ғасырда сана мәселесі тек гуманитарлық ілімдер пәні, соның ішінде әсіресе философия мен психологияның пәні болып табылады деп есептелді. XX ғасыр бұл шеңберді айтарлықтай кеңейтті. Көптеген жаратылыстану және гуманитарлық ғылымдар да сананы зерттеумен айналысып, оның кейбір заңдылықтарын айқындады. Философия мен психология үшін сана мәселесі негізгі зерттеу нысандарының бірі болып саналады. Ал тіл білімін сананың тілдік сипаты қызықтыратыны сөзсіз, осы тұрғыдан лингвистиканың қарқынды дамып келе жатқан жас бағыттарының бірі психоллингвистика үшін «тілдік сана» ұғымы орталық ұғымдардың біріне айналып үлгерді, оның себебі де жоқ емес. Тіл – сана мазмұнын білдіретін негізгі құрал болып табылады. Тілдің өзі тіл білімінің жас бағыты психоллингвистикада арнайы бейнеде әлемді бейнелейтін және адамдардың айналадағы ақиқат жайлы ұғым- түсінігін қалыптастыратын тірі құрал ретінде түсініледі. Тіл және санамен қатар сана мен ойлау, тіл мен мәдениеттің өзара байланыс мәселелері Э. Сепир, А.А. Потебня, Л.В. Щерба, Л.В. Выготский, А.Н. Леонтьев, А.А. Леонтьев, А.А. Залевская, Е.Ф. Тарасов, Н.В. Уфимцева және т.б. секілді әртүрлі ғалымдардың еңбектерінде әр-қилы ғылыми және әдіснамалық тұрғыдан түсіндіріліп жүр. Ғалымдардың аталмыш мәселені жан-жақты талдауы арқылы «тілдік сана» ұғымының күрделілігін байқауға болады. Көптеген зерттеулердің барлығына қарамастан бірегей тұтас тілдік сана теориясы бар деп айта алмаймыз. Тілдік сананы талдау амалдарының ортақ нәтижесі көрсетіп отырғандай, тілдік сана тіл арқылы көрініс табады. А.Н. Леонтьев сананы «қоғамдық тұрғыдан қалыптасқан тілдік мағына, ұғымдар арқылы санада түсінілетін ақиқаттың көрінісі» [37], – деп анықтайды. Ал А.А. Леонтьев «тілдік сана» ұғымын «әлем бейнесі» ұғымымен салғастырып, «әлем бейнесін» «индивид психикасындағы заттық мағыналармен сәйкес когнитивтік сызбалар арқылы және саналы рефлексияға бағынатын заттық әлемнің бейнеленуі» ретінде анықтайды [37, с. 3-87]. Ол әлем бейнесі әлемнің өзі тәрізді көпқырлы, ал әлем туралы білім әлемдегі біздің әрекетімізбен ажырамайтындығын атап көрсетеді. Т.Н. Ушакова тілдік сана туралы былай дейді: «Тілдік сана» ұғымының өрісі кең, оның екі түрін айқындауға болады: динамикалық – сананың жай-күйін вербалдық түрде білдіру, санаға сөйлеу арқылы әсер ету, сондай-ақ құрылымдық – субъектінің

менталдық тәжірибесінің, оның санасының әрекетінің нәтижесінде қалыптасатын тілдік құрылымдармен жасалады» [38].

Алғашында психология ғылымында қолданылған «тілдік сана» категориясы уақыт өте келе ғылыми зерттеулердің барлығында қолданыла бастады. Әдетте зерттеушілер сананы екіге бөліп қарастырады. Біріншісі, тұлғаның танымдық қызметінің нәтижесінде қалыптасқан образдар, ал екіншісі басқа біреумен тілдесу барысында пайда болатын образдар. Осы тілдесу барысында пайда болатын образдарды тілдік сана деп атайды [39].

Зерттеушілердің пікірінше «тілдік сана» ұғымын ғылыми айналымға белгілі неміс зерттеушісі В. фон Гумбольдт енгізді, ал оны кейіннен дамытқан оның отандасы Л. Вайсгербер болды. Ресей зерттеушісі А.Н. Ростова В. фон Гумбольдттың «тілдік сана» концепциясы мынадай тезистерден тұрады деп есептейді:

1. Тілдік сана «сөйлеушінің дүниетанымы мен рухының көрінісі ретіндегі» тілдің және сыртқы дүниенің органикалық бірлігін қамтамасыз етеді.

2. Тілдік сана диалектикалық даму жағдайында болатындықтан өзін-өзі жетілдіруге ұмтылады.

3. Тілдік сана тілдің дамуына жағдай жасайтын ішкі серпін беруші қызметті атқарады.

4. Тілдіксанада диалектикалық түрде жеке тұлғалық және ұжымдық сипат ұштасып жатады және ұжымдық тәжірибе тілдік емес құбылыстарға рефлексия жасаудың нәтижесінде тілдік жағынан бекітілуіне жағдай жасайды [40].

Зерттеуші И.В. Привалова өзінің докторлық диссертациясында тілдік сана үш кеңістіктен тұрады деп есептейді. Бірінші когнитивті кеңістік, екіншісі лингвистикалық, үшіншісі – мәдени кеңістік. Өз кезегінде когнитивті кеңістіктің өзі мынадай қызметтік бірліктерден: когнитивті прототиптен, концептуалды метафорадан, концептосферадан, фрейм-құрылымдардан тұрады. И.В. Привалова осылардың барлығы әр түрлі деңгейдегі құбылыстар болғанымен, оларды біріктіруге болады деп есептейді. Сонымен бірге, ол мәдени кеңістікке мифологемдерді, культуремдерді, ритуалдарды, мәдени стереотиптерді, эталондарды, символдарды жатқызады, ал лингвокеңістікке – тілдік универсалдарды, семантикалық примитивтерді және тілдік сананың этномәдени маркерлерін жатқызады [41].

Зерттеулерде «тілдік сана» ұғымына байланысты анықтамалар жеткілікті және олардың мазмұны да әр түрлі. Мысалы, О.С. Ахманованың лингвистикалық терминдер сөздігінде «тілдік сана – бұл белгілі адамдар тобының психикалық ерекшеліктерін анықтайтын және тілдің спецификалық сипатына әсер ететін мәдени және қоғамдық ерекшеліктер» [42], – деп түсіндіріледі.

Ал Т.Г. Ангелова тілдік сананы «фрейм немесе психикалық схемалар түріндегі фондық білімді сақтаушы» [43], ретінде түсіндірсе, Е.Ф. Тарасов тілдік сананы «жеке лексемалар, сөз тіркестері, фразеологизм, мәтін, ассоциациялық кеңістік және сол кеңістіктердің жиынтығы ретіндегі

ассоциациялық тезаурустар сияқты тілдік құралдар арқылы сыртқы бейнесі қалыптасқан сана образдары» [43, с. 3], – деп түсіндіреді.

Әр ұлтқа тән өзіндік ерекшеліктер, яғни дүниенің тілдік бейнесіндегі бір-біріне сай келмейтін ерекшеліктер – ұлттық-таңбалық тілдік бірлік (национально-маркированные языковые единицы) деп аталады. Әдетте социомәдени ерекшеліктер, ең бірінші кезекте, материалдық және рухани мәдениеттің заттарын жер-су атауларында және мінез-құлыққа байланысты атауларда байқалады [44].

«Тілдік сана» ұғымының зерттеулерде кеңінен қолданылғанына карамастан, әлі де болса оны тек психологиялық жағынан ғана қолдануды ұсынушылар да жеткілікті. Мысалы, И. Стернин «тілдік сана» ұғымын тек психолингвистикада сөз сөйлеу процесінің психологиялық аспектісін зерттеуге ғана пайдаланған жөн деп есептейді [45].

Алайда Мәскеу лингвистикалық зерттеулер мектебінің өкілдері, әсіресе, Е.Ф. Тарасов пен Н.В. Уфимцева тілдің қоғамдағы рөлін зерттеу нәтижесінде орыс тілінің ассоциациялық сөздігін жасады. Жұмыс Ресейде жоғары бағаланып, жоба жетекшілері мемлекеттік сыйлыққа ие болды.

Жалпы социолингвистиканың, сонымен бірге кейінгі кезеңде қалыптасып келе жатқан саяси лингвистиканың мақсаты – адамның тілге әсерін және тілдің саяси құрал ретінде пайдалану әдістерін жетілдіруге бағытталып отыр.

Тілтану ғылымының классиктерінің бірі В. Гумбольдт «әлемдегі әр түрлі халықтардың тіл ерекшелігін түсіну үшін, біріншіден, тілдің дамуының ұлттық рухқа тәуелділігін, ал ұлттық рухтың ұлттық мінезге әсер ететіндігін түсінуіміз керек» екенін ескертеді. Ол осы екі маңызды көрсеткішке әсер ететін тілдік сана деп тұжырымдайды. В. Гумбольдт «тіл – ішкі болмыстың органы, тіпті әрбір қадам сайын ішкі нақтылық пен сыртқы ортадағы көрінісіне қарай ол сол болмыстың өзі. Сондықтан ол өзінің өте жұқа тамырларымен ұлттық рухтың күшімен біте-қайнасып кетеді. Ұлттық рухтың әсері күшейген сайын, тіл құлпырып, байлығы арта түседі. Міне осылай өрілген тіл мен рух – ұлттық-тілдік сананың жемісі» [46], – деп жазған еді.

Тілдік сананың дамуына белгілі бір ұлттың психологиясына, танымдық деңгейіне, мәдениетіне әсер ететіндіктен оны тілдің әлеуметтік қызметін орындай алмауының көрсеткіші ретінде қарастыруға болады. Соның нәтижесінде тілдік теңсіздік қалыптасады және ол экономикалық, саяси теңсіздіктердің негізіне айналады.

Тілдік сана дүниенің тілдік бейнесінің (языковая картина мира) қалыптасуына әсер етеді. Дүниенің тілдік бейнесі ұғымының негізін ХІХ ғасырда физиктер қалыптастырған болатын. Мысалы, А. Эйнштейн «әр адам дүниенің өзінің деңгейіне тән түсінікті де қарапайым суретін жасай отырып, сезім дүниесінен бөлінгісі келеді. Міне осындай бейнелерді суретшілер, ақындар, философтар және жаратылыстанушылар жасайды және әрқайсысы өзіне тән сурет қалыптастырады. Адамдар осы бейнемен өзінің рухани өмірін байланыстыра отырып, сол ортада өзіне тыныштық пен сенімділік табады» [18, с. 136], – деп жазған еді.

Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды ғылыми тұрғыдан қарастырғанда аймақ топонимикасынан ақпарат беретін микротопонимдерді лингвомәдениеттану тұрғысынан зерделегенде ғана әлемнің тілдік бейнесін қалыптастыруға мүмкіндік туады. Қазіргі таңда өңір микротопонимдерінен тарихи, этимологиялық, лингвомәдени ақпаратты сол өңірдің көнекөз қариясынан, жерді, елді танитын адамнан аламыз. Олай болса, «адам» - ең алдымен рухани, мәдени құндылықтарды тасымалдаушы құрал. Сол себепті де белгілі бір қоғамда, әлеуметтік ортада өмір сүретін адам, оның жеке қасиеттері, белгілері мен ерекшеліктері тілдік санада көрініс табады. Микротопонимдер де тілдік бірлік болғандықтан, адамға қатысты ерекшеліктерден көрініс береді. Бұл тұрғыдан келгенде микротопонимдердегі «адам» концептісін зерттеу кездейсоқ емес. Ол жайында белгілі ғалым А. Алдашева: «Жиырмамыншы ғасырдың соңғы бөлігінде, ғасырлар тоғысқан тұста әлемдік озық лингвистика тілтанымның теориялық бағыттарын имманентті, структуралық лингвистикадан өзгешелеу жаңа арналарға, яғни тілді жеке адаммен, оның ойлау өрісімен және рухани практикалық қызметімен байланыстыра қарауға қарай бет бұрып отыр. Когнитивті, антропологиялық лингвистика деп аталатын мүлдем жаңа салалардың қатарына соңғы жылдары «лингвокультурология» деп аталатын бағыт та алып келді. Бұлардың қай қайсысы да – қазақ ғылымы төселе қоймаған сала» [47], – деп тілдегі лингвомәдени зерттеулер тікелей адаммен байланысты күрделі ғылым екенін баса айтады.

1.3 Микротопонимдердегі «адам» концептісі

Дүниенің әрбір ұлттық суретінде белгілі бір этностың дүниетанымы мен оны барынша дәл көрсететін кеңістік концепциясын айқындайтын өзіндік концептілер бар. Тілдік концептілер – белгілі бір ұлттың тіршілігінен хабар беретін ақпарат көзі болып есептеледі. Концептілер арқылы тіл мен мәдениеттің өзара байланысы, дүниетанымы көрінеді. Қазақ тіл біліміндегі бүгінгі күні қолданыстағы концепт терминін кез келген сөзге тели беруге болмайды. Бұл турасындағы зерттеулерде концепт туралы тұжырымдар ірі ұғымдардың кіші ұғымдарға бөлшектенуін, әрі сол бөлшектенген кіші ұғымдар қайтадан бірігіп бір бүтін бола алатындығы туралы айтылады.

«Концепт» термині орыс тіл білімінде ХХ ғасырдың 20-30 жылдары қоршаған орта құбылыстарының тіл әлемінде бейнелеуін зерттеумен байланысты пайда болды. Концепт сөздердің беретін ұғымын түсіну арқылы жеке адамнан бастап, қоғамдық топтардың, бүкіл бір ұлттың, халықтың тіл өрісінің, дүниетанымының ерекшеліктері айқындалады. Концептілер рухани мәдениеттің басты-басты ұғымдарын оның элементтері ретінде таңбалай отырып, олардың мән-мағынасын қамтиды. Рухани мәдени сөздердің лексикалық мағыналарын анықтау жаңа үстеме мағынаның ашылуына септігін тигізеді. Бұл өз кезегінде бұрынғы түсіндірмелерді жаңа қырынан бағалауға әкеледі.

Қазіргі лингвистикада концепті үш түрлі бағытта талданып, қарастырылады: лингвистикалық, когнитивтік, мәдениеттанымдық.

Концептіні лингвистикалық тұрғыдан қарстыруды дұрыс деп санайтын зерттеушілер Д.С. Лихачев, В.Н. Телия, С.А. Аскольдов, В.В. Колесевтер және олар концептіні сөздің кез келген мағынасында өмір сүреді деп қарайды.

Концептінің мәнін когнитивті тұрғыда қарастыруды ұсынатын зерттеушілер З.Д. Попова, И.А. Стернин, Е.С. Кубрякова, В.З. Демьянков, Ю.Г. Панкрац, Л.Г. Лузина және т.б. *концептіні* мәдени танымдық тұрғыдан адамның ойлау дүниесіндегі «мәдениеттің негізгі ұясы» ретінде түсіндіреді.

1990 жылдардың бас кезінен орыс тіл білімінде «концепт», «лингвомәдениет», «мифологема», «логоэпистема» сияқты ұғымдар қолданыла бастады. Қолданылу жиілігі жағынан өзге терминдерге қарағанда ауқымы кең концепт когнитивтік лингвистиканың негізгі ұғымы, оның әрекет ету құралы.

Дүниені концептілеу тәсілі әрі әмбебеп, әрі ұлттық ерекшеліктермен толықтырылып, дүниенің тілдік бейнесі ұлттық мәдениет контекстінде қарастырылады. Концептілер бір-бірімен тығыз байланыста болып, бір-бірінен туындап отырады. Әр қоғамның даму кезеңдеріне сәйкес тіл мен мәдениет иелерінің абстрактілі концептілерді танып түсінуінде өзгерістер болғанымен, негізгі мәдени, дүниетанымдық мәні өзгеріссіз ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, нақтыланып, толығып отырады.

Тіл біліміндегі концепт терминіне берілген анықтамалар қатарына назар аударсақ:

А.Б.Әмірбекова концепт ұғымына берілген тұжырымдарды зерттеу нәтижесінде концептіні танытатын мынадай критерийлерді ұсынады: «концепт дүниенің құндылықтарын танытады; санадағы дүниенің мәнін бейнелейді; тіл арқылы объективтенеді; субъектінің білім деңгейін танытады; белгілі бір ұлттың мәдени деңгейі мен менталитетін көрсетеді; әрбір ұлттың танымдық белгілерінің мазмұнын ажыратады; тұлғаның өзіндік танымдық стилін айқындайды; концепт – адам тәжірибесіндегі идеалды түсініктің ең кішкене бірлігі; білімді тарату, сақтау және оны өңдеудің негізгі бірлігі; белгілі бір мәдени болмыстың негізгі ұясы»[48].

Дүниенің тілдік бейнесін ұлттық мәдениет контекстінде қарастырған А. Исламның пікірінше: «Концепт дегеніміз – ұлттық дүниетанымның ықшам да, терең мағыналы дүниетаным құндылықтарын айқындайтын тілде көрініс тапқан күрделі бірлік. Әр ұлттың концептілер жүйесін дүниетаным құндылықтары құрайды. Концептілер бір-бірімен тығыз байланыста болып, бір-бірінен туындап отырады. Әр қоғамның даму кезеңдеріне сәйкес тіл мен мәдениет иелерінің абстрактілі концептілерді танып түсінуінде өзгерістер болғанымен, негізгі мәдени, дүниетанымдық мәні өзгеріссіз ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырады» [49].

Ғалым Н. Уәлиев ұғым мен концепт, мағына мен концепт жайлы: «Ұғым мен концептінің мағынасы тепе-тең емес. Ұғым белгілі бір объектінің танылған аса мәнді белгілерінің жиынтығы болса, концепт мазмұн межесі жағынан объект туралы барлық білімнің жиынтығы, ал тұрпат меже тұрғысынан тілдік бірліктердің (лексикалық, фразеологиялық, паремологиялық т.б.) құралдардың

жиынтығы болыптабылатын ментальды, ұлттық ерекшеліктерді танытатын құрылым» [50], – деген тұжырым жайсайды.

Зерттеуші ғалым А.П. Бабушкин: «Концепт – дискретная содержательная единица коллективного сознания или идеального мира, хронимая в национальной памяти носителя языка в вербально обозначенном виде» [51], – деп түсіндірсе, ғалым Ю.С. Степановтың пікірінше, «концепт мәдениетті тудыратын, мәдениеттен туатын, экстралингвистикалық, прагматикалық ақпаратқа ие шағын модель» [52], – деген ой айтады.

Бірнеше зерттеулерде «концепт» мәдени термин деген түйіндеме жасайды. И.В. Карасик те концептіге «алғашқы мәдени құрылым» деген сипаттама бере отырып, адамның сан алуан болмысынан мағыналы көрініс беретін сөздер тізбегі деп түсіндіреді [53]. Тағы бірқатар, атап айтқанда, З.Д. Попова, И.А.Стернин және т.б. ғалымдар концептіні «ғаламдық ойлау бірлігі» деп есептейді. Олардың көзқарасы бойынша, концепт тілде лексемалар, сөз тіркестері, тұрақты тіркестер, сөйлем және мәтіндер арқылы көрініс табады [54].

Яғни, концептінің тілдік көріністерін қарастыру арқылы біз сол тілді иеленуші ұлт санасындағы тілдік көріністердің мазмұнын түсіне аламыз.

Концептінің әр алуан қабаттары бір-бірінен туындап отырады. Осы қасиеттері бойынша концепт ұғымнан принципті түрде ерекшеленеді. Концепт ұғымдардың емес, заттық бейнелердің байланысуынан туындайды.

Заттық-бейнелілік кодконцепті өзегін құрайды. Ол объектіні біршама тереңдете тану барысында жаңаша мәндік белгілермен толыға түседі, соның нәтижесінде концептінің көлемі ұлғаяды да, мазмұны қоюлана түседі. Мәндік белгілер тұлғаның (адамның) жеке әлеуметтік мәдени тәжірибесіне байланысты өзгеруі, жоғалуы немесе актуалануы, күшейе түсуі мүмкін. Сондықтан концептінің құрылымы айқын болмайды, олардың бөлшектері мен компоненттері іштей ұйымдастырылмаған, еркін, түрленгіш, құбылмалы, өзгермелі болады.

Осы аталған концепт ұғымының әр бағыттағы қолданысы біздің зерттеу нысанымыздағы микротонимдерді тануда «Адам» концептісінің айналасында топтасып көрінеді. «Адам» ұғымының өте кең ауқымдылығын танытатын тілдік бейнесін көрсеткен, әрі ірі топтастыру жасаған қазақ этнолингвистикасының теориялық негізін салған академик Әбдуәли Қайдар болды. Ол қазақтың тіл әлемін «Адам. Қоғам. Табиғат» деп үш фактордың аясында зерттеген [55]. Академик Ә.Қайдардың қазақ деген ұлттың тіл әлемін саралап, талдап, түсінік беретін «Адам» (I том), «Қоғам» (II том), «Табиғат» (III том) атты этнолингвистикалық сөздіктер ұлт тілінің байлығын жинақтаған еңбек.

Адам табиғаты – ерекше құбылыс. Тілдік деректерге сүйенсек, оның бүкіл болмысын бейнелейтін, жақсы-жаман қасиеттерін жан-жақты толық танытатын сөздер мен тіркестер соншалықты мол және қазақ адамының тұтас жай-күйі ұлт өкілі ретінде түпсіз терең тұлға екендігін байқаймыз. Ежелгі грек философы Протогонның айтуынша, «адам барлық заттың өлшемі» және «әлемді адам қандай ой-сезіммен қабылдаса, дүние нақ солай бейнеленеді».

Адамзат қоғамындағы ең басты тұлға – Адам. Адамның өзі де, сол жасап отырған қоғамдағы, табиғи ортадағы барша құндылықтар мен құбылыстар; сайып келгенде, адамның ақыл-парасаты арқылы сараланып, соған тән танымдық ұғымдармен өлшенеді. Адамның даналығы мен надандығы да, қасиеттігі мен қасиетсіздігі де, жақсылығы мен жамандығы да, табиғат болмысына тән сан алуан заттар мен құбылыстардың жақсы-жаман сипаты, нарқы мен парқы да адм арқылы анықталып бағаланады. Алайда, адам басына тән сан алуан қасиеттердің барлығы қазаққа тән танымдық дәстүрде «жақсы» және «жаман» деген екі-ақ сөздің қауызына сыйып, оның ауқымымен қамтылатынын көреміз. Қазақ салтында қалыптасқан қарапайым да әмбебап танымдық өлшемнің «жақсы-жаман» деген екіұдай тәсілі мен ұғымы. Осы екі сөз арқылы барша қазақты «жақсы адам» және «жаман адам» деп, екі бөліп қарайтынымыз шындық және оны біз көптеген тілдік фактілер арқылы дәлелдей де аламыз.

Адам концептісі бірнеше концептілік жүйе құрауы заңдылық. Дегенмен аймақтық топонимиялық кеңістікте адам концептісі адамның туыстық қатынасына, жасына, жынысына, мінезіне, өмір сүрген орнына, мінез ерекшеліктерін ескеріп қойылған атаулармен көрініс тапқан. Осы тұрғыдан алғанда адамды жыныстық ерекшеліктері тұрғысынан, гендерлік сипаты жағдайында қарастыруда бүгінгі зерттеу еңбектері нәтижелі тұжырымдар ұсынып отырғандығын бағамдауға болады.

Антропоцентристік парадигмадағы гендерлік лексика гендерлік қызметтермен астасып, ұлттық-мәдени ерекшеліктермен, халықтың әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, наным-сенімдерімен тығыз байланыста қарастырылады. Көптеген ТМД елдерінде гендерлік зерттеулер 1990 жылдары пайда бола бастады. Ал Ресейде М. Арутюнян, Т. Рурко, А. Клецин, О. Воронина т.б. зерттеушілердің гендерлік бағыттағы еңбектері кездеседі. Адам мен қоғам бейнесін танытатын тілдік бірліктер қатары гендерлік ерекшеліктерден көрініс табады. Тілдегі гендерлік мәселелер ұзақ уақыт бойы антропология мен этнография салаларының құрамында қарастырылып келді. Ал бүгінде гендерлік зерттеулер қатары тың ізденістермен толығып, жыныстар арасындағы қарым-қатынас мәселелерін қарастырудың ауқымдылығы кеңейді. Бұл бағаттағы зерттеулер ғылымның көбірек назарын аудартуда. Антропоэктік бағыттағы зерттеулердің қатарында тіл мәселелерін гендерлік лексика аясында қарастыру Г. Мамаева, Қ. Жанатаев, Г. Шоқым, Е. Мешимовтың сынды ғалымдардың зерттеу еңбектерімен толығып отыр. Көркем мәтінде ер мен әйелдің психоллингвистикалық ерекшеліктерін беру лингвистикалық тұрғыдан әлі де жан-жақты зерттелу үстінде десек, профессор Қ.Қ.Жұбанов әйел тілінің спецификалық ерекшеліктерін тануда әр ұлт әйелдерінің өзінің ым тілі болатындығын, әсіресе қазақ әйелінің тілінің ерекшелігін баса айтып, әйелдерде ғана болатын ерін шығару (кеміткенде), бетін шымшу (ұятсынғанда) аузын шылп еткізу (таңданғанда), аузын бырпылдату (кекеткенде) атап көрсеткен болатын [56].

Ал бүгінгі қазақ тіл білімінде гендерлік ерекшеліктер жөнінде Б. Хасанұлы зерттеулерін атауға болады. Ғалым: «Гендер факторы ең ежелгі заманнан көрініс береді. Алла тағала адамды жаратқанда гендерлік табиғат сыйлаған – Адам ата мен Хауа ұғымы бұл жалғанда адамзат жаралған тұста еркек, әйел ұғымдарымен бірге пайда болған дейміз. Бертін келе сол «биологиялық» жыныс негізінде «әлеуметтік» жыныс туралы түсінік пайда болып, гендерология (әлеуметтік жыныстану) ғылымы қалыптасты» [57], – дейді.

Дүниеге еркек пен әйел көзқарасының объективтілігі (дүниенің гендерлік бейнесі) жазбаша және ауызша сөйлеуде, сондай-ақ көркем әдебиетте кездеседі. Әдебиеттегі гендерлік мәселелер феминистік бағыттағы зерттеулерден де көрінеді. Жалпы лингвистикадағы «гендерлік лексика» өткен ғасырдың 80-жылдарынан бастап дамып келе жатыр. Гендерлік лексика – ерлер мен әйелдер тілінің табиғатын түсінуге, тілдік ерекшеліктерін анықтауға, жыныстардың тілдік мінез-құлқындағы танымдық аспектіге назар аударуға бағытталып отыр. Нақтырақ айтқанда, «гендер» ұғымын тек әйел мен еркекке қатысты ғана ұғым ретінде ғана қарастырмай, олардың коммуникациядағы ерекшеліктерін, мәдени-стереотиптік қолданыстары мен образдар арқылы әлемнің тілдік бейнесін сипаттайтын танымдық қырларын зерттеу өзекті болып отыр.

Біздің зерттеу нысанына алып отырған топонимдік кеңістіктегі гендерлік ерекшеліктерді тануда қоғамдағы ерлер мен әйелдерге деген қарым-қатынасты айқындайтын мәдени және әлеуметтік факторларды көрсету, белгілі бір жынысқа жатуына байланысты мінез-құлық ерекшеліктерін, негізгі стереотиптік сипаттарын тану болды. Бұдан өзге де лингвистикада гендерді әлеуметтік-лингвистикалық, психолінгвистикалық, лингвомәдениеттанымдық тұрғыдан нысан еткен бағыттар пайда болды. XX ғасырдың 80-жылдарының соңында тіл білімінде маскулиндік зерттеулер орын алды. Зерттеу еңбектерде еркекке тән белгілердің гендерлік тілдік сипатына баса назар аударылған. Онда ер адамдарға қатысты маскулиндік зерттеулер бой көрсетті. Олар қоғамда қалыптасқан ер адамдық нормалар мен талаптарды ажыратып, белгілі бір мәдениет аясында ерге тән тілдік белгілердің ерекшеліктерін анықтап, ер жынысының әлеуметтік құрылымдануын көздеген.

Ономастикадағы гендерлік мәселелерді ғылыми тұрғыдан зерттеу XX ғасырдың аяғында дами бастаған. Әр кезеңде де кісі есімі мен географиялық атаулардың гендерлік ерекшеліктері ғалымдар назарынан тыс қалмаған. Мәселен, ерте кездегі вавилон әйелдері есімі көбіне өсімдік, үй және жыртқыш емес, көлемі жағынан кішірек тышқан, күшік секілді жануарларға, ал ер адамдар есімі қасқыр, арыстан секілді жыртқыш аңдарға байланысты қойылған. Сонымен қатар әшекей бұйымға байланысты қойылған әйел есімдері көп кездескен, ал мұндай есімдер ер адамдарға мүлде қойылмаған. Керісінше, теофориялық есімдердің маскулиндік деңгейі жоғары болған. Ерлердің есімдері көбінесе Құдайға қатысты қойылғаны олардың қоғамдағы үстемдігін білдіреді. Ономастика саласындағы ғалымдардың көбі еңбектерінде түрлі халықтардың ат қою мәдениетіндегі ерекшеліктерін зерттегенде есімдердің жыныстық

көрінісіне назар аударған. Заманға, мемлекеттің қоғамдық құрылымына, елдің мәдени ортасына қарай әр халықтың онимдік бірліктері де әртүрлі болған.

Әдебиетте, тарихи жазбаларда әйел адамға қарағанда ер адам есімі көп кездескені сол заманда маскулиндік басым болғанын білдіреді. Осыған байланысты қазақ халқындағы ер адам есімінің басым бөлігі жыртқыш жануарлар, ауыр металдар және қайсарлық, батырлық, қаһармандық ұғымдарына, ал әйел адам есімі, керісінше, нәзіктік, пәктік секілді қасиеттерге байланысты қойылған. Қыз бала есімі сұлулықты білдіреді, сондықтан әкешесі оған осы ұғымға сай келетін, дыбысталуы да, мағынасы да жағымды есім іздейді. Ал ұл бала есімі оның мінез-құлқын, тұлғалық қасиетін сипаттайды, сондықтан оларға дәстүрлі және көне есімдерді қояды.

Ономастика, оның топонимика саласының бірліктері микротопонимдер әлемнің топонимикалық бейнесінде этнос пен адамның ортақ мәдениетінің ерекшеліктері бейнеленетіндіктен, «адаммен» тығыз байланысты ғылым ретінде теориялық негіздеуді қажет етеді. Кешенді топонимикалық зерттеулерде әдетте лингвистикалық, лингвомәдени, этнонимдік және концептілік тәсілдер жиі қолданысқа түседі. Аталған тәсілдердің қай қайсысы болсын «адам» концептісі аясына шоғырланған микротопонимдерді жіктеуде үлкен қызмет атқарады.

Бұл зерттеуде біз концептілік тәсілге сүйенеміз, яғни, микротопонимдерде сақталатын адами негіз бен рухани-мәдени, тарихи белгілерді ажырату арқылы жіктеу жүргізуді мақсат етеміз. Бұл ретте төмендегі құрылымға назар аударған жөн:

Жеке атау (топоним) – нақты тұлға – концепт. Бұл құрылымға өңірдегі адам есімінен қалыптасқан барлық микротопонимдер жатады. Мысалы: *Ақай, Ақайдар, Абылай, Абылғазы, Ағали, Ажар, Ақкүшік, Аққожа, Ақтай, Ақышбай, Алдаберген, Алыпсатар, Алтынай, Арғынбай, Арпабай, Атабай, Атақан, Атығай, Ахметқұл, Әбдіразақ, Әбдірахман, Әбутәліп, Әбілпейіз, Әзқожа, Әли, Әлі, Әмірбай, Әпсейіт, Әсетер, Байбол, Байғабыл, Байғара, Байсақ, Байсұлтан, Байтөле, Бақытбек, Балапан, Балға, Балдыр, Балқыбек, Балтақай, Барлықбай, Бекбай, Бектұр, Берліқожа, Биса, Бозай, Бозтай, Болнаш, Бостанбай, Бош, Бөкембай, Бөкеш, Бұланбай, Бұтабай және т.б.* Аталған құрылымдағы микротопонимдер өңірге танымал тұлғалардың есімдерінен қалыптасқан. Бұл жерде адамның «тұлғалық» концептілік белгісін ажыратамыз.

«Адам» концептісін Ақсуат, Аягөз, Үржар аудандарының микротопонимдер жүйесінде зерделейтін болсақ, ең алдымен адамың жас ерекшелігі мен жыныстық ерекшелігін анықтайтын белгілерден бастаған жөн. Ұлттық санада адамның жас ерекшелігі мен жыныстық бөлінімін сипаттайтын атауларды халықтың болмыс-бітімін, мәдени белгілерін сипаттайтынын ескере келе, «Ұлттық мәдени кеңістіктің тереңде жатқан қабаттарын мәдени тұрғыдан кодталған халықтың дүниетанымы, болмыс тіршілігінің үзіктері құрайды десе болады. Осыған байланысты мәдени код деп мәдениетті сәйкестендіруге мүмкіндік беретін қандай да бір түрде кодталған ақпаратты түсінеміз» [2, б. 32], деп тұжырымдайды Қ. Рысберген.

Адам баласы әр уақытта қоршаған ортаны тануды өзінен бастаған. Мәселен, адамның тәні зерттеп-білуді қажет ететін физикалық құбылыс. Ал адам тәнінің бөлшектері дене мүшелерін құрап, тіл тілде оған өзіндік атаулар беріледі. Адам дене мүшелерінің құрылысы бас, көз, аяқ, қол, арқа, жон, өзек, мойын және т.б. деген атаулардан құралып, микротопонимикалық құрылымда да географиялық терминдердің аталымынан да көрініс табады. Адам дене мүшесі стратиграфиясының географиялық атаулармен сарындас болып келуі жер-су атауларын қалыптастыруда ең алдымен «адамға», оның тұлғалық сипатына, физикалық құрылысына, жеке қасиеттері мен мінез-тұлқына, тактильды, иіс сезінулеріне және т.б. байланысты болатыны оларды «адам» атты бір концептінің астына топтастырады. Өңірлік микротопонимдерде жер-су атауларының қалыптасуына уәж негіз болатын адамның дене мүшесі мен іш құрылысына қатысты географиялық негіздерге төмендегілерді жатқызамыз: *бас, ми, маңдай, төбе, бет, мойын, жақ, қабақ көз, мұрын (танау), иық, қол, қолтық, бел, арқа, аяқ, емшек, кіндік, қабырға, бүйір, бүйрек, тіс, жүрек, бауыр, ішек, қарын, қолқа, шат, бұт, бақай құлақ, иек, қас, ауыз т.б.* Аталған уәжердің көмегімен Ақсуат, Аягөз, Үржар аудандарының микротопонимикасында мынадай атаулар қалыптасқан: *Ашылыөзек, Балатөбе, Қарабас, Мойын, Қарақол, Аяқарасан, Көкөзек, Аққабақ, Арқа (Үржар ауданы), Сарыөзек, Мойынтам, Мойын, Үштөбе, Жон, Кіндікті, Аюшат, Әулиешат (Ақсуат ауданы), Ақөзек, Басқарауыл, Женертөбе, Кезмойын, Құсмұрын, Қарашат, Аяққарауыл (Аягөз ауданы) және т.б.*

«Адам» концептілік жүйесінде жыныстық айырым белгілейтін атаулар «адам» концептісінің соматикалық ерекшелігін айқындай түседі. Кейбір ғалымдар гендерлік ономастиканы адамзат пайда болғанда шыққан деп көрсетеді. Ономастикадағы гендерлік мәселені ғылыми тұрғыдан зерттеу ХХ ғасырдың аяғына таман басталған. Сонымен қатар әр дәуірдегі кісі есімі мен географиялық атаулардың гендерлік ерекшеліктері назардан тыс қалған емес. Түрлі халықтардың ат қою мәдениетіндегі ерекшеліктерін зерттегенде есімдердің жыныстық көрінісіне назар аударған. Зерттеулер барысында гендерлік бейтарап лақап аттардың қолданысының да болатынын көрсеткен. Түркі антропонимиясындағы гендерлік көріністер түркі тілдес халықтардың ер мен әйел есіміндегі ерекшеліктері мен құрылымындағы өзгешеліктерден анық байқалады. Ортағасырлық тарихи жазбалардан байқайтынымыздай, әйелдерге қарағанда ер адам есімі көп кездесетіні сол заманда ислам дінінің жеке ерекшеліктеріне сәйкес, ер адамның қоғамдағы ролі, әлеуметтік статусы әйел адамға қарағанда басым болғанын байқатады. Қазақ есімдеріндегі гендерлік көріністі анықтауда есім түбіріне, сол түбір мағынасына, есімге жалғанған қосымшаларға, тіркескен екінші сөз есепке алынады. Тарихи оқиғаларға шолу жасау да маңызды болып табылады [58]. Топонимикадағы гендерлік көріністерді қарастырған ғылыми еңбектер қатары да біршама. Әлем тәжірбиесіне назар аударсақ, географиялық нысандарға кісі есімін қоюдағы негізгі критерийдің бірі – есімі қойылған адамдардың жақсы, жағымды бейнесін халық жадында сақтау. Қоғам мен саяси қайраткерлер, танымал ақын-

жазушылар, біртуар өнер өкілдері мен олардың ерлігіне орай берілген атаулар жиі кездеседі. Оларды саралай селе, адамның ер және әйел деген бөлінісінде, адам – әйел – қыз, әйел, қатын, кемпір уәждерінің микропонимжасамында белсенді екенін аңғаруға болады. Енді оларды топонимдік мысалдарда қарап көрейік:

Қыз концептілік жүйесі: *Әулиеқыз бейіті (Аягөз ауданы), Қызасу (Үржар ауданы), Қызбейіт (Үржар ауданы), Қыземшек (Тарбағатай ауданы), Қызөлген (Үржар ауданы), Бесқыз (Үржар ауданы), Қыздың Суы (Аягөз ауданы).*

Қыз концептілік жүйесін құрайтын атаулар қыздың бейнесіне ұқсату, белгілі бір іс-әрекет, оқиғаға байланысты қалыптасқан.

Әулиеқыз бейіті – зират. Жетісудан келген саудагерлер Айғыздың үстімен өтіп Жорға тауына келгенде Шұбартаудан 129 шақырым Батысқа қарай орналасқан осы Әулие қыз аталатын жерге түнеп, тынығатын болған. Саудагерлердің бағыты Қоянды жәрменкесі.

Қызбейіті – зират, Мамырсу а.о. Қыздың осы жерде дүние салуына байланысты қойылған зират атауы.

Қыздың суы – өзен, Сарыарқа а.о. Бір қыз баланың көктем айында суға кетіп қалуына байланысты қойылған атау.

Қыземшек – төбе, Тарбағатай а.о. Қыз (зат есім) + емшек (зат есім) сөздерінің тіркесуі арқылы жасалған. Табиғи ерекшелігіне байланысты қойылған атау. Тау шоқыларын қыз омырауына ұқсату арқылы пайда болған метафоралық атауға жатады.

Қызбейіті – бейіт, Малкелді а.о. Некроним. Есімі белгісіз әулие қызға арнап қойылған ескерткіш.

Қызөлген – сай, Ақшоқы а.о. Қыз жол апатына түсіп қайтыс болған сай.

Бесқыз – шабындық, Таскескен а.о. Атаудың қалыптасуына өңірде орын алған қайғылы оқиға негіз болған. Бес және қыз есім сөздерінің бірігуі арқылы жасалған.

Кемпір концептілік жүйесі: *Бескемпір (Үржар Ауданы), Таукемпір (Үржар Ауданы), Кемпірбай (Тарбағатай Ауданы), Кемпіртас (Үржар Ауданы), Таскемпір (Үржар Ауданы).*

Кемпір концептілік жүйесін құрайтын атаулар кемпірге ұқсату, белгілі бір іс-әрекет, оқиғаға байланысты қалыптасқан.

Бескемпір – қыстау, Үржар ауд. Тарихи атау. Өткен ғасырдың 20-30 жылдары елдегі саяси ахуал қиындап, ел үркіншілікке ұшырап, ру-руымен жер ауып жатқан кез болса керек. Жіті жүріске жарамайтын ұсақ бала-шағамен үлкен бір әулеттің бес кемпірі қойнауда қалып қалыпты-мыс. Кейіннен абыр-сабыр басылып, қайтып келсе, бес кемпір бала шағасын бағып дін аман отыр дейді. Содан сол ауыл Бескемпір ауылы аталып кетсе керек.

Кемпіртас – тас. Таскескен а.о. Тастың сыртқы географиялық кескін-келбет, бедерін кемпірге ұқсатудан туындаған атау.

Таскемпір – жартас, Таскескен а.о. Тас (зат есім) және кемпір (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған. Атау жердің физикалық сипатын кейуанаға, кемпірдің бейнесіне ұқсату негізінде қалыптасқан.

Таукемпір – жартас, Таскескен а.о., Жердің физикалық-географиялық ерекшелігіне байланысты берілген атау. Зор жартаста кемпір-ананың бейнесі бар. Кейбір жергілікті тұрғындар оны «Таскемпір» деп те атайды.

Балаконцептілік жүйесі: *Баласаз* (Үржар ауданы), *Баласай* (Үржар ауданы), *Балатас* (Үржар ауданы), *Балатөбе* (Үржар ауданы), *Балашәулі* (Үржар ауданы), *Балажайлау* (Аягөз ауданы), *Балакөксала* (Аягөз ауданы), *Балакөксеңгір* (Аягөз ауданы), *Балабидайық* (Аягөз ауданы), *Балажорға* (Аягөз ауданы), *Балалар* (Ақсуат ауданы).

Балаконцептілік жүйесін құрайтын атаулар балаға ұқсату, кіші мағыналық бірлігі мен бір іс-әрекет, оқиғаға байланысты қалыптасқан.

Баласаз – қыстау, Ақшоқы а.о. Үлкенсаз жайлауына жақын орналасқандықтан және үлкен сазға қарағанда көлемі кішірек болғандықтан аталған. Қазақы танымда бала сөзін нысанға атау ретінде алғанда, қасындағы нысаннан кіші екенін білдіру үшін қолданған.

Баласай – сай, Ақшоқы а.о. Сайдың көлемі кіші болуына байланысты берілген атау.

Балатас – ж.а., Ақшоқы а.о. Ұсақ, шағын тастар көп кездесетіндіктен қойылған атау. Бала сөзі нысанға қасындағы ұқсас нысанға қарағанда кіші, шағын деген мағына үстеу үшін қолданылған.

Балатөбе – е.ж., Көкөзек а.о., Белгілі бір нысанға бала атауын көп жағдайда салыстырмалы түрде басқа нысандарға қарағанда кішірек болғандықтан берген. Аралтөбе, Жайтөбелерге қарағанда аласарақ болғандықтан Балатөбе атанған.

Балашәулі – тау, Үржар ауд. аймағында Балашәулі, Қоңыршәулі, Ақшәулі атты таулар бар. Сыртқы көрінісі ұқсас, көлемі жағынан Ақшәуліден кішірек болғандықтан, халық сыртқы көрінісіне байланысты «Балашәулі» деген атау берген.

Балажайлау – жайлау. Белгілі бір нысанға бала атауын көп жағдайда салыстырмалы түрде басқа нысандарға қарағанда кішірек болғандықтан берген.

Балакөксала – өзен. Өзен аңғары, саласы Ақшатау жотасының оңт-нде, Көксала өз-нің аңғарында. «Кіші Көксала» мәніндегі атау. Қазақы түсінік бойынша «көк» сөзі жасыл түсті білдіреді, яғни сала маңында көк шөптің қалың өсуіне қатысты не болмаса судың түсіне қатысты «Көксала» атанған.

Балакөксеңгір – жайлау, Малгелді а.о. Ал бала Көксеңгір аталуы салыстырмалы түрде қасындағы шыңнан кішірек деген мағынаны білдіреді.

Балашәулі – тау, Ақшәулі а.о. Бала Шәулі Ақшәулі тауының жанында орналасқан. Сыртқы көрінісі бірдей, көлемі жағынан Ақшәуліден кішірек болғандықтан халық сыртқы көрінісіне байланысты «Балашәулі» деген атау берген

Балабидайық – қыстау, Қосағаш а.о. Балабидайық аталуы жер көлемінің шағын болуына қатысты аталған.

Балажорға – Жабағы, тай, құнан жарысы өткізілетін жер болуы мүмкін.

Балалар – ж.а., өлке, Мамырсу а.о. Балаларға қатысты оқиға негізінде атау қалыптасқан. Ашаршылық жылдары бір топ бала осы өлкеде аштан өлсе

керек, сол балалардың дауысы осы күндері де кеш батқанда естіледі дейді жергілікті тұрғындар.

Келіншек концептілік жүйесі:*Келіншектас (Аягөз ауданы), Қоскеліншек (Аягөз ауданы).*

Келіншектас – тау, Ақшатау а.о. Атау келіншек (зат есім) және тас (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған Тау түйені жетектеп келе жатқан келіншекке ұқсатудан қойылған атау.

Қоскеліншек - ж.а., Б. Майлин а.о. Қос келіншек оқиғасына байланысты қойылған атау.

Қатын концептілік жүйесі:*Қарақатын (Ақсуат ауданы), Қатынмолда (Ақсуат ауданы).*

Қарақатын – көлшік, Тарлаулы а.о. Атау қара (сын есім) және қатын(зат есім) сөздерінің тіркесуінен жасалған. Осы жерде болған әйел адамға байланысты бір оқиғаға орай қойылған атау.

Қатынмолда – қыстақ, Баршатас а.о. Антропотопоним. Кісі атына байланысты қойылған атау.

Осындай тарих қойнауынан орын алған атаулар тарихи оқиғаларға, белгілі бір жағдаяттарға, кісі есіміне байланысты жасалып, топоним дәрежесіне көтерілген. Бойына ақпараттық мән жинаған атаулар – бүгінгі күнге дейін ел аузында сақталған, тұтастай алғанда елдің өз өткені туралы пайымы мен ұғымын аңғартатын, өзгеше бір таным көзі, дерек қоры.

Ұлттық кодымызды сақтаудың бір өзегі – жер-су атауларын жан-жақты қарастыруда, зерделеуде жатыр.

«Адам» концептілік жүйесін микропотоним қалыптастырудағы когнитивтік уәжділігін саралай келе, Ақсуат, Аягөз, Үржар ауданы жер су атауларын төмендегідей топтастыруға болады:

Адам атына байланысты қалыптасқан атаулар:*Айнабай, Ақай, Ақайдар, Абылай, Абылғазы, Ағали, Ажар, Ақкүшік, Аққожа, Ақтай, Ақышбай, Алдаберген, Алыпсатар, Алтынай, Арғынбай, Арпабай, Атабай, Атақан, Атығай, Ахметқұл, Әбдіразақ, Әбдірахман, Әбутәліп, Әбілпейіз, Әзқожа, Әли, Әлі, Әмірбай, Әпсейіт, Әсетер, Байбол, Байғабыл, Байгара, Байсақ, Байсұлтан, Байтөле, Бақытбек, Балапан, Балға, Балдыр, Балқыбек, Балтақай, Барлықбай, Бекбай, Бектұр, Берліқожа, Биса, Бозай, Бозтай, Болпаи, Бостанбай, Бои, Бөкембай, Бөкеш, Бұланбай, Бұтабай және т.б (Аягөз ауданы); Айтбай, Амангелді, Атабай, Атығай, Байғана, Бұғыбай, Бұқар, Еділбай тоғаны, Елтай, Әбеу, Жаманай, Жанай, Жәнібек, Келдімұрат, Кененбай, Көрнебай, Қабанбай, Қазымбет, Қаратышқан жайлауы, Құрман, Саңқайбай, Үркімбай, Жәнібек, Қастей, Қисық, Нұрым, Өмірзақ, Ордабай қабағы, Тәуке, Қожсан, Құрман, Мереке, Мұқанбай, Нұртаза, Ораз, Олжамұрат, Манақ, Тоқпақ, Беделі, Кененжал, Көлбай, Сегізбай және т.б. (Үржар ауданы); Айдабол, Ақбай, Ақбарақ, Ақболат, Ақтайлақ, Алдаберген, Алтысбай, Аманбай, Аманкелді, Атамбай, Ахметқали, Ахметтің дарасы, Әбділ, Әшім, Бабахан, Әсембет, Байтоғас, Бақай, Барақбайдың қыраты, Бапанның шоғыры, Баттың кезеңі,*

Ботай жері, Қожса, Қоңырбай, Орақ, Өкшебай, Мешел, Сәрке, Суан, Сыбан, Ырғызбай және т.б. (Ақсуат ауданы).

Адамның сырт келбетіне ұқсату негізінде қалыптасқан атаулар: *Тазтау, Тақырбастау, Сұлушоқы, Мешел, Маймақ, Шолақбұлақ, Шолаққорған, Шолақорда, Шағыр, Шалқақ, Қотырбозша, Қожыр, т.б. (Ақсуат ауданы), Ақбөпе, Егізек, Егізқұдық, Жалаңаш, Жалаңашкөл, Кеңқарын, Кетік, Қасқа, Серек, Соқыржайлау, Сұлжота (Үржар ауданы), Бескекіл, Бестаз, Былпылдақ, Көшбике, Қоңқақ, Қотырқала, Қтырбұлақ, Сұлушілік, Тазқызыл, Тақыртұма, Үйсұлу, Үйсәқал, Шотбас (Аягөз ауданы).*

Адамның жас ерекшелігіне байланысты атаулар: *Бөпе; Жаманбала, Қазанкемпір, Шалбұлақ, Баласаз (Үржар ауданы), Баласай (Үржар ауданы), Балатас (Үржар ауданы), Балатөбе (Үржар ауданы), Балашәулі (Үржар ауданы), Балажайлау (Аягөз ауданы), Балакөксала (Аягөз ауданы), Балакөксеңгір (Аягөз ауданы), Балабидайық (Аягөз ауданы), Балажорға (Аягөз ауданы), Балалар (Ақсуат ауданы).*

Адамның іс-әрекеті, мінез-құлқы және жеке қасиетіне байланысты атаулар: *Тентек, Тектұрмас, Қызжылаған, Құлболды, Құлдық шоқысы, Елпен (Ақсуат ауданы); Алға, Еркетай, Жаманжартастас, Жаманегін, Кереңтас, Сұмпайы, Тоқта, Тоқтық (Үржар ауданы); Балдай, Балпаң, Игілік, Стрижка, Үрпек (Аягөз ауданы).*

Адамның дене-мүшесінмен байланысты атаулар: *Ашылыөзек, Балатөбе, Қарабас, Мойын, Қарақол, Аяқарасан, Көкөзек, Аққабақ, Арқа (Үржар ауданы), Сарыөзек, Мойынтам, Мойын, Үштөбе, Жон, Кіндікті, Аюшат, Әулиешат (Ақсуат ауданы), Ақөзек, Басқарауыл, Женертөбе, Кезмойын, Құсмұрын, Қарашат, Аяқарауыл, Бауыр (Аягөз ауданы) және т.б.*

Тілімізде адамның иіс сезінуінен туындаған атаулар: *Сасықкөл (Аягөз ауданы), Сасықбастау, Сасықбұлақ, Сасықбай (Үржар ауданы), Сасықбастау (Ақсуат ауданы).*

Тактильді (тері арқылы сезінуі) атаулар: *Жылыбұлақ, Суықбұлақ, Мұздыбұлақ (Аягөз ауданы), Суықтау, Суықбұлақ (Үржар ауданы), Жылыбұлақ, Жылытау (Ақсуат ауданы) т.б.*

Өзен, көл, бұлақ атауларындағы судың дәміне байланысты қалыптасқан атаулар:– *Ащысу, Ащыөзек, Көкащы, Ащыбұлақ, Тұщысу, Тұздыбастау, Томаращы (Аягөз ауданы); Ащылы, Ащысу (Үржар ауданы) т.б.*

Көру ассоциациясына байланысты қалыптасқан атаулар: *Қыземшек, Барсакелмес, Ұзынсу, Қаратал, Жайпақ, Ұзынбұлақ, т.б.*

Әрбір атау – көнеден хабар бере алатын баға жетпес тарихи мұра. Кез келген географиялық объектіге атау белгілі бір мақсатпен берілген. Даланың әрбір төбесі мен тауын, тасын, өзені мен көлін, өлкесі мен сайын көшпенді халқымыз жақсы білген. Оларды ондай зеректікке тұрмыс-тіршілігі, төрт түлік малының қамы үйретті. Демек, жер-су атауларын зерттеудің басқа тілдік категориялардан айырмашылығы олардың терең тарихи, лингвомәдени сипатында болып келеді. Бұл тұрғыдан, тілдік құбылыстың табиғатын сол тілде сөйлейтін этностың, халықтың дүниетанымына, ел, жер тарихына, салт-

санасына, мәдениетіне, діні мен діліне қатысты зерттеу өріс алып отырғандығы – қоғамымыздың жаңару процесінің белгілерінің бірі.

1.4 Микротопонимдердегі «қоғам» концептісі

Микротопонимдер – қоғам мен жалпы адамзат дамуының міндетті элементі. Қазіргі өркениетті географиялық жер-су атауларынан тыс елестету мүмкін емес. Олардың белгілі бір аймақтағы жиынтығы, яғни микротопонимдер ғасырлар бойғы халық шығармашылығының, географиялық атаулардың пайда болуының нәтижесі болып табылады. Микротопонимдер сол аймақпен танысудың ең алғашқы визит карточкасы деуге де болады. Географиялық атаулар белгілі бір тарихи кезеңдерде пайда болады. Олар тарихи оқиғалардың хронологиялық дәлелі болып табылады. Микротопонимдер уақыт шеңберінде формасы, мазмұны бойынша өзгерді, тарихтың нақты оқиғаларына байланысты таратылады. Соғыстар, халықтың көші-қоны, этникалық байланыстар топонимияға өз іздерін қалдырады. Әрбір тарихи дәуір өзінің жер атауларының жиынтығымен сипатталады. Микротопонимдер белгілі бір тарихи жағдайларда пайда болып, олардың шығу тегі белгілі бір елді мекендерді мекендеген немесе мекендейтін халықтардың әлеуметтік өмірімен және тілдерімен тығыз байланысты болады. Тарихи жағдайлар, тілдер мен халықтар өзгерді, олардың ауқымы және сол арқылы адамның географиялық тіршілік ету ортасы да өзгереді. Географиялық атаулар адам танымының ұзақ және күрделі даму процесінде дамып, адамдардың айналасындағы барлық табиғи нәрселерге қатынасын, қоршаған орта объектілерін атау қажеттілігін көрсетеді. Белгілі орыс ономаст-ғалымы А.В. Суперанскаяның пікірінше, әрбір атау – тарихи, ал топонимиканы түгелдей тарихтың айнасы деуге болады. Географиялық көне атаулар тарихи ескерткіштер іспетті, себебі өткен замандардың мұралары ретінде мемлекеттер мен халықтардың тарихының, жер жағдайларының, материалдық және рухани мәдениеттерінің белгілі бір тарихи кезеңдердегі келбетін, қалпын көрсетеді. Сондықтан микротопонимдерді тарихи бағытта зерттеудің маңызы зор. Көшпелі мал шаруашылығына бейімделген, мал тұяғына ере отырып жер жағдайын мал ыңғайына қарай таңдай білген, сол жердің ерекшелігін ескеріп атау берген қазақ халқының ұлттық дүниетанымының кеңдігін топонимдік жүйесінен-ақ байқауға болады. Қойылған әрбір атауда ұлттық болмыс, дүниетаным, салт дәстүрдің кумулятивті жинақталуы, қонысты, жұртты, жайлау, күзеу, қыстау ерекшелігін дәлдікпен бере алғандықтан да құнды.

Кез-келген географиялық атау әр халықтың тарихи-мәдени ескерткіші болып табылады. Жер атауы кездейсоқ берілмейді. Оны қоғам береді. Топонимдер аймақты қоныстандырудың тарихи кезеңдерін, адамдардың экономикалық қызметін, ежелгі көші-қонды және ұлтаралық байланыстарды, тарихи, саяси және әлеуметтік-экономикалық өзгерістерді, географиялық ерекшеліктерді, жер бедерінің белгілерін бейнелейді. Адам баласы белгілі бір отбасында өмірге келіп, басқа да отбасылармен бір ортада өмір сүріп, өсіп, дамитындығын ескерсек, қоғамсыз адам дамуын елестету мүмкін емес. Олай

болса, адам баласының туыстық, ұлттық, діни, тілдік, мәдени, рухани және т.б. ортақ белгілеріне сәйкес бір орта қалыптасады. Оны біз қоғам деп атаймыз. Қоғам адам баласының өміріндегі негізгі құндылықтарды қалыптастырушы орта болып табылады. Ол құндылықтардың бірі тіл екенін ескерсек, ұлттық тіліміздегі сөздік қорымыз да белгілі бір қоғамда қалыптасып, өз дамуында көптеген қоғамдық өзгерістер мен тарихи кезеңдерді басынан өткереді. Аталған өзгерістер тіліміздегі сөздердің өзгерісіне, жаңа сөздер мен атаулардың қалыптасуына, жойылуына алып келді. Олай болса, тіліміздегі маңызды салалардың бірі топонимдер де қоғамдық формацияда қалыптасып, дамып, өзгеріп отырған, өз бойында барлық тарихи кезеңдердің алмасуын, қоғамдық өзгерістердің ақпаратын таситын тілдік деректер болып табылады. Бұл ретте зерттеуші О.Т. Молчанова: «Если реальные коммуникативные акты направлены на географический объект, присутствующий в ситуации общения, но не знакомый по имени, то к нему должна быть применена дескрипция с целью выделения его из сопresentствующих с ним объектов. В этих обстоятельствах номинация нацелена на наиболее отличительные индивидуальные признаки реалий. Выбор признака поэтому определяется не только свойствами идентифицирующего объекта, но и той географической средой, в которой он находится и от которой должен быть отделен» [21, с. 78], – деп географиялық нысанның қалыптасуын қоршаған ортамен тығыз байланыстылығын, адамдардың өзара қарым-қатынас актісін қамтамасыз ететін маңызды фактор екендігін атап көрсетеді.

Қоғам белгілі бір ортақ мәдениетті, ортақ құндылықтарды ұстанатын адамдар тобын құрайтындығын ескерсек, зерттеу нысанамыздағы микротопонимдердің қалыптасуына да қоғамдық факторлардың әсері аз болмайтындығын аңғарамыз. Мәселен, аймақ микротопонимдерінің қолданылу өрісін анықтау арқылы микротопонимдердің рухани, мәдени өмірдің қай саласында көп, қай саласында аз қолданылуы, оның тарихи-лингвистикалық уәжін айқындай түсуге мүмкіндік береді. Өлке микротопонимдері халықтың тарихи ескерткіштерінің көзі болғандықтан, атауларды зерттеу, пайда болу тарихы, номинативтік үлгідегі микротопонимдердің ерекшеліктерін анықтау, тарихи-этимологиялық талдау жасау өзекті, ал оларды жан-жақты зерттеп-тану тарих пен халық тұрмысын жаңаша ұғынуға септігін тигізеді. Микротопонимдер алғашқы дереккөздердің пайда болу ақпараттарын сақтап және халықтың рухани құндылықтары жайлы танымдарымызды айтарлықтай кеңейтеді.

Географиялық нысандарға, нақтырақ айтқанда, жерлер мен мекендерге ат қоюдың өз заңдылықтары болады. Нысанға атау беруде бірнеше белгілерінің біреуі ғана адам үшін мәні бар бастысы болып есептеліп, сол нысанға атау болуға негіз болуы мүмкін. Сондықтан географиялық атау беру үнемі қоғамның, ортаның ой-санасы, көзқарасы, қасиетімен сабақтас. Берілген атау кей ретте белгілі бір нысанның сирек белгісін де көрсетуі мүмкін.

Географиялық атаулардың пайда болуы мен қалыптасуы немесе жойылып кетуі халықтың тілдік бейнесімен, үздіксіз шығармашылық үдерісімен де

байланысты. Географиялық атаулардың қалыптасуы мен дамуы адам баласының бүкіл өмірімен, әрбір халықтың тұрмысы мен өзіндік тарихи, мәдени, экономикалық т.б. ерекшеліктерімен сабақтас. Кез келген тілдегі барлық жалқы есімдер, соның ішінде жер-су атаулары сол тілдің онамастикалық кеңістігін құрайды. Онамастикалық кеңістік қалыптасу ерекшеліктеріне, семантикалық сипатына, грамматикалық құрылымына сәйкес бірнеше топтарға бөлінеді. Онамастикалық кеңістік ғасырдан ғасырға, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келеді.

Кез келген жер-су атауы белгілі бір қоғамда қалыптасатынын ескерсек, тарихқа үңіле отырып, ата-бабаларымыз өмір сүрген қоғамның негізгі ерекшеліктерін ажыратып алған жөн. Олай болса, ең алдымен көшпелі өір салты, Ақсуат, Аягөз, Үржар аудандарының жерлерінде орын алған тарихи оқиғалар, орын алған қоғамдық-саяси процестер, бодандық, дін мәселесі тәрізді уәждер «қоғам» концептісінің ғаламдық бейнесін анықтаудың негізгі белгілері болып табылады. Қандай қоғам болмасын ол өзіндік өндіріс тәсілінсіз өмір сүрмейді. Мейлі ол жоғары дамыған, не орташа немесе экономикалық жағынан кенже қалған, әлсіз ел болса да оның өзіндік өндіріс тәсілі бар. Мал шаруашылығымен айналысып, көшіп-қонып жүрген қазақ қоғамы да бұдан ала бөтен емес. Оның да өзіндік өндіріс тәсілі болды. Материалдық және рухани өмір қашан да сол өндіріс тәсіліне сай болып келеді. Көшпелі қазақ қоғамының өндірісі: мал бағу, төл өсіру, сол арқылы өмір сүру. Бірақ, көшпелі елдің өндіріс тәсілі отырықшы, егін шаруашылығымен шұғылданатын немесе өндіріспен айналысатын елдерден айырықша, өзгеше болатын. Ең алдымен мал бағып,оның санын көбейту үшін көшіп-қонып жүрген елдің шаруашылық тәсілі, қашан да объективті жағдайда, табиғатқа байланысты өздігінен өзі дамитын сияқты көрінетін. Дегенмен, істің мәні шындығында бұлай емес еді. Оның үстіне қай сала болмасын, ол адамсыз, оның араласуынсыз, басқаруынсыз, қатысуынсыз дамымайды. Көшпелі тұрмыста адам малды бағады, оған қарайды, шөп дайындайды, шұрайлы жерге жаяды, мезгілінде суарады, сөйтіп бабын тауып жағдайын жасайды. Шөбі-сирек, жауыны аз, шөлейт жерлерде малды бағу барысында шөп дайындауға мүмкіндік болмаған соң, мал иесі ұдайы оның соңынан еріп, көшіп-қонып, қысы-жазы оның ыңғайында жүретін болған дедік. Ал мал бағу үшін жұмыс қолы өндірістің басқа түрлеріне қарағанда кемдеу қолданылатын. Былайша айтқанда, экстенсивтік мал бағуда көп жұмыс қолының қажеті аз. Бірақ бұл да өндіріс тәсілі болғандықтан, барлық өндіріс тәсілі құрылымы мұнда да басқалармен бірдей еді. Айталық, мал бағумен шұғылданатын қоғамда да өндіріс төмендегідей салалардан тұрған. Бұлар: а) өндіріс субъектісі (бұл еңбек ететін адам); ә) өндіріс объектісі (еңбек неге негізделген, не нәрсеге бағытталған); б) өндірістегі субъект пен объект арасындағы дәнекер – ол құрал, саймандар. Солар арқылы еңбек етуші адам еңбек объектісін өз пайдасына жаратады.

Енді осы үш саланың бірі – өндіріс субъектісінен бастайық. Ол еңбек етуші адам. Көшпелі тұрмыста жұмыс қолының қажеттігі – сан жағынан басқаларға қарағанда аз болатындығы. Бұл бір. Екіншіден, сол мал өсірумен

шұғылданатын жұмыс қолы – белгілі дәрежеде жан-жақты маман болуы шарт. Мәселен, малды қалай бағу керек, жергілікті жердің табиғат ерекшелігі неде, қай кезде малды өргізіп, қай кезде оны үйіріп ұстап дамылдану т.б. қажет. Мал бағатын кісі оның тек жағдайына ғана қарап қоймайды. Сонымен бірге оның өнімін арттыру, тұқымын жақсарту мәселесіне де көңіл бөледі.

Көшпелі мал шаруашылығы кезінде де мал өрісіне жататын дала, жайылым өндіріс объектісі болып саналады. Көшпелі тұрмыс кезінде мал бағуға, оны ұстауға қажетті еңбек тәсіліне жататын заттар: ер, жүген, қамшы, құрық, арқан сияқты құралдар. Әрине, оған малшының міндетін аты да кіреді. Бірақ мыңдаған жылдар ішінде оларда болған өзгеріс аса мол дей алмаймыз. Мәселен, ноқта бір замандарда жүгенмен ауысты, тотыққыш жезден жасалған ауыздық темірмен алмастырылды, егер отырған адамның екі аяғы салбырап тұратын болса, онда аяқ талады. Содан үзеңгі пайда болды. Бұлардың арқасында аттың басын бұруда, ерде отырғанда аяққа тіреу міндетін атқаратын толып жатқан ыңғайлы жаңалықтар өмірге келді. Әрине, көшпелілер қоғамында даму басқа қоғамдарға қарағанда баяу жүретін болған. Бірақ бұдан келіп, ол қоғам мыңдаған жыл бір орында тұрды десек, бұл тарихқа, ғылымға кері ұғым тудырады. Әрине, олай болған жоқ.

Көшпелі қоғамда, оның өндіріс тәсілінің отырықшы қоғамға қарағанда өзіндік ерекшеліктері болды. Ол қоғамның дамуы да сол өзгешеліктерге байланысты болатын. Сондықтан да көшпелі қоғамда да даму болды. Олай болса, бұл қоғамның қозғаушы күші тек үзеңгі мен жүген, ер мен сойыл ғана болған жоқ, одан басқа да күштер бар еді. Бұл қоғамның метаморфозасы мынада. Мәселен, көшпелі қоғамда мал тек өндірістің өнімі ғана болған жоқ. Ол сонымен қатар өндірістік құрал да болды. Мәселен, жылқы малын жылқышы мініп мал қайырып бағатын болса, көшпелі тұрмыс тәсіліндегі оның атқаратын рөлі көлік қызметі болады. Осыдан барып көшпелі қоғамның өндіріс тәсілін талдау мәселесі туындайды. Өндіріс тәсілінің құрамды бөлігі- өндіруші күштер. Олар үш бөліктен тұрады: еңбек құралы, еңбек объектісі және солардың басын біріктіріп, еңбектенетін адам дедік. Осы үшеуі қосылып өнім шығаруға кіріскенде өндіруші күштің шешуші рөлі айқындалады. Бірақ бұл бөлшектер өзгермейтін қатып қалған күйде тұрмайды. Олардың өздері де ұдайы өзгерісте болады.

Көшпелілерге жер тек мал өрісі ретінде пайдаланатын болса, онда ол жер еңбек объектісінің рөлін атқарады. Өйткені өрісі жоқ жерде мал ұстау, оны өсіріп, көбейту мүмкін емес, ал енді ол жерде жайылатын мал еңбек құралының рөлін атқарады. Бірақ, мал жайылатын өрістік жер түрліше болады. Шөбі бітік, суы мол жерлер болады, шөбі сиірек шөлейт жерлер тағы бар, әр түрлі жатаған жерде малды тек бір жерден бір жерге айдап бағу арқылы сақтауға болады. Көшпелі тұрмыс содан туындады. Көшпелілердің ұдайы жайылымды ауыстырып отыруынан, олардың өзіндік өндіріс тәсілі пайда болды. Олай болса жайылым жер өндіріс тәсіліне әсер ететін болса, қандай мал бағу сол жерге байланысты болса (айталық, шөлейт жерлерде, сиыр малын ұстауға болмайды), онда әлігі жер тек еңбек объектісі емес, ол еңбек құралы да бола алады екен.

Сөйтіп жайылым жер мал бағуда өзге де түрлі рөл атқарады екен. Осыдан келіп көшпелілердің ұдайы шөбі бітік, шұрайлы, суы мол жайылымды іздеп отыратыны туындайды. Содан кейін көшпелі мал бағушылардың малдың соңында ұдайы көшіп-қонып отыруы сол жайылымнан туындайтыны айқындалды. Көшпелі тұрмыстың өндіріс тәсіліндегі метаморфоза мұнымен аяқталмайды.

Микротопонимдік атауларды қалыптастыруда қоғамдағы аталған ерекшеліктер маңызды фактор болып саналады. Сол себепті де микротопонимдерді концептілік аяда топтастыруда «қоғам» концептісінің орны маңызды екенін аңғарамыз. Қазақ тіл білімінің топонимика саласында жер-су атауларын топтастыруда зерттеушілер көптеген жіктеулерді ұсынып келді. Солардың бірі, мәселен, Қ. Рысберген Оңтүстік Қазақстан облысы жер-су атауларын екі топқа қарастырады: 1) көшпелі өмір салтымен байланысты топонимдер; 2) отырықшылық салтымен байланысты атаулар; 3) шөл атаулары; 4). жергілікті тұрғындардың діни-мифологиялық көқарасына қатысты топонимдер. Бірінші топқа мал шаруашылығы, ландшафтқа, жер бедеріне байланысты атауларды жатады. Екінші топқа суармалы, ирригациялық апелляциялықтер мен топонимдерді жатқызады. Үшінші топқа жердің физикалық белгілерінің адам баласына әсерінен қалыптасқан атауларды жатқызады. Төртінші топқа 1. мифотопонимдер: а) халықтық аңыздар, әңгімелер негізіндегі; ә) болған тарихи оқиғаларға қатысты 2. Діни-культтік топтағы топонимдерді жатқызып, бұл топты өз ішінен бірнеше тақырыптық салаға бөліп қарастырады [7, с. 55-93].

Сонымен қатар топонимикадағы географиялық нысаналарды ерекшеліктеріне қарап ғылыми терминологиялық тұрғыдан топтастыру дәстүрінен өзге құрылымдық ономастикада топонимдік материалды қазақ тілшілері еңбектерінде тономастикалық, уәждік типтеріне этномәдени ерекшеліктерге қарай топтастыру жүйесі де орын алады. Мысалы, А. Жартыбаев «1. Материалдық мәдениетке байланысты топонимдер; мекен, тұрақты білдіретін; мал шаруашылығына, көшпелі мал шаруашылығына, қысқы мал азығын даярлау ісіне қатысты, егін, бау, бақша шаруашылығына қатысты қойылған аймақтық топонимдер; 2) рухани мәдениетке байланысты аймақтық топонимдер; төрт түлік түрлеріне қатысты мифонимдер, көшпелі тұрмыс-салт дәстүріне қатысты топонимдер; қоршаған ортаны қабылдау барысындағы танымдық топонимдер, топонимдік детерминативтердің этнолингвистикалық сипаты; өсімдік атауына қатысты топонимдер; аң мен құс атауларына қатысты топонимдер», – деген топтастыруды ұсынады [59]. Мұнымен бірге топонимикада географиялық атауларды үш деңгейде қарастыру қалыптасқан: 1) ғылыми, яғни жоғары абстрактілі; 2) жалпы әдеби (нормаланған); 3) диалектілік (нормаланбаған). Бұл үш деңгейдің арасында қатаң шекара жоқ десе болады. Олай болса, жоғарыда аталған топтастырулардың мазмұнындағы ортақ белгі «қоғам» екенін атай аламыз.

Қоғам ұғымы жалпылама түрде болмыстың негізгі категорияларының бірі. Ежелгі өркениет иелері өз тіршілігін ұйымдастыру үшін өмір сүрген

қоғамды, қоршаған ортаны танып, зерделеп, қоғам мүшелері қажеттілігіне қарай игеріп отырған. Қандай да бір географиялық кеңістікті танып, онда қоныстану қай халықтың болмасын ұлттық менталитетін қалыптастыруда айрықша роль атқарды. Біздің ойымызша, көптеген тілдердегі топонимдерді топтастырудағы классикалық үлгілер, сондай ақ, антропоцентристік сипаттағы зерттеулерде де өз қызметін әрі қарай жалғастырып, аймақтық, жеке тақырыптық топонимиконды талдау барысында базалық элемент болып қала бермек. Яғни екі парадигма әдіс-тәсілдерінің тоғысуы, үйлесім табуы: топонимдік семантика мен концептілер арқылы жаңа мүмкіндіктер мен ғылыми нәтижелерге қол жеткізеді.

Қазақ жерін мекендеген ру-тайпа атауларын қалыптасқан микротопонимдер де қоғам концептісі аясына топтастырылады. Ақсуат, Аягөз, Үржар аудандарындағы ру, тайпа немесе солардың құрамындағы елге, жұртқа белгілі, танымал адамдар есімдерінен қалыптасқан этнотопонимдік атаулары – тарих қайнарынан, ғасырлар тезінен уақыт желісінен өтіп бүгінге жеткен рухани құндылық. Ру шежірелеріндегі айтулы оқиғаларға қатысты шежіре-кітаптардан және басқа да дереккөздерден бізге жеткен аңыз-эпсаналардағы микротопонимдік атаулардың қолданылуындағы негіз – шежірелік аңызнама және әр атаудың өзіне ғана тән шығу төркінінің халықтық бағамдалуы. Ру атауларына қатысты этнотопоним, этногидроним, этнооронимдерді тарихи-мәдени және этнографиялық аспектіде тіл білімімен бірлікте алғанда ғана концептілік ұғым қалыптасады. Қазақ тарихында жер-суға кісі атын жайдан-жай емес. Көп жағдайда ру-тайпа атаулары сол жерді меншіктеу, қонысты кімі жайлап отырғандығын білдіретін этникалық көрсеткіш болып саналады.

Ақсуат, Аягөз, Үржар аудандары микротопонимдерін топтастыруда қоғам және қоғамда орын алатын әр түрлі жағдайлар өз алына жеке-жеке концепт болып саналады. Яғни «қоғам» элеуметтік қатынастармен байланысты ұлттық маңызды ұғымдар тобына жатады. Мәселен, қоғамда орын алған тарихи оқиғалар, микротопонимдік атаулардың қалыптасуына негіз болады. Мысалы: XVI ғасырдан басталатын шапқыншылық жорықтар – сол кездегі қоғамға ең елеулі өзгерістерді әкелген факторлардың бірі. Ол халық жадында мәңгілік сақталды. Алдымен Ойрат одағын, кейін Жоңғар хандығын құрған Батыс Моңғол тайпалары қазақ жеріне XVI ғасырдың бірінші жартысынан бастап шабуылдай бастады. Оларды қазақтар «қалмақ» деп атады. Аталған жаугершілік заманда жоңғар басқыншыларының қол астынжа қалған қазақ жерлері, соның ішінде Ақсуат, Аягөз, Үржар микротопонимдік жүйесінде аталған тарихи оқиға топонимдік, концептілік белгі ретінде кеңінен орын алады. Мысалы: *Қандысу, Қатай, Қабанбай шаты, Бөгенбай шаты, Боранбай шаты, Қубас ат, Серенқамал, Қалғұтты, Дағанделі* және т.б.

«Жоңғар жаулап алушылары Қазақ даласына басып кіргенде, Қабанбайдың әкесі қайтыс болады. Жас жігіт өз өмірін басқыншылармен күресуге арнауды шешті. 16 жасында Қабанбай жоңғар батыры, қорқынышты Долан Дашиді жеңді. Содан кейін жас жауынгердің өмірінде Аягөз, Алакөл және Булантин сияқты қанды және есте қаларлық шайқастар болды. Қазақ

әскерлерінің басында Қабанбай жоңғарлардан Сайрам қаласын, Ташкентті, Шығыс Қазақстан аумағын азат етті. Қабанбай батыр өмірінің көп бөлігін ат үстінде өткізді. Осы уақыт ішінде ол туған жерін жауларынан босату үшін 103 шайқасқа қатысты және олардың ешқайсысында жеңіліс таппады. Ол ерекше күшімен ерекшеленді және аңыз бойынша ол тіпті жылқыны көтеріп, иығында ұстай алатын болған еді» [60], деген мәліметтерге сүйесек, сол кездегі қазақ қоғамында орын алған жоңғар езгісіне қарсы жанкешті күрес, жаугершілік заман қоғам концептісі аясында көптеген микропонимдердің қалыптасуына негіз болғанын көреміз.

Сондай-ақ, шоқы, су, өзен, оғуз, адыр, көл, төбе, тас, тау, жар географиялық терминдерінің тіркесінде келген атаулар да көне түркі дәуірінен тарихи белгі беретін микропонимдер болып табылады. Мысалы, *Үштөбе, Салқынтөбе, Үштөбе, Қандысу, Бесшоқы, Жуаншоқы, Қосшоқы, Қызылшоқы, Сарышоқы, Салқынсу, Үржар, Алакөл, Сандықтас* және т.б. атаулардың тіркесінде келген географиялық терминдер көне түркі ескерткіштерінде кездесетін атаулармен сарындас келеді. Дәлірек айтқанда, Ғалым Э.М. Мурзаев: «Тепе – вершина, бугор, сопка, холм (тюрк). Др. – тюрк. төрү – телья; «макушка»; «голова»; «вершина». Варианты: депе, добо, топпа, тепа, тобе, тюбэ, тапә. В рус. геогр. литературе часто принята форма тепе. В Западной Сибири – тубя. Тепелик – «мелкосочник», «холмогорье» (азерб). В болг. диал. тепе – «холм», «бугор», «вершина», «пик» из турецк. яз. Ясные параллели: бур. добо – «холм», халха – монг. добо – «небольшая горка», «холм», «курган», «насыпь», добек – «вершина горы», «пик»; эвенк. Дуээ – «конец какого – то предмета»; «вершина», «исток реки»; ороцское дувэ, дуэ – «конец», «острие», «мыс»; маньчж. дубэ «конец»; «вершина горы, дерева», «устье реки», «край», «предел» ...» [61], – деп «төбе» сөзінің фонетикалық варианттарымен қоса, әртүрлі мағыналарын да келтіреді. Ал «Шоқы» сөзі О.Т. Молчанованың сөздігінде: «кирг чоку – 1) теменная кость; 2) голова (человека), макушка; 3) шихан, мар. (горный рельеф), вершина, макушка, тоонун, чокусу – вершина горы; казах. шокьы – «одинокая коническая возвышенность; острый холм, бугор, сопка, пик; остроконечная вершина горы»; узб. чукькьи – «вершина горы, горный пик»; монг. цохио – «утёс; калм». цох – 1) «висок; ступа». Чоку как составная часть входит в ряд географических наименований, например, р., кл., ур. Бараон – Чоку, г. Бес – Чоку и др.» [62], болып сипатталады. Сондай-ақ, «су» сөзі Сібір түркі тілдерінде су, чул, шул, ю, суг нұсқасында кездеседі. Топонимика мамандары М.А.Абдрахманов және А.А.Банюховтың зерттеулері бойынша: «суг – «река, вода», варианты – зуг, сунг, су, зу. Например, «арачылыгсуг – «дальняя, теплая речка»; курусуг – «сухая речка»; карасуг, каразу (диалектный вариант – карасу) – «черная (родниковая) речка»; орсунг, кӧнсунг – «плесовая речка», казырсу, сӧрӧрсу, кусу. Некоторые названия имеют термины «река» различного происхождения: кичигчулсу, улугчулсу. Здесь к элементу чул – «река», характерному для хакасского, присоединяется тюркский термин су(г). В русской адаптации термин суг передается в виде – са, -за, зы, например, Карасуг, рус. Караса: Адиаксуг – Адиакса, Чылыкесуг –

Чилису, Чилиса; Игесу – Егоза (Йегоза); Кубанзу – Кубанза; аргысуг – «дальняя речка» - Аргазы» [63], деген нұсқалар да бар. Көріп отырғанымыздай, қоғамдағы сөздердің қолданысы да топонимжасамдық уәж ретінде қоға концептісін жасаудағы негізі ұғымдар бола алады.

Аймақтық микротопонимикалық жүйенің өзіндік келбетін қалыптастыратын алғышарттар ретінде ықпал ететін сол өңірдің физика-географиялық жағдайларымен қоса сол өлкеде орын алған ел мен жер тарихы. Кез келген жалқы есімнің тууы да, қалыптасып дамуы да тарихтың қойнауында өтеді. Халықтың күн көрісіне, оның материалдық және рухани дүниесіне, тіліндегі атаулардың байырлығына немесе басқа тілден ауысып келгендігіне, жалқы есімдердің қалыптасуы мен дамуына әсер етуші экстралингвистикалық және лингвистикалық факторларға – бәріне тарих куә. Жалқы есімдерге тарихтың қатынасы – олардың адам өмірімен жан-жақты байланыста болуында. Бұл тек тарихи дамудың алғашқы кезеңінен бастап-ақ, өмірге деген қажеттіліктен туындаған. Сондықтан болса керек, дәуір және адам танымының деңгейі атаулардан көрінеді. Кез келген ономастиканы зерттеу кезінде тарихи сәтті аттап өту мүмкін емес. Осы орайда қоғам концептілік жүйесінің мәнін ашатын атаулар сырына назар аударсақ. Оларды төмендегіше жіктеп ұсынып отырмыз.

«Қоғам» концептілік жүйесіне байланысты қалыптасқан микротопонимдерді ең алдымен тарихилық белгісіне қарай топтастыруға болады. Микротопонимикалық жүйе – көптеген ғасырлар бойы сақталған әртүрлі халықтардың материалдық және рухани мәдениетінің көрінісі. Өткен ұрпақтың рухани-мәдени мұрасы саналатын микротопонимдер бізге маңызды тарихи оқиғаларды, рухани мәдениеттің элементтерін, оның ішінде салт-жоралар мен рәсімдерді, діни нанымдарды өзгеріссіз жеткізді. Тарихтың кез-келген кезеңінде қоғамдық қатынастардың дамуы және қоғамның рухани келбеті қоғамның материалдық негізіне байланысты болады. Сондықтан микротопонимияны материалдық және рухани мәдениеттің құнды мұрасы ретінде қосу белгілі бір тарихи мағынаға ие.

Тарихи оқиғалар, соның ішінде сыртқы факторлар қоғамның дамуына әсер етеді. Бұл микротопонимде көрініс тауып, оған басқа форма береді. Осы ерекшеліктерін негізге ала отырып, «Қоғам» концептісіне негізделген микротопонимдерді төмендегідей топтастырдық:

Тарихи оқиғалар негізінде қалыптасқан атаулар: *Аманаттас, Амангелді, Би Боранбай, Бөгенбай шаты, Дәулетбай батыр, Ескеалмас, Қабанбай, Қарақтат.*

Аңыздық сипаттағы атаулар: *Бөртостаған, Кемпір өлген, Қуаң доланқара, Кубас кезеңі, Майлышат.*

Ру-тайпа атауларынан қалыптасқан атаулар: *Қалмақ қорым, Қалмақ оба, Ақшайық, Тармақты күмбезі, Қоңырат, Қоңырат шаты, Керейтоған.*

Кеңестік саясатқа байланысты қалыптасқан атаулар: *Екпін, Жаңажол, Жаңаталап, Комсомол, Ленжол, Жүзжылдық.*

Қалыптасуы тарихи принцике негізделген микропонимдер ерен еңбегі және бойындағы ерекше қасиеті ел арасына таралған тұлғалардың есімі халық жадына сақталуы нәтижесінде қалыптасқан тарихи атаулар болады. Мысалы: *Барақбай қыраты, Кененің өретасы, Кешудің қара өткелі*. Кене – тума руынан шыққан, 1870 жылдары ресей-қытай шекара бөлінісіне қатысқан билердің бірі. Қызай руының жерінде орналасқан «Кененің өретасы» атты қоныс Кенеге атқарған еңбегі үшін сыйға берілсе керек [64]. Ал *Кешудің қара өткелі* деген микропонимде Кешу – қыржы руының атақты батыры, Қабанбайдың бас сардарларының бірі. Кешу батыр ұзақ өмір сүрген кісі, денесі Ақмолада жерленген [65]. Сондай-ақ, *Би Боранбай кеңшары, Барақбай қыраты, Арап сайы, Шәкі, Шаянбай көлі, Ботақара би, Бөдесқажы күмбезі, Бікешешен зираты, Көтібақ зираты, Көтібай түбегі* және т.б. атаулар Ақсуат, Аягөз, Үржар аудандарында өмір сүрген, елдің қоғамдық өміріне белсене араласқан, халық жадында сақталған атақты батырлар мен билердің, елге танымал тұлғалардың атымен аталатын жер-су атаулары болып табылады. Яғни, тарихи оқиғаға негізделген атаулардың көбі жалқы есім негізінде қалыптасады. Сондай-ақ, микропонимдердің кейбірі халықтың басынан өткен белгілі бір тарихи оқиғалардан ақпарат береді. Мәселен, Қаратай *қырылған* атауын қарайтын болсақ, 1932 жылы Қом өзенінің бойында Қаратай елінің адамдары қырғынға ұшырағандықтан, аталған өңір *Қаратай қырылған* деп аталып кеткен. 1916 жылығы Ресей империясының қазақ азаматтарын соғысқа аттандыру жарлығы, 1917 жылғы қазан төңкерісі, қуғын-сүргін жылдары аталған өңірдегі көптеген ру-тайпа өкілдерінің жан-жаққа шаршырап таралуына негіз болды. *Қаратай ауған, Қожамбет ауған, Төртуыл ауған, Өтей ауған, Самай ауған* атты микропонимдердің қалыптасуы сол оқиғалар салдарынан қалыптасқан [66].

Қоғам концептісіне қатысты микропонимдерді аңыздық сипатына қарай топтастыру да маңызды ақпараттар береді. О.Е. Афанасьев топонимдік аңыздар мифтік кеңістіктің бөлігі болып табылады, адамдардың түрлі табиғи құбылыстарды түсіндіруге тырысқан әрекетінен аңыздар құралған деген пікір айтады: «Они – неотделимая составляющая топонимии края, продукт творчества, элемент культуры народа. В связи с этим топонимические легенды необходимо исследовать методами топонимики, географической культуры и фольклористики одновременно» [67].

Топонимдік аңыздар халықтың әлемді қабылдау ерекшелігін бейнелейді, халықтық этимологияға негізделген. Халықтық этимологияны, зерттеушілер лингвистикалық және психолінгвистикалық феномен деп қана емес, мәдени-тарихи феномен деп те сипаттайды.

Қазақ фольклорының бір жанры саналатын топонимдік аңыздар жер-су атауларына байланысты құнды деректер береді: «Топонимдік аңыз – белгілі бір жер-судың, өзен-көлдің, тау-тастың аталу себебі, сол жердегі оқиғалардың сол атауларға байланысын баяндайтын әңгіме» [68]. Қазақта жер-су атауларына байланысты қазақтың халық прозасына жататын топонимдік аңыздар аз емес. Және олардың атқаратын қызметі де орасан. Топонимдік аңыздар әрі

танымдық, әрі эстетикалық, әрі тәрбие құралы ретінде қызмет атқарады. Топонимдік аңыздардың қызметі оның тарихпен сабақтастығын ескергенде арта түседі. «Аңыз жанры тарихи шындық, тарихи факт негізінде қалыптасады» [68, б. 7] – дей келе, ғалымдар аңыз аясында тарихи факт әр дәуірдегі айтушылар мен тыңдаушылардың түсінік-пайымына, ұғымына сәйкес өзгеретіндігін айтады. Яғни, жер-су атауларына қатысты аңыздарды қарастырғанда, ондағы мағыналық қатарды анықтап алу керек. Аңызға айналған оқиғалардың ойдан шығарылғандығын немесе тарихи тұлғалар мен оқиғаларға тікелей байланыстырылып қойылғандығын білу үшін қажет. Аңыздарда тарихи деректер мен оқиғаларды халық қиялы өрбітіп, өзгертіп жібереді. Сол себепті де аңыздардағы ақиқаттың өзі уақыт өте келе аңыздық сипат алады. Жер-су атауларына байланысты қалыптасқан көптеген аңыздардың коннотативтілік деңгейі басым болып келеді. Р. Барттың тұжырымдауында, тілдік таңбаларда екі мағына қатар жүреді: денотативті (алғашқы, тура, эксплицитті) және коннотативті (екінші мағыналық эффект тудыратын жасырын, қосымша, тұспал бойынша) мағына [69]. Коннотативті мәнді тілдік таңбаларда субъективті мәндер, мәтіннің (біздің зерттеуімізде, аңыздың) жасалуына себеп болған психологиялық уәждер, т.б. болады. Коннотациялар көмегімен қажет деп тапқан мағыналарды, ақпараттарды оқырманның ырқынан тыс санаға таңу жүзеге асырылады.

Жер-су атауларын белгілі бір нақты мағынаға ие болған таңбалар жиынтығы деп қарастырсақ, сол атауларға байланысты пайда болған аңыздарды адамдар қиялының, ой-өрісінің, қабылдауының, идеясының мәдени туындысы деп анықтаймыз. Топонимдік аңыздарды топонимдік кеңістіктің рухани мұрасының бөлігі ретінде зерттеу, оның ішінде белгілі бір аймақ, өңірге қатысты топонимдік аңыздарды қарастыру аймақтану саласы бойынша қазіргі таңдағы қажетті бағыт деп санаймыз. Себебі, топонимдік аңыздар аймақтық бірегейлік пен ұлттық жадтың маңызды индикаторы болып есептеледі: «топонимические легенды влияют на идентификацию региона в социокультурном и экономическом пространстве страны» [67, с. 67-76].

Ру шежірелеріндегі айтулы оқиғаларға қатысты шежіре-кітаптардан және басқа да дереккөздерден бізге жеткен микротопонимдердің қолданылуындағы негіз – ру атаулары. Ру атауларына қатысты этнотопоним, этногидроним, этнооронимдерді тарихи-мәдени және этнографиялық аспектіде тіл білімімен бірлікте алғанда ғана мәнді тұжырым береді. Қазақ тарихында жер-суға кісі атын қою тегін құбылыс емес, ол көбінесе қонысты қай атаның кімі жайлап отырғандығын білдіретін этникалық көрсеткіш. Бұл мәселенің бір жағы болса, екінші қыры ру тарихындағы ерекше оқиғаларды, оған қатысушыларды өскелең ұрпақ жадында қалдыру үшін де өзен-көлдер, жер бедерлерін кісі есімінен атау дәстүрі қазақтың барлық ру-тайпалары арасында кең тараған үрдіс [68, б. 211].

Кеңестік дәуірде қалыптасқан ұлттық топонимдердің үнемі қазақ топонимикасының дамуына қолайлы жағдай туғызбағандығы кім-кімге де белгілі. Олар халқымыздың ғасырдан ғасырға мұра болып жалғасқан тарихи

атауларының орнын басты. Ұлттық топонимиядағы сан ғасырлық бірегейлігі, қаймағы бұзылмаған тұрақтылығы сыртқы күштер ықпалымен түбегейлі өзгеріске ұшырай бастауы XVIII-XIX ғасырлар аралығынан XX ғасырдың бас кезеңдерінде дейін орын алды.

Ресей патшасының ұлттық сананың қалыптасуына кері әсері қазақтың жерін тартып алып, оны атауынан арылтып, номерлеумен шектеле қойған жоқ. Нағыз «топонимдік катаклизм», рухани сүргін 1861 жылғы орыс крепостнойларына бостандық берілуінен бастау алады. Столыпиннің аграрлық саясаты нәтижесінде бодандықтан құтылған крепостнойларды толқу көтерілістен сақтаныру мақсатында Ресейдің шалғай жатқан жепрледен бос жерлер іздестіріліп, олар мыңдап көшіріліп бүкіл селениелерімен үдере көшіп, қазақтарды ығыстырып, қоныстарына орыс переселендері жаппай жайғастырыла бастады. Сөйтіп қысқа мерзімде Қазақстанның барлық аймақтарында қысқа мерзім ішінде орыс қоныстанған орыс атаулы елді мекендер қаптап, есесіне қазақ атаулары ауыстырылып, қағаз бетінен, жадтан өшіріліе бастады.

Аймақ микротопонимдерінің тілдегі үлгілері тарихи және лингвистикалық тұрғыдан талданып, оларды ұлттық мәдениет, ұлттық әдебиет, ұлттық тарихпен байланысын қарастыру үлкен әлеуметтік-гуманитарлық сипаттағы басты мақсат болып табылады. Топонимжасам ғаламдасу кезінде ұлттық бейнені танытатындай ұлттық топонимдер жасау болып табылады. Қазақстан жеке ел болып, тілін өміріне арқау етуді алға қойып отырғанда, енді осыдан былай сәтсіз жасалған атаулардың, кірме атаулардың топожүйемізге енуіне жол беруге болмайды. Еліміздің баға жетпес қазыналарының біріне жататын топонимдерді қалай болса солай қолдану, саудаға салу орын алып келген болса, ендігі кезекте белгілі жүйеге енгізіп, дәстүрлі модельдер арқылы саналы түрде атаулар жасауға көшуге болады демекпіз.

1.5 Микротопонимдердегі «табиғат» концептісі

Абай облысы Ақсуат, Аягөз, Үржар аудандары микротопонимдерінің қалыптасуындағы табиғат жағдайлары маңызды роль атқарады. Өңірдің табиғат жағдайлары, физикалық-географиялық ерекшеліктері, тарихи-географиялық алғышарттары атау қалыптастыруда ертедегі көне тайпалардың көшпелі, жартылай көшпелі, отырықшы тұрмысы мен кәсіп тіршілігінен туындағаны белгілі. Қазіргі уақытқа жер-су атауларын тиянақты зерттеу, олардың маңызды табиғи ерекшеліктерін ажырату қажеттілігі туындап отыр. Қазақ даласы көбінесе шегіне көз жетпейтін теп-тегіс жазық болып келеді де, кейде көз тоқтатып, нысана етерлік зат жоқтығынан айналаны барлау да қиынға түседі.

Жергілікті жердің табиғи ортасына бейімделу арқылы жер бедерін, климат ерекшеліктерін, су көздерін анықтау, өсімдік жамылғысы, жайылымдардың егжей-тегжейін біліп пайдалануға қазақ халқының көшпелі өмір салты ықпал етті. Ата-бабамыз табиғат жағдайының қолайсыздығынан туындайтын қауып-қатерден малды аман алып қалуда ландшафт ерекшеліктерін белгілеу арқылы жүзеге асырып отырды. Көшпелі мал

шаруашылығын ұйымдастырудың өзі жер бедерін ажыратып, бір орыннан екінші орынға көшу барысында ерекше жер бедері пішіндерін бағдарлаушы нүктелер ретінде таңдап алуға негіз болды.

Академик Ә. Қайдар өзінің «Қазіргі қазақ тілінің өзекті мәселелері» деген еңбегінде «тіл әлемі» түгел қамтылып, ол «Адам», «Қоғам», «Табиғат» деп аталатын үш үлкен салаға жіктеліп, олар іштей 30 үлкен (макро) топқа, ал олар өз ретінде 200-дей шағын (микро) топтарға бөліп қарастырылатынын көгендей айтса, соның ішінде, әрбір макротоптың тарау-тармақтарына еруге тиісті микротоптарды анықтайды. Мәселен, «Табиғат» саласына жататын ірі-ірі макротоптың бірі «жануарлар дүниесі» десек, ол өз ретінде: 1) «жабайы хайуандар»; 2) «үй хайуандары» болып екі топқа бөлінсе, кейінгісі «төрт түлік мал»: жылқы, сиыр, қой, ешкі болып, оның өзі де сатыланып, кіші топтарға жіктелуі мүмкін [70], – деп, топтастырудың, оның ішінде, макро және микро топтарға ажыратып береді.

Зерттеуші Қ. Сапаров аймақтық топонимика аясында Баянауыл өңірінің жер-су атауларындағы табиғат жағдайларының бейнеленуі ерекшеліктеріне кеңінен тоқталады. Бұл ретте ғалым: «Қазақ халқы өзен, көл, бұлақ, құдықты жер бедері, айналасындағы өсімдік және жануарлар дүниесі, ағыстың жылдамдығы, тереңдігі, ұзындығы, көлдер: пішіні, ащы- тұщылығына, бұлақты суының қозғалысы, қасиетіне (суының химиялық құрамы), құдықтардың тереңдігіне т.б. белгілеріне қарап ажыратқан. Гидронимдер жүйесінің байлығы көшпенді шаруашылықтың табиғи су көздеріне деген сұранысымен анықталады. Судың қажеттілігі мен жетіспеушілігі су нысандарын қасиеттеріне қарай терең танып жіктеуге себепші болған»,–дей келе, жер-су атауларын қалыптастыруда табиғат концептісі аясына жататын су сөзінің әсерін кеңінен сипаттап береді. Яғни су ең алдымен табиғат концептісінің бір өзегі болаып табылады. Су сөзі топонимикада өзен, көл, бұлақ, бастау, құдық сөздерінің жалпы ұғымдық атауы болып табылады. Ақсуат, Аягөз, Үржар аудандары микротопонимикасында да аталған концептілік өзек маңызды орынға ие. Себебі су – тіршілік көзі дегендей, ежелден бері ата-бабаларымыз мал соңынан жүрген көшпелі халық болғандықтан, мал өсіру үшін судың маңызын жақсы білген. Барлық халықтар судың жанына қоныстанып отырған, үлкен өзендерге жақын жерлерге қала тұрғызған. Микротопонимияда су сөзінің тіркесінде келетін, мәселен, *Қарасу, Қызылсу, Сасықсу, Ақсу, Көксу* атаулары ең алдымен өзен, кейін келе, ойконимдерге айналып отырған.

Табиғат концептісі өзегінің тағы бір белгісі – жер қойнауындағы пайдалы қазба атауларының микротопоним жасауға қатысы мен уәжі. Кең байтақ еліміздің топырағының үсті құнарлы, асты пайдалы қазбаларға бай деп мақтанышпен айта аламыз. Аймақтық микротопонимикада пайдалы қазбалар атауларының бейнеленуі де кездесіп жатады. Мысалы: *Алтынкүрек, Алтыншоқы, Алтынөзек, Алтынқазған, Алтынқазық, Күмісті, Борлы* және т.б.

Көшпелі өмір салтын ұстанған халқымыз қашан да аймақтың жер бедеріне, физикалық ерекшелігіне аса мән беріп, табиғи ортаға бейімделуге икемді болған. Яғни бұл ретте өңірдің әрбір төбесі, шоқысы, тау, тасы, ой-

қыры, жар-құзы, сай-асуы халық аузында сипатталып, халық жадында жер-су атаулары құрамында сақталды. Бұндай атаулар табиғат концептісінің уәжінде қоршаған ортаны танып, бейімделу ұғымын негіздеп отырды. Мысалы: *Үржар, Сандықтас, Керегетас, Беласу, Сұлушоқы, Салқынтөбе, Сайасу* және т.б.

Сонымен қатар Ақсуат, Аягөз, Үржар аудандарында микрооронимдердің қалыптасуында жер белері атауларының қызметі ерекше болып табылады. Яғни көшпелі мал шаруашылығын ұйымдастыру арқылы жер бедерін ажыратып, бір орыннан екінші орынға көшу барысында ерекше жер бедері пішіндерін бағдарлаушы нүктелер ретінде таңдап алуға болады. Аталған факторлардың әсерінен аймақ микрооронимдері күшті жіктелген, метафораларға бай, жергілікті ландшафт ерекшеліктерін дәл бейнелейтін атаулардан тұратын жетілген жүйеге айналды. Оронимдердің бұл ерекшеліктерін негізге алған зерттеуші Қ. Сапаров «Оронимдер құрамындағы терминдер жер бедерінің жіктелу сипатын дәл бейнелейді: бұл мәліметтер табиғатты пайдалану барысында маңызды рөл атқарды» [71], деген тұжырым жасайды.

Жер бедерінің формасы мен пішіндерінің әркелкілігі концептілік атаулардың мейлінше бай болуына алғышарт жасайды. Оронимдер көбінесе сан мөлшері белгілі, бірақ жиі қайталанып келетін географиялық атаулар арқылы жасалады. Топонимикада оронимдер географиялық тұрғыдан Ғ. Қоңқашбаевтың еңбектерінде айрықша көрініс тапты. Бұл атауларға географ зерттеушілер Г.Ц. Медоев, Э.М. Мурзаев, Е. Керімбаев, Ш. Дәулетқұлов, Ғ. Ермекбаев, Б.Бияров сынды тілші ғалымдардың ғылыми еңбектерінде кеңінен сипатталған [72].

Көптеген сай, адыр,өзек, айрық, т.б. микрогидроним, кейде микроойконим қызметін атқарады. Бұл заңдылық – нысандардың физикалық-географиялық орналасуынан пайда болған ортақ құбылыс. Оронимдерге тән басты белгі – атау негізіне таудың сырт бейнесі, яғни пішіні, көлемі, түсі алынатыны оның өзінде көптеген белгілерінің біреуі ғана номинациялық актіге қатысып, атаудың негізі болады. Бір ерекшелігі, әр халық бір нысанның әр белгісін байқап, әртүрлі атау береді. В.А.Никонов микрооронимдердің неғұрлым тұрақты болатынын ескертсе, В.А.Жучкевич кейбір аудандарда гидронимдерден гөрі «елді мекен» атаулары анағұрлым тұрақты болып табылатындығын алға тартады [73]. Аяқсуат, Аягөз, Үржар аудандарының жер беті жамылғысы, әркелкі пішіндерімен ерекшелініп, көшпелі мал шаруашылығының біршама дамуына жағдай жасайды. Көшпелі мал шаруашылығын ұйымдастыруда жергілікті жердің бедері ерекше болып табылады.

Ақсуат, Аягөз, Үржар аудандарының жер бедері пішін мен формасының ерекшеліктеріне байланысты оронимдік атаулардың көптеп кездесетіндігін төмендегі 1-кестеден аңғаруға болады.

Кесте 1 – Ақсуат, Аягөз, Үржар аудандарының жер бедері пішіні мен формасының ерекшеліктеріне байланысты оронимдік атаулар

Оронимдер	Анықтаушы атаулар
Жер бетінің көтеріңкі бөлігін білдіретін	Адыр, биік, жар, жота, қыр, оба, сеңгір, тау, тас, төбе, шың, шат, шоқы
Жер бетінің төмен жатқан бөлігін білдіретін	Жарық, жыра, кемер, өзек, өткел, етек, сай, шұқыр
Жер бетінің бейтарап бөлігін білдіретін	Дала, жер, жазық, құм, саз,
Концептілік метафоралар	Айдар, арқа, бауыр, бел, бет, бүйрек, жал, жамбас, жон, қас, кіндік, мандай, төс, тұмсық, қолтық

Табиғат құбылыстарының ішінде желдің және желге тікелей қатысы бар боран, дауыл, құйын тәрізді құбылыстардың да микропонимия жүйесінде ерекше орын алатындығы белгілі. Бұлардың бәрі жалпы ауа райына (климатқа) және жауын-шашынға тікелей қатысы бар жер бетіндегі ыстық-суыққа, әр алуан алапаттарға байланысты табиғаттың өзгермелі, ауыспалы әрекет қимылына әсер ететін құбылыстар.

Бұл құбылыстар Қазақстанның ұлан-ғайыр жерінде бірдей емес, әртүрлі болып көрінетін, әр жердің өзіне байланысты әр алуан «мінез» көрсететін, әр өлкеде өзінше аталып, өзіндік ерекшеліктерімен жергілікті халық жадында сақталып келді. Табиғаттың бұл құбылыстары «Жел» деген атау түрінде Жердің өзімен бірге жаралған 5 түрлі материалдық негіз, құрамдық бөлшек – Жер, Су, Тас, Жел, Ауа – ретінде танылады. Сонда, Желдің және оған қатысты Боран, Дауыл, Құйынның жалпы табиғатты қозғаушы күш, оған қуат (энергия) беретін көздердің бірі екені әртүрлі ғылым, дін саласында сөз болып келеді. Мәселен, діни көзқарас бойынша: Дауыл – Жел тәңірісі. Өте күшті соғатын желді дауыл деп атайды. Дауыл үйлердің шатырын құлатады, ағаштарды сындырады т.б. Дауыл, әсіресе, мұхит пен теңіздерде қауіпті. Желдің түріне және үнемі соғып тұруына орай да микропонимдік атауға ие болған атаулар кездеседі. Мысалы: Еспе желге байланысты қойылған атау да бар. *Еспе*–ж.а, Өркен а.о. Екпінді, еспе желдің үнемі есіп тұруына байланысты қойылған жер атауы. *Еспе* – желпіп соққан жанға жайлы, жылы жел. *Өкпеті* – тау, Тарбағатай а.о. Өкпек (сын есім)+ті (сөзжасам жұрнағы) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған. 1-нұсқа: Таудан соққан өкпек желге байланысты қойылған атау. 2-нұсқа: Өкпекті/Өкпеті – Тарбағатайдың солтүстік сілеміндегі оқшау тауға байланысты қойылған. 3-нұсқа: Таудың орналасу ерекшелігіне (өкпе тұста орналасуына) байланысты болуы да мүмкін.

Көшпелі қазақтар үшін түздегі нақты нысана – әдетте аспан жұлдыздары. Сол жұлдыздарға қарап, түн мезгілін, ай, жыл уақытын айнытпай айтып отырған. Оны олар жылдың, айдың, түннің, қай мезгілінде қандай жұлдыз пайда болады, аспандағы жұлдыздардың орны қалай өзгереді және ол қай уақытта болады, соны байқап, айтып отырған. Жылқы баққан, қой күзеткен малшылар сол жұлдыздарға қарап, кезектескен. Жұлдыздарға қазақтар атты да өз тұрмысына, көшпелі мал шаруашылығына ұқсатып қойған.

Микротопонимдер құрамында жиі кездесетін жануар және өсімдік атауларын зерттеудің тарихи географиядағы маңыздылығы зор. Ертеден мал шаруашылығымен шұғылданған қазақ халқының өзіне тән ерекшелігі - мал жағдайына байланысты көшіп жүретіндігі. Жас шөп қылтып көрінісімен қазақтар ерте көкте шөптің кандай түлікке жұғымдылығын ежелден-ақ аңғарған, яғни өсімдік атаулары геоэкологиялық мәлімет боп табылады. Өсімдік жамылғысына байланысты топонимдер өсімдік түрлерінің бұрынғы, қазіргі атаулары туралы және тарихи ландшафттардың келбетін қалпына келтіруге көмектеседі [74]. Өсімдік жамылғысының аймақтық таралу ерекшеліктері оны пайдаланудың маусымдық жүйесін қалыптастырады. Топонимиялық зерттеулердің ландшафт өзгерістеріне қатысы да көбіне фитонимдердің таралу ареалымен байланысты мәселелерде көрініс табады. Бұл белсенді компонент ретіндегі өсімдік жамылғысының палеоклиматтық, палеогеографиялық зерттеулерде арнайы бағдар беруші нысан бола алатындығымен түсіндіріледі. Өсімдік жамылғысы топонимдерде бейнелеуін, табиғи жағдайлармен байланысын, таралу аймақтарын зерттеудің алғашқы тәжірибесі (карта, кесте жүзінде) К.Д. Каймулдинова, А.С. Омарбекова, Ә.Е. Аяпбекова, Қ.Т. Сапаровтың зерттеулерінде жүзеге асырылды [71, б. 178].

Сондай-ақ, Табиғат жағдайларының сан түрлілігі, ландшафтылық ерекшеліктері, өсімдік жамылғысының сипаты да топоним жасауда маңызды қызмет атқарған. Ол ең алдымен мал өсірумен тікелей байланысты болды. Өсімдік жамылғысының зоналық таралу ерекшеліктері оны пайдаланудың маусымдық жүйесін қалыптастырды [74, б. 67]. Көшпелі мал шаруашылығымен шұғылданған қазақтар осы өңірдің табиғи жағдайына бейімделе отырып, төрт түлік малды өсіруге қолайлы екеніне, қай жануарға қай шөптің жұғымды болатынын ертеден аңғарған. Жылдың кез келген мезгілінде ландшафттық ерекшеліктеріне байланысты төрт түлік жағдайына дұрыс баға беріп, өсімдік жамылғысының экологиясына нұқсан келтірмегені анық [74, б. 27]. Олай болса, микротопонимдердің қалыптасуында өсімдік атаулары да өнімді қызмет атқарса керек. Өсімдік атаулары да табиғат концептісінің өзегі бола отырып, бірқатар микротопонимдердің қалыптасуына негіз болды. Мысалы: *Белтерек, Доланалы, Көктал, Көктерек, Қамысқала, Қарабұта, Қамысты Қарамойыл, Шолақтерек, Сартерек, Қаратал, Қайыңды, Ақши, Көкқия, Жұзағаш, Ақтоғай, Қызылағаш, Қурайлы, Қарағаш, Бидайық, Шілікті, Асылшілік, Қоғалы, Сайқамыс, Сарықамыс, Қамыстықұдық, және т.б.* Аталған микротопоним құрамындағы терек, долана, тал, қамыс, бұта, мойыл, қайың, ши, қия, ағаш, қоға өсімдік атаулары өз ішінен ағаш атаулары, қамыс-қурай атаулары, жеміс-жидек атаулары болып бөлінеді. Аталған сөздердің қатысуымен қалыптасқан микротопонимдер аймақтың өсімдік жамылғысының ерекшеліктерінен ақпарат беріп тұратынын аңғарамыз. Олай болса, өсімдік атауының қатысуымен жасалған атаулардың концептілік белгілерінің бірі – микротопонимдердің аймақтың өсімдік жамылғысын сипаттауы.

Ақсуат, Аягөз, Үржар аудандары микротопонимиясының негізгі ерекшеліктерінің бірі – географиялық атауларда аң, жануарлардың көрінісі

сипатталатындығы. Микротопонимдер құрамындағы аң, жануар, құс атаулары Аймақта андардың кейбір түрлерінің кең тарағандығын және солардың аңшылық маңызы болғандығын аңғартады.

Ақсуат, Аягөз, Үржар аудандары микротопонимикасында жануар атауынан қалыптасқан атаулар да орын алады. «Түз тағысы – табиғатпен тілдес» деп халпқымыз сан алуан құбылыстары мен жабайы жан-жануарлар арасындағы табиғи байланыстың құпия сырларын бақылай отырып, өзіндік тұжырым, қорытындылар жасайды. Әрі оған ерекше мән беріп, оны «амал» деп атап, әрбір амалды жануарлар тіршілігіндегі байқалатын өзгерістермен байланыстырып отырған. Мысалы: «тасбақа дауылы», «бөрі сырғақ», «құралайдың салқыны», «құс қанаты» және т.б. амалдар. Ф.А. Щербина «батыс желдері» қыс айларында боран мен қоса бұрқасынды ауа-райын қалыптастырады деген тұжырымға келеді [74, б. 56].

Жануарлар әлемінің аймақтық микротопонимикада көптеп кездесуі өңірдің ландшафтылық ерекшеліктерін сипаттайды. Аймақ микротопонимдерінде дәстүрлі мал шаруашылығына қатысты ақпараттардың басым болуы микротопонимдердің осы шаруашылық түріне қатысты айрықша топтамасы туралы сөз қозғауға мүмкіндік береді. Шаруашылықты жүргізудің көшпелі тәртібі жайылымдарды, су көздерін ұтымды да тиімді пайдалануға малды соларға байланысты мүмкіндігінше кең аймаққа орналастыруға негізделген. Сонымен сиыр, жылқы, түйе, қой, ешкі түліктері ерте замандаақ қолға үйретілгендіктен, бұл малдың атаулары да сол кезде пайда болған. Адам бір нәрсеге ат қойғанда, оны басқа заттан ажыратып, тану үшін арнайы қояды. Сол себепті де аталған үй жануарлары да аймақ микротопонимиясында ерекше орынға ие болып табылады.

Сонымен «табиғат» концептілік жүйесін аймақтық ерекшелігіне орай төмендегідей топтастырдық:

Өңірдің физикалық-географиялық ерекшелігіне байланысты қалыптасқан атаулар: *Нарын Дазанды, Еспе, Жіңішке, Игілік, Терісайрық, Кеңсай, Күн, Қайрақты, Қарақол, Қараөткел, Қарасу, Қорық, Қурайлы, Қусақ, Құр өзен, Қыздың суы, Қызылсу, Тансық, Кеңбұлақ, Киіксу, Көкен, Көкбұлақ, Күркіреме, Көлденеңсу, Қайбұлақ, Қайыңды, Қалғұты, Қалпе, Қаракөз, Қасқа су, Қасқабұлақ, Қотырбұлақ, Құрттыбұлақ, Майбастау, Молбастау, Мұздыбұлақ, Мұқанбұлақ, Сарыалақаз, Тақырбастау, Талдыбұлақ және т.б.* Бізді айнала қоршаған заттардың бәрінің де өз атауы болады. Тек қана өзіне адамның назарын аударма алмайтын көптеген формалар ғана атау қабылдамайды. Жансыз табиғи-физикалық немесе қолдан жасалған географиялық объектілердің де атаулары болады. Қарапайым объектілерден географиялық объектілердің айырмашылығы – бұлар екі типтегі атауды қабылдайды. Жалпы атау - белгілі бір ұғымды білдіретін тау, өзен, қала, ауыл сияқты сөздер және жеке атау. Жеке атаулар әрбір географиялық объектіге жеке дара беріледі. Оларды бір объектіден екінші объектіге ауыстыруға болмайды. Жалпы атаулар өмірдегі кезкелген басқа заттармен географиялық атауларды біріктіреді. Олар жалпы есімдердің көмегімен жасалады да, барлық бір типті,

белгілі бір сипаты бар объектілерге беріледі. Мысалы, асу – бұл таулы аймақтың арғы бетіне өту үшін тау шыңына жақын жердегі ыңғайлы өткел. Географиялық объектілер класы жер шарының бәрінде бірдей қолданылады. Физика-географиялық объектілердің атаулары өздерінің физикалық қасиеттерінің негізінде пайда болады, ал ұсақ объектілер атауына олардың сыртқы ерекшеліктеріне байланысты адам қиялындағы бейнелер негіз болады. Кез-келген елдің топонимдері белгілі бір семантикалық заңдылыққа байланысты құрылады. А.Әбдірахмановтың көрсеткеніндей, «Қазақ топонимиясындағы осындай заңдылықтардың бірі – рельефтің геоморфологиялық құрылысын дәл беру және тұрған жердің ең кішкене қасиеттеріне дейін дәл көрсету болып табылады» [75]. Дәл осындай қасиеттер Ақсуат, Аягөз, Үржар аудандары микротопонимдерінде де бар.

Ақсуат, Аягөз, Үржар аудандары микротопонимдері құрамындағы саны жағынан көбі де, лексикалық құрамы жағынан алуан түрлісі де қоршаған ортаның физика-географиялық қасиетін көрсететін географиялық атаулар болып табылады. Бұл саладағы топонимдерді қалыптасқан топтау заңдылықтары негізінде қазба байлық, кеніш атаулары мен жер бетінің бедері, табиғат көрінісі, ауа райының құбылысы, өзен-сулардың үлкен-кішілігі, дәмінің ащы-тұщылығына, өсімдіктер мен жан-жануарлардың атауларына байланысты және түр-түс пен сандардан қойылған топонимдер деп бөлеміз. Олардың едәуір бөлігін жер бедеріне, жазба байлықтарға, объектінің көлеміне, түсі мен дәміне т.б. қасиеттеріне байланысты топонимдер құрайды. Бұл топонимдердің көбі құм, тас, сор, мола, оба, тал, құдық, сай, көл, өткел, бұлақ, шығанақ, қопа, қамыс, тау, ағаш, төбе, түбек, арал, қора, суат, өзек, өзен, құм, сөздерімен тіркесіп келіп жасалады. Ол сөздер топонимикада әр түрлі атауларға ие болып жүр. Т. Жанұзақов оларды «қазақтың халықтық география терминдері» деп атаса [1, б. 3], Л. Дмитриева бұл сөздерді «индикатор-терминдер» [27, с. 17] – деп белгілейді. Топонимиялық детерминативтердің (географиялық терминдер) объектінің түрлі қасиеттерін берудегі ролінің шын мәнінде жоғары екендігін айта отырып, осы географиялық терминдерді қарапайым халықтың өздерінің ойлап тапқандығына таңданасың. Демек, халық түрлі объектілерге ат қойып, белгі тағу процесінде сол объектінің түрлі геофизикалық қасиеттері мен ерекшеліктерін мүлтіксіз қамтыған. Т. Жанұзақов осы сөздерді «халықтық географиялық терминдер» деп атауы өте орынды екенін осыдан да көреміз. Географиялық терминдер белгілі бір объектінің түрлі қасиетін беруде үлкен қызмет атқарады. Олардың топонимикадағы ролін Э.М. Мурзаев «топонимдердің мағынасын, семантикасын анықтауда жергілікті географиялық терминдердің мәні зор. Сол себептен де топонимиялық зерттеулер халықтық географиялық терминдерді жинау, олардың мағынасын түсініп, талдау негізінде болуы жөн» [11, с. 99], деп жоғары бағалады. Әдетте географ пен қарапайым адамның объектіге көзқарасы екі түрлі болып келеді: географ одан рельефті көрсе, жергілікті тұрғын объектінің шаруаға пайдасы тұрғысынан қарайды.

Жердің түр-түсіне байланысты қалыптасқан атаулар: ақ – Ақбастау, Ақжазық, Ақбұлақ, Ақжар, Ақирек, Ақкөл, Аққабак, Ақкілет, Аққайың, Ақпарақ, Аққоян, Ақсуат, Ақтас, Ақтоғай, Ақтоған, Ақшаулі, Ақтұма, Ақши, Ақшоқы; қара – Қараағаш, Қара тайынша, Қарабұйрат, Қарашілік, Қарабастау, Қарабұлақ, Қарабұта, Қарабұтан, Қаражал, Қаракезең, Қарақол, Қарақұл, Қарақұдық, Қарақұм, Қарақұрсақ, Қарамойыл; сары – Сарытерек, Сарыжазық, Сарыарқа, Сарытау, Сарыбел, Сарыөзек, Сарыкемер, Сарыөлең, Сарықөлген, Сарытөбе, Сарытұма, Сарышығанақ; көк – Көксала, Көкөзен, Көкжайдақ, Көктұма, Көктал, Көктекше, Көктерек; қоңыр – Қоңыршаулі, Қоңырбөрік; қызыл – Қызылбелдеу, Қызылжұлдыз, Қызылшоқы, Қызылбұлақ, Қызылжұлдыз, Қызылжыңғыл, Қызылқазақ, Қызылқашар, Қызылқия, Қызылтас, Қызылтөбе, Қызылту, Қызылтұма; шұбар – Шұбарбайтал, Шұбар ағаш, Шұбарайғыр; жасыл – Жасылкөл; ала – Алакөл (Үржар ауданы), ақ – Ақбаз, Ақбастау, Ақбейіт, Ақбиік, Ақбоз, Ақбұлақ, Ақдала, Ақжайдақ, Ақирек, Ақкөз, Ақкілет, Аққұдық, Ақөзек, Ақсоран, Ақтас, Ақтоғай, Ақтоған, Ақшатау, Ақшаулі, Ақши, Ақшоқы; қара – Қара ажырық, Қара жармас, Қара шоқы, Қарабаз, Қарабастау, Қарабиік, Қарабұжыр, Қарабұлақ, Қарабұта, Қараағаш, Қаражал, Қаражармас, Қаражоса, Қарариек, Қаракөз, Қарақоймас; сары – Сарыөзек, Сарыалақаз, Сарыпан, Сарыбел, Сарыбұйрат, Сарыбұлақ, Сарықамыс, Сарышоқы; көк – Көкала, Көкашы, Көкдала; қоңыр – Қоңыртау, Қоңыршаулі, Үшқоңыр; қызыл – Қызылқайнар, Қызыл, Қызылбастау, Қызылжал, Қызылқайнар, Қызылсу, Қызылқия, Қызылқұдық, Қызыладыр; шұбар – Шұбарқұдық, Шұбарайғыр, Шұбарағаш, Шұбартөбе, Шұбартау, Шұбартөс (Аягөз ауданы) және т.б. Колоративті лексика – қазақ тіл білімінде ерекше назарға ілінген мәселелердің бірі. Ғалымдар түр-түс атауларын адамның тану әрекетімен, мәдениетімен, сол халықтың өзімен байланыста қарап, түр-түстану деген бір саланың негізін қалап, тың зерттеулер жүргізіп жатыр. Әр халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан сарқылмас қазынасы болып табылатын өзіндік тарихы, мәдениеті, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы бар. Міне, осы мәдениетті, тарихты, дәстүрді түр мен түссіз елестету мүмкін емес. Түр-түстердің де қоғам өмірінде, халықтың дәстүрі мен әдет-ғұрпында, салты мен санасында, белгілі этностың, тіпті жеке адамдардың түсінігінде де осындай символикалық мәні барлығы байқалады. Түр-түске байланысты осындай символикалық наным - сенімдер барлық халықтарда кездеседі. Сондықтан Ақсуат, Аягөз, Үржар аудандары микротопонимдері құрамында кездесетін сын есімдердің беретін ортақ қасиеттерімен қатар қосымша мағынасы да өзіндік ерекшеліктерге ие. Олар қолданылу шеңберіне, тақырыпты, мағыналық, ұлттық, психологиялық, физиологиялық, тілдік, т.б. ерекшеліктеріне қарай түр-түстің ұлттық, халықаралық символикасы, әдет-ғұрыпқа байланысты символикасы, геосимволика деген топтарға бөліп қарауға болады. Түр-түске байланысты әр дәрежедегі, әр алуан, әр үлгідегі символдардың пайда болуына о баста себеп болған не деген сұраққа ең алдымен, жеке адамдардың өзін қоршаған табиғи түрлі түстер мен реңктерге олардың көзқарасы, оларды сезінуі мен қабылдауы деп жауап берген болар едік. Мысалы, атаулар құрамында кездесетін ақ сөзі

халықтың мәдени, рухани өмірімен тығыз байланысты болады. Әдетте, халқымыз өзінің ең қасиетті дүниесін аққа теңеген. Түр-түстердің тілдегі ауыс мағыналары мен символикалы мәндерінен басқа да атқаратын, бірақ көзге түсе бермейтін қызметтері жоқ емес. Жер-су аттарында жиі кездесетін түс атаулары Үнемі түр-түс ұғымдарын білдірмейді, географиялық ерекшелігін, әр түрлі табиғи жағдаймен сәйкестігін, мекен жайын анықтауға да көмектеседі. Көптеген жағдайда дүниенің төрт бұрышын, батысы мен шығысын, оңтүстігі мен солтүстігін, сондай-ақ белгілі бір географиялық объектінің екінші бір объектіге қатыстылығын, алыс-жақын, жоғары - төмен орналасуын білдіруін тек бір тілге тән ерекшелік деп қарауға болмайды. Топонимдер құрамындағы түске байланысты айтылатын сын есімдердің семантикалық табиғаты ерекше. Түркі тілдеріндегі күрделі топонимдер құрамында кездесетін түске байланысты сын есімдер қатарына қара, ақ, көк, сары, қызыл, ала, қу, күрең, сұр, құба, жасыл т.б. сөздерді жатқызуға болады.

Жан-жануар және төрт түлік малға байланысты қалыптасқан атаулар: *Жыланды, Итемген, Итішпес, Көбелекті, Қарғалы, Түлкілі, Түлкілі қиық, және т.б. (Үржар ауданы), Суырлы, Жыланды, Бөрілі (Аягөз ауданы); Құнанжал, Биесимас, Жылқы өткелі, Қошқаркөл, Текебұлақ және т.б. (Үржар ауданы), Арқарлы, Алабайтал, Алаайғыр, Сарыат, Биесимас, Түйетас, Торы аттың жолы, Тайсары, Жылқыүріккен, Биеарқан, Биебау, Биесыймас, Ат сауған, Қасқа ат сойған, Тайсойған, Қасқыр өлген, Қасқа сойған, Қысырсауған (Аягөз ауданы) Ақсуат, Аягөз, Үржар аудандарының территориясында кездесетін аңдар мен жан-жануарлардың, оларға байланысты атаулардың халықтың тұрмыс-тіршілігінде, мәдени және әлеуметтік өмірінде маңызды орын алатындығы белгілі. Сонымен қатар, жан-жануар атаулары микротопонимдер құрамында да келіп, аймақ микротопонимиясының құрамын байыта түседі. Жан-жануарлар атауының қатысымен қалыптасқан микротопонимдерді топонимикада зоотопонимдер деп атайды. Ақсуат, Аягөз, Үржар аудандарының жер-су атауларының құрамында төмендегідей аң, құс, жануар, жәндіктердің аттары кездеседі: теке, серке, бұлан, ешкі, қасқыр, айғыр, байтал, түйе, қой, балық, бақа, балық, жылан, шыбын, шошқа, т.б. Бұл атаулардың қатысымен қалыптасқан топонимдердің ішінде бүгін мағынасын айыру аса қиындық келтіретін жер-су атаулары да бар.*

Өсімдік атауларына байланысты қалыптасқан атаулар: *Қызылжыңғыл, Белтерек, Бүрген, Доланалы, Дөңгелекши, Жидебай, Тасқайың, Көктал, Көктерек, Қамысқала, Қарабұта, Қамысты Қона, Қарамойыл, Қос терек, Шолақтерек, Сартерек, Қаратал, Қайыңды және т.б. (Үржар ауданы), Ақ қияқ, Ақши, Көкқия, Қона, Тарлаулы, Жүзағаш, Ақтоғай, Қызылағаш, Қурайлы, Қарағаш, Бидайық, Қараишілік, Қызылшілік, Сушілік, Шілікті, Асылшілік, Бестерек, Белтерек, Көктерек, Қоғалы, Сайқамыс, Сарықамыс, Үлкен қамысты, Кіші қамысты, Қамыстықұдық, Қайыңды және т.б. (Аягөз ауданы).* Өсімдік атаулары топонимдер құрамында өнімді қолданылып, сол объектінің флорасын сипаттап отырады. өсімдік атауларының қатысуымен жасалған микротопонимдерді фитотопонимдер деп атайды.

Ақсуат, Аягөз, Үржар аудандары микротопонимиясының құрамында жиі қолданылатын өсімдік атауларына қамыс, қопа, тал, терек, ағаш тәрізді өсімдіктерді жатқызуға болады. Мұның негізгі себебін аймақ территориясының климаттық ерекшелігінен болса керек. Қамыс атауынан басқасы құрғақшылық үстемдік құрған аймақта ғана өсетін өсімдік түрлері екенін ескерер болсақ, микротопонимдер құрамында келетін өсімдік түрлері жер бедерінің ерекшеліктерін білдіре алатын детерминативтерге ауыса бастаған. Жалпы өсімдік атауларының географиялық терминдер қатарын толықтыруы - үнемі болып отыратын құбылыс. Тал, қамыс, қопа, терек, тоғай, шілік сөздерін бүгінгі таңда толық мағыналы терминдер қатарына қосуға болады. Демек, өсімдік атауларының қатысымен қалыптасқан фитотопонимдер Ақсуат, Аягөз, Үржар аудандары микротопонимиясының дамуына оң әсерін тигізіп, географиялық объектілердің флоралық сипатын айқындап отырады. Қорыта келгенде, кез келген аймақтың топожүйесі тәрізді Ақсуат, Аягөз, Үржар аудандары микротопонимдері де өзіндік лексика-семантикалық ерекшеліктерге ие болады. Аймақ топонимдерінің мағыналық сипаты этнографиялық бояуға ие болып, этнолингвистиканың объектісіне лайық келеді.

Бірінші бөлім бойынша қорытынды

«Микротопонимдердің лингвомәдени ерекшеліктері (Ақсуат, Аягөз, Үржар аудандары жер-су атаулары негізінде)» деп аталатын тарауда қазақ тіл біліміндегі топоним және микротопонимдер жүйесінің зерттелу жүйесіне қысқаша шолу жасадық. Нәтижесінде тіл ғылымындағы топоним саласы қай уақытта да зерттеушілер назарынан тыс қалмағанын аңғардық. Жер-су атаулары бірнеше ғылым саласына ортақ болып, тарихи дерек ретінде қарастырылғандықтан, тарихшылар, жердің географиялық орналасуына байланысты болғандықтан, географтар, тілдік материал болғандықтан, тілші ғалымдар тарапынан әр қырынан зерттелген. Қазақ тіл білімінде микротопонимдерді ғылыми тұрғыдан зерттеу 1989 жылдардан Т. Жанұзақов еңбектерінен бастау алады. Зерттеуші микротопонимдерді жүйелеу, ғылыми негізін қалыптастыруда, микротопонимдерге белгілі бір географиялық нысананың атауы бола тұра, құрамы кез келген уақытта бөлшектеуге келетін атаулар деген анықтама береді. Түркі топонимикасын зерттеуші Л. Наханова болса, макротопонимдер ірі карталарда орын алатын көне атаулар, микротопонимдер әр уақытта өзгеруге бейім, әзір тұратын атаулар деген сипаттама береді. Орыс тіл білімінде микротопонимика мәселесі ХХ ғасырдың 70-і жылдары зерттеу нысанасына іліне бастап, А. Суперанская, Ю. Карпенко, Н. Подольская, В. Никонов тарапынан, түркі халықтарының топонимикасында Э. Мурзаев, С. Булатова тарапынан зерттеу нысанына ілінген еді. Микротопонимдерді зерттеу барысында, олардың мәнін терең түсіну үшін жер-су атауларындағы ғаламның тілдік бейнесін анықтау мәселелері екінші тараушада сипатталды. Ақсуат, Аягөз, Үржар аудандары микротопонимдерінің этномәдени танымдық ерекшеліктері, концептілік тақырыптық аясы зерделенді. Үшінші, төртінші, бесінші тараушаларда микротопонимдер адам, қоғам,

табиғат концептісі тұрғысынан топтастырылды. Сонымен бірінші тарауда микропонимдердің зерттелуі барысы мен лингвомәдени, концептілік аясы зерделеніп, жүйеленді.

2 МИКРОТОПОНИМДЕРДІҢ ТАРИХИ-ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТЫ (АҚСУАТ, АЯГӨЗ, ҮРЖАР АУДАНДАРЫ ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫ БОЙЫНША)

2.1 Микротопонимдерді қалыптастырудағы тарихи-этимологиялық ерекшеліктер

Ономастикалық кеңістікте белгілі бір топонимикалық жүйенің қалыптасуы үшін ұзақ уақыт қажет екені белгілі. Яғни, бұл процесс бір-екі жыл емес, мыңдаған жылдарда жинақталып, жүйеленіп, тарих ізін сіңіріп, адам санасына әбден нық орныққанда ғана жүзеге асады. Топонимика – тарихи сипатқа ие құбылыс. Сондықтан да кез келген өңірдің топонимикалық жүйесін тарихи тұрғыдан қарастырудың маңызы зор. Бұл арқылы біз әрбір топонимикалық жүйені қалыптастыратын жер-су атаулары жайлы тарихи, сөзжасамдық, этимологиялық, лингвомәдени және т.б. ақпараттарға қол жеткізіп, өңір топонимикасының қалыптасуына әсер ететін сыртқы факторлар, соның ішінде тарихи процестерді ажырата аламыз. Мәселен, белгілі бір тарихи кезеңнің міндетті түрде топонимикада көрініс табатыны сияқты, сол тарихи кезеңдегі тілдік ерекшеліктер де жер-су атауларынан белгі береді. Кезең-кезеңге бөлінген бұл ерекшеліктер нәтижесі белгілі бір топонимикалық жүйенің стратиграфиялық қабатын құрайды.

«Стратиграфиялық қабат» терминін топонимика саласында алғаш айналымға енгізген ғалым А. Әбдірахманов болып табылады. Қазақ тілінің топонимикалық жүйесін жан-жақты зерттеген ғалым А. Әбдірахманов жер-су атауларын қалыптастырудағы ең көне кезеңдердегі қабаттарды, яғни, субстрат топонимдерді анықтауда қолданылатын термин стратиграфия екенін сөзге тиек етеді [75, б. 58].

«Стратиграфия» термині ең алдымен геология ғылымында қалыптасып, кейін топонимияда да қолданыс тапқан. Бұл турасындағы анықтамалардың бірінде аталмыш терминнің геология нысанына ене отырып, тау жыныстарының түрлері мен жер қабығы қабаттарының тарихи сипаты тұрғысынан сипатталады [76]. Ал тілдік зерттеулерде бұл термин белгілі бір жер-су атауының шығу тегін анықтауда жиі қолданылады. Белгілі бір ұлт немесе ұлыстың басынан кешкен тарихи оқиғасы жер-су атауында бейнеленуі халық көзқарасымен баяндалуы немесе топонимдердің сол ұлттың тілдік ерекшелігінен өзге тілдік қасиеттерді тасымалдауы стратиграфиялық қабаттарды анықтауға негіз болады. Бұл құбылысты профессор В.И. Абаев былай сипаттайды: «Народы и племена, сменяя друг-друга на определенной территории, не исчезают бесследно. Каждое новое племя получает и сохраняет кое-что от своих предшественников. Это «кое-что» может быть и весьма значительным» – деп тұжырымдайды [77].

Қазақ топонимика жүйесіндегі атауларды стратиграфиялық топтарға бөле отырып, А. Әбдірахманов алтай және көне түркі дәуірінде қалыптасқан топонимдерді, басқа да тілдерден енген көне топонимдерді *субстратты топонимдер* деп атайды [75, б. 58]. Белгілі топонимтанушы ғалым

А.П. Дульзон жер-су атауларының этимологиялық қырларын зерттей келе: *«Топоним всегда составляет только особый разряд языка, поэтому и анализ должен подчиняться обычным правилам этимологических исследований, его можно считать успешным только в том случае, если разъяснены все морфологические части слова и установлено их значение»* деп топонимдік зерттеулерде субстрат топонимдерді, яғни, топонимдердің стратиграфиялық ерекшеліктерін анықтауда этимологиялық талдау принциптерінің маңыздылығын атап өтеді [78]. Себебі субстратты топонимдер табиғат пен адам тығыз органикалық байланыста болған өте ерте кезеңдердің жемісі болып табылады. Сондықтан олар этимологиялық прициптер негізінде, стратиграфиялық қабаттар тұрғысынан терең зерттеуді қажет етеді.

Тіл ғылымында өзіндік орынға ие, халқымыздың өткенінен мол мағлұмат беретін топонимдік атаулар стратиграфиялық қабаттар тұрғысынан қарастырылғанда қол жеткізетін құнды мәліметтерге төмендегілерді жатқызуға болады:

– жер-су атауларының тарихи қабаттарын анықтау осы өлкенің көне тарихынан құнды мәлімет береді;

– жер-су атауларының лингвистикалық ерекшеліктерін, нақтырақ алғанда, дыбыстық, сөзтұлғалық, сөзжасамдық сипаттарын көрсету арқылы да тіліміздің сөздік қорындағы мәліметтер қатарын молайтуға болады;

– жер-су атауларының стратиграфиялық қабатын анықтау арқылы қазақ тілінің тарихи өзгеру процесінен, яғни, тілімізге енген кірме сөздерден көп мәлімет береді. Қазақ тіліндегі кірме сөздерді ғалым Ә. Болғанбаев мынадай төрт тілден енген деп көрсетеді: 1) араб тілі; 2) парсы тілі; 3) моңғол тілі; 4) орыс тілі [79]. Диахронды тұрғыдан алғанда араб, парсы, моңғол, орыс тілдерінің тілімізге әсері ең алдымен топонимикалық кеңістікте көрініс тауып отырғаны байқалады.

Қазақ тіл білімінің топонимика саласындағы атаулардың қалыптасуы мен оның стратиграфиялық қабаттарын терең зерделеуде Е.Қойшыбаев, А.Әбдірахманов, Т. Жанұзақов, Б. Бияров, Ұ. Ержанова, түркітанушы Э.Мурзаев сынды ғалымдардың тұжырымдары негіз болады.

Қазақ топонимика саласында атауларды жан-жақты зерттеуде үлкен еңбек еткен ғалым Е. Қойшыбаев белгілі бір тарихи кезеңдерді қабат қалыптастырудың бастауы ретінде ала отырып, оның ең алғашқы, бастапқы қабатына енетін субстратты топонимдердің шығу тарихын зерделеуде жүзеге асыратын құрал бола алатынын айтады.

Ғалым аталған қабаттану жүйесін негізге ала отырып, жер-су атауларын зерттеудің тілдік қабатын байырғы тілдік элементтерді сақтап келе жатқан ескі көне қабаттар (санскрит, үнді-иран тілдері элементтері: тал, ар, бал, сар, ғар, кан), түрік-моңғол тілдік элементтерін сақтап келе жатқан көне қабаттар (ал, ала, бала, қар, шар, чар, көк, бай, тоғай), түркі тіл қабаттары мен түркі тілдер семьясы құрамының өзгешеліктерін танытатын қабаттар, синхронды тұрғыда алғанда түркі тілдері ерекшеліктерін көрсететін қабаттар (қазақ, қырғыз, алтай,

карақалпақ, башқұрт, ұйғыр, түрікмен, әзірбайжан, өзбек және т.б.), орыс тілі негізіндегі тілдік қабаттар деп жіктемелер жасап көрсетеді [80].

Түркітанушы ғалым Э.М. Мурзаевтың топонимдік қабаттар жайлы тұжырымы Е. Қойшыбаевпен сарындас келеді. Тек «орыс тілі негізіндегі тілдік қабаттарды» ғалым «ең үстінгі қабат» деп сипаттайды [11, с. 292]. Түркітанушы К.М. Мұсаевтың тұжырымы бойынша, түркі топонимикасында үш негізгі қабатты ажыратуға болады: 1) белгісіз қабат – аталған қабатқа мағынасы көмескіленіп, этимологиясы мен лексика-семантикалық ерекшелігін анықтау қиын соғатын атаулар жатады; 2) туынды емес негіздерден құралып, этимологиялық талдауда мағынасы ажыратылатын топонимдер түркі қабатына жатқызылады. 3) үшінші қабатқа түркі тілдерінің таралу аймағының шекарасында орналасып, бір-біріне өтіп кететін топонимдердің тілдік қабаты: Сібір, Орта Азия, Еділ, Кавказ, Балқан және т.б. [5, с. 196-197]. Өзбек топонимикасын зерттеген В.У. Махриповтың стратиграфиялық классификациясы бойынша түркі топонимдерінің үш негізгі қабаты бар: 1) түркі географиялық атауларынан тұратын тілдік қабат; 2) жер-су атауларының түркілік негізден қалыптаспаған қабаты; 3) иран тілінен қалыптасқан тілдік қабат [5, с. 84-96].

Орталық Қазақстан жер-су атауларын кешенді зерттеген топонимист ғалым Т. Жанұзақов 1989 жылы жарық көрген монографиялық еңбегінде Орталық Қазақстан макро және микротопонимиясының этимологиялық ерекшеліктерін стратиграфиялық қабаттар негізінде қарастырып, Орталық Қазақстан топонимикалық жүйесінің 5 тілдік қабатын анықтайды:

1. Алтай дәуіріндегі топонимдер.
2. Көне түркі дәуіріндегі топонимдер.
3. Көне қазақ тіліндегі топонимдер.
4. Қазіргі қазақ тіліндегі топонимдер.
5. Басқа тілден енген топонимдер [1, б. 72-115].

Т. Жанұзақовтың стратиграфиялық қабаттарды топтастыруына сүйене отырып, Қазақстан көлеміндегі жер-су атауларын этимологиялық тұрғыдан зерттеу нысанасына алған ғалым А.Әбдірахманов қазақ жер-су атауларын былайша көрсетеді:

1. Ана тілінің негізінде жасалған топонимдер.
2. Басқа тілдер негізінде жасалған топонимдер деген екі үлкен топқа қарастырады [75, б. 39].

Батыс Қазақстан топонимдер жүйесін қарастырған ғалым Ұ. Ержанова аталған аймақ бойынша топонимдердің көне түркі, оғыз-қыпшақ, араб-парсы, монғол, орыс және жаңа қабат деп аталатын жіктемесін жасайды [81].

Ахметжанова Ф.Р., Әлімхан А.Ә. Шығыс Қазақстандық топонимдерді етістікті топонимдер, этнографиялық топонимдер, тарихи-әлеуметтік топонимдер, Шығыс аймағындағы орысша топонимдер, монғол тілінен енген топонимдер деп бөледі [82, б.12-91].

Б.Бияров, А.Әлімхан сынды Шығыс Қазақстан өңірі топонимикалық кеңістігін зерттеуші ғалымдар аймақ топонимикасын түркілік қабат, қыпшақ қабаты, кірме қабат, негізгі қабат деп атап топтастырады [72, б. 82].

Топонимикалық жүйенің әрбір стратиграфиялық қабаты белгілі бір тарихи кезеңде қалыптасып, сол тарихи кезеңнен кейінгі уақыттарда өзгеріске түспей қалпын сақтады деуге болмайды. Өйткені, қалыптасқан кезеңінен бастап, әрбір макро не микротопонимнің тарихи-географиялық және әлеуметтік факторларға байланысты өзгеріске ұшырап тұруы – тарихи шындық. Тарих сахнасына көз жүгіртсек, бір территориялық аймақта, бір мезгілде әр түрлі тілде сөйлейтін бірнеше тайпа, не тайпалық одақтар топонимдердің қалыптасу барысына бірдей деңгейде ықпал ететіні байқалады. Әрбір тайпалық одақтың жерге иегершілік етуге талас, қиын-қыстау заманда жеңілген тайпалық одақ өзі мекендеген жерінен кейін шегініп көшуге мәжбүр болған жағдайда, олардың орнына келген тайпалық одақ өздері қол жеткізген жерлердің атауларын өз тілдерінде атауға тырысып, жеңілген халықтың рухани мұрасы жер-су атауларын жойып отыруға тырысқан. Бұл жағдайда ресми деректерде атау өзгергенімен, ескі атаулар микротопонимдер ретінде халық жадында сақталған.

Осылайша көші-қон, бір тайпаны екінші тайпаның жаулап алуы нәтижесіндегі тілдік ассимиляция, шекаралас тайпалар тілінің бір-біріне әсері тәрізді факторлардың әсерінен екі немесе үш тілдің топонегіздерінің араласуынан пайда болған гибриді атаулар да болады. Бұл процесті Үржар ауданындағы гидронимдік атаулардан байқауға болады. Мәселен, жергілікті халық арасында Үржар өзенін «*Үржарка*» деп атау орын алған. Аталған атауда көне тарихтың, атап айтқанда көне түркі дәуірінің тілдік белгілерін ескерсек, -ка қосымшасы да Патшалық Ресейдің отарлау кезеңінен белгі береді. Бұл типтес атаулар әіресе, орыстардың жер аударылу тарихымен байланысты Үржар ауданында көптеп кездеседі. Сондай-ақ, көршілес Алтай Республикасы территориясында кездесетін *Суртайка*, *Буланиха*, *Куротека* атаулары да осы процестің ықпалы болып табылады.

Көріп отырғанымыздай, Ақсуат, Аягөз, Үржар аудандары микротопонимдерінің құрамы өңірдің басынан өткерген тарихи кезеңдеріне байланысты өте күрделі болып табылады. Сол себепті де аталған аудандардың топонимикалық жүйесін зерделеуде аталған өңір микротопонимдеріне ғана тән тілдік қабаттар жіктеуін қалыптастыруға болады. Тілдік қабаттар өңір топонимиясының тұжырымдамасында топонимдер құрамындағы түрлі дәуірлерге тән лексикалық қабаттарды анықтауға негіз болады. Аталған аудандардың микротопонимисы құрамында көне дәуірге тән лексикалық қабаттардың сақталып келгендігін жиналған микротопонимиялық материалдардан анық байқай аламыз. Олардың негізгі белгілері – атаулардың қазіргі әдеби тілімізде кездеспеуі және мағынасы жағынан бүгінгі таңда халыққа түсініксіз болып келуі. Осының салдарынан жер-су атауларының шығу тегін анықтауда халық арасында көптеген жаңсақ этимологиялық пікірлердің шығып жатуы да кездеседі. Оған *Аягөз*, *Үржар*, *Қалғұты*, *Өкпелі* атауларын мысалға келтіруге болады. Сондықтан да микротопонимдердің о бастағы

лексикалық мағынасын айқындау, құрамындағы дыбыстардың фонетикалық тұрғыдан өзгеру деңгейін бақылау тіліміздің көне замандағы лексикалық қорынан кең көлемде мағлұматтар беретіні сөзсіз. Яғни, Ақсуат, Аягөз, Үржар өңірі топонимиясын тарихи сипатта қарастыру және тарихи стратиграфиясын анықтау өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Олай болса бай тарихи ақпаратқа ие Ақсуат, Аягөз Үржар аудандары микропонимдерін этимологиялық, тарихи, географиялық тұрғыдан топтастыра отырып, төмендегі тілдік қабаттарға ажыратуға болады:

1. Көне түркілік қабат.

2. Кірме қабат.

- 2.1 Араб-иран қабаты.

- 2.1 Монғол қабаты.

- 2.2 Орыс қабаты.

3. Жаңа қабат.

Бұл жіктемелердің әрқайсысына нақтырақ тоқтала кетсек:

1. Көне түркілік қабат – бастапқы мағынасын анықтауда қиындық тудыратын және шығу тегі жағынан әр түрлі түркі тайпалары тілдерінің белгілерін тасымалдаушы атаулар.

2. Кірме қабат – тіліміздің о бастағы грамматикалық ерекшеліктеріне бағынбайтын атаулар. Аталған қабатты өңір микропонимдерінің құрамына қарай араб-иран қабаты (көне түркі дәуірінен бері қарайғы кезеңде енуі мүмкін), монғол қабаты (алтай және көне түркі дәуірінде енген атаулар және XIII ғасырдағы монғол шапқыншылығы дәуірінен бастап енген атаулар) және орыс қабаты (Ресей патшалығы дәуірінен бастап, кеңес заманы тұсындағы атаулар) жатады.

3. Жаңа қабат – қазіргі ономастикалық жүйемізді танытатын жаңа атаулар.

Ақсуат, Аягөз, Үржар аудандары микропонимдерін аталған тілдік қабаттар деңгейінде қарастыру – тіл ғылымының ономастика саласына жататын топонимдердің өте тұрақты, тамыры тарихтың тұңғық түбінде жатса да, тұлғасын сақтап, тілге тиек деректер берерлік із қалдыратын категория деп тану тұжырымын қалыптастырады.

Тіл ғылымында тілдің тарихи кезеңдерін қарастыруда ұлтты сипаттайтын тілдік деректерде: «Поскольку история языка не постигается одним тем, что в состоянии дать письменные памятники, то не остается иного пути, кроме использования материалов, которые доставляет нам сам живой язык, в силу своей природы представления собой накопление всей предшествующий» деген ойлар назар аудартады [56, б. 35]. Тілдегі аталған деректер микропонимдер болып табылатыны сөзсіз.

Микропонимдерді тарихи-салыстырмалы жүйеде қолға алған зерттеушілер топонимиялық жүйелер арасында көптеген ортақ сәйкестіктердің болуын атап көрсетеді. Бұл қазіргі түркі халықтарының көне заманда үлкен бір тайпалық бірлестіктің құрамына кіргендігін, кейіннен ру, тайпалардың ұлы миграция салдарынан бір-бірінен ажырауы нәтижесінде жеке-жеке халықтар

мен олардың тілдерінің қалыптасуына негіз болғанын білдіреді. Қазіргі уақытта бірнеше мемлекеттің территориясына айналған Еуразия құрлығы тұтастай түркі-моңғол тектес халықтардың иелігінде болғандығын дәлелдейді. Ол өз кезегінде түркі тектес халықтардың арасында бірнеше ғасырлармен өлшенетін уақыт кеңістігінен ақпарат береді. Түркітанушы ғалым С.Е. Малов ұлы көш кезеңінде тілдердің ассимиляцияға ұшырауында ірі тайпалық бірлестік тілдеріне ұсақ ру, тайпа тілдерінің де әсері болатындығын айта келіп: *«Можно предположить, что в древнее время в языках крупных государственных объединений Центральной Азии – уйгуров, киргизов и огузов имелись влияния языков, окружающих их, или подвластных им мелких тюркских и нетюркских племен. Близкое соседство заставляло крупные народности заимствовать из языка малых народностей то, что было необходимо для общения»* деген тұжырым жасайды [83]. Олай болса, топонимикалық зерттеулерде түрлі ұқсастықтар мен әр тектіліктерді белгілі бір ортақ теория негізінде қарастыру жаңсақ пікір болып табылады. Бұл жағдай микротопонимдерді жеке-жеке қарастыруды талап етеді. Бұндай талдаудың ауқымды бір бөлігін Ақсуат, Аягөз, Үржар аудандары микротопонимдері құрайды.

Үржар ауданы аймағынан табылған «Сақ ханшайымы» мүрдесі, Ақсуат ауданындағы тау-тастағы пикрографиялық жазулар, Аягөз ауданындағы оғыз тайпасының ізін көрсететін «Ай» этнонимі бұл өңірлердегі топонимикалық жүйенің көне қабаты ежелгі алтай, сақ, ғұн дәуірлерінен бастау алатындығын аңғартады. Түркі халықтары тілдерінің қалыптасуында Алтай (нақты кезеңін тура айту мүмкін емес. Шамамен б.з.д. III ғасырға дейінгі уақытты қамтиды), Ғұн дәуірі (б.з.д. III ғасырдан бастап, б.з. V ғасырына дейінгі аралықты қамтиды) және Ерте дәуірден басталатын көне түркі дәуірі (шамамен б.з. V ғасырынан бастау алады) өз әсерін қалдырды. Тілдік құбылыс ретінде жер-су атаулары осы дәуірлердегі тілдік өзгерістердің элементтерін қамтитын микротопонимдерді көне түркі қабатқа жатқыздық. Ең көне дәуірлердің топонимдердегі белгілері көмескіленіп, көне түркі дәуірімен кірігіп кеткендіктен, өңір топонимикалық жүйесіндегі микротопонимдерді қабаттарға қарай жіктеуде жалпы атаумен көне түркілік қабат деп атадық. Хронологиялық жағынан үлкен бөлікті қамтитын дәуірде өмір сүрген түркі халықтары қазіргі 4 мемлекеттің қарамағында жатқан Алтайды тұтастай жайлады, оның құрамына Ақсуат, Аягөз, Үржар аудандары да кірігіп жатты. Оны жер-су атауларындағы ортақ атаулардан да көре аламыз. Мысалы, Тарбағатай, геоморфологиялық аппелятиві Тува республикасының топонимикалық жүйесінде Кыргызтей, Кызылтей, Узунтей тау атауларымен дыбысалуы жағынан ұқсас келеді. Олардың ортақ нүктесі «тей» компоненті болып табылады. Зерттеуші ғалым Б.К. Ондардың «Тува топонимдерінің сөздігі» еңбегінде *тей* сөзі – холм, сопка, макушка (головы). В топонимии Тувы тей – распространенный термин, употребляющийся для обозначения холмов, невысоких гор...» деп тұжырымдалады [84]. Бұл оронимдердегі Кыргызтей – Қырғызтау, Кызылтей – Қызылтау, Узунтей – Ұзынтау деген мағына береді. Бұлай дейтін себебіміз, Таулы Алтай өңірін зерттеуші ғалымдардың еңбектерінде Алтай топонимі –

Алтынтей, яғни, *Алтынтау* ретінде түсіндіріледі. Бұл түркі тілдері арасындағы белгілі бір ортақ лексикалық мағынаға ие сөздердің сол тілдердің тілдік ерекшелігіне сай, не ерекшелігінен тыс барлық түркі тілдерінде қолданыла алу ерекшелігін байқатады. Яғни, *дағ – тағ – тав– тау – тай – тей – тоо – ту* дыбыстық түрлену формаларын беретін *тау* морфемасы кей жағдайда сол тілдің ерекшелігіне бағынбастан жер-су атауларында қолданыс табуы мүмкін. Бұл құбылыс атаудың қалыптасу кезеңінен ақпарат береді. Мәселен, қазіргі тува тілі ең көне түркі тілдерінің Саян тобын құрайды. Түркі тілдеріндегі бұл топтың ерекшелігі – сөз ортасындағы «д» дыбысының қолданысын құрайтындығы. Сондай-ақ, тува тілі көне түркі тілдерінің белгілерімен бірге көне алтай тілдерінің де белгілерін қорғайтын тіл болып табылады. Ал Оңтүстік Алтай диалектілері (Телеут, Теленгіт) сөз ортасы «й» дыбысының қолданысын қабылдаған тілдер болып табылады да, *тау* сөзін *ту – тулу*, яғни *тау – таулы* тұлғасында қолданатын тілдер кездеседі. Көріп отырғанымыздай, Алтай тілінде *тау* сөзі – *ту* болғанына қарамастан, *Алтай* топонимінің құрамында *тай – тау* формасында қолданыс табуы алтай дәуірінің белгісі деген пікірдеміз. Демек, *Тарбағатай* атауының құрамындағы *тай* компоненті *тау* мағынасын беретін толыққанды түркі сөзі екенін аңғартады. Сонымен қатар бүгінгі таңда Қазақ топонимикасында *Алматы*, *Арғанаты*, *Шідерті* және өңірлік микротопонимикада *Өкпелі*, *Аришаты*, *Күрті* атауларының шығу төркіні де көмескі тартып, этимологиялық талдауларда әртүрлі тұжырымдармен сипатталып жүргені белгілі. Кейбір ғалымдар жоғарыда аталған атаулар құрамындағы *-ты* бөлшегін сын есім тудырушы жұрнақ деп қараса [4, б. 85; 85], кейбірі, соның ішінде түркітанушы, грамматист ғалым М. Томанов бұл бөлшекті көне түркі заманынан бері келе жатқан тек топоним жасайтын жұрнақ деп түсіндіреді [86]. Соңғы пікірге дәлел де жоқ емес. Мәселен, Орхон, Енисей жазба ескерткіштерінен *Езгенті*, *Көлті* атауларын кездестіруге болады. Бұл атаулардың құрамына назар аударсақ, *Езген+ті*, *Көл+ті* деген сөзжасамдық құрылыс байқаймыз. Бұл жайында ескерткіштер тілін арнайы зерттеген ғалымдар Л. Наханова, Е. Айдын да осы пікірді алға тартады [5, с. 269].

Байқап отырғанымыздай, қазақ халқының жеке ұлт ретінде қалыптасып дамуындағы, ұлттық тілінің тарихи негізі көне түркі тілінде жатқаны белгілі. Қазіргі түркі тілдерінің барлығына ортақ (кейбір дыбыстық, морфологиялық өзгерістерді ескермегенде) лексиканың, соның ішінде географиялық нысан атауларының қазақ тілінде де қалпын сақтауы микротопонимдік жүйедегі көне түркілік қабатты анықтап береді.

Жер-су атауларының сонау түркі дәуірінен қалпын сақтауы, ортақ түбір мен бір семантикалық құрылымда келуі географиялық атаулардың бізге ежелгі мазмұнмен жеткендігін дәлелдейді. Мысалы, *су*, *тау*, *төбе*, *шоқы*, *сеңгір*, *асу* *оба*, *сай*, *өзен*, *көл*, *жар*, *адыр*, *бұлақ*, *бастау* тәрізді топоформанттар көне топонимдік жүйеде сол мағынада орын алады. Тарихи топоформанттар түркі тілдерінің бәріне ортақ сипатта келіп, жалпы түркілік қабатты қалыптастыруға негіз болып отыр. Тарихи топоформанттар мен жер-су атаулары жайлы ең

алғашқы түркологиялық ғылыми тұжырымдама мен топтастыру Махмұд Қашқаридің «Диуани лұғат-ит-түрік» атты еңбегінде [87] кездеседі. Аталған еңбек ортағасырдағы түркі топонимдерін жинақтап, топтастырудағы алғашқы ғылыми негізді туынды болып табылады.

Қазақ тілі топонимдерінің көне түркілік қабаты түбір және туынды морфемалардан қалыптасқан. Қазіргі микротопонимдердің көне түркілік лексикамен семантикалық ортақ айырмашылығы мен ұқсастықтары кейбір дыбыстық және морфологиялық өзгерістерінен ғана байқалады. Атап айтар болсақ, Үржар ауданында кездесетін кездесетін Алакөл атауының құрамындағы *ала* сөзі – барлық түркі тілдеріне ортақ морфема. Түрік тілінде *ала* сөзі бірнеше түстің араласуынан пайда болғандықтан осылай аталады. Түрік тілінде аталған түс атауы *ела* деп дыбысталады. Бұл атау көл суының түсіне байланысты берілсе керек. Қазіргі қазақ тілі лексикасының құрамы қыпшақ тобындағы тілдердің лексикасымен толық немесе жартылай ортақ екенін ескерсек, қыпшақ тіліндегі модельдердің сипатын аталған тілдік қабаттан анық байқауға болады. Сонымен қатар, Аягөз ауданында, етегінде Тарбағатай ауылы орналасқан *Қарасеңгір* деген тау бар. Жоғарыда аталған Махмұд Қашқаридің еңбегінде осы атауға ұқсас, Талас өңірінде орналасқан *Кенчексенгір* топонимі бар. Аталған өңір Қашқар қаласының солтүстік аймағы болып есептеледі [87, б. 380]. Екі микротопонимнің де құрамындағы *сенгір*, *сеңгір* детерминанттары бүгінгі таңдағы тау атауында кездесуі көнеден бүгінге дейінгі тілдік, ортақ лексикалық ерекшеліктерден ақпарат береді. Сондай-ақ, Махмұд Қашқари *сеңгір* сөзіне таудың шығыңқы жері, таудың мұрны деген анықтамаға негізделген [87, б. 362]. *Сеңгір* – көне түркіден дәуірінен бастап, жер-су атауларында кездесетін термин. Орта түркі тілдерінде *сеңир*, *сенгір* тұлғасында беріліп, кез келген қабырғаның ұшы деген мағынаға ие болған. Көне қыпшақ тілінде *сеңір* тау, төбе мағынасында да қолданылған [58, б. 233]. Моңғол тілінде *сегер* таудың арты, төбе мағыналарында сипатталады [58, б. 73]. Қазіргі түркі тілдерінде де *сеңгір* сөзі *сеңир*, *сеңгір*, *сенгір* тәрізді фоноформанттар кездеседі. Түрік зерттеушісі Бесим Аталай *сеңир* сөзінің шығу төркінін сипаттай келе, Түркия елінде таулы-тасты жерлердің атауларында тау, төбе мағынасында қолданылатындығын көрсетіп, Анадолы аймағында кездесетін *Сениркент* атты елді мекен атауын мысалға келтіреді. Олай болса, Аягөз ауданындағы *Қарасеңгір* микротопонимі құрамындағы *сеңгір* географиялық термині көне түркілік қабаттың айқын белгісі болып табылатыны сөзсіз.

Түркі тілдерінде ортақ қолданыста жүретін *адыр* географиялық термині тофа тілінде өзеннің екі айырылған тұсы, хакас тілінде өзеннің иірім арнасы, тува тілінде өзеннің екінші қолы, қырғыз тілінде таулы аймақ, дөңес, татар тілінде *айыр* – *айры* деп дыбысталып, өзеннің бір сағасы деген мағына береді. Махмұд Қашқаридің еңбегінде *адыр* сөзі – айрық, бөлініс, бөліну мағынасын береді. Ал алтай тілдерінде *адыр*, хакас тілінде *азыр* деп қолданылатын сөз өзеннің сағасы деген мағынаға ие [84, с. 16]. Байқағанымыздай, түркі және алтай тілдерінде *адыр* – *азыр* – *айыр* тұлғасында қолданыс тапқан бұл сөз географиялық термин ретінде екі мағынаға ие: бірі – өзеннің сағасы, екіге

айрылған бөлігі; екіншісі – ойлы-қырлы жер. Демек, алтай, түркі тілдерінде жер-су аттарын қалыптастыруда өнімді формант болып табылатын *адыр* географиялық термині алтай тілдері семьясынан бері барлық түркі тілдеріне сіңісе отырып, қазіргі қазақ тілінің топонимдер стратиграфиясында көне түркілік қабаттан орын алады.

Сонымен қатар ауыл географиялық термині де түркі тілдерінің сөздік қорында орын алады. Аталған сөздің этимологиясына келетін болсақ, түбірі ақ болса керек. Түркі тілдерінде *қоршау*, *ішіне алу* мағынасын береді. Оған есім тудыратын -ыл, -іл жұрнағы жалғанып, *қоршалып жасалған мал қора* деген мағына беретін *ауыл* сөзі қалыптасқан. Ауыл сөзі қырғыз тілінде – *айыл*, татар тілінде – *авыл*, чуваш тілінде – *ял* деп дыбысталып, фонетикалық варианттылық танытқаны болмаса, семантикалық мағынасы ортақ, ортақ белгіні сақтап келеді. Синхрондық тұрғыдан сипаттағанда, *ауыл* термині күрделі топонимінің компоненті ретінде де, эллипсисті топоним ретінде де жиі қолданылатын өнімді сөз болып табылады [88].

Ақсуат, Аягөз Үржар аудандарының микротопонимикасын құрайтын *Ащысу*, *Жалғызсу*, *Қарасу*, *Лайсу*, *Чүртсу Нарынсу* тәрізді жер-су атаулары да көне түркілік қабатқа жатады. Себебі, қай түркі тілдес халықты алсақ та, топонимикалық кеңістігінде *су* сөзімен байланысты жер-су атауы кездеспейтін халық жоқ. Мәселен, түрік тілінде *Аксу*, *Қырмызысу*, *Карасу* деген атауларды жиі қолданыста болады. Олай болса, Ақсуат, Аягөз Үржар аудандарының микротопонимикасының көне түркілік қабаты көне дәуір тарихынан мол мағлұмат беріп, әлі күнге дейін жер-су атаулар құрамында сақталып келетіндігін аңғарамыз.

Ақсуат, Аягөз, Үржар аудандары микротопонимдерін сипаттаудағы келесі стратиграфиялық қабатты кірме қабат құрайды. Топонимдер жүйесіндегі кірме қабатты ғалымдар араб-парсы жалқы есімдерінен бастауды жөн көреді. Оларға VIII-XII ғасырларда Қазақстан территориясына арабтардың келуімен және мұсылман дінінің таралуымен байланысты жер-су атауларында да із қалдырғаны белгілі. Түркітанушы ғалым Э.М. Мурзаев бұл жөнінде былай дейді: «*Араб халқының жаугершілік саясаты ислам дінінің таралуымен байланысты еді. Мұсылман мешіттері арқылы арабтардың біраз діни терминдері елді мекендердің, киелі орын, зират, мола, бейіт атауларының құрамында тілімізге енді*» [11, с. 194]. Э.М. Мурзаевтың тұжырымдамасына сәйкес араб тілінен енген географиялық нысан атауларының қатарына зират, мола, мазар, әулие, шайтан және т.б. сөздердің тіркесінде келетін микротопонимдерді жатқызуға болады. Мұндағы *әулие* сөзі араб тілінен аударғанда дін уағыздаушы, құдай жолын қуушы адам деген мағына береді [11, с. 81]. Аталған сөзге байланысты өңір микротопонимикасынан төмендегі мысалдарды келтіруге болады: *Әулиебұлақ*, *Әулие қыз бейіті*, *Әулие сай*, *Ырғызбай әулие кесенесі*, *Әулиебесік*, *Әулиетас*, *Әулиеүңгір* т.б. Тағы бір атау қалыптастыруда өнімді саналатын араб сөзі *зират* арабшадан аударғанда (ар. зиарат) – қабір, бейіт деген мағына береді [89]. Бұл сөз зерттеу нысанымыз болып отырған өңір микротопонимиясында нейкроним атауларын

калыптастыруда өнімді форманттардың бірі саналады. Мысалы: *Қондығұлдың зираты, Қызайдың зираты, Қыржыбайдың зираты, Байжігіт зираты, Ескендір зираты, Көбентай зираты, Көтібақ зираты, Қапишүкір зираты, Ақтайлақ зираты, Зеріп зираты* және т.б. Айта кететін жайт, зират сөзі үнемі бір жалқы есім тіркесінде келеді.

Сонымен қатар араб тілінен енген сөздермен берілген атаулардан басқа сирек те болса, өңір микротопонимиясында парсы сөздерінің қолданысы орын алатын микротопонимдер де кездеседі. Мәселен, Аягөз ауданында кездесетін Шарбақ, Шұрық атаулары араб-парсы тілдік қабатына жатады. *Шарбақ* парсы тілінде «чарбағ», үйдің төрт жағын қоршап тұратын бақша немесе ауыспалы мағынасында қоршау мағынасын береді [89, б. 625]. Аягөз ауданының шығысына қарай орналасқан Шарбақ тауы бір жағы жар, екінші жағы тоғаймен қоршалғандықтан, ертеден малды емдеуге, таңба басуға қолайлы қоршау тәрізді жер болғандықтан, осылай аталса керек. Сондай-ақ, *Шұрық* (парсыша сурах) – тесік, саңылау немесе тар жол, өткел мағынасын береді [89, б. 641]. Аягөз ауданында кездесетін *Шұрық* атауы өңірдің табиғи ерекшеліктеріне байланысты қалыптасқан атау болып табылады. Үржар ауданындағы *Мақаншы* микротопонимінің шығу төркінін саралаған ғалымдар атаудың парсы тілінен енгендігін жоққа шығармайды. Ғалымдардың тұжырымы бойынша мохан – парсы тілінде балық деген мағына береді. Бұл сөзге қазақ тілінің кәсіп атауын тудырушы *-шы* жұрнағын жалғау арқылы *Моханшы – Балықшы* атауы қалыптасып, кейін елді мекен атауына ойысқан [1, б. 169].

Орта ғасырдан бастап, Алтайдан басталған ұлы көш кейбір түркі халықтарын отырықшы өмір салтына әкелді. Ал Қазақстан территориясын басып өткен «Ұлы жібек жол» қала санының артуына ықпал жасады. Қала санының өсуімен, көшпелі түркі халықтарының арасында отырықшылық өмір етек ала бастады. Яғни, әлеуметтік-экономикалық, рухани-мәдени даму кезеңі осы орта ғасырда айқын көрініс берді. Алайда бұл ұзаққа бармады. XII ғасырдың басында моңғолдардың шабуыл жасап қазақ жерінде моңғол ұлыстарын (Шоны және Шағатай) құруы қазақ халқының жалпы этникалық дамуын ақтау және мәдени жағынан біріге түсу процесін ұзақ жылдар бойына тоқтатып, қазақ даласына өзгеріс әкелді. Бұл тарихи процес топонимия жүйесіне де елеулі өзгерістер берді. Осы кезеңде қалыптасқан жер-су атауларын кірме қабаттың, моңғол кезеңінде қарастыруға болады. Жоғарыда атап өткендей, моңғол тілінен енген атаулар жайлы сөз қозғағанда, ең алдымен микротопним құрамындағы топоним жасаушы форманттардың негізгі түбірі қай кезеңге жататыны маңызды болып табылады. Себебі, кейбір атаулар қазақ тілі мен моңғол тілдері арасындағы тарихи байланыстың тереңдігін яғни, сонау алтай тілінен бастапқы жақындығын аңғартады. Мәселен, *Исаттың қарағаны, Бозқараған, Майқараған* топонимдерінен екі тілге де ортақ моңғолша харгана // қазақша қараған лексикалық параллельдері өте ертеден келе жатқан өсімдік атауларын көреміз. Құрылымы: Түрк. *qara*// моңғ. *qarā* + көне түрк. *ī* «ағаш» + *уана*. Қазіргі моңғол тілінде *-уан(a)* қосымшасы «кішірейткіш» мәніндегі өнімді қосымша болып табылады. Қазақ тілінде *беткей, төскей, қалақай* т.б. сөздер

құрамында кездесетін -қай қосымшасы да «кішірейту» мағынасын үстейді [90]. Сондай-ақ, *оба* топоформанты да назарымыздан тыс қалмады. *Оба* – алтай тілінде: 1. стога, куча; 2. Устар. Груда жертвенных камней в честь духа горы – *обо, обого* деп берілген [88, б. 398]. А. Әбдірахмановтың пікірі бойынша көне моңғол тілдеріндегі *оба-обоо* сөзі моңғол тілінде *овойх-үйілу, овоолох-үю, овоолсон-үйген, үйілген* мағынасын береді деген тұжырым бар [85, б. 58]. Қазақ тіліндегі *оба* сөзі қатысымен жасалған топонимдерден шағын төбешік, бір нәрсенің үйіндісін көреміз. Ақсуат, Аягөз, Үржар аудандарында *Бесоба, Қособа, Обалы, Қырықоба, Сарыоба, Алтыоба, Ақоба, Шағаноба, Қалмақ оба* сияқты атаулар кездеседі. Бұл атаулардың құрамындағы *оба* топоформантының негізі сонау көне түркі кезеңінде жатыр деп ойлаймыз. Сонымен қатар өңір микротопонимиясында жиі кездесетін атаулардың бірі – Нарын. Ол микротопонимияда өзен және елді мекен атауы ретінде қолданыс тапқан. Жалпы Нарын сөзі географиялық нысан атауы ретінде тек қазақ жерінде ғана емес, Қырғызстан, Тува республикасында, Қалмақияда кездеседі. Топоним атауына байланысты зерттеушілер әр түрлі тұжырымдар жасайды. Бір топ зерттеушілер моңғол тілінен аударғанда *нарын/наран* – күн, күнгеі ұғымын білдіретінін алға тартса, түркітанушы Э.М. Мурзаев оны моңғол тіліндегі жіңішке, нәзік сөзінен шыққанына күмән келтірмейді [61, с. 304]. Сондай-ақ, араб тілінде де *нарин* – *нәзік* деген мағына беретіні және қазіргі түрік тілінде араб тілінен енген сөз *Нарин* жалқы есім түрінде кездесуі ортағасырдағы араб тілінен түркі тіліне өткенін көрсетеді. Ал моңғол тіліндегі *нарын/нарин* сөзінің көрінісі, көне түркі тілі арқылы моңғол тіліне арабизмдердің енуін анықтайды [58, б. 103].

Қазақ және моңғол тілдеріне ортақ топонимдердің молдығын негізге ала отырып, кірме қабаттардан (араб, парсы және орыс) моңғол қабатын ерекше топ ретінде қарастыра аламыз. Себебі, моңғол тіліндегі атаулар кірме топонимдерден гөрі, екі тілдің тілдік этногенезі қалыптасу процесіндегі ортақ топонимиялық жүйеден ақпарат береді [91].

Ақсуат, Аягөз, Үржар ауданы микротопонимдерінің кірме қабаттағы орыс тілі қабатын орыс тілі және орыс тілі арқылы батыс тілінен енген топонимдер құрайды. Бұл атаулардың араб-парсы, моңғол тілінен енген микротопонимдерден өзіндік ерекшеліктері бар. Біріншіден, орыс тілді атаулар микротопонимиялық жүйемізге бертін келе енген атаулар болып есептеледі. Екіншіден, орыс тілі кірме қабатын құрайтын топонимдерде саяси идеологияны аңғарамыз. Яғни, Қазақстан топонимикалық кеңістігіндегі сан ғасырлық бірегейлік, ерте замандардан бері қалыптасқан тұрақтылық XVIII-XIX ғасырлардан бастап, XX ғасырдың басына дейін жоспарлы түрде түбегейлі өзгеріске ұшырағаны белгілі. Қазақ жер-су атауларындағы «ақтаңдақтар» жайлы академик Ә. Қайдар: «...Қазақстан топырағындағы географиялық атаулардың «дертке» ұшырауының себеп-салдарын, таралу шеңберін айқындаған жөн» дей келе, топонимика саласындағы мұндай өзгерістердің себебін патшалық Ресейдің отарлау саясатының салдары деп түсіндіреді [92].

Зерттеуші ғалым М. Мырзахметов те жалпы қазақ топонимикасындағы өзгерістерді Ресей патшалығымен байланыстырады. Патша әулетінің ғасырлар бойы жүргізіп келген ішкі, сыртқы саясатының түпкі негізі – отарлаған елдердің ділін, дінін өзгерту, негізгі құндылықтардың бірі саналатын тілін, жазуын, мәдениетін өзгерту арқылы орыстандыру саясаты тым ертеректен басталғанын аңғаруға болады. Өйткені, белгілі бір ұлттың тарихи жадысын өшіріп, дәстүрі мен тарихынан айыру, идеологиялық мәңгүртке айналдыру – отаршылардың негізгі мақсаты болғаны анық [93]. Ғалым Қазақстанның Ресейге қосылу кезеңіндегі топонимикалық жүйесінің өзгеру тарихын үш кезеңде бөліп қарастыруды жөн санайды:

– 1731-1822 жылдардағы жер-су атауларының өзгерісі. Бұл – Ресей патшалығы қазақ ханықтарын сырттан билеп, протекторат есебінде ұстанған уақытта жер атауларын өзгертуді өте баяу, астыртын жүргізген кезең;

– 1822-1867 жылдардағы топонимикалық өзгерістер. Аталған кезеңде хандық жойылып, аға сұлтандық ел билеу жүйесі енген уақытта отаршылдық принципі негізінде қазақ жерлерін көпеген әкімшілік территорияларға бөліп, аталған территория, елді-мекендерді орысша атау арқылы жер-су атаулары үлкен өзгеріске ұшырады;

– үшінші кезеңдегі отаршылдық саясаты күшейген, яғни, 1868 жылғы «Жаңанизам» ережесімен 1917 жыл аралығында отарланған қазақ жері мемлекет меншігі ретінде ресми түрде жарияланған соң, отаршылдық мазмұндағы географиялық жер-су атаулары мүлде күшейіп, барынша арта түсті. Бұл кезеңде отаршылдар ұлан-ғайыр қазақ жеріндегі ғасырлар бойы қалыптасқан тарихи атауларды бұйрық негізінде өзгеріске ұшыратты [93, б. 73-74]. XVIII-XIX ғғ. Қазақстан жеріне жасалған әскери, ғылыми, әлеуметтік экспедицияларға шек болмады. Ғылыми декертерге сүйенсек, жалпы саны 77 экспедиция орындалған екен [94]. Олардың барлығы да Қазақстан жерін тиімді отарлау саясатының алғышарттары іспетті еді.

Ақсуат, Аягөз, Үржар аудандарындағы орыс тіліндегі атауларды жүйелейтін болсақ, Аягөз ауданында орыс шаруаларының аттарынан қалыптасқан *Сергиополь, Матвей, Псков*, кеңес үкіметінің қайраткерлері мен әскери қолбасшылардың құрметіне қойылған *Калинин*, кеңестік идеология әсері нәтижесінде қалыптасқан *Комсомол, Сад, Карантин, Стандарт, Центрбаз, Овцевод* тәрізді микротопонимдерді мысалға келтіруге болады. Үржар ауданында кездесетін *Ново-Троицк (Қарабұйрат), Благодатное (Теректі), Покровка (Батпақты), Некрасовка (Салқынбел), Ново-Адреевка (Барқытбел), Ириновка (Көкөзек), Аксаковка (Көлденең), Кировка (Қаратұма), Благодарное (Келдімұрат), Подгорное (Қарасаз), Врсток (Қайыңды), Петровск (Қызылбұлақ), Мирный (Көктерек), Захаровка (Бақты), Поливальное (Егінсу), Камышевка (Қатынсу)* және т.б. жоғарыда аталған тарихи кезеңдерді сипаттайды. Үржар ауданы топонимдерінің құрамындағы орыс тілі қабатын екі топқа бөліп қарастырамыз: біріншісі – жиырмамыншы ғасырдың басында қалыптасқан атаулар, екіншісі – кеңес идеологиясын, тоталитарлық отаршылдық белең алған кезеңде қазақ тіліндегі микротопонимдерді

орыстандыру арқылы ділімізді, дінімізді, ұлттық санамызды жою мақсатында күштеп енгізілген атаулар.

Ақсуат ауданының климаты, географиялық ерекшелігі ішкі Ресейден жер аударылғандарды қызықтырмағандықтан, микротопонимиясы аз мөлшерде деформацияға ұшыраған аудан болып есептеледі. Алайда, Ақсуат ауданындағы *Қызылжұлдыз, Қызылту, XXII партсъезд* микротопонимдері кеңестік идеологияны насихаттаған атаулар қатарына жатады.

Жаңа қабат қазіргі қазақ тілінің сөздік қорында орын алатын сөздердің қатысуымен жасалатын микротопонимдерді құрайды. Бұл қабат та түрлі тарихи жағдайларда қалыптасқан, тіліміздің төл микротопонимдерін қамтиды. Қазіргі қазақ тіліне тән өңір микротопонимдері жердің физикалық ерекшеліктерінен, халықтың тарихи-мәдени, саяси-әлеуметтік өмірінен мол мағлұмат береді. Мәселен, *Ақшатау, Ақшаулі, Ащысу, Балтатарақ, Дөненбай, Қайрақты, Жаманегін, Жыланды, Қайрақты, Қараағаш, Қаражал, Қызылтас, Малтүгел, Сәмен, Сатай, т.б.* Олар негізінен ру-тайпа атауларынан, өлкеге танымал батырлар, халыққа еңбегі сіңген тұлғалардың аттарынан, тарихи оқиғаларға, сан түрлі шаруашылық атауларына байланысты қойылған атаулар болып саналады.

Ақсуат, Аягөз, Үржар аудандарының микротопонимдері қазіргі қазақ тілінің тарихи қалыптасуы мен дамуынан белгі беретін сөздер. Аудан микротопонимдерінің құрамында сол өңірде өмір сүретін халықтың тұрмыс-тіршілігімен, кәсібімен, дәстүрімен байланысты қалыптасқан атаулар да бар. Сол себепті Ақсуат, Аягөз, Үржар аудандары микротопонимдерін ұлттың тарихы, шаруашылығы, кәсібі, мәдениеті, дәстүрі мен тілдік ерекшеліктерімен өзара байланыста қарастыру микротопонимикалық жүйенің ғылыми негізін қалыптастыруға мүмкіндік жасайды.

Қорыта айтар болсақ, Ақсуат, Аягөз, Үржар аудандары микротопонимиясы өзіне ғана тән, стратиграфиялық ерекшеліктерге ие екендігін аңғардық. Аталған өңірлердің әрбір стратиграфиялық қабаты аймақтың тарихи ерекшелігін, осы жерлердегі тарихи көші-қон процестерін сипаттап береді. Сондықтан өңір микротопонимиясының теориялық негізін анықтауда стратиграфиялық қабат маңызды зерттеу, болжау принциптерін қалыптастыратыны сөзсіз.

2.2 Микротопонимдердің тіркесімділік қасиеттері

Топонимдер – халықтық салт-сана турасында мол мағлұмат беретін ақпарат көзінің бірі. Көшпенді өмір салтымен тіршілік еткен қазақ халқы күнделікті өмірде көрген-білгенін, зердесіне түйгенін, өмірлік тәжірибесін, бүкіл керемет құндылығын көшіп-қону кезінде кездескен әрбір бұлақ-бастау, төбе, жазық, ой мен қырға және олардың ерекшелігіне сәйкес айқындап, атау беріп отырған. Жалпы тіліміздегі топонимдер жүйесіндегі атаулардың пайда болуына және қалыптасуына, дамуына ұлттың мәдени өмірі әсер ететіні сөзсіз. Сондықтан әрбір атауды қалыптастыру мен оны өзара тіркестіре отырып пайдалану сол халықтың мәдениетімен тікелей байланысты. Өйткені,

топонимикадағы атаулар жүйесін сол ұлттың дүниетанымынан, психологиясынан, материалдық дүниелерінің тоғысқан жиынтығынан көруге болады.

Белгілі ғалым Қ. Рысберген топонимдік атауларға байланысты ақпараттың төмендегідей түрлерін атап көрсетеді:

1) мекенжайлық (адрестік) ақпарат – атаудың әлеуметтік қызметі деп санайды;

2) этномәдени ақпарат – этностың қоршаған ортаны игеруі барысындағы дүниетанымы, кәсібі, шаруашылығы, наным-сенімі, мәдениеті, т.б. жатқызған;

3) тілдік ақпарат – семантикалық және сөзжасамдық құрылым, фонетикалық сипаты, атауға негіз болған уәж түрін жатқызады. Оны өзгермейтін атаудың негізгі және тұрақты ақпараты деп таниды;

4) ғылыми ақпарат – ол географиялық нысанның геофизикалық, геоморфологиялық қасиеттеріне байланысты объективті ақпарат түрлерін жатқызған;

5) тарихи-деректік ақпарат – атаудың пайда болуына қатысты нақты тарихи дерек, оқиға;

6) лингвоәлеуметтік ақпарат – нақты бір атау туралы қоғамдағы, қазіргі кезеңдегі халық, әлеуметтік топтар арасындағы түрлі деректер, ассоциациялар, шартты түрде тарих болып үлгермеген немесе тарихилануға бейім ақпарат деп бөлген [2, б. 38].

Осындай топонимдердің өн бойындағы ақпараттар топонимжасамдық кешенді талдау жасауда қолданылады. Осы жіктемені негізге ала отырып біздің қарастырып отырған нысандағы, Ақсуат, Үржар, Аягөз аудандары микротопонимдеріне топонимжасамдық талдау барысында қосымша ақпарат беретін бірнеше түрлеріне мысалдар келтіре кетсек.

1. *Мекенжайлық (адрестік) ақпарат беретін микроатаулар* ретінде жердің орналасу ерекшелігіне байланысты қалыптасқан атаулар: *Бас Ақымбет, Басқы Шағаноба (Орта Шағаноба, Төменгі Шағаноба), Күнгей, Кішіжайлау т.б.*

2. *Этномәдени ақпарат – этностың қоршаған ортаны игеруі барысындағы қалыптасқан атаулар:* *Жасандыкөл, Үшкүмбез, Қосбейіт, Биесимас т.б.*

3. *Ғылыми ақпарат – географиялық нысанның өзіндік қасиеттеріне байланысты ақпарат береді:* *Жылыбұлақ, Жырықсу, Көкірім, Көгілдіртау.*

4. *Тарихи-деректік ақпарат – халықтың басынан өткен белгілі бір тарихи оқиғалардың көрінісін танытады. Мысалы: Қаратай қырылған, Кешудің қара өткелі, Барақбай қыраты, Қабанбай шаты, Садыр көлі.*

Кез келген атаудың алғашқы қалыптасуында тілдік бірліктер, мағына желісі басты назарға алынатыны белгілі. Содан кейін ғана тарихи-деректер немесе лингвоәлеуметтік жағдайлары баяндалады. Ал атаудың мекенжайлық, этномәдени, ғылыми ақпараттары топонимжасамдық талдауда қосымша ақпарат түрінде алынатындығын ғалым Қ.Рысберген атап өтеді.

Осы топонимдік атаулардың тілдік қолданысы мен жасалуы турасында бағамдағанда олардың белгілі бір топонимжасамдық тәсілдер арқылы жасалып қолданыста болуымен қатар атаулардың өзара тіркесімділік қабілеті де маңызды екендігін танымыз. Бұл тіркесімділік қабілетті ең алдымен топонимжасамдағы жалқы есімдердің қолданысы мен берілуінен де бағамдауға болады. Сондай-ақ, қазақ және түркі ономастикасында жалқы есімдердің құрылымдық типін анықтауға да баса назар аударады. Осы ретте бірнеше зерттеулерді бағамдасақ.

Мәселен, түркі және славян халықтары ономастикасында жалқы есімдерді құрылымына қарай топтастырудың бірнеше жолдары көрсетіледі. Қазақ тіл білімінде ғалым Т. Жанұзақов жалқы есімдерді (антропонимдер, топонимдер, космонимдер) құрылымына қарай екі компонентті және көп компонентті деп атайды. Ғалымның айтуынша, қазіргі қазақ тілінде кеңінен тараған құрылымға әртүрлі сөз табының бірігуінен жасалған екі компоненттілерді жатқызады [4, б. 198].

Тіл білімінде ғалым О.А. Сұлтаньяев күрделі жалқы есімдерді есімдерден жасалған атаулар және етістіктен жасалған атаулар деп екі құрылымдық типте қарастыруды ұсынады.

Атаулардың құрамындағы түбір сөзді саны жағынан топтастыру компоненттер арасындағы синтаксистік қатынастарды анықтауға септігін тигізеді [95].

Келесі бір зерттеулерде ғалым Х.Ф. Искакова күрделі жалқы есімдерді анықтауышты және предикативті деп бөліп көрсете отырып, анықтаушысы бар құрылымды тәуелдік, сандық және бейімделуші компоненттер деп жіктеген [96].

Қазақстан өлкесін зерттеген басым көпшілік ғалымдар топонимдерді компонент санына қарай топтастыра отырып, бірнегізді, екінегізді, үшнегізді, төртнегізді атаулар деп көрсетеді. Ал зоонимдерді қарастырған зерттеуші ғалым Т.В. Линко атауларды жай және күрделі сөздер деп бөледі. Демек, ол мұндай құрылымдық топтастырулар екі және одан да көп сыңарлы сөздердің қай сөз таптар қатынасынан жасалғанын анықтауға мүмкіндік береді деген тұжырым жасайды [97].

Түркі ономастикасында кең қолданыстағы бірнегізді және екінегізді атаулар турасында ғалым О.Т. Молчанова пікірінде: «Түркі тілдерінде топонимдер компоненттері арасында белгілі бір байланысқа негізделген бірнегізді, екінегізді, үшнегізді, кей жағдайда ғана одан да көпнегізді құрылымнан тұрады», – деп атайды. О.Т. Молчанова зерттеу материалы негізінде күрделі немесе біріккен тұлғалы түркі географиялық атаулардың синтаксистік құрылымын: 1) элементтердің қатынастық құрылымда келуі; 2) сөйленіс мәтінде бар сөздерден басқа сөздерді қолдану мүмкіндігінің болмауы; 3) компонент арасындағы синтаксистік байланыстың әлсіреуінен морфема біріккен жерінде гаплоглогия, ассимиляция мен диссимиляцияның орын алуы» деп жіктейді [98].

Орыс тіл білімінде де жалқы есімдердің құрылымына көңіл бөле отырып, оларды бірнеше негіздерге жіктеп көрсетеді. Белгілі ғалым Н.В. Подольская жалқы есімдерді нақталай отырып былайша көрсетеді: 1) бірнегізді атаулар; 2) екінегізді атаулар; 3) туынды үш негізді атаулар [99]. Ал А.В. Суперанская жалқы есімдерді зат есімді атаулар, сын есімді атаулар деп екіге бөліп көрсете отырып, зат есімді атауларды дара, күрделі, зат есім қызметін атқарушы тіркестер, ал сын есімді атауларды дара, күрделі, адъективті тіркестер деп санамалай береді [100].

Ал жалқы есімдердің құрылымдық типтерге қарай жіктелуі де маңызды. Оны В.Н. Попова, О.А. Сұлтаньяев былайша көрсетеді: 1) аффиксті тип; 2) аффиксіз тип; 3) сөз тіркестерінен құрылған атау; 4) сөздердің бірігуі арқылы құрылған атау [101].

Ақсуат ауданы микротопонимикалық жүйесіндегі «Қабанбай шаты – тау географиялық нысаны (Қабанбай шатқалы), ескі адамдардың куәлігі бойынша, осы таулардың етегінде Қабанбай батыр мен оның жауынгерлері жорық даласынан оралып, демалуға тоқтады. Ал Майлы шат-тау (Мұнай шатқалы) географиялық нысаны қазақ батырларының жоңғарды Қытай шекарасына қарай итеріп, осы тауда тойлағанын көрсетеді» [60, р. 435-446] деп келетін тұжырымдағы *Қабанбай шаты*, *Майлы шат* микротопонимдерінің құрамын жалқы есім тіркесінде келетін екі компонентті атауларды кездестіреміз.

Осындай ғалымдар тұжырымдарын бағамдасақ, қазақ және орыс тілдеріне тән жалқы есімдерде көптеп қолданылатын сөзжасамдық, құрылымдық типтер мен қосымшалар турасында да аз айтылмаған. Әрбір ономастикалық түрге тән өзіндік сөзжасам элементтері бар, әрі олардың барлығы бірдей қолданысқа түсе бермейді.

Зерттеулерден шығатын түйіндеме, түркі ономастикасында жалқы есімдерді құрылымына қарай жіктеуде анықтауыштық қатынастағы екінегізді атаулардың, ал орыс тілінде аффиксті типтердің басым екендігін бағамдауға болады. Ономастикалық кеңістіктің құрылысын және сөзжасам ерекшеліктерін талдау әр онимдердің зерттеуінде біртұтас бөлігі ретінде қарастырылады. Бұдан өзге жалпы тілдегі қолданыста тілдік тұлғаның дискурсында кездесетін атаулар қызметі қолданысына қарай коммуникативтік, құрылымдық, мағыналық, стилистикалық қызметтерді танытады.

Мәселен, атау ретіндегі тіркестің коммуникативтік қызметі тікелей синтаксистік қасиетімен байланысты бола отырып, өзге тұлғалардың осындай қызметімен сәйкес келеді. Ол атаулардың негізгі қызметі, мұнда белгілі бір ақпарат берілу үшін, сөздердің сөйлемдегі орны мен тәртібі сақталуы керек болады. Сөздердің орын тәртібі, әсіресе, жазба тілде толық әрі жүйелі сақталады. Атаулар тіркес түрінде көбінесе екі не бірнеше сөзден тұратын болғандықтан, онда берілетін ақпарат та күрделі болып келеді. Сондықтан мұның өзіндік ерекшелігі бар деп тани аламыз.

Конструктивтік қызметі де синтаксистік құрылымымен тікелей байланыса отырып сөздердің орын тәртібіне қатысты болады. Мұндай тіркестер

кез келген туынды сөздер сияқты жеке тұлғалармен байланысып, еркін тіркес құрай алады.

Ғалымдардың пікірінше, тіркесімділік – сөздердің тек грамматикалық (синтаксистік) қызметі ғана емес, лексикамен, сөздердің ішкі мағына сыйымдылығымен, яғни, семасиологиямен тығыз байланысты болатындығы баса айтылады.

Тілімізде сөздердің мағыналық жағына қарай олардың тіркесімділігі артып, я кеміп отырады. Сөздердің ішкі мағыналық шеңбері де, көлемі де тіркес арқылы ашылып, содан байқалады. Сондықтан сөздердің тіркесімділігі лексика-грамматикалық категория тұрғысынан зерттелуі орынды. Синтаксистік (грамматикалық) өріс пен семантикалық қыры салыстыра отырып соған сәйкестендіре бағамдағанда ғана сөздердің тіркесімділік қабілеті толық ашылады. Жалпы тіркесімділікке үлкен маңыз беріп, бұл мәселенің зерттелуі тек грамматикалық қана емес, сондай-ақ семантикалық жақтан да қажет екендігі белгілі. Сөздерді жеке сөз таптарына қарай топтастырғанда олардың бірыңғай грамматикалық мағынасы негізге алынады. Ал грамматикалық мағынаның өзі сөздердің бір-бірімен байланысып, тіркеске түсуі нәтижесінде қалыптасады. Соның негізінде белгілі бір сөз табындағы сөздер екінші бір сөз табын құраушы сөздермен тіркеседі. Барлық сөз таптарының бір-бірімен тіркесімділік қасиетін бірдей деуге болмайды.

Мәселен, сөз таптарының ішіндегі етістіктің тіркесімділік қасиеті өте күшті екені белгілі. Себебі, етістік барлық сөз таптарымен тіркесе береді. Ал үстеу сөз табының тіркесімділік қабілеті етеістікке қарағанда әлдеқайда солғын. Сонымен қатар зат есім мен зат есім, сын есім мен зат есім, үстеу мен сын есімдер де бір-бірімен тіркеседі. Бұл олардың грамматикалық қасиеті болып табылады. Алайда сөздердің бір-бірімен тіркеске түсуінде оның грамматикалық қасиеті ғана негізге алынбайды, сондай-ақ лексикалық қасиеті де ескерілуі керек. Бір-бірімен тіркесімге түсетін сөз таптарының ішіндегі барлық сөз таптарының ішіндегі барлық сөздер тіркес құрай бермейді, олардың арасында тіркесімге түспейтін сөздер де бар. Мәселен, зат есім мен етістік сөз табы ретінде бір-бірімен жиі тіркесімге түседі. Бұл олардың грамматикалық сипаты. Бірақ зат есім тобындағы кез келген сөз етістік тобындағы кез келген сөзбен тіркесе бермейді. Белгілі бір сөз табындағы сөздер өзара тіркесімге түсіп, сөз тіркесі қатарында қолданылуында олардың грамматикалық жағынан сәйкес келуімен бірге лексикалық жағынан үйлесімдігі де маңызды болып табылады. Сөздер грамматикалық жағынан байланысқанымен, лексикалық мағыналарының арасында ешбір байланыстың болмауы олардың тіркесім жасауына мүмкіндік бермейді.

Сондықтан жоғарыда айтқанымыздай, сөздердің тіркесімділігі тілдік категория ретінде сөздің мағынасымен тікелей байланысты болады. Жалпы сөздің тіркесімділік қасиеті өзі белгілейтін зат пен ұғымның арасындағы байланыс пен қарым-қатынас негізінде қалыптасады. Сөз мағынасы мен оның тіркесімділігі өзара байланысты болады. Жалпы сөздерге тән синтагмалық

байланыс яғни, олардың арасындағы қатынас та сөз мағынасына байланысты болады.

Демек, тіліміздегі сөздердің, атаулардың басқа сөздермен тіркесу қабілеті мен мүмкіндіктерінің жүзеге асу жолдары сөздің белгілі бір сөз табына тән болуымен ғана емес, оның лексикалық мағынасына да қатысты болатындығында. Сондықтан сөз мағынасы мен оның тіркесімділігін бір-бірінен бөліп қарауға болмайды. Сөз мағынасының оның тіркесімділігіне негізделуі, сондай-ақ тіркесімділік сипатының өзгеруі оның мағыналық жағының өзгерісіне де әсер етеді.

Сөз мағынасы мен тіркесімділігінің арақатынасында ерекшеліктер де ескеріледі. Сөз тіркесі белгілі бір тілдік элементтер үшін контекст болса, екінші жағынан, тілдік (синтаксистік) бірлік болып табылады. Сөздердің тіркесімділік қасиеті әрбір грамматикалық топтағы сөздердің мағыналық қыры мен грамматикалық сипатына негізделеді.

Сонымен, сөз тіркесімділігі сияқты, сөз тіркесі үлгілерінің қалыптасуына семантикалық факторлар ерекше әсер етеді. Себебі, сөз тіркесі құрамындағы сөздер бір-бірімен грамматикалық және мағыналық жағынан өзара ыңғайлас болып келуі сөз тіркесі үшін де басты шарт. Сөз тіркесін жасаудағы бұл факторлардың (лексикалық, грамматикалық) байланысы мен қарым-қатынасы жан-жақты тұрақты байланысты көрсетеді. Сөздің грамматикалық жағынан өзіне бағынышты сөздермен тіркесу қабілеті өте маңызды. Ең алдымен бұл қабілеттіліктің бір жағы грамматикаға, яғни, оның синтагма аясына, сөздердің тіркесуіне негізделеді. Екінші жағынан, семантикаға бағытталып, тілдегі лексика-семантикалық құбылыстармен тығыз байланысты болады.

Лексика-семантикалық жағынан алғанда сындық ұғым мен заттық ұғымды білдіретін сөздер бір-бірімен мағыналық қарым-қатынаста болады. Сондықтан лексикалық тіркесімділік сөздердің негізгі бастапқы мағыналарының үйлесімділігіне, синтаксистік тіркесімділік ол сөздердің грамматикалық мағынасына, белгілі бір сөз табының құрамындағы сөз табының құрамындағы сөз таптарының грамматикалық байланысына негізделеді. Кез келген атаулардың құрылымдық қолданысында тіркесімділік қасиеттің ескерілуі маңызды. Бұл біз қарастырып отырған белгілі аймақтардағы топонимдік атаулардың құрылымдық қолданысында анық байқалып отырады.

Сөздердің, белгілі бір атаулардың тіркесімділік қасиетінде мағыналық байланыстан өзге де сөзжасау тәсілдерінің бірі – бірігуі арқылы да қолданылуының өзіндік сипаты бар. Жалпы сөзжасамда біріккен сөздер мәселесі мен олардың зерттелу тарихы жөнінде жүйеленген ережелер бар. Осы біріккен сөздер жөнінде жарияланған зерттеулердің негізі қазақ тіл білімінің атасы А.Байтұрсынов зерттеулерінен бастау алатыны белгілі.

Жалпы тілімізде сөздің бірігуі арқылы жасалуында сыртқы көрінісі – сөздің тұлғасын топтастырып, жіктеу де кездеседі. Мәселен, Қ.Жұбанов біріккен сөздерді алты топқа бөліп қарастырады. Ғалым екі, үш түбірден құралып, бір түбір болып кеткен сөздерді «кіріккен түбірлер» деп атаса, біріккен сөздерге «кіріккен түбірлер» деген атау тағады [56, б. 106].

Біріккен сөздердің жасалуы мен табиғаты турасында ғалымдардың ғылыми тұжырымдарын А.Ысқақов, К.Аханов, С.Исаев, М.Балақаев т.б. еңбектерінен де көре аламыз. Ал бүгінгі тіл білімінің зерттеуші ғалымдары біріккен сөздердің өзектілігін құрылымдық-мағыналық тұрғыдан саралау арқылы дәлелдеуде.

Тілімізде екі-үш сөзден тұратын күрделі атаулар өте көп. Олардың құрамы да әр түрлі. Кейбір топонимдер екі негіз сөзден жасалса, енді бір топонимдердің құрамында екі туынды түбір қатар келеді. Сондықтан, күрделі топонимдердің морфемдік құрамы топонимдердің тұлғасы мен мағынасын жасайтын сөздер мен сөзжасамдық жұрнақтардан тұрады. Олардың құрамы, реті әр түрлі болғандықтан әрқайсысы жеке тілдік талдауды қажет етеді.

Топонимжасамдық күрделендіру тәсілі арқылы жасалған тіліміздегі біріккен, кіріккен және тіркесті сөздердің барлығы лексикалық бірлік болып саналады. Олар сөзге қойылатын талаптардың барлығына сай келеді де сөйлемде дайын қалпында алынады. Мәселен, тіліміздегі топонимдер де айтылатын ойдың қажеттілігіне қарай сөйлемдерде дайын қалпында қолданылады.

Топонимдерді құрамына қарай талдауда да оның сөзжасамдық бірліктерін ажырату қажет болады. Топонимжасамдық бірліктері ажыратылғаннан кейін, оның сөздің қай сөз табына жататынын анықтау керек. Ол үшін түбір сөздің қай сөз табына қатысты екендігі анықталады және қай сөз табының сөзжасамдық бірлігі арқылы жасалғанына, топонимнің мағынасына мән беріледі. Онда топонимнің қалай жасалғанын, топонимдегі туынды мағынаны жасаған топонимжасамдық бірліктерді анықтау қажет. Өйткені, әр туынды сөздің құрамы белгілі сөзжасамдық, яғни, топонимжасамдық бірліктерден тұрады. Күрделі атау бірнеше толық мағыналы сөздерден құралатыны белгілі, әр күрделі атаудың лексикалық мағынасын жасайтын тілдік бірліктер болғандықтан, олардың мағынаға қатысы дәлелденуі тиіс. Өйткені, күрделі атаулар екі-үш негіз сөзден, яғни, уәждеме сөзден жасалады, сондықтан күрделі атаулардың мағынасы оның құрамындағы негіз сөздердің, яғни, уәждеме сөздердің мағыналарынан құралады. Топонимдік атаулардың мағыналары негіз сөздерімен байланысты болуы – негізгі заңдылықтардың бірі.

Топонимдерге талдау жасалғанда негіз сөз анықталады да, оның топоним сөзбен мағыналық байланысы нақтыланады. Ол топонимжасамдық талдауда топонимнің мағынасын уәждеме сөздің мағынасымен салыстыру арқылы жүзеге асады. Топонимдік атау сөзінің мағынасы уәждеме сөздің мағынасынан қандай дәрежеде өзгергені арқылы топонимжасамдық мағына анықталады. Сондықтан, тіліміздегі топонимдерді сөзжасамдық тұрғыда талдау негіздерін басшылыққа ала отырып, зерттеу нысанындағы аудандар бойынша қолданылатын микроатауларды компоненттік тұрғыдан қарастырудың нәтижелері төмендегідей болды.

Зерттеу барысында Ақсуат, Үржар, Аягөз аймақтарындағы микротопонимдерін зерделеуде бұл өңірдегі микроатаулардың тіркесімділік қасиеттерін саралай келе құрылымдық тұрғыдан да бір, екі, үш компонентті

құрайтындығы байқалды. Әр компонент белгілі бір қалыптасқан, жалпыланған атаулар арқылы тіркесіп келеді.

Алдымен Ақсуат ауданы бойынша микротопонимдердің тіркесімділік қабілетіне назар аударсақ. Бұл өңірдегі микроатаулар «шат», «қора», «тоған» сөздерімен тіркесіп келіп осы аймақтың географиялық, тілдік, тұрмыстық ерекшеліктерінен хабардар етеді. Нақты мысалдар арқылы көрсетсек:

Екі компонентті микротопонимдік атаулар: «су», «бұлақ», «зират», «бейіт», «қыстау», «шат», «қора», «тоған» т.б сөздерімен тіркесіп микроатаулар қатарын құрайды.

«Су», «бұлақ», «өзен» сөзімен тіркескен атаулар: *Асубай бұлағы, Әлібай бұлағы, Дәмелі бұлағы, Жиеш бұлағы, Зергер бұлақ, Ноқаның бұлағы, Қалмақбай бұлағы, Сырдыбай бұлағы, Шилі бастау, Шилі өзен, Шипалы бұлақ, Шәмшекбай бұлағы, Құм бұлақ.*

«Асу» сөзімен тіркескен атаулар: *Иқанбай асуы, Желдінің асуы, Мұқабай асуы.*

«Шоқы» сөзімен тіркескен атаулар: *Сары шоқы.*

«Зират», «бейіт» сөздерімен тіркескен атаулар: *Зеріп зираты, Нұғыманның зираты, Нұрмағамбет зираты, Тапы зираты, Темір бейіт, Тоғас зираты, Тоғас Сасан, Сәтпайдың зираты, Тоқай мазары, Тоқтамыстың зираты, Ырғызбай зираты.*

«Қызыл» сөзімен тіркескен атаулар: *Қызыл ащы, Қызыл белбеу, Қызыл би, Қызыл қошын, Қызыл отау, Қызыл адыр.*

«Қыстау» сөзімен тіркескен атаулар: *Шабан қыстағы, Шадай қыстауы.*

«Қора» сөзімен тіркескен атаулар: *Ахметтің қорасы, Бәйел қорасы, Есіркеген қорасы, Жоңышқа қорасы, Итбай қорасы, Кеңесбай қорасы, Құрман қора.*

«Тоған» сөзімен тіркескен атаулар: *Болаттың тоғамы, Кегенбай тоғамы, Түстікбай тоғам, Түстінбай тоғамы, Шындәулеттің тоғаны.*

«Шат» сөзімен тіркескен атаулар: *Бөгенбай шаты, Қабанбай шаты, Әулие шатқалы, Боранбай шаты*

Әртүрлі сөздермен тіркескен екі компонентті атаулар: *Ащылы дала, Әкібай тамы, Әсембет Нәзімбай, Байшойын серегі, Бапанның шағыры, Барақбайдың қыраты, Басқы Шағаноба, Орта (ортаңғы) Шағаноба, Төменгі Шағаноба, Баттың кезеңі, Баттың үңгірі, Бәйбішенің ауылы, Бәкім қаиқан, Бектұр тұйығы, Бесшоқы Текей, Ботай жері, Бүрін кезеңі, Бықының ақшиі, Дәкі асуы, Дәулетбай батыр, Еламан ашасы, Елеке сазы, Ержан базы, Ескі Асусай, Ескі Сұлутал, Ескі Тұғыл, Жақсы Арғанаты, Жақсы Қызылт, Жал Толағай, Жаман дала, Жаман Қызылтас, Жаман Егінсу, Жанай биігі, Жанақай биігі, Жапалақтың қыры, Жарқынбай қыры, Жарылған жері, Жобалай биігі, Жүніс базы, Жібек жолы, Завет Ильича, Иқанбай өрі, Иттің көлі, Карл Маркс, Кәкіш биігі, Китің қара, Көбай дауаны, Көкен қыры, Кіші Қарасу, Кіші сарымсақты, Қабдеке қорымы, Қазына ағыны, Көлденең қайшы, Қалмақ қорым, Қалмақ оба, Қанды тау, Қанды шоқы, Қара кезең, Қара қой, Қара оба, Қара інген, Карабугинской волости, Қарашапан ойпаты, Қисықтың*

Қаражалы, Қорымды айрық, Қуаң Доланқара, Қубас кезеңі, Құдағи өлген, Қыз жылаған, Қыстау батыр, Шолақ лаба, Ласты/ұласты, Үлкен Майлы, Кіші Майлы, Манастың қызылы, Мауқыбай асуы, Мәшіктің керегетасы, Өкпеті болысы, Сабындыкөл қорымы, Сағым өткелі, Саршоқы/сары шоқы, Сары бөктер, Сақабай сарықамысы, Сасан қыры, Сауыт қойған, Сәрсенбайдың сарышоқысы, Сейман сайы, Серен қамал, Стандарт қара, Тайынша молда, Талды Базар, Тана Мырза, Тана мешіті, Тері қажы, Теріс аққан, Тоғайдың шоқысы, Тоған сорбент, Тоғыздың құдығы, Тоғзыншы май, Тоқым тыққан, Төлебай өткелі, Тұрып тышар, Түйе базы, Ұлтарақтың қыры, Үлкен базар, Үш Богас, Үлкен сарымсақты, Ханым бейіті, Шақа қызылы, Шаянбайдың көлі, Шаянбайдың шорғасы, Шеткі Қандысу, Шманжан асуы, Шошқа түбек, Шоқа қызыл, Шаянбайдың шоқысы

Үш компонентті микротопонимдік атаулар: *Едігенің көп сүйегі, Ит пен Қоқай, Иттің қара жолы, Бас қара оба, Орта қара оба, Қисықтың қора жолы, Сасанның сары тақтайы, Сығынның қара жалы, Тайынша молданың қорасы, ХХІ партсъезд кеңшары*

Келесі ретте Ақсуат аймағы бойынша микротопонимдерді құрылымдық топтастыруда компоненттер санына қарай қолданыс жиілігін анықтадық (2-кесте).

Кесте 2 – Ақсуат ауданы бойынша микротопонимдердің компоненттік қолданысы

Аудан атауы	1 компонентті	2 компонентті	3 компонентті
<i>Ақсуат ауданы бойынша:</i>	<i>1228 атау 921-біріккен сөз 307-негіз және туынды сөз</i>	<i>189атау</i>	<i>5атау</i>
<i>Барлығы: 1422 атау</i>			

Зерттеу нәтижесінде Ақсуат ауданы микротопонимдерін тіркесу қабілетін бағамдағанда екі компонентті атаулардың тіркесімділігін, қолданыс ерекшелігін байқауға болады.

Абай облысының Ақсуат ауданы топожүйесіндегі микротопонимдерді жан-жақты лингвистикалық зерттеу ұлттың қалыптасқан этно-территориялық санасын терең ұғынуға, ұлттық негіз ерекшеліктерін, рухани бастауларды түсінуге әсер етеді.

Келесі ретте Үржар ауданы микротопонимдерінің тіркесімділік қабілеттерін ескерсек, бұл аймақта да өзара тіркесіп келген бір, екі, үш компонентті атаулар кездеседі. Алайда екі, үш компонентті атаулардың тіркесу қабілеті жоғары екендігін байқаймыз. Соған орай екі, үш компонентті атаулардың қолданысына нақты мысалдар келтірілді. Аймақта әсіресе некроним, яғни, бейіт, мола, күмбез атауларының қолданысы басым.

Екі компонентті микротопонимдік атаулар: «Қашар», «тұма», «су», «бұлақ», «сай», «қазаниұңқыр», «ойыс», «жайлау», тау», «ауыл», «зират»,

«бейіт», «қыстау», «шоқы», «кілет», «тоған» т.б сөздерімен тіркесіп микроатаулар қатарын құрайды

«Қашар» сөзімен тіркескен атаулар: *Абай қашар, Күмісбай қашары, Ақ қашар, Әкімбай қашар, Бекжан қашары, Жақсыбек қашар, Көкен қашары, Мәлібек қашар, Мәнсұр қашар, Молдақан қашары, Нағасбек қашар, Сүгір қашары.*

«Тұма» сөзімен тіркескен атаулар: *Абдулла тұмасы, Атығай тұма, Баймошкан, Текелінің тұмасы, Шошқаның тұмасы, Нұрсәлім тұмасы, Құмшыкеш тұмасы, Соқыр тұма*

«Су», «Бұлақ», «Өзен» сөзімен тіркескен атаулар: *Ай суы, Бәдігүл бұлағы, Бектұрған бұлағы, Дастан бұлағы, Бұқпан өзені, Егінсу өзені, Жаманша бұлағы, Көктеме суы, Жоғарғы ұзынбұлақ, Сеңгірбай бұлағы, Қамза бұлағы*

«Сай» сөзімен тіркескен атаулар: *Айтбай сайы, Аңшылының сайы, Бектібай сайы, Бесбай сайы, Кочелгин сайы, Талдының сайы, Махаббат сайы, Қорғанбай сайы.*

«Жайлау» сөзімен тіркесетін атаулар: *Атабай жайлауы, Ахмет жайлауы, Әбілдің жайлауы, Додановтың жайлауы, Күсенбай жайлауы, Мұраттың жайлауы, Соғымбаевтың жайлауы.*

«Зират», «Бейіт» сөзімен тіркескен атаулар: *Байжігіт зираты, Ескендір зираты, Бармақ бейіті, Көбентай зираты, Көтібақ зираты, Таутан бейіті, Ноғай бейіті, Қален бейіті, Қызай зираты.*

«Қыстау» сөзімен тіркескен атаулар: *Бапының қыстауы, Кенжалының қыстауы, Омардың қыстауы, Толыбайдың қыстауы, Қосал қыстауы.*

«Шоқы» сөзімен тіркесетін атаулар: *Дәркембай шоқысы, Қален шоқысы, Бәдігүл шоқысы, Қызыл шоқы.*

«Кілет» сөзімен тіркескен атаулар: *Дүйсекенің кілеті, Жәйсан кілеті.*

«Тоған» сөзімен тіркескен атаулар: *Қарақалпақ тоғаны, Еділбай тоғаны, Ыбырай тоған, Татар тоғаны, Төре тоғаны.*

«Кіші» сөзімен тіркескен атаулар: *Кіші Әбеу, Кіші Дүйсен, Кіші Күйлібай, Кіші Қостөбе, Кіші Арқалы.*

«Үлкен» сөзімен тіркескен атаулар: *Үлкен Арқалы, Үлкен Әбеу, Үлкен Бұқар, Үлкен Дүйсен, Үлкен Күйлібай, Үлкен Қостөбе.*

Әртүрлі сөздермен берілген екі компонентті атаулар: *Алакөл қазанишұңқыры, Алакөл ойысы, Атабай тауы, Әбеу ауылы, Ащылы өзек, Байғана Нәдір, Балтабек қажы, Барлық Арасан, Бармақтың бекінісі, Бармақтың құмы, Бармақтың суаты, Бірмойын асуы, Танаиш асуы, Таңбай кезеңі, Грейшенің дирмені, Елтайдың бұрылысы, Дулатқара одыр, Қабанбай шаты, Боковой ключь, Братская могила, Дағанбел-Салқынбел, Дөңгелек шиде, Дүнгендерің тұғылы, Жиырма екінші, Жоғарғы ащылы өзек, Жоғарғы егінсу, Келдімұрат Кеңқарын, Кірген тас, Қайыркеден түбегі, Қалқанның Қожыр, Қанағат болыс, Қара тайынша, Қара шілік, Қарақатын Шәумен, Қарауыл екінші, Қарғалының басы, Қодар қазған, Үрат шаты, Қосайдың құмы, Құлыстай жазығы, Құтидың жазығы, Қыдырбай түбегі, Манабай зираты, Андреевский бугор, Меланченко сады, Мокрый шель, Надина заимка, Найман*

қала, Никиннің полесі, Нұржанның жотасы, Оныншы, Ораз тоғаны, Сабаздың сазы, Сасан жазығы, Старое поле, Тоқшара ата, Тотия бұлағы, Төменгі Ұзынбұлақ, Үш Құлыс, Үшкір тау, Шалтайдың диірмені т.б.

Үш компонентті микротопонимдік атаулар: «Қыстау», «зират», «жота», «су қоймасы», «бейіт», «жазық», «өзек», «жайлау» сынды сөздердің тіркесуі арқылы жасалған.

Балтабек қажы қыстауы, Бекбосын Домбайұлының зираты, Бес үй жотасы, Қарақол су қоймасы, Кененің кең қолтығы, Сасан би бейіті, Сасан би жазығы, Таутан батыр зираты, Төменгі ащылы өзек, Тұмарбектің жайлауы, Шынтемір қажы зираты, Шініке батыр зираты.

Үржар ауданы бойынша микротопонимдерін тіркесімділік қабілеттеріне қарай бағамдағанда құрылымдық жағынан компоненттер санының қолданыс жиілігі төмендегі 3-кестеде берілді.

Кесте 3 – Үржар ауданы бойынша микротопонимдердің компоненттік қолданысы

Аудан атауы	1 компонентті	2 компонентті	3 компонентті
Үржар ауданы бойынша:	897 атау 802-біріккен сөз 95-туынды түбір, негіз сөз	167 атау	12 атау
Барлығы: 1076 атау			

Аягөз ауданы микротопонимдерінің де тіркесімділік қабілеттеріне орай берілу ерекшеліктері бір, екі, үш компонентті микроатаулар түрінде келетіндігін байқалады. Атаулардың қолданысын бағамдай келе екі және үш компонентті атаулардың қолданысына нақты мысалдар келтірілді.

Екі компонентті микротопонимдік атаулар: «Су, бұлақ, өзен», «зират, бейіт», «қыстау», «қора», «күмбез, кесене», «үлкен», «үш» т.б өзге де түрлі сөздермен тіркесіп микроатаулар қатарын құрайды.

«Су», «бұлақ», «өзен» сөзімен тіркескен атаулар: Ақайдың бұлағы, Әлтиөзені, Бабаң өзені, Биса бұлағы, Дағанделі өзені, Дүйсен бұлағы, Дүйсен қарасуы, Ескене бұлағы, Жалаңаштың бұлағы, Жарықбастың суы, Икенің бұлағы, Күшіктің бұлағы, Қойлыбай бұлағы, Қыздың суы, Ноғай бұлақ, Сәменбет бұлағы, Түсіп бұлағы, Шал бұлағы, Шипалы бұлақ, Шініке бұлағы.

«Зират», «бейіт» сөзімен тіркескен атаулар: Аққұйрыққажы зираты, Әулиеқыз бейіті, Бегешби зираты, Бердіқожабатыр күмбезі, Бозай зираты, Бікешешен зираты, Қазақбай зираты, Қақпанның зираты, Қарақожа зираты, Қуандық зираты, Мыңбайдың зираты, Өтелқажы зираты, Талтүстің зираты, Шошақ бейіт.

«Қыстау» сөзімен тіркескен атаулар: Ахмет (Жүніс) қыстағы, Жәкей қыстағы, Жалғызсу қыстағы, Кәдеш қыстағы, Санабай қыстағы, Сұмағұл қыстағы.

«Қора» сөзімен тіркесетін атаулар: Аңдамас қорасы, Аргынбай қорасы, Байгонның қорасы, Досалының қорасы, Дүтжанның қорасы, Елемесқажы

қорасы, Есенжол қорасы, Жақия (жақып) қорасы, Жүністің қорасы, Кәкімнің қорасы, Қуандықтың қорасы, Құनियाздың қорасы, Орынбектің қорасы, Өлмесектің қорасы, Рақымжан қорасы, Сапақ қорасы, Сауықбайдың қорасы, Сылдырбайдың қорасы, Шахат қорасы, Шөмейдің қорасы, Шөңгел қорасы, Шымбайдың қорасы, Ысқақ қоралары.

«Күмбез, кесене» сөзімен тіркесетін атаулар: Бабаң кесенесі, Бабаң күмбезі, Бөдесқажы күмбезі, Едігенің күмбезі, Жаппарқожа күмбезі, Жобалайби күмбезі, Күсембай күмбезі, Құнанбатыр күмбезі, Сапанай күмбезі, Сарышолақ күмбезі, Тармақты күмбезі, Тоқсанбай күмбезі.

«Үлкен» сөзімен тіркескен атаулар: Үлкен Ақтөбе, Үлкен Әбдірахман, Үлкен бидайық, Үлкен көгілдір, Үлкен тақтайтас, Үлкен тоған.

«Үш» сөзімен тіркескен атаулар: Үш қайшы, Үш қоңыр, Үш қызыл, Үш сұлу, Үш үй.

Әртүрлі сөздермен берілген екі компонентті атаулар: Ақбастау-Құсмұрын, Алыбайдың Ақтоғаны, Аманбай жотасы, Әбубәкірдің тошаласы, Әміржан басы, Әулиешағыл үңгірі, Байсейіт төбесі, Байырдың биігі, Бәйтен биігі, Битан тауы, Бостанның жотасы, Бөжейдің ақтамы, Бірінші сөрелі, Бітік жайса, Дәндектің өлкесі, Есілбайдың қарасуы, Жакуланың қызылтасы, Жанпейіс сазы, Жаңасынтас - Ескісынтас, Жұраптың биігі, Жүністің шоқысы, Зағилаштың өткелі, Зергер қызы, Исаттың қарағаны, Карпенко сайы, Кәжен ақшоқысы, Көкебайдың шілігі, Көшбике өлкесі, Қайырман жұрты, Қамысты құдық, Қарабұжыр сайлары, Қарасу қырғыны, Қасабай басы, Қобының жолы, Қозы Көрпеш – Баян сұлу, Қойтан жазығы, Мауқыбай кезеңі, Мәриямның қарашоқысы, Мекетбайдың қызылы, Мұңалдың қарашоқысы, Мықтың үйі, Мыңбұлақ базы, Нартайлақ басы, Нұралы басы, Омар басы, Онсегізінші разиез, Осыман өлген, Отарбайдың биігі, Садырдың биігі, Санияздың қабағы, Серектің жырасы, Смағұл тұмсығы, Солтақанның қарағашы, Солтабай төре, Сырт аққияқ, Тас кешу, Тас қотан, Тауық баз, Түрменің орны, Тілес батыр, Шақантай күмбезі, Шаңырақ асуы, Шәймәр жұрты, Шәкәрім тошаласы, Шәкірті өлкесі, Шилі құдық, Шоқай қашқан, Шолтанай қажы, Шөкең басы, Ысқақ атылған, Қожа тұмасы, Көшбике жайлауы.

Үш компонентті микротопонимдік атаулар: Айбастың мұз өткелі, Байқұдабалуан көтерген тас, Байыстың шолақ өзегі, Еңке күмбез зираты, Жаманның қара шоқысы, Күшіктің қарау басы, Қаламанның қара шоқысы, Қанжескеннің қара суы, Қарағанды-Аягөз-Бозас, Қисық хан кесенесі, Лати төренің зираты, Меңдебайдың су диірмені, Ногасбай палуан зираты, Нысан батыр бейіті, Сәбит балуан зираты, Тасқора кен орны, Томан би күмбезі, Торы аттың жолы, Уақбай қажы зираты, Уанның қызыл шілігі, Уәли қажы зираты, Шақантай батыр бейіті.

Аягөз ауданы микротопонимдерінің тіркесімділігі турасында айтқанда бұл өңір микротопонимдері қолданысының өзіндік ерекшеліктері ретінде «күмбез», «кесене», «қора» атауларының жиі қолданысын атап көрсетуге болады. Бұл аймақ халқының физика-географиялық орналасуына, халықтың

коныстануына, диалектілік сипатына, материалдық-рухани өмір сүру дағдыларына тікелей қатысты екендігінен хабардар етеді.

Төменде Аягөз ауданы бойынша микротопонимдерді құрылымдық топтастыруда компоненттер санына қарай қолданыс жиілігін көрсететін 4-кесте ұсынылып отыр.

Кесте 4 – Аягөз ауданы бойынша микротопонимдердің компоненттік қолданысы

Аудан атауы	1 компонентті	2 компонентті	3 компонентті
<i>Аягөз ауданы бойынша:</i>	<i>1366 атау 1131-біріккен сөз 235-туынды және негіз сөз</i>	<i>210 атау</i>	<i>23 атау</i>
<i>Барлығы: 1602 атау</i>			

Біздің зерттеу нысаны ретінде алып отырған Ақсуат, Үржар, Аягөз аудандарындағы микротопонимдердің тіркесімділік қабілетін тануда компоненттер санын анықтаудың тиімділігі байқалды. Оның жалпы нәтижесі төмендегі 5-кестеде ұсынылды.

Кесте 5 – Ақсуат, Үржар, Аягөз аудандарындағы микротопонимдердің тіркесімділік қабілетін танудағы компоненттер саны

Аудан атауы	1 компонентті	2 компонентті	3 компонентті
<i>Ақсуат ауданы бойынша</i>	<i>1228 атау</i>	<i>189 атау</i>	<i>5 атау</i>
<i>Үржар ауданы бойынша</i>	<i>897 атау</i>	<i>167 атау</i>	<i>12 атау</i>
<i>Аягөз ауданы бойынша</i>	<i>1366 атау</i>	<i>210 атау</i>	<i>26 атау</i>

Аталған үш аудан көлеміндегі микротопонимдердің тіркесімділік қабілеті мен компоненттік жағынан қолданысын саралауда бір, екі, үш компонентті атаулар қолданысының жиілігін байқауға болады. Атаулардың компоненттік жағынан берілуінің өзі сол аймақ тұрғындарының өзіндік орналасу мен өмір сүру жағдайына, тілдік танымы мен аясына тікелей байланыстылығын көрсетеді. Топонимдердің бойындағы тілдік, сөзжасамдық ақпарат туралы жоғарыда айтылды. Осы ақпараттың берілу тәсілі, жолы, бірліктері, мағынасы болады. Ол тіл білімінде қалыптасқан сөзжасам заңдылықтары негізінде жүзеге асады. Сонымен, туынды сөздер ретінде болып танылатын топонимдер белгілі сөзжасамдық заңдылықтар бойынша жасалып, оның үш тәсілі арқылы жасалады.

Жер-су атауларының құрамында қосымша морфемалар да кездеседі. Олар сөзжасамдық жұрнақтармен қатар грамматикалық қосымшалар болып келеді. Ол топонимжасамның өзіндік ерекшелігіне жатады. Топонимжасамға негіз болатын сөздер сөз таптарына телеулі болады.

Сонымен қандай сөз табының қатысуымен жасалса да геонысан атаулары зат есім жалқы есімдер түрінде кездеседі. Топонимжасамдық бірліктер арқылы туынды топонимдер танылады және тағы да басқа қасиеттері мен белгілері топонимдердегі сөзжасамдық мәселелерді көрсетеді. Ол жаңа атаудың

тіркесімділік қабілетін, құрылымдық сипатын танытады. Тіркесті топонимдердің жасалуының өзіндік ерекшеліктері бар. Біріншіден, олар – *ауыл, төбе, көл, өзен, жота, орман, бұлақ, асу, қорық, шың, теңіз, жайлау, қыстау, қорым*, т.б. мекен-тұраққа, өзен-көлге байланысты аппелятивтер тіркесімен келеді. Мұндай жағдайда жалпы есімді аппелятивтер тіркесті топонимдердің екінші сыңары қызметін атқарады.

Тіркесті күрделі сөздерге қарағанда тіркесті күрделі топонимдердің тағы бір өзіндік айырмашылығы ұлттық ерекшеліктерінде болады. Ол қазақ қауымының өзінің төл ұлттық территориялық орналасуына байланысты болып келеді. Күрделі топонимдер байырғы кезден, қазақ ұлтының патронимдік жүйесіне байланысты болып келіп, үнемі изафеттік тіркесті болып келген. Бұл – тіркесті топонимдердің күрделі тіркесті сөздерден ерекше екендігін байқадық. Ғылыми зерттеулерде тіркесті топонимдердің семантикалық және құрылымдық жіктелуі кезінде олардың сөз табына қатысы, тұлғалық құрылымы, бір сыңарының лексикалық мағынасының қолданысы, тіркесті топонимдерді байланыстырушы элементтер, мағыналық байланыстардың болуы т.б. өзіндік ерекшеліктеріне назар аударылатыны баса айтылады.

Тіркесті күрделі топонимдердің біздің зерттеу нысанымыздағы микротопонимдердің сыңарлары туралы айтар болсақ, сыңарлары тұрақты болып келеді. Тіркесті күрделі топонимдер екі сыңарлы, үш сыңарлы, төрт сыңарлы болып келеді.

Тіркесті топонимдердің сыңарлары негізгі түбір, туынды түбір сөздерден болады. Зат есім негізді тіркесті топонимдердің құрамында жалқы есімдер мен жалпы есімдер тіркесе береді. Жалпы есімдер негізінен елді мекен, жер-суға байланысты аппелятивтер. Топонимжасамдағы тіркесті сөздер сөзжасамдағы тіркестердегі үлгіден мүлдем басқаша болып келеді. Олардағы ортақ мәселелер – күрделі сөздердің өзіндік белгілері – біртұтастықта, бір сұраққа жауап беріп, бір сөйлем мүшесі болуы, бір мағыналық құрамда жұмсалуды болып табылады.

2.3 Микротопонимдердің топонимжасамдық ерекшеліктері

Қазақ тіл біліміне грамматиканың бір саласы ретінде сөзжасамның келіп қосылуы – тілде жаңа ұғымды терминдермен толықтыру кұптарлық жағдай. Дегенмен де, сөзжасам саласының негізгі зерттеу нысаны болып отырған туынды сөздер мен туынды түбірлер мәселесіне келгенде, ғалымдар арасында келіспеушіліктер кездесіп отырады. Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесіне қатысты негізгі еңбектерде қазақ тіл білімінде сөзжасам басқа да салалар секілді өзіндік дербестігі, зерттеу әдісі, нысаны бар екендігін негіздеп берген соң, қазіргі таңға дейін сөзжасам жүйесі бойынша бірнеше еңбек жарық көріп, жан-жақты зерделену үстінде. Бұл, әрине, қазақ тіл білімі тағы да жаңа саламен толығып, қазіргі талапқа сай зерттелуде түсінген дұрыс болады. Сондықтан қай сала болмасын, қай ғылым болмасын оларды ерекшелеп тұратын, әрине, осы – терминдік қолданыстар жүйесі. Өз алдына ғылым саласы ретінде зерттеу нысаны бар сөзжасамның теориялық негіздерін басшылыққа ала отырып тілімізде «топонимжасам» деген термин қалыптасып, қолданысқа енді.

Сөзжасам нысанындағы бірнеше бағыттар топонимжасау аясында да кеңінен қолданылады. Солардың бірнешеуіне сипаттама бере кетсек. Мәселен, түркітануда еркін сөз тіркестерінің сөзжасамдық мағынаға ие болу құбылысы ХХ ғасырдың 50 жылдардан бастау алады. Түркітанушы ғалымдардың пайымдауынша, күрделі сөздердің жасалуы көне замандарда-ақ басталған. Ал қазақ тіл білімінде атаулық тіркес мәселесін алғаш сөз еткен профессор Н.Т. Сауранбаев болды. Ғалым: «Изафеттік тіркесте ілік жалғауы бірде жалғанып, бірде жалғанбайды. Мұның себебі ілік септіктің иелік мағынасының айқындалып я көмескіленіп айтылуынан. Жалғау түсірілмей айтылғанда, ілік септіктегі сөздің ие, субстантив, жетекші сөз екендігі айқындалады. Яғни, таза синтаксистік тіркес болып табылады. Ал ілік жалғауы түсіріліп айтылғанда, алдыңғы сөздің иелік, субстантив мәні сезілмейді, көмескіленеді де екеуі бір сөз мағынасында айтылады, яғни атауға айналады. Сондықтан изафеттің ілік жалғаусыз түрі сөйлемде бір ғана мүше болады», деп оның сөз тудыру жүйесіне айналған тісіл екенін, изафеттің бұл түрі қазірде тұтас, бір атау (лексема) болып ұғынылатынын сөз етеді. *Гималай тауы, Шу өзені, Москва қаласы, қазақ халқы, драма театры, Киров шахтасы, Партия ұйымы, Оқу министрлігі, Алматы станциясы, министрлер Советі* сияқты күрделі атауларды жасау кең өріс алғанын келтіреді [102].

Қазақ тіл білімінде сөз тіркесінің лексикалануы мен атаулық тіркестердің жасалуы туралы ғылыми пікір Ә. Аблақов, С. Исаев, Е. Ағмановтың «Қазақ тіліндегі сөз тіркесінің дамуы мен лексикалану процесі» атты ғылыми еңбекте жан-жақты қарастырылады. Ғалымдар сөз тіркесінің тілдік табиғатын анықтауға жоғары тұрғыдан мән бере келе, еркін тіркестерде номинативтік мән болмайтынын, мұндай мағына тек еркін тіркестер арқылы мағыналық даму нәтижесінде жасалатын атауларға тән екенін талдап жазады.

«Сөз тіркесін өзімен сырттай ұқсас сөйлемдерден ажырата білу осыншалықты күрделі болса, ал атаулық мәнді білдіретін тіркестерден айыра білу одан да күрделі. Өйткені, атау мәнді тіркестердің тұрақталып, лексикалық единицалар қатарына жетуі біркелкі емес», – деп атаулық тіркестердің табиғатына тоқталады.

Ғалымдар жалпы тіркес атаулыны мынадай үш топқа бөледі:

- 1) еркін тіркес;
- 2) түйдекті тіркес;
- 3) тұрақты тіркес.

Ал тұрақты тіркестерді зерттеушілер:

- фразеологиялық тіркестер;
- атаулық тіркестер деп ажыратады [103].

Профессор А.Б. Салқынбай атаулық тіркестердің мағыналарын сөзжасамдық тұрғыдан саралап, ондағы сөзжасамдық мағынаның барлығын атаулық тіркестердегі сөзжасамдық мағына туынды сөздің семантикалық құрылымын құраушы тұлғалардың мағыналары нәтижесінде пайда болатын ерекше мағына деп таниды. Жаңадан аталатын зат пен құбылысты таңбалауда, оның денотаттық және сигнификаттық мағынасы номинативтік белгілері

арқылы көрініс табады. Ал бұл номинативтік белгілер туынды сөздің құрамындағы барлық сыңарлардың мағынасы негізінде туындайды деп атап көрсетеді [104].

Қазақ тілінің сөзжасам саласын зерттеуші ғалымдардың сөзжасам тәсілі туралы пікірлері мен тұжырымдары бар. Ғалым Н. Оралбаева өзінің «Қазақ тілі сөзжасамы» оқулығында сөзжасамдық тәсілдерді:

1. Синтетикалық тәсіл.
2. Лексика-семантикалық тәсіл.
3. Аналитикалық тәсіл деп топтастырады [105].

Ал профессор А. Салқынбай өз зерттеулерінде сөз тудырушы тәсілдердің түрлерін былайша ажыратады:

- 1) фонетика-семантикалық;
- 2) семантикалық;
- 3) синтетика-семантикалық;
- 4) аналитика-семантикалық [106].

Ғалым Б. Бияров топонимжасам – терминжасам сияқты сөзжасамның ішінен шығады дей келе, өзіне тән белгілі жасалу тәсілдері болатынын атап көрсетіп, топонимдерді лексика-семантикалық тәсіл арқылы жасалған топонимдер, аналитика-семантикалық тәсіл арқылы жасалған топонимдер, синтетика-семантикалық тәсіл арқылы жасалған топонимдер деп топтастырады [107]. Аталған топтастыруды негізге ала отырып, біз зерттеу нысанымыздағы аймақтарда кездесетін микротопонимдерді жасалу тәсілдеріне қарай топтастырдық.

Микротопонимдердің де өзіне тән грамматикалық сипаты, морфологиялық құрылымы, жасалу тәсілдері, сөз тудыратын формалары – бір сөзбен айтқанда, топонимжасамдық құрылымы болады.

Классикалық сөзжасам принциптеріне сүйеніп Абай облыс аймағындағы микротопонимдерді дара және күрделі деп екіге топтауға болады. Мұндай құрылымдық ерекшелік түркі тілдерінің барлығына тән. Дара микротопонимдер тұлғасына қарай негізгі және туынды болып екіге бөлінеді. Күрделі микротопонимдер де біріккен және тіркесті болып топтасады.

Негізгі микротопонимдер о баста түбір тұлғалы бір компоненттен құралады да, негізінен жалпы есімді апеллятивтерден жасалып, қосымшасыз келеді. Дара микротопонимдер тілдік заңдылықтарға, оның нормасына сәйкес, тілімізде ежелден қалыптасқан дәстүрлі жолмен жасалып отырады.

Туынды микротопонимдердің жасалуының бірнеше тәсілі бар. Ол тәсілдердің арасында қазақ тілінде ежелден қалыптасқан сөзге қосымшалар жалғану арқылы жасалатын классикалық синтетикалық тәсілдің орны ерекше.

Топонимжасамда негізгі сөзді – топонегіз, сөз тудырушы жұрнақты – топоформант деп атау қалыптасқан. Топонегізге түбір атау мен күрделі атаулар бірдей қатыса береді, өйткені, негіз сөздің тұлғасы емес, оның лексикалық мағынасы маңызды болып келеді

Сөздердің жаңадан жасалуы тілде толық қалыптасып, бекігенде өзінің ішкі формасын бірте-бірте жоғалтады, басқаша сөзбен айтқанда, әуелгі өзінің

негізгі мағынасынан біраз ажырап, жаңа мағыналы сөзге айналады да, негізгі сөздік құрамға енеді. Сөйтіп, тілдің ұзақ дамуында жеке атау ретіндегі қолданысқа ие болады. Сөйлеуші мен тыңдаушы арасындағы сөйлеу барысында белгілі бір ақпараттық мәнге ие болып, жеке қолданыста жұмсалады. Мұндай сөздерге кеңістік мәнді, қимыл мәнді т.б. атаулар да жатады. Жаңадан жасалған сөздер тілді ұстанушылардың бәріне бірдей түсінікті болатын жағдайға жеткенде жеке атау ретінде танылады. Атаулық тіркестік қалыпқа түседі. Бұл процестің мезгілі әр түрлі болуы да ықтимал. Сөздер өздерінің белгілейтін заттар мен құбылыстарының сипаты мен қасиетіне қарай денотаттық та, сигнификаттық та мән алуы мүмкін.

Кез келген лексикалық бірліктің ішкі формасы түбір сөз арқылы анықталатын оның ішкі құрылымдық сипаты арқылы танылады. Егер лексикалық бірлік туынды сөз болса, онда оның ішкі формасының мәні түбір сөз бен сөз тудырушы тұлғалардың мағынасы арқылы жасалады. Ал фразеологиялық бірліктің ішкі формасы оның құрамындағы сөз тіркесін құраушы тұлғалардың мағынасы арқылы пайда болады.

Лексикалық бірліктің ішкі формасы – оны құраушы морфемалардың семантикалық және құрылымдық бірлігі мен жақындығы; жаңа атау жасалу барысында номинацияның негізгі белгісі мен ерекшелігі саналады. Бұл туралы ғылыми зерттеулерде біршама жазылғанымен, әлі де терең зертеуді қажет етеді.

Ғалым А. Потенбня сөздің ішкі формасы деген терминді көрсетеді. Бұл термин қазіргі тіл білімінде «уәжділік», орыс тіл білімінде «мотивация» деп аталып жүр. Бұл турасында профессор А.Б. Салқынбай: «Уәждеме дегеніміз – туынды атаудың семантикалық және құрылымдық жағынан өзін құраушы сыңарларының мағынасына негізделуі. Яғни, жаңа номинациялық атаудың мағынасы құрамындағы себепші негіз бен сөз тудырушы тұлғалардың мағынасы арқылы ерекше мәнге ие болады. Ана тілінің төл бірліктері арқылы жасалған кез келген туынды сөздің сол тілде сөйлейтін адам үшін уәжілігі айқын болады. Ал кірме сөздердің уәжділігі сол тілде айқын болғанымен, өзге тіл үшін көмескіленіп, «уәжсіздік» сипат алуы ықтимал. Уәждеме сөздің тұлғалық және мағыналық сипатын негіздейді. Атаудың жасалуының мағыналық себебін көрсете алады» [104, б. 82], – деп тұжырымдайды.

Кез келген қолданыстағы тіркестің ішкі формасының басты ерекшелігінің бірі ретінде оның сыртқы тұлғасы мен ішкі мазмұнының арасындағы байланысты атауға болады. Яғни, тіркес құрамындағы сөздер халық танымына бұрыннан белгілі болып, белгілі бір әлем бейнесінің көрінісі ретінде танылғандықтан, осы таңба арқылы оның ішкі мағыналық құрылымының жасалуының өзіндік ішкі заңдылығы болады. Халық дүниетанымына таныс ұғымдардың бірігуі, тіркесуі арқылы жаңа атау жасалғанда, олардың сыртқы таңбалық сипатында да өзіндік ішкі жақындық және ішкі мазмұн бірлігі болады.

Атаудың негізінде жататын зат не құбылыс мазмұнының белгісі оның сөз ретіндегі маңызды белгісі болып саналады. Сондықтан да атаулық тіркестер

жасайтын сөздердің құрамындағы белгілер оның негізгі мағыналық ерекшелігін анықтайды.

Тілдік қабаттардың арасында ең өзгермелісі – лексикалық қабат екендігін тіл білімі ғалымдары ертеден-ақ атап өткен болатын. Бұл турасында қазақ лексикологиясын алғаш зерттеуші ғалымдардың бірі Ә. Болғанбаев былайша пайым жасайды: «Қоғам өміріндегі болып жатқан түрлі жаңалықтар мен өзгерістер барлығы да тілге әсер етеді. Әсіресе, оның лексикасы өзгеріске неғұрлым бейім, неғұрлым сезімтал келеді» [79, б. 77]. Ал тілдің морфологиялық, фонетикалық қабаттарының өзгерісі күрделі тарихи үрдіспен байланысты болса, ал лексикалық қабаты заманның қазіргі өмір сүру дәуірінде де өзгеріске ұшырап, тілдік фактілерге айналып отырады.

Әрбір тілдің негізгі сөздік құрамының дамуына ең алдымен сол тілдің негізгі сөздік қоры ұйытқы болады. Сөз тудырудың әртүрлі тәсілдері арқылы негізгі сөздік қордағы түбір сөздерден туынды сөздер жасалып, тілдің бүтіндей лексикасы толығып, дамып отырады.

Сөздің мағыналық жақтан дамуы барысында көп мағыналары бір-бірінен алшақтап, бара-бара олардың арасындағы семантикалық байланыс үзіледі де, мағыналары басқа-басқа сөздер жасалады. Сөз тудырудың бұл тәсілі лексика-семантикалық тәсіл деп аталады. Сөз тудырудың бұл тәсілі тіл-тілдің барлығында кездеседі. Осындай тілдегі тәсілдердің топожүйедегі көрінісіне бағам жасау үшін әр аймақ микропонимдерінің жасалу жолдары атап өтілді, мысалдар арқылы берілді.

Кез-келген тіркестің жасалуы үшін бір сөзжасамдық тұлға емес, екі сөзжасамдық тұлға қатынасады. Көптеген тілдерде сөздердің мағыналық бірігуі арқылы және сөз тіркесінің атаулық мәнге ие болуы негізінде жасалған лексикалық бірліктердің саны әлдеқайда мол деп есептеледі. Әрине кез келген сөз тіркесінен атаулық сөз жасала бермейтіні түсінікті.

Қазақ тіл біліміндегі атау ретіндегі тіркестер жасалуының ең маңызды белгісі – семантикалық дамуы мен мағыналық құрылымындағы атауыштық белгінің толығыуы екендігін жоғары да атап өткен болатынбыз. Бұл туралы А.Б. Салқынбай өзінің «Қазақ тілінің сөзжасамы» деп аталатын еңбегінде былай деп жазады: Номинацияның пайда болу жолының қарапайым және күрделі сатысы болады. Номинацияның қарапайым сатысы болмыстың негізгі белгісі мен қасиетін бағамдаудың нәтижесінде пайда болатын ұғымның атауы. Яғни атау – болмысқа тән негізгі белгілерді таңбалау арқылы туындайды. Осының нәтижесінде алғашқы зат есім мен етістікті сөздер, олардың предикативтілік қатынасы, локативтік қатынастары орнайды [104, б. 82].

Атаулар халық тілінде әбден қалыптасып, тілдік қолданысқа сіңген дәстүрлі қолданыстардың мазмұны мен мәні, мағынасы халықтың таным-түсінігімен астасып, оның тұрмыс-тіршілігіндегі өздері таныған құбылыстармен байланысты болғандықтан, мол таралып, жеке атау ретінде қалыптасқан. Дәстүрлі қолданыстағы күрделі сөздер қалың қауымға толықтай түсінікті, сөйлеу тілінде немесе көркем әдебиетте белсенді жұмсалатын атаулар. Оларды әуелде біреулер жасағанымен, кейін авторы ұмытылып, халық

казынасына айналған, сондықтан келісті ойды меңзейтін кестелі сөз ретінде сөйлеуде белсенді жұмсала береді.

Атау ретіндегі тіркестер де ерекше танымдық қасиетті танытатын, белгілі бір зат не құбылыс турасында өзіндік ақпарат бере алатын құбылыс ретінде бағаланады. Олар тек қана көркем әдебиетте қолданылып қана қоймайды, белгілі бір ақпараттық мән иеленгендіктен, сөйлеу тілінде де, фольклорлық шығармаларда да, мифологиялық шығармаларда да, ғылыми зерттеулерде де, публицистикалық туындыларда да молынан ұшыраса береді. Тілімізде әуелі еркін тіркес ретінде қолдана келіп, кейін лексикаланған тіркестер қазіргі таңда еркін қолданыстық мәні солғындап, трафаретке айнала бастаған. Немесе дайын қалпында жеке сөз, жеке атау ретінде танылады.

Тіл дамуында көне сөздер қолданыстан бірте-бірте шығып жатса, екінші жағынан сөздік құрамға сөздердің мағыналық құрылымының дамуы негізінде, мағыналық жіктеліс арқылы көптеген жаңа терминдердің аударылуы арқасында да атаулар жасалып жатыр. Көнеленіп, көнеріп, қолданыстан шыққан сөздерге қарағанда жаңа мағына иеленіп, қолданысқа түсе бастаған атаулардың саны әлдеқайда көп екендігі байқалады.

Тілдегі «лексикалану» процесі тек еркін сөз тіркестерінің негізінде ғана жасалмайды, сондай-ақ морфемалар сөзтұлғалардың өзгеруі арқылы, сөз тіркесінің дамуы арқылы жеке атаулардың кейде фразеологизмдердің жасалуы да мүмкін деп танылады.

Лексикалық бірліктің ішкі формасы – оны құраушы морфемалардың семантикалық және құрылымдық бірлігі мен жақындығы жаңа атау жасалу барысында номинацияның негізгі белгісі мен ерекшелігі саналады.

Сөзжасамдық жұптардың мүшелерінің мағыналарында сөзжасамдық жұптың негізгі мүшесі – түбір сөз, яғни негіз сөз екенін де дәлелденген. Кез келген сөз жасау процесі сөзжасам үрдісінің негізгі элементі – түбір сөзсіз жүзеге аспайды. Сөз жасау үшін толық мағынасы бар түбір сөздің болуы қажет. Бүгінгі сөзжасам процесінде аналитикалық тәсіл арқылы сөздерді туғызу мол жүзеге асырылуда.

Топонимдердің жасалуындағы тәсілдер туралы айтпас бұрын ең алдымен тілімізде қалыптасқан жаңа сөз жасаушы сөзжасамдық тәсілдер туралы айта кетейік. Себебі топонимдер туынды сөздер болғандықтан тілімізде қалыптасқан сөзжасамдық тәсілдер арқылы жасалады. Тіліміздегі жаңа сөздердің барлығы белгілі бір тәсіл арқылы жасалады. Тілде сонау көне замандардан бастап қалыптасқан сөзжасамдық заңдылықтар бар. Сол заңдылықтар жер-су атауларын жасауда да қолданылады. Себебі, топонимдер құрамында туынды сөздер қолданысы басым. Тіл білімінде туынды сөздердің беліглі сөзжасамдық тәсілдер арқылы жасалатыны, бірақ сөзжасамдық тәсілдер түрліше аталып, оның терминдері қалыптаспағандығы туралы ғалымдар зерттеулерінде сөз етіледі. Туынды сөздер өмір шындығымен байланысты. Өмірде пайда болған заттарды атау талабы да осындай экстралингвистикалық, лингвистикалық факторлар нәтижесінен туынды сөздер жасалады.

Тіл білімінде туынды сөздердің белгілі сөзжасамдық тәсілдер арқылы жасалатыны, олардың ерте танылғандығы, бірақ сөзжасамдық тәсілдер түрліше аталып, оның терминдері қалыптаспағандығы туралы белгілі ғалымдар, профессор Н. Оралбай, К. Құрманәлиев және Ж. Балтабаевалар өз еңбектерінде атап өтеді. Әрі ғалымдар сөзжасамдық тәсілдер мәселесінің әлі толық шешілмегенін айтады.

Сөзжасамдық тәсілдердің А. Ысқақов үш түрі – тәсілі туралы айтады: морфологиялық, синтаксистік, морфологиялық-синтаксистік (синтаксистік-морфологиялық) тәсіл [108]. Ал зат есім сөзжасамында зат есімдер лексикалық, морфологиялық, синтаксистік тәсілдер арқылы жасалады»

Кейінгі шыққан басылымдарда «Қазақ грамматикасында» (2002), «Қазақ тілінің сөзжасамы» оқулығында (2002) сөзжасамдық тәсілдердің үш түрі көрсетілген:

1. Синтетикалық тәсіл.
2. Аналитикалық тәсіл.
3. Лексика-семантикалық тәсілі» [105, б.53].

1989 жылғы «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» монографиясында:

- 1) сөзжасамның синтетикалық тәсілі;
- 2) сөзжасамның аналитикалық тәсілі;
- 3) сөзжасамның лексика-семантикалық тәсілі деп берілген [109].

2014 жылы шыққан сөзжасамның жаңа оқулығында осы уақытқа дейін сөзжасамдық тәсілдердің бәрін қазақ тілінің байырғы сөздерімен беруге болатынына қарамай, орыс тілінің ықпалына сүйеніп, орысша терминдерді қолданудың зиянды әсеріне берілуі дұрыс емес екені ескеріліп, оқулықта сөзжасамдық терминдер тіліміздегі байырғы сөздермен беріліп, қазақ тілінің сөзжасамдық тәсілдерінің терминдері жаңаша аталған:

Қазақ тілінде 3 түрлі сөзжасамдық тәсіл бар. Ол сөзжасам тәсілдер:

- 1) сөзжасамдық жұрнақ тәсілі;
- 2) сөзжасамдық күрделендіру тәсілі;
- 3) сөзжасамдық мағына тәсілі» [110].

Осы негізге сүйенсек, топонимжасамдық жұрнақ тәсілі жаңа жер-су атауларында жиі қоданысқа ие. Өйткені, қазақ тілі жалғамалы тілдерге жататын болғандықтан жұрнақтар арқылы жасалуы анық.

Топонимдердің жұрнақ тәсілі арқылы жасалуында екі тілдік бірлік қызмет атқарады:

- 1) лексикалық мағыналы уәждеме сөз;
- 2) топонимжасамдық жұрнақ.

Жер-су атауларын жасауға қатысатын бұл тілдік бірліктердің әрқайсысының атқаратын өзіндік қызметі бар. Сол қызметтеріне орай оларға қойылатын талаптар да бар. Ол көне замандардан бері сақталып келе жатқан заңдылық уәждеме болу үшін ол толық лексикалық мағыналы сөз болуы керек. Н. Оралбай, К. Құрманәлиев, Ж. Балтабаевалар: «Туынды сөз жасауға қатысатын лексикалық бірлік, яғни уәждеме сөздің толық лексикалық мағыналы сөз болуының талап етілуінің өз себебі бар. Өйткені уәждеме сөздің

лексикалық мағынасын жасауға арқау, негіз болады. Туынды сөздің лексикалық жаңа мағынасы уәждеме сөздің лексикалық мағынасын өзгерту, түрлендіру арқылы жасалады. Мысалы, көк-көгер, жақсы-жақсар, ақыл-ақылды, сияқты уәждемелер мен ол уәждемелерден жұрнақ арқылы жасалған туынды түбір сөздердің мағыналары байланысты екені көрініп тұр» – деген пікір айтады. Сол сияқты топонимдердің жасалуында жұрнақ уәждемелердің мағынасын өзгерту арқылы, уәждемеге негізделген туынды сөз – туынды түбір - топоним жасайды. Уәждеменің мағынасы мүлдем жойылып кетпейді, топонимдік мағынаға негіз болады.

Демек, топонимдер жалқы есімдер болғандықтан зат есім сөз табына жатады. Ал зат есімнің өз сөзжасамдық жұрнақтары бар. Алайда топонимдердің жасалуында сын есім жұрнақтары болып танылып жүрген *-лы, -лі, /-ды, -ді/, -ты, -ті* жұрнағы атауыштық қызметте тұрады. Бұл аталған жұрнақтың бойында субстантивтік қасиет барын білдіреді және оны мекен мәнді жұрнақтарға жатқызуға болады. Уәждеме сөз де, сөзжасамдық жұрнақ та сөзжасамдық жұрнақ тәсілінің бірліктері болып саналып, туынды түбір жасалынып, ол жер-су аттарын атауда қолданылып тұрады.

Күрделі топонимдер – топонимжасамдық күрделендіру тәсілі арқылы жасалады. Сөзжасамда күрделендіру тәсілі де – көне замандардан келе жатқан, тіліміздегі көптеген күрделі сөздермен толықтырған өнімді тәсіл. Ол көпшілік тілдердің сөзжасамынан орын алады. «Қазақ тілі сөзжасамы» оқулығында: Сөзжасамдық күрделендіру тәсілі деп екі я одан да көп сөзден бір лексикалық мағыналы сөздің жасалуы аталады [109, б. 69].

Күрделі топонимдердің құрамы екі, не одан көп сөзден тұрады және біртұтас атауыштық мағына береді

Бұдан күрделендіру тәсілінің тіліміздің топонимжасамында үлкен қызмет атқаратындығын, өте өнімді тәсіл екендігін көреміз. Күрделендіру тәсілі – қазақ тілінде көне замандардан бері қолданылып келе жатқан, тілдің топонимжасам жүйесіне кең тараған, әбден орныққан топонимжасамдық тәсіл деп атауға болады. Қазақ тілі сөзжасамында күрделендіру тәсілінің ішкі құрамына қарай:

- 1) біріктіру;
- 2) қосарлау;
- 3) тіркестіру;
- 4) қысқарту тәсілдері бар.

Олардың әрқайсысы тілдің сөзжасамында өнімді қызмет атқарады, олар арқылы жасалған туынды күрделі сөздер тілімізде өте көп.

Топонимдерді жасауға қатысатын тәсілдің бірі – топонимжасамдық мағына тәсілі. Тілімізге туынды сөздерді қосатын негізгі тәсілдердің бірі саналатын – топонимжасамдық мағына тәсілі жер-су аттарын жасауда белсенді қызмет атқарады. Аталған тәсіл туралы «Қазақ тілі сөзжасамының» жаңа оқулығында: «Бұл сөзжасамдық тәсіл де ғылымда танылған, тек ол түрлі тілдерде түрліше аталып жүрген сөзжасамдық тәсілдердің бірі. Сөзжасамдық мағына тәсілі деп тілде қолданыста бар сөздердің ешбір сөзжасамдық бірліктің

көмегінсіз-ақ басқа мағынаға ие болып, екі я үш сөздің қызметін атқаруы аталады.

Топонимдерде де ешбір қосымшасыз, мағына арқылы жасалған жер-су аттары көптеп кездеседі. Атаулардың сөзжасам бойынша екінші мағыналары, топонимжасам бойынша үшінші мағыналары ешбір сөзжасамдық бірліктерсіз жасалғаны анық көрінді. Ғылымда олар бір сөз табынан екінші сөз табына көшу, транспозиция, безаффиксный состав, конверсия, нөлдік суффикс арқылы туынды сөздің жасалуы деп түрліше аталып келеді.

Сөзжасамдық тілдік бірліктің бір түріне жұрнақтар жататын болса, оның бірі – нөлдік жұрнақ. Топонимжасамда да нөлдік жұрнақ белсенді қызмет атқарады. Нөлдік таңба, нөлдік қосымша, нөлдік жұрнақ терминдері Фердинанд де Соссюрден бастап дәлелденген, ғылымда танылған мәселе. Қазақ тіл білімінде де нөлдік сөзжасамдық жұрнақ мәселесін А. Омарова қарастырған болатын [111].

Қазақ тіл білімінде нөлдік жұрнақ, нөлдік морфема, нөлдік форма – мәселесі арнайы зерттелген. Қазақ тілінің сөзжасам жүйесіне ол жат құбылыс емес. Ол – тілде бар құбылыс. Нөлдік тұлға танылғанға дейін ол «транспозиция», «субстантивизация», «адъективация», «прономинализация», «конверсия», «адвербализация», көбінесе лексика- семантикалық тәсіл деп аталып келді. Нөлдік жұрнақ арқылы жасалған туынды топонимдер туралы айтпас бұрын, ең алдымен сөзжасамдық нөлдік жұрнақ туралы мәлімет бере кетейік.

Сөзжасамдық нөлдік жұрнақ деп – туынды сөзді дыбыстық құрамсыз жасайтын тілдік бірлік аталады. Мысалы, *ақ* (түс), *ақ* (сүт); *қорған* (зат есім), *қорған* (етістік); *буын* (дене мүшесі – зат есім), *буын* (лингвистикалық термин – зат есім), *буын* (етістік).

Қазақ тіл білімінде жаңа сөздің еш қосымшасыз жасалуын ғалымдар түрлі терминдермен атап келді. Мәселен, С. Исаев лексикалық, конверсиялық тәсіл, А. Ысқақов морфологиялық-синтаксистік, яғни, синтаксистік-морфологиялық тәсіл, Қ. Есенов лексика-семантикалық тәсіл, А. Омарова нөлдік жұрнақ тәсілі деп атаған. «Қазақ тілі сөзжасамы» оқулығында: «Сөзжасамдық тәсілдің бұл түрінің терминін орнықтыру мақсаты көзделіп, тәсілдің негізгі мәселесі ешбір тілдік бірліксіз жаңа мағынасының жасалуы болғандықтан, бұл сөзжасамдық тәсіл мағына тәсілі аталды» делінген.

Сонымен қатар мағына тәсілінің ішкі ерекшелігі бар. Ол сөздің жаңа мағынаға ауысуына байланысты басқа сөз табына көшуі және сөз жаңа мағынаға ауысса да, сөз табын өзгертпей, өз сөз табының құрамында қалуы. Әр сөзжасамдық тәсілді жасаушы тілдік бірлік болады. Сөзжасамдық мағына тәсілін жасаушы тілдік бірлік – нөлдік жұрнақ. Себебі, мағына тәсілі арқылы сөздің жаңа мағынаға көшуіне байланысты сөз бір сөз табынан екінші сөз табына ауысады, оны ғылымда конверсия деп атайды.

Сөзжасамдық мағына тәсілінің тілдік бірлігі нөлдік жұрнақ қазақ тілінің сөзжасам жүйесінен белгілі орын алады. Ол өте ерте заманнан бері тілде қызмет атқарып келеді. Сөзжасамдық нөлдік жұрнақ арқылы жасалған туынды

сөздер түрлі сөз таптарының сөзжасамынан орын алып, оларды жаңа сөздермен толығына қызмет етіп келеді. Олар: зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, одағайда кездеседі. Сөзжасамдық нөлдік жұрнақ деп – сыртқы дыбыстық құрамы жоқ, бірақ мағына жасайтын тілдік бірлік аталады.

Нөлдік жұрнақ арқылы жасалған туынды сөздердің өзіне тән белгілері болады:

1) нөлдік жұрнақтың дыбыстық құрамнан тұратын дыбыстық бейнесі жоқ;

2) мағынасы бар;

3) туынды сөздерге қатысты заңдылықтың бірі – уәждеме сөз бен одан жасалған туынды сөздің мағыналық байланысы;

4) омонимдік қасиеті;

5) нөлдік жұрнақ арқылы жасалған туынды сөздің басқа сөз табына көшуі, көшпесе басқа мағыналық топқа ауысуы;

6) нөлдік жұрнақпен жасалған туынды сөздің түрлену жүйесі, грамматикалық сипаты;

7) тілдегі қосымшалы сөзжасам типтерімен жасалған туынды сөздердің қатарына қосылып, түбірлес туынды сөздер тобын толықтыруы;

8) сөзжасамды уәждеме сөз бен уәждемелі сөз салыстырылып, уәждемелі яғни туынды сөздің құрамы, мағынасы жағынан уәждеме сөзден күрделі екені оның бір белгісі ретінде танылған.

Сөзжасамда сөздің жаңа мағынаға көшуіне байланысты сөз бір сөз табынан екінші сөз табына ауысатын жағдайлары да кездеседі. Ол ғылымда конверсия деп аталады. Бұл тәсіл – өте көп тараған және оның ішкі ерекшеліктері де бар. Сонымен бірге өзіндік ішкі ерекшеліктер сөздің жаңа мағынаға ауысуына байланысты басқа сөз табына көшуі және сөз жаңа мағына ауысса да, сөз табын өзгертпей, өз сөз табының құрамында қалады. Топонимдердің мағына тәсілі арқылы жасалуында да аталған ерекшеліктер сақталады. Тіліміздегі жер-су атауларында етістік негізді, сын есім негізді, сан есім негізді топонимдер көптеп кездеседі. Бұлар сөздің бұрынғы мағыналарының үстіне кейін қосылған мағыналар.

Топонимдік атаулардың көпшілігі мағына тәсілі арқылы жасалғанда бірінші туынды мағынадан жасалған екінші туынды мағыналы сөздер болып табылады. Мысалы, сөздің жаңа мағына алуына байланысты ол басқа сөз табына тілдік бірліктің көмегімен немесе тілдік бірліктің көмегінсіз дыбыстық құрамын сақтай отырып, мағынасы өзгеріп, басқа сөз табына көшеді. Сол басқа сөз табына көшкен туынды сөздер енді атау мағынасына ие болады.

Тіліміздегі сөзжасамдық тәсілдер арқылы жасалған туынды сөздер сияқты топонимдердің бәрі де сөзжасам үрдісінің нәтижесіне жатады. Сондықтан топонимдер туынды сөздер қатарына жатады және олар сөзжасамның заңдылықтары бойынша зерттеледі. Соның ішінде топонимжасамның зерттеу нысаны болып табылады да, сөзжасам жүйесінде өзіндік орын алады.

Сонымен бүгінде қазақ тілінің лексикалық құрамы жан-жақты толығып отырады. Себебі. жаңа заман ағымы көптеген жаңа атаулар жасауға негіз болды. Тілдің толығы мен динамикалық сипатта дамуы тарихи тұрғыдан зерттеулерде анық аңғарылады.

Сөзжасам тілімізді жаңа сөздермен толықтыратын әдіс-тәсілдерді, тілдік бірліктерді зерттейтін сала екендігі белгілі, сол сияқты топонимдердің жасалуы да сөзжасам заңдылықтары негізінде жүзеге асатыны белгілі. Дегенмен олардың арасында айырмашылықтар байқалады. Ол тілдік бірліктердің топонимжасамдық ерекшеліктеріне байланысты туындайды. Сонымен бірге оған тіліміздегі ықшамдалу заңдылығы да әсер еткен.

Аймақ микротопонимдерінің жасалу әрекеттерін анықтау үшін сөзжасам теориясын, заңдылықтарын негіз етіп алдық. Туынды сөз бен күрделі топонимдердің жасалуы да сөзжасамдық заңдылықтарға сәйкес келеді. Алайда тіліміздегі кейбір жер-су аттарының құрамында үш негіз сөзден жасалғандары да кездеседі. Мағына тәсілі де топонимжасамда белсенді қолданылады. Топоним жасауға қатысатын уәждеме сөз бен және жұрнақтың фонетикалық варианттылығы да ескеріледі. Топонимжасамдық талдаудың жер-су атауларының қалай жасалғанын ажыратуға, анықтауға қажеттілігі сөз болды.

Жаңа атау мағынасының жасалуына уәждеме болған сөздің мағынасы мен уәжелінген атаудың мағына байланысы қарастырылады. Бағамдағанмыздай, аймақ микротопонимдерінде зат есімдер, олардың ішінде жалпы, жалқы есімдер де геонысан атауларын жасауға қатысады. Ол ең алдымен географиялық терминге айналған *ауыл, қала, дала, шөл, тау, сор, жота, өзен, су, көл, теңіз, төбе* т.б. жалпылық мәнінде қолданылатын сөздер. Екіншіден, адамдардың, рулардың аттары, этнонимдер жалқы есімдер қатысады. Олар байырғы кезде, қазақ ұлтының енші беріп, балаларын бөлек шығаруынан қалыптасқан патронимдік жүйеге байланысты ілік септігі сөзімен тәуелдік жалғауы тіркесінен тұрады. Оның ішінде бүгінгі қолданыста ілік септігінің түсіп қалып, нөлдік тұлғада келуі топонимдік атауларда қалыптасқан құбылысқа жатады. Мысалы, *Майлы шаты*.

Топонимдерде кездесетін тағы бір ерекшелік – күрделендіру тәсілімен жасалған тіркесті елді мекен атауларының екінші сыңарының тәуелдік жалғауында келіп, бірінші сыңарында нөлдік тұлғаның болуы.

Тіркесті күрделі атаулардың сыңарларының ортасында сөздің қолданылуы.

Зат есімде елді мекен мәнін білдіретін жұрнақтар тобы бар. Топонимдердің жасалуында *-лы/-лі* жұрнағының рөлі ерекше. Аталған жұрнақ грамматикаларда, сөзжасам оқулықтары мен ғылыми басылымдарда сын есім тудырушы сипатта көрсетіледі. Бұл жұрнақ тәсілі арқылы зат есімнен зат есім, жалқы есім жасайды. Күрделендіру тәсілі арқылы зат есімдер бірнеше құрамда және үлгіде топоним жасайды.

Микротопонимжасам қолданысында түр-түске, заттың көлемін, өлшемін, сапасын, дәмін, иісін басқа да белгілеріне қатысын білдіретін сын есімнің мағыналық топтарының қатысы байқалады.

Жердің климаттық жағдайына байланысты ақпарат беретін микропонимдер де аймақ микропонимдерінде жиі байқалады.

Сын есімдер топонимжасамда күрделендіру тәсілімен жасалған атаулардың бірінші сыңарларында келеді. Олардың орындары тұрақты. Бағыныңқы сыңар қызметінде жер бедерлеріне қатысты сындық мағыналарды білдіріп, жалқы есім жасайды.

Микропонимдер құрамында сан есімдердің өзіндік қолданыстық ерекшеліктері бар. Ол киелі сан ұғымына байланысты қолданыстар. Реттік сан есімдердің қолданыстық ерекшеліктері – нөлдік формада келуі және т.б.

Етістік сөз табының топонимдер жасауда дара және күрделі құрамында кездеседі.

Етістіктердің күрделі құрамда келуі тілімізде өте жиі кездесетін құбылыс. Негізінен зат есімдермен бірігіп, заттың істеген амал әрекетін білдіру арқылы аталымға көшкен. Етістік қатысқан жер-су аттарында етістікке тән қимыл-қозғалыс, амал-әрекет мағыналары болған оқиғаның динамикалық күйін білдіреді. Ол негізінен ұлтымыздың материалдық мәдениетімен, шаруашылық салтымен, тұрмыс-тіршілігіне байланысты туған атаулар екендігін көрсетеді.

Жалпы алғанда, зат есім, сын есім, сан есім, етістік сөз таптары топонимжасамды белсенді қызмет атқарып, өте өнімді қолданылады. Басқа сөз таптары үстеу, есімдік, еліктеу сөздері топонимжасамда өнімсіз деп саналады. Аталған сөз таптарымен жасалған жер-су аттары сирек кездеседі. Ол сол сөз табының өзіндік сөзжасамдық, топонимжасамдық ерекшеліктеріне байланысты.

Зерттеу бақылау нәтижесінде Ақсуат, Үржар, Аягөз аударындағы микропонимдердің сөзжасамдық қабілетін тануда топонимжасамның жер-су аттарын жасауда өзіне тән ерекшеліктері бары анықталды. Ол біріншіден, таныммен байланысты болса, екіншіден экстралингвистикалық факторлармен байланыстылығын көрсетеді.

Сонымен топонимдердің халық өмірімен, адамдардың тұрмыс-тіршілігімен тікелей байланысты екендігі айқын. Кез келген сөз өмірде өздігінен кездейсоқ пайда болмайды. Сөзжасам ілімі сөздердің шығуындағы сыртқы факторлардың әсерін айтады десек, ол топонимдердің пайда болуында да сақталады. Кез-келген елді мекен, жер-су атаулары тілдік бірліктер арқылы жасалады. Олардың кейбіреулері белгілі бір тарихи оқиғаға байланысты болса, енді біреулері жердің, судың, өзеннің, көлдің, таудың т.б. жер бедерін білдіретін аппелятивтерінің өзіндік ерекшеліктеріне байланысты аталған. Ол геонысанның түріне, түсіне, көлеміне, қандайда бір қасиетіне, сол жердегі фауна мен флораның көптігіне, қазба байлықтарының молдығына т.б. ерешеліктер атауда көрініс тапқан. Ал олар тіліміздегі белгілі атаужасамдық заңдылықтар бойынша жүзеге асқан. Тіліміздегі сөздер лексика-грамматикалық ерекшеліктеріне қарай сөз таптарына бөлініп, жіктеледі. Сөз таптарының жер-суға атау беруінде зат есім, сын есім, сан есім, етістіктен басқа сөз таптарының қатысы аса белсенді емес.

Халықтық географиялық терминологияның қазақ тілінің сөздік қорындағы орны ерекше деп айтуымызға болады. Олай дейтініміз біріншіден,

қазақ халқының географиялық терминологиясы аса бай болып келеді, екіншіден, көптеген халықтық географиялық терминдер түпкі сөздік қорды құраушы өте көне лексикалық бірліктер болып табылады, үшіншіден, халықтық терминдер қазақ тілінің құрылымымен тығыз байланысты, төртіншіден, қазақ халықтық географиялық терминологиясы халықтың сан ғасырлық тарихымен, мал шаруашылығын ұйымдастыру жүйесімен, табиғат жағдайларымен және халқымыздың этноэкологиялық негіздерімен өзара берік байланыста.

Жоғарыда аталған қазақ халықтық географиялық терминдерінің (атауларының) жан-жақты сипатына қарай осы лексикалық бірліктерді түрлі тұрғыдан қарастырып, тарихи лексикология, морфология, этникалық (этнологиялық) топонимика, фоносемантика, глоттогенез және т.б. ғылыми арналарда зерделеуге болады.

Халықтық географиялық терминдердің топонимикалық зерттеулердегі маңызы өте зор, себебі халықтық терминдер көптеген қазақ жалқы географиялық есімдерінің негізгі тілдік тірегі болып табылады, топонимикалық сөздік құрамына кіреді, топонимдердің мән-мағынасын ашып беретін атаулар болып келеді. Белгілі географ, топонимист-ғалым Э.М. Мурзаевтың байқауынша: «Терминдер – топонимиканың негізі, олар географиялық атаулардың мағыналық мазмұнын анықтайтын бөлігі болып табылады... кез келген топонимикалық зерттеу халықтық географиялық терминдерді талдаудан басталуы қажет, сондай-ақ қазіргі түбірлі (субстратты) жергілікті терминология міндетті түрде ескерілуі қажет» [112], – делінген.

Қазақ тіліндегі халықтың немесе жергілікті географиялық терминологияның географиялық, топонимиялық қырлары жекелеген еңбектерде біршама қарастырылды. Осыдан жарты ғасыр бұрын жазылған Ғ. Қоңқашбаевтың көлемді мақаласында қазақ топонимдерінің құрамында кездесетін және де дербес қолданыстағы көптеген халықтық (жергілікті) терминдердің географиялық сипаттамасы берілген. Қазақ географиялық терминдері басқа түркі халықтарының географиялық терминологиясының құрамында Э.М. Мурзаевтың еңбектерінде талданды [112, с. 18].

Географиялық жалпы атаулар (апеллятивтер) табиғи нысандарды немесе нысандардың кешенін, олардың элементтерін атайды. Әдетте, физика-географиялық апеллятивтерді геоморфологиялық (орографиялық), гидрологиялық және топырақтану терминдерінен бөліп қарастырады. Топонимдердің морфемдік құрылымында, кез келген тілдің топонимиясында географиялық терминдер жиі кездеседі. Көп жағдайда физика-географиялық термин (апеллятив) жер-су жалқы есімдерінің негізі, семантикалық тірегі болып келеді, сол себепті көптеген топонимдердің этимологиясы, мағынасы құрамындағы географиялық апеллятивке байланысты. Халықтық географиялық немесе жергілікті географиялық терминология әлемдік және отандық топонимика ғылымында біршама зерттелді деп айтуымызға болады.

Халықтық географиялық терминдердің этнолингвистикалық сипаты, семантикалық, морфологиялық қырлары, жер-су атауларының (топонимдердің) қалыптасуындағы орны мен мәні, этимологиясы мен тілдік төркіні, әдеби-тілдік

арналарда қолданылу ерекшеліктері т.б. мәселелер ғалымдардың назарында болғанымен, географиялық жалпы есімдер (апеллятивтер) фоносемантикалық тұрғыдан қарастырылмады. Тек Ғ.Ж. Ермекбаев қазақ тіліндегі жер бедері (рельеф) атауларын өз алдына жеке тақырып етіп олардың семантикалық, морфологиялық және фоносемантикалық сипатын зерттеген [113].

Топонимжасам процесінде қазіргі кездегі аналитикалық тәсіл арқылы сөздерді туғызу мол жүзеге асырылуда. Бұл тұрғыдан атаулық тіркестердің алатын үлесі өте көп деуге болады. Бұл тек қазақ тіл біліміне ғана тән құбылыс емес, жалпы түркі тіл білімінде айтылып жүрген түркі тілдерінің сөзжасамдық жүйесіне ортақ жайт.

Сөзжасамдық қандай тәсіл арқылы жасалса да, сөзжасамдық жұптарды құрайтын атаулардың мағыналық және мазмұндық уәжділігі мен негізделуі бірдей. Сөзжасамдық аспектіден қарағанда, лексикалану нәтижесінде пайда болған атаулық тіркестердің сөзжасамдық мағынасы мен мәндік сипаты өзге туынды сөздерден ерекше емес. Олардың сөзжасамдық мағынасы мен номинативтік бірлік ретіндегі қасиеттері бірдей.

Лексикаланған тұлғалар арқылы тұтасулардың қызметтік асимметриясы тән, оны когнитивті кеңістіктің әртүрлі саласындағы тұтасқан сөздердің әркелкі кездесуінен аңғаруға болады.

Қазіргі қазақ тілінде тарихи үлгілердің алуан түрлілігінен бір ғана үлгі сақталған: көптеген тұлғалардың жасалуындағы сын есімдердің не үстеулердің тұтасуы, грамматикалық тұлғалардың түбірмен біріге тұтасуы, зат есімді тіркестердің тұтасуы жиі көрініс береді.

2.3.1 Ақсуат ауданы микротопонимдерінің топонимжасамдық сипаты

Белгілі бір аймақтың ономастикалық кеңістігіндегі топонимдік атаулардың аталуы мен қолданысы сол нысанның географиялық орналасуы мен жер жағдайына тікелей қатысты екендігі белгілі. Осы ретте Абай облысы, Ақсуат ауданының жер жағдайында оңтүстік бөлімінің топырақтық жамылғысы таулы-шалғындық топырақтардан құралғандығын, жазықтары ашық-қоңыр, солтүстік-батыс бөлімі тұздалған шалғындық сор топырақтардан тұратындығын да назарда ұстау маңызды. Аудан аумағының өсімдік жамылғысы да таулар өсімдігі және жазық өсімдіктерден тұрады. Таулар өсімдігі шілікті-түрлі шөпті-дәнді қауымдастыққа, жазық өсімдігі ермен-боз қауымдастыққа жататындығы аймақтық зерттеулерде көрсетілген. Ал су көздері – Қандысу, Теріс-Айрық, Боғас, Базар, Қарғыба, Тебіске, Ласты. Мұндағы өзендердің көпшілігі тау өзендері және де Зайсан көлінің су қоймасына қарайды. Осындай аймақтың географиялық ерекшеліктері де атаулардың жасалуына негіз болатыны сөзсіз.

Топонимдер талай ғасырлар бойы этноспен бірге жасап келе жатқан тілдік бірліктер болғандықтан, қоғамның дамуы, өзгеруі сияқты құбылыстарды бастарынан кешіріп, әр дәуірдің куәгерлері ретінде өмір сүріп келе жатқан жер-су атаулары үнемі ғалымдар назарында болған. Өйткені, жер-су атауларының пайда болуы, тарихы ең алдымен ұлттық тіл байлығымыздың көрсеткіші

болатын болса, екіншіден мәдениетіміз, салт-дәстүрлеріміз, өмір сүру салтымыз және әлемді тануымызбен тікелей байланысты. Үшіншіден, халықтың әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты физикалық-географиялық ақпарат беруші – табиғи нысан. Қазақстанның топонимдері тарихи лексика материалы ретінде де аса құнды да бағалы. Қазіргі топонимдердің құрамында қазақ тілі ғылыми зерттеу материалдар тұрғысынан талдауға көнбейтін, әдеби тіл нормасында жоқ лексикалық қабаттар жиі кездеседі. Топонимдердің географиялық тұрғыда зерттелуінде жер бедерінің пішініне байланысты қойылатын атаулардың геоморфологиялық ерекшеліктерін атап көрсеткен. Сондықтан жер-су атауларының географиялық тұрғыда зерттеудің ерекшеліктері:

– топонимдер жүйесіне табиғат жағдайларын бейнелейтін ақпарат көзі ретінде географиялық ғылымдар тұрғысынан баға берілуі;

– табиғи орта мен географиялық атаулардың өзара байланысы және топонимдерде табиғат жағдайларының бейнелену заңдылықтары жөнінде тұжырымдар жасалынуы;

– табиғи нысандарды айқындайтын арнайы карталар жүйесін (оронимдер, фитонимдер, зоонимдер, этнонимдер мен генонимдер, дәстүрлі шаруашылықтың топонимдердегі, табиғи су көздері және антропогендік әрекеттердің гидронимдердегі көріністері және аумақтардың табиғи-рекреациялық картасы) құрастыруда тиімділігі қарастырылады.

Топонимдер – этноспен бірге өмір сүріп келе жатқан тілдік құбылыстардың бірі. Оларды өн бойында ұлттың, қоғамның дамуы, өзгерістері, оқиғалары сақталған. Сонымен қатар тілдің даму сатылары да бар. Аймақтың тарихи қалыптасу жағдайы да белгілі бір атаулар тарихын тануда маңызды қызмет атқарады.

Қазақ топонимдерінің этимологиясын зерттеу барысында жалпы тіл білімінде, түркітануда, орыс тіл білімінде, қазақ тіл білімінде жарық көрген ғылыми-теориялық еңбектерді басшылыққа ала отырып, топонимдерге этимологиялық талдау жасағанда олардың пайда болуы, жасалуы, қойылуы мен аталуы және шығу тегіне байланысты бірнеше жолын белгілеп көрсетеді:

– тіліміздің сөздік қорындағы жалпы есім сөздерден – апеллятивтерден жасалғандар;

– басқа тілдерден енген топонимдер;

– белгілі бір саладағы атаулардың – топонимдердің жер-су аттарына, кісі аттарына ауысу нәтижесінде жасалғандары (трансантропонимизация, транстопонимизация);

– тілдің сөздік қорындағы сөздерден жасанды түрде жасалған топонимдер.

Жалпы сөзжасам тарихи және сипаттамалы болып бөлінеді. Тарихи сөзжасамның нысаны болып бір кездері сол кездегі сөзжасамдық бірліктер, сөзжасамдық жұрнақтар бойынша жасалған, бірақ қазір олар сақталмаған өте көне, өз заманында болған заңдылықтарға қатысты туынды сөздер зерттеледі. Ол көне тұлғалар топонимдерде де кездеседі.

Топонимжасамның өзекті мәселесінің бірі – топонимжасам тәсілдері мәселесі. Тіліміздегі топонимдер қалыптасқан сөзжасамдық тәсілдермен жасалған. Олар тілдегі туынды топонимдердің барлығының жасалуына қатысып, үлкен қызмет атқарады. Топонимжасамдық тәсілдер арқылы жасалған туынды атаулар бір-бірінен түрлі белгілері арқылы ажыратылады. Оларға туынды атаулардың лексика-грамматикалық ерекшеліктері яғни сөз таптарына қатысы, сөзжасамдық жұрнақтардың фонетикалық құрамы, түрлері, мағынасы т.б. жатады.

Сөзжасамның лексика-семантикалық тәсілі деп – ешқандай жұрнақсыз-ақ, ешқандай сөзтіркестіругіз-ақ жаңа сөз жасауды айтамыз. Мұндай жағдайда сөзжасамның қайнар көзі – тілімізде бұрыннан қолданылып келе жатқан жалпыхалықтық сөздердің мағынасында болатын әр түрлі өзгерістер жаңа сөз жасаудың лексика-семантикалық тәсілінің негізін қалайды.

Лексика-семантикалық тәсіл – термин жасау тәсілдерінің бірі. Оны басқа тәсілдерге қарағанда термин жасаудың басты негізгі тәсілі деп бағалауға да болады

Сөзжасамның аналитикалық тәсілі тілімізде көне замандардан келе жатқан, тілімізді көптеген күрделі сөздермен толықтырған өнімді тәсіл. Ол көпшілік тілдерде орын алады. Ал кейбір тілдерде негізгі сөзжасамдық тәсіл болып саналады. Мысалы, ондай тілдерге жапон, қытай тілдері жатады. Қандай тәсіл арқылы жасалса да, сөз тудырудың (сөзжасамның) ең басты мәні, ерекше сипаты – жаңа мағыналы сөз жасап, сол арқылы біріншіден, жаңа ұғымның атауы пайда болып, екіншіден, қазақ тілінің сөздік құрамын байыту.

Синтетикалық тәсіл арқылы жасалған туынды сөздер туынды түбір сөздер болса, ал аналитикалық тәсіл арқылы жасалған туынды сөздер күрделі сөздер деп аталады. Күрделі сөздердің сыңарлары қалай болса солай, кез келген сөзден жасала бермейді, оның өзіндік заңдылықтары бар. Қазақ тілінде күрделі сөздің бірге жазылуы міндетті емес. Өзбек тілінің маманы Минара Ганиходжаеваның осы мәселедегі пікірін келтірейік: «Под сложными словами мы понимаем слова состоящие из нескольких компонентов, объединенных одним понятием, т.е. передающих название одного предмета, что возможно при лексикализации свободного словосочетания, в результате которой синтаксические отношения сочетающихся слов отходят на задний план и словосочетание воспринимаются как обозначение единого понятия. При этом слитное или раздельное написание роли не играет, в то время как в индоевропейских языках, в германских языках «цельнооформленность» является одним из ведущих критериев при определении сложного слова» [114]. Өзге сөзжасамдық тәсілдермен салыстырғанда, аналитика-семантикалық сөзжасам тәсілінің өзіндік ерекшелігі бар. Бұл ерекшелік аналитика-семантикалық сөзжасамның толық мағыналы сөздер арқылы жаңа туынды мағына жасай алуымен байланысты.

Туынды сөздің жаңа сөзжасамдық мағынасының ішкі семантикалық құрылымы күрделі болады, әрі оған екі негіз мағынасы да бірдей қатынасып, «ортақ» жаңа сема жасайды. Жаңа сөзжасамдық зерттеулерге сүйене отырып,

аналитикалық-семантикалық тәсіл негізінде пайда болған сөздердің ішкі мағыналық құрылымы арқылы да олардың жаңа атаулық қасиетін айқындаймыз. Себебі кез келген жеке сөз өзінше қалыптасқанымен, оның ортақ заңдылықтары болды. Сонымен, аналитика-семантикалық сөзжасам тәсілінің негізгі ерекшеліктерін былайша көрсетуге болар еді: 1) құрамындағы екі не үш толық мағыналы (кейде көмекші мағынадағы) себепші негізмағынасы арқылы екіншілік сөзжасамдық мағына түзіледі; 2) құрамындағы себепші негіздің тура не ауыспалы мағынасы арқылы уәжделеді; 3) туынды сөздің сөзжасамдық мағынасында себепші негіздердің екеуінің демағыналық үлесі болады; 4) бір себепші негіз арқылы сөзжасамдық парадигма туындай алады; 5) себепші негіздер бір-бірімен салаласа не сабақтаса байланыспайды, тек арасындасинтагматикалық қатынас орнайды.

Аналитикалық тәсілдің мынадай ішкі түрлері бар: 1) біріккен сөздер; 2) қосарланған сөздер; 3) тіркескен сөздер; 4) қысқарған сөздер. Сондықтан да біз аналитика-семантикалық сөзжасам тәсілінің негізгі ерекшеліктерін айқындауды көздедік.

Сөзжасамның лексика-семантикалық тәсілі белгілі бір сөздердің жаңа мағынаға ие болуы, көп мәнді, ең бастысы омонимдік қатарда келуі арқылы жасалады. Сондай-ақ осы жол кейбір сөздердің ол бастағы мәнін жоғалту не болмаса әлсірету барысында басқа бір сөз табының қатарынан танылуға жол береді. Бұл тәсілде сөздің құрамы, тұлғасы ешбір өзгеріске түспейді, өзгеріс тек сөздің мағынасында ғана болады. Сөз дыбыстық, морфемдік құрамын сақтай отырып, тілдегі бұрынғы қолданылып жүрген мағынасының үстіне жаңа мағына қосып алады. Сөздің тек мағынасынды өзгеріс болғандықтан, бұл тәсіл лексика-семантикалық тәсіл – деп аталған.

Ақсуат ауданы микропонимдерінің зерттелуі, пайда болу тарихын, жазбалар мен карта беттеріне түсірілуін, тарихи-этимологиялық талдаулар жасалуымен қатар лексика-семантикалық қырын білудің де маңыздылығы мен қажеттілігі танылып отыр. Жалпы жинақталған материалдар негізінде аймақтағы микропонимдерді лексика-семантикалық тұрғыдан топтастыру мақсатымен топономист-ғалым Б.Бияровтың лексика-семантикалық, аналитика-семантикалық, синтетика-семантикалық тәсілдер арқылы жасалған жіктемесі негізге алынды.

Ақсуат өңіріндегі микропонимдер семантикалық жағынан төмендегідей ұсынылды:

1-тәсіл. Лексика-семантикалық тәсіл арқылы жасалған түбір микропонимдер:

Лексика-семантикалық тәсіл арқылы жасалған аймақ түбір микропонимдері апеллятив атаулар, түбір микрозоотопонимдер, түбір микрофитотопонимдер, сын, сан, мөлшер мәнді түбір сөздерден жасалған микропонимдер, адам тіршілігіне байланысты туған түбір микропонимдер, кеңестік кезеңмен қатысты түбір микропонимдер болып топтастырылды.

1.1.1. Апеллятив атаулар:

а) орографиялық терминдерден жасалған түбір микрооронимдер:

Жартаc – е.м., Тарбағатай а.о. Тарбағатай ауданының тау сілемінің жартасты аймағында орналасқан елді мекенге қойылған атау. Географиялық тау сілемінің шығыңқы келген тасты бөлігі [15, б. 79];

ә) елді мекен атауларын білдіретін түбір микротопонимдер.

1.1.2. Түбір микрозоотопонимдер:

Торғай – жер аты, Ақсуат ауданы. Этнотопоним, ру атына байланысты қойылған атау.

1.1.3. Түбір микрофитотопонимдер:

Қамыс – баз, Екпін а. о.

1.1.4. Сын, сан, мөлшер мәнді түбір сөздерден жасалған микротопонимдер:

Шошақ – зират, Екпін а.о. шошақ (сын есім). «төбесі шошақ зират» мәніндегі атау, некроним.

Тымырсық – өзен, Ойшілік а.о. Ақырын дауысы шықпай ағатын су. Жалпы «тымырсық» сөзі күн райына қатысты, тыныс алуды қиындататын, жайсыз, артынан жауын-шашын болатындығынан хабар беретін беймазалау кез. Соған қарағанда, өзеннің бұлай аталуы беткі көрінісі тыныш болып көрінетін, бірақ бір тылсымы барлығынан хабар беріп тұрған атау.

Қызыл – қыстау, Екпін а. о. қызыл (сын есім). «қызыл» саяси термині арқылы жасалып мал қыстауына берілген атау.

Жіңішке – жайлау, Ойшілік, Құмкөл ауылдарының жайлауы. Тарбағатай ауд. жіңішке (сын есім). «жіңішке, тар асу немесе су» деген мәнің бірінде тұр.

1.1.5. Адам тіршілігіне байланысты туған түбір микротопонимдер:

Семсер – жартаc, Сарыбұлақ қыстағы, Кіндікті а. о. жартастар семсерге ұқсас болғандықтан берілген атау.

Орақ – зират, Көкжыра а. о. антропоним, яғни кісі атына байланысты берілген атау.

Қайшы – өзен, Құмкөл а. о. Қайшы (сын есім). өзен суының бір-біріне қайшы, әрі елді мекенді қиып ағуына байланысты қойылған атау. Қайшы – бір-біріне қарама-қарсы, кереғар .

1.1.6. Кеңестік кезеңмен қатысты түбір микротопонимдер:

Социал – ауыл, Ойшілік а.о. Социал. КСРО кезінде қойылған саяси атау.

XXI партсъезд кеңшары – е.м., Тарбағатай ауд. Кеңес үкіметі кезінде қойылған атау

Комсомол – е.м., Ойшілік а.о. Комсомол (зат есім). Кеңес одағы кезіндегі жастардың қоғамдық-саяси ұйымына қатысты қойылған елді мекен атауы.

Карл Маркс – е.м., Сәтбай а.о. Антропоним, бүкіл дүниежүзі пролетариатының көсемі болған Карл Маркстың (1818-1883) құрметіне байланысты қойылған елді мекен атауы. Көктүбек ауылының бұрынғы атауы.

Түркітануда өзге сөзжасамдық тәсілдерден гөрі аналитикалық сөзжасамдық тәсіл арқылы сөз жасау өте белсенді екенін айтылады. Бұл турасында татар тілінің сөзжасам саласын зерттеуші ғалым Ф. Ганиев: «Однако, аналитизм, как показывают факты, в системе и структуре языка играет не меньшую роль, чем агглютинативность. Аналитизм тюркских языков

пронизывает всю их грамматическую и словообразовательную систему. Без учета аналитичности строя тюркских языков выводимая грамматическая и словообразовательная схема языков была бы весьма неполной, и многое в их строе невозможно было бы понять» [115], – дейді.

Қазіргі уақытта тілімізде көптеген жаңа атаулар аналитикалық тәсіл негізінде жасалып жатыр. Бұл атаулардың жасалу үлгісі мен сөзжасамдық жұптарының болатындығы да белгілі. Кез келген сөз немесе атаудың жасалу жолында сөзжасамдық жұптың маңызы ерекше. Өйткені, сөзжасамдық жұп сөзжасамның ең негізгі ұғымдарының бірі ғана емес, сонымен бірге ең маңыздысы да. Сөзжасамдық жұптың сөзжасамдық тізбек пен сөзжасамдық ұяда атқаратын қызметі мол. Сөзжасамдық жұпта сөз мағынасы орнықпаса немесе тұлғалық жағынан орайласпаса, онда сөзжасамдық тізбек те шықпаған болар еді. Аналитикалық тәсілдің нәтижесінде анықталатын атаулық тіркестердің барлығы да іштей сөзжасамдық жұп құрайды. Демек, еркін тіркестен атаулық тіркестің жасалуының бір шарты – олардың сөзжасамдық жұп құрау қабілеті деуге де толық негіз бар.

2-тәсіл. Аналитика-семантикалық тәсіл арқылы жасалған микропонимдер:

Аналитикалық тәсіл– сөз жасаудың синтаксистік амалдардың бірі. Ол түбір немесе туынды сөздердің бірігуі, қосарлануы, тіркесуі арқылы жаңа сөз тудыру тәсілі болып табылады. Аймақ бойынша аналитика-семантикалық тәсіл арқылы жасалған микропонимдер сын есім+зат есім үлгісімен жасалған біріккен микропонимдер; зат есім+зат есім үлгісімен жасалған біріккен микропонимдер; сан есім+зат есім үлгісімен жасалған біріккен микропонимдер болып топтастырылды.

2.1 Сын есім + зат есім үлгісімен жасалған біріккен микропонимдер:

а) түр-түс мәнді сын есім + зат есім үлгісімен жасалған біріккен микропонимдер:

Ақбаз– қыстақ. Ойшілік а.о. Ақ (сын есім) + баз/база (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған.

Ақбайтал – тау, Ақсуат а.о. Ақ (сын есім) + байтал (зат есім) сөздерінен біріккен. Ақбайтал - көне түркі заманынан қалған сөз, түркілер таудың өте биік сілемін солай атаған сияқты.

Ақбейіт – қыстау, Көктүбек а.о. Ақ (сын есім) + бейіт (зат есім) сөздерінен біріккен атау. Сол маңдағы көзге түсетін негізгі белгі ақ түсті бейіт (зират) болғандықтан, атауға уәж болған.

Аққұдық – қыстау, Жәнтікей а.о. Ақ (сын есім) + құдық (зат есім) сөздерінен бірігіп жасалған. Маңайы сортаң топырақты құдық немесе суы мол құдық деген мағыналардың бірінде тұр.

Жасылкөл – көл, Құмкөл а.о. Жасыл (сын есім) + көл (зат есім) сөздерінің тіркесуі арқылы жасалып тұр. Суы жап-жасыл.Түбіне қарасаң, балдыр немесе басқадай су түбінде өсетін шөп түрлері көрінбейді. Тағы бір ғажабы-жағасы айнадай теп-тегіс. Жалаулы басындағы алып мұздықтардан еріп аққан су осы екі көлге келіп құяды.Бірақ осы су асып-төгіліп ешқайда ағып

шықпайды. Судың қайда кетіп жатқаны да беймәлім. Осы Жасылкөл маңында Қараайрық деген жерлер бар. «Жасыл балдырлы көл» деген мағына береді;

ә) *сапа белгісін білдіретін сын есім + зат есім үлгісімен жасалған біріккен микротопонимдер:*

Алтыншоқы – тау, Тарбағатай ауд. Алтын (зат есім) + шоқы (зат есім) сөздерінен бірігіп жасалған. Тарбағатай тауының бір шоқысы. Алтын түстес сары немесе алтыны бар шоқы деген мағыналардың бірінде тұр;

б) *көлемін және бағытын білдіретін сын есім + зат есім үлгісімен жасалған біріккен микротопонимдер:*

Жалғызтал – ж.а., Көктүбек ауылдық округы. Жалғыз (сан есім) + тал (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған. Айдалада өскен жалғыз тал негізгі белгі ретінде атауға уәж болған.

Жылытау – тау, Көкжыра ауылдық округы. Жылы (сын есім) + тау (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған. «Боран-шашынға ықтасын, көп желі жоқ, қойнаулы тау» деген ұғым береді.

Кеңшар – жер атауы, Ақсуат ауданы. Кең (сын есім) + шар (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған. Шар - тас. Кеңшар – өндірілген өнім мемлекеттік меншік болып табылатын ауылшаруашылық кәсіпорны.

Көпсүйек – жайлау, Екпін а. о. Көп (сын есім) + сүйек (зат есім) сөздерінің тіркесуі арқылы жасалған. 1-нұсқа: «Көп сүйек, көп адам жерленген» мағынасында қойылған атау. Ауыл ақсақалдарының айтуынша, осы жерде қызыл әскер қолынан қаза тапқан көп адам боран астында қалған деседі; 2-нұсқа: Жайлауда адам сүйектерінің көп табылуына байланысты берілген атау, яғни, ашаршылық кезінде қырылған жұрттың сүйектері қалған жер. Ақсуаттықтардың айтуы бойынша, бұл жерге Сасан бидің үлкен ұлының бас сүйегі қойылған.

Шұңқыроба – елді мекені, Құмкөл ауылдық округы. Шұңқыр (сын есім) + оба (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған. Шұңқыр жерде орналасқан оба (әлде зират, әлде төбе) мағынасында қойылған атау. Оба - тастан, топырақтан үйіп жасалған көлемі

2.2 Зат есім + зат есім үлгісімен жасалған біріккен микротопонимдер:

Аманаттас – үңгір, Ақсуат ауылдық округы. Аманат (зат есім) + тас (зат есім) сөздерінен біріккен атау. Қазақта шапқыншылық жылдары адамды аманат ретінде уақытша жерлеп, ыңғайлы бір уақытта туған жеріне көшіріп жерлеу дәстүрі болған. Аманат деген жер-су аттары сондай жағдайды білдіреді.

Аюсай – жайлау, Екпін ауылдық округы. Аю (зат есім) + сай (зат есім, географиялық термин) сөздерінен бірігіп жасалған. Аюы бар сай мағынасында тұр.

Аютас – жайлау, Екпін ауылдық округы. Аю (зат есім) + тас (зат есім, географиялық термин) сөздерінен біріккен. Пішіні аюға ұқсас тас мәнінде метафоралық жолмен пайда болған топоним.

Әміребастау – бастау, Кіндікті ауылы. Кіндікті ауылдық округы. Әміре (зат есім)+бастау (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған. Антропоним.

Әулиебұлақ – бұлақ, Әулие (зат есім)+бұлақ (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған. Ел ақтық байлап, басына тәу ететін бұлақтарды атайды. Жер мен суға табынудан қалған көне түркілік дәстүр.

Әулиеүңгір – табиғи үңгір, Қызыл кесік ауылдық округы. Әулие (зат есім) + үңгір (зат есім сөздерінің бірігуі арқылы жасалған), «қасиетті үңгір» мәнін береді.

Базарбастау – бастау, Кіндікті ауылдық округы. Базар (зат есім)+бастау (зат есім). Шаң қыстағы. Базар өзенінің маңындағы бастау деген мағынадағы атау.

Балақайың – қыстау, Жәңтікей ауылдық округы. Бала (зат есім)+қайың (зат есім). «Балаң, жас қайың өскен жер» деген мәнде. Қайың үлкен болып өсіп кетсе де, атау өзгермей қала берген.

2.3 Сан есім+зат есім үлгісімен жасалған біріккен микротопонимдер:

Алтыоба – тау, Кіндікті а.о. Алты (сан есім)+оба (зат есім) сөздерінен біріккен. Алты обасы (үйілген тасы) бар тау немесе алты оба тәрізді төбелері бар тау мәнін тудырады.

Алтықалмақ – қыстау, Сатбаев ауылдық округы. Алты (сан есім)+қалмақ (зат есім) сөздерінен бірігіп жасалған.

Алтыат – тау, Кіндікті ауылдық округы. Алты (сан есім)+ат (зат есім) сөздерінен біріккен. Алты атқа байланысты әлдеқандай бір оқиғаға орай қойылған, бірақ ол оқиға ел есінен шығып, атау ғана қалған.

Бестамақ – ж.а. Ақсуат ауданы. Бес (сан есім)+тамақ (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған. Бестамақ топонимі «бес жаққа қарай тарамдалған өзек, сайы бар жер» деген мәнде тұр.

Бесшатыр – қыстау, Көктүбек ауылдық округы. Бес (сан есім)+шатыр (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған. «Бес шатыр тәрізді тау, төбесі бар жер» немесе «бес шатыр тігіліп, шөпшілер жатқан жер» мағыналарын береді. Кейде қалмақтардың тастан салынған ғибадатханасын да шатыр деп атайды (Семипалатинск – Жетішатыр).

Тоғызтарау – бұлақ, Кіндікті ауылы, Кіндікті а.о. Тоғыз (сан есім)+тарау (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған. Тоғыз бұлақтың тарамдалып ағуына қатысты қойылған атау.

Үшбұлақ – бұлақ, Жаңаауыл а.о. Үш (сан есім)+бұлақ (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған. Гидроним, яғни үш бұлақтың суының тоғысқан жеріне байланысты қойылған атау.

Үшқұдық – жер атауы, Көктүбек а.о. Үш(сан есім)+құдық(зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған. Үшқұдық қазылған маңайда орналасқан жер атауы.

Үштөбе – елді мекені. Ақсуат ауданы. Үш (сан есім)+төбе (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған атау. «Үлкенді-кішілі үш биігі бар мекен» мағынасында қойылған атау.

3 тәсіл. Синтетика-семантикалық тәсіл арқылы жасалған микротопонимдер:

Синтетика-семантикалық сөзжасамдық тәсіл ең өнімді тәсілдердің бірі болып табылады. Сөзжасамдық тәсілдің бұл түрі түркітануда да, қазақ тіл білімінде де кеңінен зерттелген. Мұнда сөз таптарының жасалу жүйесі бөлек-бөлек қарастырылып, өнімді және өнімсіз сөз тудырушы жұрнақтардың тұлғалық және мағыналық сипаты бағамдалады. Синтетика-семантикалық сөзжасамдық тәсілдің басқа тәсілдерден өзіндік ерекшелігі - жаңа атаудың пайда болғандығын тек сөздің ішкі мағыналық құрылымында пайда болған ерекше сема арқылы айқындауға болады. Синтетика-семантикалық сөзжасамдық тәсіл өзге сөзжасамдық тәсілдермен салыстырғанда кейін пайда болған. Бұл тәсілдің аймақ микротопонимдерін жасаудағы көрінісін төменде мысалдар арқылы ұсындық. Аймақ микротопонимдерін жасайтын негізгі өнімді -лы, -лі, -ды, -ді, -ты, -ті қосымшалары болып келеді, ал тіліміздегі өнімсіз қосымшалар арқылы жасалған атаулар кездеспейді.

3.1 Микротопоним жасаудағы өнімді қосымшалар:

-лы, -лі, -ды, -ді, -ты, -ті:

Жағалбайлы – тау, Қызылкесік ауылдық округы. Жағалбай (зат есім)+лы (сын есім тудырушы жұрнақтың бірігуі) арқылы жасалған. Жағалбайлы - тау атауы. Бұлайша аталудың екі түрлі себебі болуы мүмкін. 1-нұсқа: Біріншісі, қазіргі «жағалтай» деп жүрген құстың бір түрі ерте заманда «жағалбай» аталған тәрізді. Бертін «жағалбай» болып дыбысталуы сәл өзгеріске түскен жағалтай құсы тау атауына негіз болған. 2-нұсқа: Этнотопоним. Ертеде Кіші Жүздің көптеген рулары Алтай, Тарбағатай тауларын мекендегенін сол рудың адамдары әлі күнге шейін айтып отырады. Мәселен, Адайлар Алтайдан ауып келгіміз дейді. Ал Жағалбайлы этнонимінің өзі моңғол тілінде загал «тұлпар, жүйірік жылқы» мағыналы сөзінен шығуы мүмкін. «Жүйірік жылқысы көп» дегенге саяды. «Жағалбайлы жылқысын көптігінен баға алмайды» деген ән жолы соған меңзеп тұрғандай.

Жалаулы – тау, Тарбағатай ауд. Жалау (зат есім)+лы (сын есім тудырушы жұрнақтың) бірігуі арқылы жасалған. «Жалау тігетіндей биік, көрнекті жер» мәнін береді. Кейде жалаубас қамыс өсетін жерді де Жалаулы деп атайды.

Күмісті – бастау, Жәңтікей ауылдық округы. Күміс сөзі (зат есім)+ті (сөзжасам жұрнағы) қосымшасының бірігуі арқылы жасалған. Бастау суының күміс тәрізді жалтырап тұруына байланысты қойылған атау. Жергілікті халықтың айтуынша, бұл қасиетті бастау.

Қайрақты – жайлау, Екпін ауылдық округы. Қайрақ (зат есім)+ты (сөзжасам жұрнағы) бірігуі арқылы жасалған. Жайлауда қайрақ тәрізді тастардың көп болуына байланысты қойылған атау.

Қурайлы – жазық дала, Жәңтікей ауылдық округы, Жәңтікей елді мекені. Қурай (зат есім)+лы (сын есім тудыратын жұрнақ). «Қурайы бітік өскен жазық дала» деген мағына береді.

2.3.2 Үржар ауданы микротопонимдерінің топонимжасамдық сипаты

Үржар ауданы – Абай облысының оңтүстігінде орналасқан әкімшілік-аумақтық бөлік ретінде 1928 жылы құрылған. Семейқаласынан оңтүстікке

қарай 373 километр қашықтықты алып жатыр. Ең жақын Аягөз темір жол станциясы 125 километр жерде орналасқан. Алғаш рет 1923 жылы Семей облысының (губерниясының) құрамында құрылды. 1997 жылы оның құрамына Мақаншы және Таскескен аудандарының жерлері енді. Осындай орналасу ерекшелігіне Үржар ауданындағы микротопонимдер қолданысы да атаулар тарихынан сыр береді. Әрі әрбір атаудың қолданысы мен жасалуы аймақтың терең тарихы мен географиялық орналасуына тікелей байланысты болады.

Аймақ топонимдері, оның ішінде микроатаулары тұлғасы, мағынасы жағынан өте күрделі тілдік құбылыстарға негізделген. Сондықтан аймақ микротопонимдерін сыртқы материалдық құрамы жағынан зерттеумен бірге ішкі мазмұны, мағынасы жағынан да қарастыру маңызды.

Қазіргі сөзжасамның өзі туынды сөзді оның сыртқы морфемдік құрамын караумен бірге, оның мағынасын да зерттейтіндіктен, топонимжасам да жер-су атауларының морфемдік құрамымен бірге мағыналық ерекшеліктерін де қарастырады. Туынды атаулар тілде қалыптасқан тілдік бірліктер арқылы жасалатындықтан, топонимжасамда топонимжасамдық бірліктер, олардың түрлері, қызметі қарастырылады. Топонимжасамның тілдік бірліктері – өте жүйелі құбылыс. Сондықтан олардың түрлерін, байланысын, бір-біріне қарым-қатынасын, атқаратын қызметін, топоним жасауда алатын орнын, топонимдердің мағынасын жасаудағы ерекшеліктерін анықтауда олар кешенді зерттелуі маңызды. Осы ретте Үржар ауданы микротопонимдерінің қолданыс ерекшеліктерін нақты мысалдар арқылы көрсетсек.

Үржар ауданындағы микротопонимдер қолданысы семантикалық, құрылымдық ерекшеліктері де бірнеше тәсілдер арқылы көрсетілді.

Ітәсіл. Лексика-семантикалық тәсіл арқылы жасалған микротопонимдер:

1.1. Лексика-семантикалық тәсіл арқылы жасалған түбір микротопонимдер:

1.1.1. Апеллятив атаулар:

а) орографиялық терминдерден жасалған түбір микрооронимдер:

Арқа – тау, Үржар ауданы. Омыртқа қанаты үстіне қарай шығыңқылау біткен, жануар мүшесінің үстіңгі бөлігіне ұқсату арқылы қойылған атау.

Шыңырау – қыстақ, Қарақол ауылдық округы. Жердің табиғи ерекшелігіне қатысты алыс, түпсіз деген мағынада қойылған атау. Шыңырау – биіктік, шың, құлама жар қабақ, өте алыс, жете алмас жер, өте терең, түпсіз деген мағыналарды береді;

ә) гидрографиялық терминдерден жасалған түбір микрогидронимдер:

Арал – арал, Үржар ауд. Арал – су ортасындағы шағын жер.

Еміл – өзен, Ақшоқы ауылдық округы. Алакөл алабындағы өзен. Шығыс Тарбағатайдың сілемі Ұрқашар баурайындағы (Қытайда) бұлақтардан басталып, Алакөлге құяды. Ұзындығы 254 км. су жиналатын алабы 21,6 мың км².

Саз – жер атауы, Ақшоқы ауылдық округы. Этимологиялық тұрғыдан саз сөзі «ылғалды, сулы» деген мағынаны білдіреді. Атау табиғи ландшафтының ерекшелігіне орай қалыптасқан.

Тұма – бұлақ, Науалы ауылдық округы. Негізгі сөздік қорда орын алған гидронимдік термин арқылы қалыптасқан атау;

б) далалы, жазық жерлерге тән апеллятив атаулар:

Жота – қыстақ, Елтай ауылдық округы. Атау жердің географиялық кескін-келбет, бедеріне, сондай-ақ, қыстаудың орналасуына орай аталса керек.

Қайнар – бұлақ, Бақты ауылдық округы. Бұлақтан судың шымырлап шығып жататындығына байланысты қойылған атау. Қайнар – судың шымырлап шығып жататын жері, бұлақтың басы, бастау;

в) елді мекен атауларын білдіретін түбір микротопонимдер:

1.1.2. Түбір микротопонимдер:

Көкек – жайлау, Қарабұлақ ауылдық округы. I-н. Атау жайлауда көкек құсының көп мекендеуіне байланысты берілуі мүмкін; II-н. Қазақ халқының дәстүрлі күнтізбесіндегі наурыздан кейінгі ай(сәуір), көкек айына байланысты қойылған атау болуы мүмкін.

1.1.3. Түбір микрофитотопонимдер:

Бүрген – елді мекені, Үржар ауданы. Бүрген деген бұтаның жиі кездесуіне байланысты қойылған атау. Мағынасы: «Өсімдік атауы».

1.1.4. Сын, сан, мөлшер мәнді түбір сөздерден жасалған микротопонимдер:

Жаңа – Шолпан ауылдық округы. Кеңес үкіметі кезіндегі символдық мән жүктеген сөз. Бұрынғы құрылымнан басқа, жаңаша жолға қойылған, соны, өзге мағынасында тұр.

Шұрық – бұлақ, Мақаншы ауылдық округы. Бұл жерде Шұрық атауы жер астынан шұрқылдап суы шығып жататын ойлы, шұңқырлы жер мағынасында тұр.

Сасық – қыстау, Бақты ауылдық округы. Жердің табиғи ерекшелігіне, яғни топырақ құрамында иісі жағымсыз заттың болуына қатысты қойылған атау.

1.1.5. Адам тіршілігіне байланысты туған түбір микротопонимдер:

Өндіріс – е.м., Шолпан ауылдық округы. Белгілі бір өндіріс орны болған жерге берілген атау.

Шаңырақ – е.м., Көкөзек ауылдық округы. Ойконим.

1.1.6 Кеңестік түбір микротопонимдер:

Ферма – ферма, Қаракөл ауылдық округы. Кірме атау. Кеңес өкіметі заманында қалыптасқан. Мал өсірілген жер.

Кисилевский – жота, Барқытбел ауылдық округы. Антропотопоним. Кеңестік дәуірде қойылған отаршылдық, кеңестік саясаттан қалған атау.

Кичка – төбе, Көкөзек ауылдық округы. Бұл атау кеңестік дәуірде қойылған.

Ковношар – өзен, Барқытбел ауылдық округы. Бұл атау да кеңестік дәуірде оңды-солды қойылған мағынасыз атаулардың бірі.

Комсомол– бригада. Қарабұта ауылдық округы. Кеңестік кезеңде мектеп бітірген жастарды қой бақтыру саясатында құрылған комсомол-жастар бригадасына қойылған атау.

Костер – ж.а., Көлденең ауылдық округы. Кеңестік дәуірде қойылған. От жағылып, мерекелік шаралар өткізетін жер болғандықтан осылай аталған.

Кочелгин сайы – сай. Көктерек ауылдық округы. Антропотопоним, яғни кісі атына байланысты, кеңестік дәуірде қойылған атау.

Мокрый шель – бұлақ, Ақшоқы, Кеңестік дәуірде оңды-солды қойылған мағынасыз атаулардың бірі.

Мохнатка – өзен, Барқытбел ауылдық округы. Кеңестік дәуірде оңды-солды қойылған мағынасыз атаулардың бірі.

Перевальный – жер атауы, Барқытбел ауылдық округы. Кеңес дәуірінде қойылған мағынасыз атаулардың бірі.

Теңдік – жер атауы. Қарабұлақ ауылдық округы. Кеңес дәуірі кезеңінде қалыптасқан атау. Халықтың бай, кедей емес тең дәреже алуы негізінде берілген атау.

Қазіргі уақытта тілімізде көптеген жаңа атаулар аналитикалық тәсіл негізінде жасалуда. Бұл атаулардың жасалу үлгісі мен сөзжасамдық жұптарының болатындығы да белгілі. Кез келген сөз немесе атаудың жасалу жолында сөзжасамдық жұптың маңызы ерекше. Өйткені, сөзжасамдық жұп сөзжасамның ең негізгі ұғымдарының бірі ғана емес, сонымен бірге ең маңыздысы да. Сөзжасамдық жұптың сөзжасамдық тізбек пен сөзжасамдық ұяда атқаратын қызметі мол. Сөзжасамдық жұпта сөз мағынасы орнықпаса немесе тұлғалық жағынан орайласпаса, онда сөзжасамдық тізбек те шықпаған болар еді. Аналитикалық тәсілдің нәтижесінде анықталатын атаулық тіркестердің барлығы да іштей сөзжасамдық жұп құрайды. Демек, еркін тіркестен атаулық тіркестің жасалуының бір шарты – олардың сөзжасамдық жұп құрай қабілеті деуге де толық негіз бар.

2 тәсіл. Аналитика-семантикалық тәсіл арқылы жасалған микротопонимдер:

Тұтасу процесінің ерекшеліктері мен аналитикалық тәсіл арқылы жасалған сөздердің сипатын ескере отырып, сөздердің тұтасуы сөз тіркесі бөліктерінің тұтас бірлікке айналуы жүзеге асуы сөзжасамның тәсілі болып табылады және ондай бірлікте бөліктердің синтаксистік байланыстары өзгермей, семантикасының мағыналық құрылымындағы қасиеттері сақталады. Аналитикалық сөзжасамдық тәсіл арқылы жасалған композиттердің мағыналық құрылымы күрделі болады, әрі сыңарлар мағынасы арқылы толық немесе жартылай уәжделіп, мағыналық және мәндік тұрғыдан байланысып тұрады.

2.1 Сын есім + зат есім үлгісімен жасалған біріккен микротопонимдер:

а) түр-түс мәнді сын есім +зат есім үлгісімен жасалған біріккен микротопонимдер:

Шұбарбайтал – жайлау, Таскескен а.о. Шұбарбайтал оқиғасына қатысты қойылған атау.

Сарбұлақ – бейіт, Келдімұрат а.о. Атау сары (сын есім) және бұлақ (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған. Атаудың қалыптасуына жердің физикалық белгісі негіз болған. Атау ойконим болып табылды. Себебі осы өңірдегі жердің сарбұлақ аталуы көптеген топонимдердің қалыптасуына негіз болған.

Қызылшоқы – төбешік, Жоғарғы Егінсу а.о. Төбешіктің табиғи ерекшелігіне байланысты қойылған атау. Қызыл тасты шоқы мағынасын береді. Мұндағы шоқы «шағын тау» мәніндегі географиялық термин Қазақстанда кең тараған.

Қызылтас – ж.а., Көктерек а.о. Атау жердің физикалық-географиялық сипаты мен түсіне байланысты қойылған.

Қызылбұлақ – ауыл, Көктерек а.о. Қызыл (сын есім) және бұлақ (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған. Қызыл су сияқты қыста жайылып кететін бұлағы бар жер мәнінде тұр;

ә) сапа белгісін білдіретін сын есім+зат есім үлгісімен жасалған біріккен микротопонимдер:

Шипабұлақ – бұлақ, Белтерек а.о. Шипа және бұлақ сөздерінің бірігуі арқылы қалыптасқан атау. Өңірде орын алған емдік қасиеті бар құлақтың болғандықтан, осы белгі атаудың қалыптасуына негіз болған.

Үлкен томар – сай, Барқытбел а.о. Жердің физикалық-географиялық ерекшелігіне байланысты қалыптасқан атау Сайдың маңында үлкен томардың болуы атаудың қалыптасуына ерекше белгі болып танылған.

Үлкен Дүйсен – бұлақ, Қарақол а.о., Антропотопоним. Кісі атына байланысты берілген атау

Үйгентас – жайлау, Жарбұлақ а.о.;

б) көлемін және бағытын білдіретін сын есім+зат есім үлгісімен жасалған біріккен микротопонимдер:

Шошақбейіт – бейіт, Таскескен а.о. Бейіт тұрғызу кезінде төбесін шошайтып көтеретін болса, шошақ бейіт деп атаған. Сондықтан құрылыс түріне қарай шошақ бейіт аталып кеткен

Шолақтерек – ж.а., Қаратұма а.о.

Шаңдыбастау – бұлақ, Белтерек а.о. Өңірдің физикалық-географиялық ерекшелігіне байланысты берілген атау. Бұлақ орналасқан жерде шаңның көкке көтеріліп жатуына байланысты берілген атау. Әдетте сулы жерде шөп көп өсіп, шаң болмайды. Бұл жердің ерекше белгісі бұлақ болғанға қарамастан, шаңның шығып жатуы болып табылады.

Үлкен томар – сай, Барқытбел а.о. Жердің физикалық-географиялық ерекшелігіне байланысты қалыптасқан атау Сайдың маңында үлкен томардың болуы атаудың қалыптасуына ерекше белгі болып танылған

Ұзынбұлақ – бұлақ, Ақшоқы а.о. Бұлақтың физикалық-географиялық ерекшелігіне байланысты берілген, көлемі жағынан ұзын болып келуіне байланысты берілген атау. Ұзын және бұлақ сөздерінің бірігуі арқылы жасалған.

Тереңнұра – жазық, Жаңа Тілек а.о. Терең және нұра сөздерінің бірігуі арқылы жасалған. Ойконим. Өзен аты негізінде қалыптасқан атау.

Терісбұлақ – ж.а., Қарабұта а.о. Теріс және бұлақ сөздерінің бірігуі арқылы жасалған. Атаудың қалыптасуына бұлақтың табиғи сипаты негіз болған. Бұлақтың керісінше ағуына байланысты аталған.

2.2 Зат есім +зат есім үлгісімен жасалған біріккен микротопонимдер:

Шоқпартас – қыстау, Көктерек а.о. Атау шоқпар және тас сөздерінің бірігуі арқылы жасалған. Бұл атаудың қалыптасуына өңірдің физикалық-географиялық ерекшелігі, яғни өңірде орын алған шоқпар тәріздес тас ерекше белгі болып атаудың қалыптасуына негіз болған

Сандықтас – жайлау, Сегізбай а.о. Ойконим. Атау іргесіндегі таудың атауы негізінде қалыптасқан.

Қызбейіт – ж.а., Таскескен а.о. Болған оқиға негізінде, яғни қыз өліміне қатысты қойылған атау.

Қыземшек – төбе, Таскескен а.о. Қыз (зат есім) және емшек (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған. Қатар келген төбелерді қыз баланың төсіне ұқсатудан туындаған атау.

2.3 Сан есім +зат есім үлгісімен жасалған біріккен микротопонимдер:

Үшкөң – шабындық, Таскескен а.о. Жердің физикалық-географиялық ерекше белгісіне байланысты берілген атау.

Үшбұлақ – ауыл, Қоңыршәулі а.о. Ойконим. Ауылдың ішінен үш бұлақ ағып өтетіндіктен қойылған атау.

Қырықұй – жер атауы, Таскескен а.о. Бұл жерде қырық санына қатысты емес, көп үй келіп қоныстанған, мағынасында тұр. Аягөз бен Таскескеннің аралығында *Ай* өзенінің жанында орналасқан ауыл.

3 тәсіл. Синтетика-семантикалық тәсіл арқылы жасалған микротопонимдер:

3.1 Микротопоним жасаудағы өнімді қосымшалар:

-лы, -лі, -ды, -ді, -ты, -ті:

Шошқалы – өзен, Белтерек а.о. Атау шашқа сөзіне – лы сын есім турдырушы жұрнақтың жалғануы арқылы жасалған. Атаудың қалыптасуы өңірге орыс ұлтының келуімен сипатталады.

Шарбақты – өзен, Таскескен а.о. Өзенге шарбақ тоқып, бөгет жасаған.

3.2 Микротопоним жасаудағы өнімсіз қосымшалар:

-шы, -ші: -кей:

Шөпші – қорық, Шолпан а.о. Атаудың қалыптасуына өңірдің қысқы азық жинауға қолайлы болған ерекше белгісі негіз болған. Өңірден шөпшілер мол-мол мал азығын жинағандықтан, шөп шүйгін шығатын болғандықтан аталған атау.

Бөрнекей – ж.а., Бөрнекей деген сөздің мағынасы бүршік ату, бүр жарды, көктеу, бүртік дегенге келетін сияқты. Бүр (бүр жару) > бөр = бөрне+кей - деп ойлаймыз. Ал, - кейбір эмоциялы-экспрессивтік реңді есімнің жұрнағы, бөрнекей деп, еркелету реңкі мен кем тұтып қомсыну сияқты сын-сипатын қоса-қабат білдірген экспрессивті рең формасы байқалады.

Сондықтан сөзжасамдық талдауда туынды сөздің құрамы ғана емес, олардың сөзжасамдық мағына жасаудағы бір-бірімен қарым-қатынасы да

ескерілетіндіктен топоним жасауда да топонимдік мағына жасаудағы тілдік бірліктердің байланысы қарастырылады. Топоним жасайтын тілдік бірліктер арқылы туынды топонимдер танылады, топонимдердің түрлері, құрамы, топонимжасамдық мағыналары анықталады, топоним жасаушы тәсілдер көрсетіледі. Сөзжасам – өзіндік морфемдік құрамы бар, олардың қолданылу заңдылықтары қалыптасқан, тілді жаңа сөзбен байытудың жолдары мен тәсілдерін зерттейтін тіл білімінің дербес саласы болатыны да сондықтан. Ал топонимжасам – сөзжасамның бір саласы. Өйткені, тілдегі жер-су атаулары, топонимдер тілмен бірге өмір сүріп, тілдің заңдылықтары негізінде пайда болған. Олар да – туынды сөздер. Топонимдердің мағыналарына екіншілік мағына тән. Олардың мағыналарын туынды мағынаға жатқызамыз.

Тілде немесе сөйлеу барысында айтылатын сөз өзі жеке тұрмайтыны түсінікті. Қаншама толық мағынасы болса да, сөз жеке тұрып ақпарат бере алмайды, сондықтан ол тыңдаушы мен сөйлеушінің арасында қарым-қатынас құралы бола алмайды. Сөз қарым-қатынас құралына айналуы үшін міндетті түрде өзге сөздермен тіркесіп келуі қажет, солайша, сөз тіркесін және сөйлемді құрайды.

2.3.3 Аягөз ауданы микротопонимдерінің топонимжасамдық сипаты

Территориялық орналасуы жағынан Аягөз ауданы Абай облысының оңтүстік-батыс жағын алып жатыр. Аудан 1928 жылы құрылған. Жері 49,5 мың км² құрайды. Аудан орталығы Аягөз қаласы болып табылады. Аягөз өңірінің жер бедері өзіндік түрлілігімен сипатталады. Олардың өңірдегі топонимдерінің қалыптасуына ықпалын тигізері сөзсіз. Мәселен, Ақбұлақ, Ақжайлау, Ақшатау, Ақтүбек, Ақши, Әулиебұлақ, Баршатау, Қызылтас, Көктал, Емелтау, Жалғызсу, Егіндібұлақ, Қарасу, Қызылқия, Сандықтас, Мыңбұлақ, Сарықамыс, Томар, Шұбартөс, Қасқабұлақ, Қаратау, Шұбартау, Талдыбұлақ тәрізді жер-су атаулары өңірдің жер бедерінің айқын көрінісі болып табылады. Аудан көлеміндегі жер-су атауларының бай қоры тарихи және мәдени мұрамыз болып табылады. Себебі кез келген жер-су атаулары ғасырлар бойы қалыптасып, аймақтың табиғат жағдайларынан, сол өңірде өмір сүрген халықтың ежелгі және бүгінгі тарихын өн бойында сақтаған, ұлттың тұрмыстық және рухани мәдениеттерінен мәлімет бере алатын көптеген географиялық атаулар жиынтығы болып келеді.

Аягөз ауданының солтүстігі сай-жыралы, өзенді, көлді, оңтүстігі Балқаш-Алакөл ойысыменастасқан жазық болып келеді. Топырағы сортаң, кей жерде қоңыр және сұрғылт. Табиғи өсімдіктерден боз, бетеге т.б. өсімдіктер өседі. Жабайы аңдардан: арқар, қасқыр, аю, түлкі, борсық, қоян, сартышқан, құстан: қаз, үйрек, шағала т.б. мекендейді.

Аягөз ауданының топонимикалық жүйесінің қалыптасуының сан ғасырлық тарихы бар. Сонау біздің жыл санауымызға дейінгі замандардан бастап, ғұндар, сақтар, көне түркілер, оғыздар, қыпшақтар, монғол үстемдігі, жоңғар-қалмақ қақтығыстары, орыс отаршылдығы және т.б. тарихи оқиғалар мен кезеңдер өлке топонимдерінде өз іздерін қалдырмай қоймады. Аягөз

ауданы жер-су атауларының осы ерекшеліктерін ескере отырып, төрт лексикалық топта қарастыруға болады: 1) көне түркілік қабат; 2) қыпшақ қабаты; 3) кірме қабаты және 4) негізгі тілдік қабат.

Көне түркілік қабат – Аягөз өңірі топонимдерінің қалыптасуының негізгі қабатының бірі. Ол көне түркі, яғни Күлтегін, Тоныкөк, Білге қағаннан бастап, көне ұйғыр, Қарахан мемлекеті кезеңдерін, яғни осы кезеңдерде қалыптасқан Алтунуарук, Диуани Лұғат-ит түрік, Құтты білік, Диуани хикмет, Ақиқат сыйы сынды тарихи еңбектерде қолданылатын тілдік қабат пен бүгінгі таңдағы жер-су атауларының сабақтастығы мен сәйкестілігін көрсетеді. Мәселен, Ай (өзен атауы), Айғыз (елді мекен атауы), Бозай (елді мекен атауы) топонимдерінің құрамында орын алған «ай» сөзі Күлтегін ескерткішінің шығыс жүзіндегі бірінші жолда кездесіп, «отыз күн» және «аспандағы ай» мағынасын береді. Сондай-ақ, Бозай (елді мекен атауы), Көксала (ауыл), Көктал (елді мекен атауы) топонимдерінің құрамындағы «боз», «көк» сөздері де Күлтегін ескерткішінің шығыс жүзінің отыз үшінші және бірінші жолында орын алады. Боз – «ашық топырақ түсті», көк – «аспан түсті немесе жасыл» реңк мағыналарында қолданылады. Мысалдардан көріп отырғанымыздай, топоним құрамындағы сөздердің фонетикалық құрамы, лексикалық мағынасы мыңдаған жылдар өткеніне қарамастан, қалпын сақтап келеді.

Аймақтағы микротопонимдердің құрамы әр түрлі. Олардың жасалуында сөзжасамның синтетикалық, аналитикалық, лексика-семантикалық тәсілдерінің үшеуі де қатысады. Топонимжасамдық талдауда жер-су атауларының қалай жасалғанын, туынды топонимдік мағынаны жасаған сөзжасамдық бірліктерді анықтау мақсаты көзделеді. Өйткені әр туынды сөздің құрамы белгілі сөзжасамдық бірліктерден тұратыны белгілі. Қолданыстағы қандай болмасын топонимдік атаудың құрамына, мағынасына арқау болатын уәждеме сөз бар. Ол біреу де, бірнешеу де болуы мүмкін. Топонимжасамдағы уәждеме дегеніміздің өзі – топонимдерді жасауға арқау болған лексикалық мағыналы сөз. Алайда алдымен топонимдерді құрамына қарай талдау жасауда оның сөзжасамдық бірліктерін ажырату мақсаты қойылады. Топонимжасамдық бірліктері ажыратылғаннан кейін, ол уәждеме сөздің қай сөз табына жататынын анықтау маңызды. Ол үшін түбір сөздің қай сөз табына қатысты екендігі анықталады және қай сөз табының сөзжасамдық бірлігі арқылы жасалғанына, топонимнің мағынасына мән беріледі. Онда топонимнің қалай жасалғанын, топонимдегі туынды мағынаны жасаған топонимжасамдық бірліктерді анықтау қажет. Өйткені әр туынды сөздің құрамы белгілі сөзжасамдық, яғни топонимжасамдық бірліктерден тұрады.

Күрделі атау бірнеше толық мағыналы сөздерден құралатыны белгілі, әр күрделі атаудың лексикалық мағынасын жасайтын тілдік бірліктер болғандықтан, олардың мағынаға қатысы дәлелденуі тиіс. Өйткені күрделі атаулар екі-үш негіз сөзден, яғни уәждеме сөзден жасалады, сондықтан күрделі атаулардың мағынасы оның құрамындағы негіз сөздердің, яғни уәждеме сөздердің мағыналарынан құралады. Топонимдік атаулардың мағыналары негіз сөздерімен байланысты болуы – негізгі заңдылықтардың бірі.

Топонимдерге талдау жасалғанда негіз сөз анықталады да, оның топоним сөзбен мағыналық байланысы нақтыланатын турасында жоғарыда атап өткен болатынбыз. Ол топонимжасамдық талдауда топонимнің мағынасын уәждеме сөздің мағынасымен салыстыру арқылы жүзеге асады. Топонимдік атау сөзінің мағынасы уәждеме сөздің мағынасынан қандай дәрежеде өзгергені арқылы топонимжасамдық мағына анықталады. Сонымен қатар, топонимдерді сөзжасамдық тұрғыда талдауда уәждеме сөз бен туынды сөздің морфемдік құрамына да көңіл бөлу ескеріледі. Қашан да негіз сөзден туынды түбірдің морфемдік құрамы күрделі болады. Топонимдердің жасалуында мағына әр түрлі болады, топонимжасамдық талдауда ол ескеріліп отырады. Топонимдік бірліктерді талдағанда олардың мағынасы қандай тілдік бірліктерден жасағанын білумен қатар, олар қандай сөзжасамдық мағына жасалғанын да білу маңызды. Ол үшін топонимнің мағынасының қандай сөзжасамдық мағынаға жататынын ажыратылады.

Ал топонимжасамда қосымша морфемалардың қолданыстық ерекшеліктері мүлдем басқаша болып келеді. Ол топонимжасамның экстралингвистикалық факторларға тәуелділігін және танымдық лингвистика ұстанымдары негізінде сөзжасам мен морфологияның тілдік бірліктерінің қолданысын қарастырады. Себебі, жер-су аттарын жасауға тіліміздегі барлық сөздер қатыспайды және қосымша морфемалардың да кейбіреулері ғана қолданылады. Бұл да олардың нысанының басқа-басқа екенін білдіреді.

Еліміздің, жеріміздің, тіліміздің тарихы және тіліміздің барлық заңдылықтары топонимдік атаулардың өн бойында сақталған. Адамдар өздерін қоршаған ортаны, ондағы әр түрлі нысандарды белгілеу барысында, жаңа атауларға есім бергенде күнделікті тұрмыс-тіршілігіне қажетті құраларды ескеріп отырған.

Аймақ бойынша тіліміздегі жалпы, жалқы зат есімдер геонысан атауларын жасауға белсенді қатысады. Олардың қатарын географиялық терминге айналған атаулар, жалпылық мәнінде қолданылатын сөздер құрайды. Сонымен қатар адамдардың, рулардың аттары, этнонимдер жалқы есімдер қолданысы басым. Олар көбінесе ілік септігі сөзімен тәуелдік жалғауы тіркесінен тұрады.

Күрделендіру тәсілімен жасалған микроатаулар елді мекен атауларының екінші сыңарының тәуелдік жалғауында келіп қолданылуы басым. Аймақ микроатауларының жасалуында түр-түске, заттың көлемін, өлшемін, сапасын, дәмін, иісін басқа да белгілеріне қатысын білдіретін сын есімнің мағыналық топтарының қатысымен жасалған атаулар да кездесіп отырады.

Аймақтың климаттық жағдайына байланысты ақпарат беретін микротопонимдер де тіліміздегі қолданыстары жағынан көрініс береді. Басым көпшілік сын есімдер топонимжасамда күрделендіру тәсілімен жасалған атаулардың бірінші сыңарларында кездеседі. Орналасу орындары тұрақты болып келеді. Микроатауларда бағыныңқы сыңар қызметінде жер бедерлеріне қатысты сындық мағыналарды білдіріп, жалқы есім жасайтын тұстары да кездеседі. Топонимдер жүйесіндегі сан есімдердің өзіндік қолданыстық

ерекшеліктері де өзіндік қолданыстарымен көрінеді. Микротопонимдер жасауда етістік дара және күрделі құрамында кездеседі.

Аягөз ауданының топонимдік кеістігінде микроатаулар зат есім, сын есім, сан есім, етістік сынды сөз таптары топонимжасамды белсенді қызмет атқарады. Әрі өнімді қолданылады. Дегенмен, сөз табының өзіндік сөзжасамдық, топонимжасамдық ерекшеліктерін де ескеру маңызды болады. Сондықтан сөзжасам заңдылықтарын басшылыққа ала отырып топонимжасамның жер-су аттарын жасауда өзіне тән ерекшеліктері барын атауға болады. Оның бірнеше өзіндік себептерінің болуымен де байланысты тұстары кездеседі. Мәселен, атаулардың қолданысының танымдық қыры болса, екіншіден экстралингвистикалық факторлармен де байланысын ескеру қажет болады.

Топонимдер туынды сөздер болғандықтан, оларда сөзжасамдық заңдылық ретінде танылатын тілдік бірліктер бар. Сөзжасамдық бірліктер – туынды сөзді жасауды жүзеге асыратын негізгі құралдар болғандықтан, топонимдерді жасайтын да негізгі тілдік бірліктер бар. Топонимдерді жасауда тілдік бірліктердің маңызы зор. Топонимжасамдық бірліктерге түбір сөздер мен топонимжасамдық жұрнақтар жатады. Уәждеме сөздерсіз, топонимжасамдық жұрнақтарсыз ешбір топоним жасалмайды. Сондықтан тіліміздегі топонимжасамдық бірліктерді, олардың түрлерін, қызметін білу өте маңызды. Олар тіліміздегі тілдік, сөзжасамдық заңдылықтарға бағынып қызмет етеді, яғни топоним жасауға қатысады.

Топонимдердің жасалуына қатысатын тілдік бірліктердің бірі – уәждеме сөздер. Олар топонимжасамдағы уәждеме топонимдерді жасауға арқау болған лексикалық мағыналы сөз ретінде танылып, аймақ микротопонимдерінің топонимикалық жүйесін құрайды.

Аймақ микротопонимдері жер-су атаулары негізінен сыртқы пішініне, жануарлар және өсімдік әлеміне, түр-түске, нысанның көлеміне, орналасу ерекшелігіне судың ыстық, жылы, суығына, сапасына, дәміне, ағысының қарқындылығы мен бәсеңділігіне, шығаратын дыбысына қарай сипатталады. Сонымен бірге жоғарыда айтқанымыздай микроатаулар қолданысы рухани және материалды мәдениетпен, діни ұғымдармен де қатысты болады.

Осындай атаулардың сөзжасамдық қабілеті тұрғысынан теориялық негіздерді негізге ала отырып, ауданның микротопонимдерінің де жасалу жолдарына нақты мысалдар ұсынылды.

Аягөз ауданы топонимдік жүйесінде микротопонимдердің қалыптасқан бірізділігі сақталған, ал осы өңірдегі микротопонимдерді лексика-семантикалық, құрылымдық тұрғыдан талдау барысын төменде көрсетілгендей бірнеше тәсілдермен топтастырып қарастырдық:

1 тәсіл. Лексика-семантикалық тәсіл арқылы жасалған микротопонимдер:

1.1. Лексика-семантикалық тәсіл арқылы жасалған түбір микротопонимдер:

1.1.1. Апеллятив атаулар:

а) орографиялық терминдерден жасалған түбір микрооронимдер:

Шат – шатқал, Қосағаш а.о. Қарашатау деп аталатын шағын тау жотасының күнгей жағында орналасқан екі жағы жартасты терең шатқал.

Күнгей – тау, Тарлаулы а.о. Таудың қар түспейтін күн мол түсетін жағына байланысты қойылған атау;

ә) гидрографиялық терминдерден жасалған түбір микрогидронимдер:

Батпақ – өзен. Мамырсу а.о. Өзен маңы батпақты, сазды болғандықтан берілген атау;

б) далалы, жазық жерлерге тән апеллятив атаулар:

Шөл – алқап, Мәдениет а.о. Шөл - Балхаш көлінің теріскейі мен Бақанас – Дағанделі өзендерінің оң жағалауына дейінгі жерді алып жатқан ұсақ қыратты, жартылай шөлді-шөлейтті алқап;

в) елді мекен атауларын білдіретін түбір микротопонимдер:

1.1.2. Түбір микрозоотопонимдер:

Бұзау – ж.а., Айғыз а.о. Бұзау бағуға қолайлы жер болғандықтан аталған.

Бұлбұл – қыстақ, Мәдениет, а.о. Антропотопоним, кісі атына байланысты қойылған атау.

Мысық – қыстау, Байқошқар а.о. Ойконим. 1-н.: Атаудың қалыптасуына «Мысық» деген адамның лақап аты негіз болуы мүмкін. 2-н.: Жабайы мысықтар көп мекендеген жер болғандықтан, осы ерекшелігіне орай қойылған атау.

Тұлпар – ж.а., Бейімбет Майлин а.о. Жылқы малына қатысты қалыптасқан атау.

Жорға – тау, Емелтау а.о. Жорға – жылқының төрт аяғын тең салып, ырғатыла, тайпала, теңселе, тербете жүйткіген адамға жайлы майда жүрістісі, шабыстысы

1.1.3. Түбір микрофитотопонимдер:

Бүлдірген – сай, Сарыарқа а.о. Бүлдірген қалың өседі. Табиғи ерекшелігіне байланысты берілген атау.

Бүрген – баз, қыстау, Айғыз а.о. Маңайында бүрген өсімдігі қалың өскен баз немесе қыстауға берілген атау

Жүгері – шабындық, Мамырсу а.о. Бұл жерде жүгері өсімдігін екендіктен жүгері шабындығы аталады. Жүгері – сабағы сарғыш ірі дәні бар жуан сабақты дақыл және сол өсімдіктің дәні

1.1.4. Сын, сан, мөлшер мәнді түбір сөздерден жасалған микротопонимдер:

Дөңгелек – бұлақ, Емелтау а.о. Жерінің ыңғайына, сыртқы пішіміне қарап қойылған атау.

Дөңес – қыстау, Тарбағатай а.о. Атау жердің табиғи ерекшелігіне қатысты қойылған.

Жылтыр – қыстақ. Баршатас а.о. 1-н.: Қожагелді Көлібай руының отыратын жері, атақты ақын Уәйіс Шондыбаевтың аталарының жері болса керек. Тау бөктері, жалама, жылтыр тасты жер. 2-н.: Бұл жердің адамдары өнерлі болғандықтан кеш түсе от жағып, оны қоршай отырып, өлең айтып, жыр

жырласа керек. Үнемі алыстан от жылтылдап көрініп тұратындықтан да «Жылтыр» аталған. Қыстақ Бақанас өзенінің бойында орналасқандықтан, өзеннің табиғи ерекшелігіне байланысты қойылған атау.

Жіңішке – өзен, Тарбағатай а.о. Өзен арнасының жіңішке болып ағуына байланысты қойылған атау.

Қызыл – қора, Байқошқар а.о. Қора маңының топырағы қызыл түсті болуына қатысты қойылған атау.

Сары – қыстау, Тарбағатай а.о. Аймақтың түсіне байланысты қойылған атау.

1.1.5. Адам тіршілігіне байланысты туған түбір микротопонимдер

Балға – өзен, Баршатас а.о. Антропотопоним. Төбет тауынан бастау алып ағады, жаз айларында құрғап қалатын шағын өзен.

Диірмен – ж.а, Тарлаулы а.о. Жергілікті халық бидайын тартып алу үшін баратын орын «Диірмен» атауын алған.

1.1.6 Кеңестік түбір микротопонимдер:

Комсомол – баз, Тарлаулы а.о. Кеңес Одағы кезіндегі жастардың қоғамдық-саяси ұйымына қатысты қойылған баз атауы.

2.Аналитика-семантикалық тәсіл арқылы жасалған микротопонимдер:

2.1 Сын есім + зат есім үлгісімен жасалған біріккен микротопонимдер:

а) түр-түс мәнді сын есім +зат есім үлгісімен жасалған біріккен микротопонимдер:

Қараөткел – өткел, Мамырсу а.о. Қара (сын есім) + өткел (зат есім) сөздерінің тіркесуі арқылы жасалған. 1-н.: Өткелден өту күн райына тәуелді болғандықтан, қара өткел атануы да мүмкін. 2-н.: Белгілі бір оқиғаға байланысты берілген атау болуы да мүмкін.

Қарашілік – қыстау, Мамырсу а.о. Қара шілік өсімдігі көп өскен жерде орналасқан қыстаққа берілген атау;

ә) сана белгісін білдіретін сын есім + зат есім үлгісімен жасалған біріккен микротопонимдер:

Жалаңашжар – иірім, Мамырсу а.о. Жардың маңайында не талдың, не таудың қалқа болып тұрмағанына байланысты Жалаңашжар аталған.

Қасқабұлақ – өлке, Мамырсу а.о. Ұзыннан созылып жатқан өлке мәніндегі атау.

Қисыққайың – ж.а., Ақшатау а.о. Аталған жерде қисайып өскен қайың ағашына байланысты атаған.

Мұздыбұлақ –бастау, Ақшатау а.о. Гидроним. Суының мұздай суыөтығына қатысты аталған;

б) көлемін және бағытын білдіретін сын есім+ зат есім үлгісімен жасалған біріккен микротопонимдер:

Молбастау – бастау, Ақшатау а.о. Гидроним. Атау мол (сын есім) және бастау (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған. Суының мол болуына байланысты қойылған атау.

Шақпақтас – тау., Мыңбұлақ а.о. Атау шақпақ (сын есім) және тас (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған. Ұсақ шақпақ тастардан тұратын тау.

Шетбастау – бастау, Нарын а.о. Атау шет және бастау сөздерінің бірігуі арқылы жасалған. Әдетте, бұндай атаулар шекаралық аймақта, аймақтың, өңірдің, елді мекеннің шеткі бөлігіндегі географиялық нысандарға берілетін атау.

2.2 Зат есім +зат есім үлгісімен жасалған біріккен микротопонимдер:

Құсмұрын – қыстау, Малкелді а.о. Құс (зат есім)+мұрын (зат есім). Құстың мұрнына ұқсату арқылы метафоралық жолмен жасалған атау. Ороним.

Қыземшек – төбе, Тарбағатай а.о. Қыз (зат есім)+емшек (зат есім) сөздерінің тіркесуі арқылы жасалған. Табиғи ерекшелігіне байланысты қойылған атау. Тау шоқыларын қыз омырауына ұқсату арқылы пайда болған метафоралық атауға жатады

Мойылишат – кен орны, Байқошқар а.о. Алтын өндіретін кен орынына қойылған атау.

Өгізтау – тау, Малкелді а.о. Ороним. Атау жердің физикалық-географиялық ерекшелігіне байланысты, тауды өзгіздің сұлбасына ұқсату негізінде қалыптасқан.

2.3 Сан есім +зат есім үлгісімен жасалған біріккен микротопонимдер:

Бесқұдық – қыстау, Баршатас ауылдық округы, Құдық санына қатысты атау.

Бесоба – ж.а, Мамырсу ауылдық округы Бес обасы (үйілген тасы) бар жер немесе бес оба тәрізді төбелері бар жер мәнін тудырады. Обалардың зират болуы да мүмкін, асудан асқанда тастап отыратын тас үйіндісі болуы да мүмкін. Шаман дінінде асу мен өткелден өткен әр адам бір тас тастап отыратын болған. Жер мен суға табынудан қалған рәсім еді ол.

Жалғызағаш – қыстақ, Бидайық ауылдық округы, Жалғыз (сан есім)+ағаш (зат есім) сөздерінің тіркесуі арқылы жасалған. Қыстақ маңында өскен жалғыз ағаш негізгі белгі ретінде атауға уәж болған.

Жалғызқайың – Мамырсу ауылдық округы, Айдалада өскен жалғыз қайың негізгі белгі ретінде атауға уәж болған.

Жалғызсу – бұлақ. Ақшатау ауылдық округы, Гидроним. Атау жалғыз (сын есім) және су (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған. Оқшау, оңаша, жеке тұрған бұлақ мағынасындағы атау.

Жетібастау – бұлақ, Сарыарқа ауылдық округы, Бірнеше бастаудың көзі бар суды, жалпы Жетібастау дейді.

Қосбатыр – күмбез. Емелтау а.о. Қос батырға орнатылған күмбез мәнінде қойылған атау.

Қосбейіт– зират. Мәдениет а.о. Қос батырдың бейіті мәніндегі атау.

Қосжігіт – жайлау, Тарбағатай ауылдық округы, Борлы өзенінің жағалауында орналасқан жер атауы, жайлаудың орны.

Қосқатын – жайлау, Тарбағатай ауылдық округы, Борлы өзенінің бойындағы жер атауы.

3. Синтетика-семантикалық тәсіл арқылы жасалған микротопонимдер:

3.1 Микротопоним жасаудағы өнімді қосымшалар:

-лы, -лі, -ды, -ді, ты, -ті:

Борлы – өзен, Тарбағатай а.о. Бұрындары көлшік болған деседі. Өзен бойы қалың қамыс. Басы Жырықсу Жайлауынан басталады.

Бөрлі – тау сілемі, Мыңбұлақ а.о. Таңбалы тау сілемі мәнінде тұр.

Жыланды – бастау, Айғыз а.о. Жылан (зат есім) + ды (сын есім тудырушы жұрнақ) сөзінен жасалған. Жылан жәндігінің көп мекендеуіне байланысты қойылған бастау атауы.

Изенді – қыстақ, Бидайық а.о. Бұл қыстақ маңында изен өсімдігі қалың өсетіндіктен Изенді аталған.

Қопалы – қыстақ, Тарбағатай а.о. Қураған шөптер шіріндісіне аралас қоға, қамыс, құрақ өскен қорысты қыстақ мәнінде қойылған атау.

Тікенекті – қыстақ, Мәдениет а.о. Атаудың қалыптасуына тікенек сөзі негіз болған. «Тікенек» сөзіне-ты сын есім тудырушы жұрнақ жалғану арқылы өңірдің физикалық ерекшелігін беру негізінде қалыптасқан атау. Басында тікен өсіп тұрады.

Микротопонимнің мағынасы уәждеме сөздің мағынасынан қандай дәрежеде өзгергені арқылы жер-су атауының мағынасын анықтауға болады. Алайда, жер-су атаулары экстралингвистикалық факторға байланысты болғандықтан олардың кейбіреулерінің мағынасы сол жердің ерекшелігін көрсете алмайды. Олар саяси-әкімшілік мақсаттағы топонимдерге жатқызылуы ескеріледі. Оған топонимжасамдық талдау жүргізу кезінде атаудың мағынасы астарындағы белгілі бір фактілерді анықтау керек.

Кейбір топонимдер жердің, судың түсіне, көлеміне, сол жердегі қазба байлықтарға, жортып жүретін аң-құстарға, өсімдік түрлеріне байланысты аталады. Тіл білімінің барлық саласы тілді зерттегендіктен бір-бірімен өзара тығыз байланыста болады. Топонимжасам сөзжасамның бір бұтағы болып танылғаннан кейін ол тіл білімі салалары – фонетика, лексикология, морфология, синтаксис, морфологиямен байланысты болып келеді. Сонымен бірге тарихи грамматика, тарихи сөзжасам, лингвокогнитология, тіл біліміндегі антропоэзектілік және басқа да салаларымен де байланысты. Мәселен, топонимжасамның морфологиямен байланысын сөздің ең кіші бөлшегі морфемамен байланысынан көруге болады. Сөздердің барлығы тілдік бірліктерден тұрады. Тілдік бірліктердің біразына сөзжасамдық бірліктер жатады. Туынды топонимдердің жасалуына топонимжасамдық бірліктер қатысады.

Тіл білімі салаларының ішінен топонимдердің лексикология, морфологиямен байланысы ертеден-ақ назарға іліккен. Қазақ тілі сөзжасам жүйесінің ғылыми негіздері айқындалмай тұрып-ақ, 1959 жылы ғалым А.Әбдірахманов «Қазақстанның жер-су аттары» атты монографиясында топонимдердің жасалуындағы лексика-морфологиялық құбылыстарды танып, негізгі және туынды сын есімдерге географиялық жалпы атау қосылу арқылы топонимдердің жасалуын (*Ақадыр, Қарабұлақ, Қызылқұм, Сарысу* т.б.); *егінді, қанды, қамысты, қаулы, талды, шөпті, балықты, бөрілі* туынды сын есімдерге географиялық жалпы атаулар қосылып (*Егіндібұлақ, Қандыағаш, Шөптікөл* т.б.) атаулардың жасалуын; сын есімдерге өсімдік атаулары қосылу арқылы

(*Ақтоғай, Қаратал, Көктал, Сарыағаш* т.б.) жасалуын; негізгі сын есімдерге жан-жануарлар аттарының (*Ақбалық, Арықбалық, Жиренайғыр* т.б.) қосылуы арқылы; *-лы/-лі, -ды/-ді, -ты/-ті* жұрнағы арқылы топонимдердің өсімдіктерге, жануарларға, сол жердің белгісіне байланысты екі түрлі жасалу жолын көрсеткен [75, б. 101].

Топонимжасамның да сөзжасам, морфология тәрізді сөз таптарымен байланысты екендігі аталды. Мысалы, сөзжасам зат есімнің сөзжасамы, сын есімнің сөзжасамы, етістіктің сөзжасамы түрінде әр сөз табының сөзжасамын зерттейді. Ал топонимжасам сөз таптарының жер-су атауларын жасауға қатысып, негіз сөз, уәждеме бірлік болуын қарастырады. Ал морфология әр сөз таптарының түрлену жүйесін зерттейді.

Бұл ретте де сөзжасам, морфология, топонимжасамның ұқсастықтары мен және өзара айырмашылықтары көрінеді. Өзара ұқсастықтары ретінде сөз таптарымен байланыстылығын атауға болады. Ал айырмашылықтары тұрғысынан сөзжасам әр сөз табына жаңа сөздердің қосылу заңдылығын зерттесе, морфология әр сөз табының сөздерінің қолданыста түрлену заңдылығын зерттейді. Ал топонимжасам сөз таптарының жер-су атауларын жасаудағы қолданыстық ерекшеліктерін қарастырады. Топонимжасамда атау тудырушы морфемалардың құрамы әр түрлі. Олардың құрамында сөзжасамдық жұрнақтар және морфологиялық категория көрсеткіштері кездеседі.

Сонымен, топонимжасам тілдің түрлі салаларымен тығыз байланыста болатынын дәлелдедік. Топонимжасам құрылымдық тіл білімі деңгейлері – фонетика, лексикология, сөзжасам, морфология, синтаксиспен өзара тығыз байланысты. Себебі, тіл бірліктері үнемі осындай байланыста өмір сүреді, дамиды. Тілде байланыссыз ешбір сала жоқ.

Топонимжасам лингвокогнитивтік тіл білімімен байланысты, себебі топонимдер жүйесі бүгінде антропоэвектілік ұстанымдар тілдің, тіл бірліктерінің қолданыстық ерекшеліктерін адаммен байланысты қарастыруда. Бұл ретте топонимдер адам ойының, санасының, танымының жемісі. Ол психолингвистиканың зерттеу әдістері арқылы адамзаттың ақиқат дүние туралы түсінігін тіл арқылы жеткізу болса, ол топонимдік жүйеде көрініс тапқан.

Топонимжасам этнолингвистикамен байланысты, себебі тіл тарихи құбылыс болғандықтан жер-су атаулары құрамында тарих куәгерлері, тарихи жәдігер іспеттес атаулар да кездеседі.

Қазақ тіл білімінде топонимдердің шығу төркінін зерттеуге арналған еңбектер өте көп. Ол туралы ғалымдар еңбектерінде айтылған.

Топонимжасам – әмбебап құбылыс болғандықтан біз оның тіл білімінің жаңа салалары лингвомәдениеттану, лингвоелтану, психолингвистикамен байланысты екендігін көрдік. Топонимжасам, сонымен қатар, гендерлік лингвистика, корпустық лингвистика, компьютерлік лингвистика сынды тіл білімінің тармақталған салаларымен де байланысты.

Сонымен қатар бүгінгі ғылым жетістіктері негізінде топонимдер жан-жақты зерттелген деп айтуға әбден болады. Топонимдердің когнитивтік,

антропоэектілік, этимологиялық, географиялық мәселелері кең түрде қарастырылып отыр. Біз микротопонимдердің сөзжасамдық заңдылықтар жүйесі негізінде жасалуын қарастырдық

Тіл дамыған сайын сөздердің әр түрлі мағынада жұмсалуды таным деңгейіне орай тереңдей түсетіні белгілі. Түптеп келгенде, бұл құбылыс адамның абстрактілі ойлау деңгейімен байланысты болып, біте қайнасып, астасып жататыны да түсінікті болса керек.

Өйткені тілдегі кез келген номинативтік процесс ойлау мен таным дамуының жемісі екені көптеген ғалымдардың зерттеулерінде дәлелденген болатын. Бұл тілдің философиялық жағдайын анықтауға байланысты айтылатын күрделі теориялық мәселе болып табылады.

Қорыта келгенде, біздің зерттеу нысанымыздағы Ақсуат, Аягөз, Үржар аудандарындағы микротопонимдердің жасалу әрекеттерін анықтау үшін сөзжасам теориясына, заңдылықтарына сүйене отырып, топонимжасамдық талдау жүргізіп ұсынылды. Топонимжасамдық талдаулар жасау барысында сөзжасамдық заңдылықтар толық сақталды

Аймақтар бойынша микротопонимжасамдық талдауда жер-су атауларының қалай жасалғанын, туынды топонимдік мағынаны жасаған сөзжасамдық бірліктер негізгі нысанға алынды. Өйткені, кез келген туынды сөздің құрамы белгілі сөзжасамдық бірліктерден болатыны анық. Ол үшін сөзжасамдық-топонимжасамдық бірліктерді білу маңызды.

Екенші бөлім бойынша қорытынды

Абай облысы Ақсуат, Аягөз, Үржар аудандары микротопонимдерінің тарихи-лингвистикалық ерекшеліктерін тану өңірдің басынан өткерген тарихи кезеңдерімен тікелей байланысты. Сол себепті де аталған аудандардың топонимикалық жүйесін зерделеуде аталған өңір микротопонимдеріне ғана тән тілдік қабаттар жіктеуін білу орынды. Тілдік қабаттар өңір топонимиясының құрамындағы түрлі дәуірлерге тән лексикалық қабаттарды анықтауға негіз болады, әрі көне дәуірге тән лексикалық қабаттардың сақталып келгендігін жиналған микротопонимиялық материалдар арқылы бағамдауға болады.

Микротопонимдердің тіркесімділік қабілетін тануда қазақ және түркі ономастикасында жалқы есімдердің құрылымдық типін анықтауға баса назар аударады. Топонимдік кеңістіктің құрылысын және топонимжасам ерекшеліктерін талдау топонимнің біртұтас бөлігі ретінде қарастырылады.

Микротопонимдердің де өзіне тән грамматикалық сипаты, морфологиялық құрылымы, жасалу тәсілдері, сөз тудыратын формалары – нақтысы, топонимжасамдық құрылымы болады.

Ақсуат, Үржар, Аягөз аудандары микротопонимдерінің топонимжасамдық ерекшеліктері топоним жасаудың өзіне тән белгілі жасалу тәсілдерін негізге ала отырып лексика-семантикалық тәсіл арқылы жасалған топонимдер, аналитика-семантикалық тәсіл арқылы жасалған топонимдер, синтетика-семантикалық тәсіл арқылы жасалған топонимдер деп топтастырылып берілді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Әрбір халықтың болмысы мен дүниетанымы, этникалық мәдениеті мен рухани өмірі қай кезде, қандай жағдайда болсын, белгілі бір географиялық кеңістікте көрініс табуы нақтылы тарихи дәуірлердің жемісі болып саналады. Ал халықтың барлық өмір тіршілігі, ғасырлар бойы қалыптасқан мәдени, рухани байлығы болса, ең алдымен сол халықтың ана тілінен өз өрнегін табады да, асыл қазына болып қалыптасып, атадан балаға, ұрпақтан ұрпаққа ауысып отырады. Бұл – тіл атаулының бәріне тән объективті заңдылық, ортақ қасиет. Тіл өмірі мен сол тілде сөйлеуші қауымның әлеуметтік өмірін осылайша екі жақты өзара астарлас, бірінсіз бірінің күні жоқ тығыз байланысты дүние деп қарасақ, тілдің де сол халықпен бірге жасап келген мекені, сол халықтың генеологиялық, азаматтық тарихымен бірге туып, біте қайнасқан дәуірлері болатынын жоққа шығара алмаймыз. Осы бір тұтастықты біз тарихи деректерден гөрі тіл байлығынан көбірек көреміз. Өйткені, тарихи деректер әртүрлі себептермен сақталмай, сақталса да келешекке жетпеуі мүмкін. Ал тіл болса, қанша дәуірді басынан кешірсе де, толассыз толығып, ғасырлар бойы жаңғырып, жаңарып отырса да, өткен өмірдің куәгері болары сөзсіз. Демек, ана тіліміздің тұла бойы – тұнып тұрған тарих. Сөз байлығының қат-қабат қайнауларын тереңірек тексеріп, ақтара зерттесек, олардың өткен өміріміз жайлы берер мәліметі, шертер сыры аз болмаса керек. Яғни, микротопоним табиғатын ашуда объект ерекшелігін білдіретін географиялық терминдерді талдау – атау беруші халықтың тұрмыс-салты, тарихы, орналасқан жері, мәдениетінен өте маңызды дерек береді деп айта аламыз. Олай болса, белгілі бір өңірдің микротопонимдер кешенін аймақтық топонимиялық жүйе ретінде қарастыруымыз қажет. Себебі сол жүйені құрайтын географиялық атаулар өзара және тақырыптық топтар ретінде бір-бірімен диалектикалық жүйелі байланыста болатыны сөзсіз.

Абай облысы Ақсуат, Аягөз, Үржар аудандарындағы микротопонимдер жүйесі аймақтың келбетін, ерекшеліктерін қалыптастырған сол өңірге тән физика-географиялық, ландшафттық жағдайларынан, өңірдің табиғи ерекшеліктерінен көрініс береді. Аймақтық микротопонимияның жүйелік құрылымына негіз және алғышарттар болатын факторларға физика-географиялық және этномәдени факторлар да жатқызылады. Ақсуат, Аягөз, Үржар аудандары микротопонимиясын қалыптастырған этномәдени факторларға көшпелі, жартылай көшпелі малшаруашылығы, егіншілік (отырықшылық) және қала мәдениетін жатқызуымызға болады. Аймақтық микротопонимияға әсер еткен этномәдени факторлар жайлы айтқанда, жергілікті халықтың рухани және материалды мәдениеті, әдет-ғұрыптары, тұрмыс-тіршілігі, кәсібі, наным-сенімдері тәрізді ерекшеліктер назардан тыс қалмайды.

Зерттеу барысында Ақсуат, Аягөз, Үржар аудандары микротопонимиясының стратиграфиясы тарихи-хронологиялық, түрлі тарихи-экономикалық формацияның алмасуы нәтижесіндегі бірнеше этнотілдік,

этнотанымдық диахрониялық қабаттарының қалыптасуын көрсетті. Микротопонимдердің тілдегі үлгілерін тарихи және лингвистикалық тұрғыдан талданып, олардың ұлттық мәдениет, ұлттық әдебиет, ұлттық тарихпен байланысын қарастыру маңызды болып табылады.

Ақсуат, Аягөз, Үржар аудандары микротопонимдерін кешенді зерттеу нәтижесінде жалпы топонимика саласындағы микротопонимияның орны, аймақ микротопонимия жүйесінің ерекшеліктері жан-жақты талданды. Зерттеу нысанасындағы аймақтың микротопонимдерін талдау барысында аймақ жер-су атауларын адам, қоғам, табиғат концептілері аясында лексика-семантикалық тұрғыдан топтастыру, олардың топонимжасамдық құрылымдық ерекшеліктерін айқындау, топонимдік қабаттарын айқындау, жасалу тәсілдерін ажырату жұмыстары атқарылды. Сонымен қатар микротопонимдердің өзіндік белгілері, микротопонимдер мен топонимдердің ортақ басты белгілерін көрсете отырып, микротопонимдерді класқа бөлудің негізгі критерийлер негізінде микротопонимдік кластар жіктеліп көрсетілді.

Лингвомәдени аспектіде «тіл мен ұлт біртұтас» деген қағидаға сәйкес жүргізілген зерттеу жұмысы аймақ микротопонимдер жүйесін тіл біліміндегі антропоэзектік парадигма шеңберінде анықтауға негіз болды. Осымен байланысты мәдени-әлеуметтік таңба ретіндегі микротопонимдердің мазмұндық негізі тарихи, аңыздық, қоғамдық жүйеде дәйектелді. Ұлттық ономастикалық жүйенің оның ішінде микротопонимдердің де өзіндік ерекшелігі оның белгілі бір ұлттық тілге емес, ол қандай мәдени ортада да қалыптасқанына байланысты екенін аймақ микротопонимдерінің лингвомәдени, этномәдени, әлеуметтанымдық сабақтастықта зерттелуі көрсетіліп отыр.

Концепт заттық бейнелердің байланысуынан туындайтындықтан, осы негізде аймақ микротопонимдерін «адам», «қоғам», «табиғат» концептісі аясында бірнеше концептілік жүйе құрап, концепт-ақпарат, концепт- таным негізі айналасына топтастырылып берілді.

Ақсуат, Аягөз, Үржар аудандары микротопонимиялық жүйесіндегі отаршылдық топонимдер әр тарихи дәуірлерде орын алған, басқыншылық, жаулап алушылықтан келіп туындаған отаршылдық саясатының, зорлық-зомбылықтың тілдік іздері мен таңбалары іспетті. Зерттеліп отырған өңірде, әсіресе, Үржар ауданында орыс отаршылдық топонимдердің үлесі мол. Осы топонимдер Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңде Ресей және Украинадан қоныс аударушылардың негізінен жері құнарлы, суы мол өзендер бойларына қоныстанғанын көрсетеді.

Соңғы жылдары қазақ ономастикасының бірқатар кешенді де келелі теориялық проблемалары өзінің оң шешімін тапты деуге болады. Мәселен, топонимика саласында қалыптасқан ғылыми-теориялық пайымдаулар жүйеленіп, біршама реттестірілді, зерттеу аспектілеріне жан-жақты тоқталды. Сонымен қатар қазіргі ономастикалық жүйенің метадиалектісі мен концептуалды-терминологиялық аппараты, Қазақстанның қазіргі топонимикалық кеңістігіндегі онимдік бірліктерді көрсету мәселесі зерделеніп,

жүйеленіп, тереңдете қарастырылу арқасында бірқатар тың теориялық нәтижелерге қол жеткізілді.

Микротопонимдердің номинативтік қызметіндегі лингвомәдениеттанымдық аспектілер, жалқы есімдердің семиотикалық қырлары, ономастикалық концептіні «адам», «қоғам», «табиғат» сынды әмбебап концептілер құрылымында қарастырып, олардың концептуалдану ерекшеліктері айқындала түсті. Сондай-ақ, ғаламның ұлттық ономастикалық бейнесін мифонимиялық, антропонимиялық, топонимиялық тұрғыдан сипатталып, белгіленіп, бедерленді деуге болады.

Қазақ топонимиясының лингвокогнитивтік және этномәдени негіздері қазақ тіл білімінде ұлттық жер-су атаулар жүйесі жаңаша көзқараста, жаңа әдіс-тәсілдермен когнитивтік, психолингвистикалық тұрғыдан қарастырылды. Сонымен қатар лингвистикалық, ономастикалық материалды зерттеу барысында жаңаша озық әдіс-тәсілдер, ономастикалық тілдік бірліктерді саралауда тың зерттеу технологиялары енгізілді. Яғни, соңғы жылдардағы топонимика саласында, халқымыздың тілі мен тілінің тереңінде қатталған ұлттық құндылықтарды қазіргі қоғамда, әлемде қалыптасып отырған тарихи, саяси реалийлерге сай зерделеуге мол мүмкіндіктерге жол ашылып отыр. Яғни, осы тұрғыдан келгенде, Ақсуат, Аягөз, Үржар аудандары микротопонимдерін кешенді зерттеу қазақ ономастика жүйесінің зерттелу барысына жаңа ғылыми нәтижелер мен зерттеу әдістемелерін қосары сөзсіз. Зерттеу барысында қол жеткен нәтижелер мен тұжырымдар қазақ тіл біліміндегі аймақтық микротопонимика жүйесінің жалпы сипаты мен ұлттық-мазмұндық құрылымын, номинациялық қағидалары мен атау жасаудағы уәж табиғатының дәстүрлі модельдерін, мәдени таңба ретіндегі коннотациялық сипатын тануға мүмкіндік берді.

Аймақтық микротопонимдерді кешенді зерттеу оларды келешек ұрпақ үшін сақтауға мүмкіндік береді, өйткені олардың көпшілігі уақыт өте келе адам танымастай өзгереді немесе тіпті жойылып кетуі де мүмкін. Бұл қоғамның өмір салтын өзгертуге ықпал ететін объективті және субъективті факторлармен анықталады. Екінші жағынан, халықтың дәстүрлі рухани және материалдық мәдениеті микротопонимдер арқылы кодталған, оның сақталуы қоғам дамуының қазіргі жағдайында да өзекті болып қала береді.

Әрбір атау – көнеден хабар бере алатын баға жетпес тарихи мұра. Кез келген географиялық объектіге атау белгілі бір мақсатпен берілген. Даланың әрбір төбесі мен тауын, тасын, өзені мен көлін, өлкесі мен сайын көшпенді халқымыз жақсы білген. Оларды ондай зеректікке тұрмыс-тіршілігі, төрт түлік малының қамы үйретті. Демек, жер-су атауларын зерттеудің басқа тілдік категориялардан айырмашылығы – олардың терең тарихи, лингвомәдени сипатында болып келеді. Бұл тұрғыдан, тілдік құбылыстың табиғатын сол тілде сөйлейтін этностың, халықтың дүниетанымына, ел, жер тарихына, салт-санасына, мәдениетіне, діні мен діліне қатысты зерттеу өріс алып отырғандығы – қоғамымыздың жаңару процесінің белгілерінің бірі. Қорыта келгенде, ұлттық

кодымызды сақтаудың бір өзегі – микропонимдерді жан-жақты қарастыруда, зерделеуде жатыр.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Жанұзақов Т. Орталық Қазақстанның жер-су аттары. – Алматы: Ғылым. – 1989. – 256 б.
- 2 Рысберген Қ. Қазақ топонимиясының лингвокогнитивтік және этномәдени негіздері: 10.02.02: филол. ғыл. док. ... дис. – Алматы, 2010. – 300 б.
- 3 Сапаров Қ.Т. Қазақстан топонимдерінің қалыптасуы мен дамуының географиялық негіздері (шығыс, солтүстік-шығыс өңірлері мысалында): географ. ғыл. док. ... автореф. – Алматы, 2010. – 39 б.
- 4 Жанұзақ Т. Тарихи жер-су атауларының түптөркіні. – Алматы: «Сөздік словарь» ЖШС, 2010. – 356 б.
- 5 Наханова Л. Историко-семантическая интерпретация топонимов в Орхон-Енисейских памятниках: дис. ... док. PhD: 6D021200. – Алматы, 2014. – 323 с.
- 6 Қашқари М. Түрік тілінің сөздігі: диуани лұғат-ит-түрк: 3 т./ қаз. тіл. ауд. А.Егеубай – Алматы: ХАНТ, 1997. – Т. 1. – 592 б.
- 7 Рысберген К. Историко-лингвистическое исследование топонимов Южного Казахстана. – Алматы: Ғылым, 2000. – 153 с.
- 8 Карпенко Ю.А. Принципы топонимики. – М.: Московский рабочий, 1967. – 178 с.
- 9 Подольская Н.В. Типовые восточнославянские топоосновы: словообразовательный анализ. – М.: Наука, 1983. – 160 с.
- 10 Никонов В. Введение топонимику. – Изд. 2-е. – М.: ЛКИ, 2011. – 184 с.
- 11 Мурзаев Э.М. Очерки топонимики. – М.: Наука, 1974. – 382 с.
- 12 Булатова С.М. Явления народной этимологии в казахском языке: дис. ... канд. филол. наук: 10.02.02. – Алма-Ата, 1990. – 160 с.
- 13 Суперанская А.В. Типы и структура географических названий. – М.: Наука, 1964. – 118 с.
- 14 Правдикова В. Микротопонимия как отражение картины мира на материале английской литературы XIX-XX вв.: автореф.... канд. филол. наук: 10.02.19. – Волгоград, 2009. – 19 с.
- 15 Тарбағатай ауданы жер-су атауларының сөздігі: көм. оқу құр. / құраст. Ш.Б. Сейітова, С.К. Сәтенова, Б.Н. Бияров и др. – Семей: Zhardem, 2019. – 201 б.
- 16 Сәтенова С.К. Аягөз ауданы жер-су атауларының сөздігі: көмек. оқу құр. – Семей: «Zhardem» баспасы, 2020. – 197 б.
- 17 Үржар ауданы жер-су атауларының сөздігі: көмек. оқу құр. / ред. Ш.Б. Сейітова. – Семей: «Zhardem» баспасы, 2020. – 192 б.
- 18 Эйнштейн А. Влияние Максвелла на развитие представлений о физической реальности // В кн.: Собрание науч. тр. – М., 1967. – Т.2. – 879 с.
- 19 Фишер Дж. Синтаксис и социальная структура: трук и понапе // Новое в лингвистике: сб. – М.: Прогресс, 1975. – Вып. 7. – С. 397-421.

- 20 Марина А.С. Понятие языковой картины мира в когнитивной лингвистике: аспекты и виды // Мир лингвистики и коммуникации.– 2007. – №6. – С. 55-65.
- 21 Молчанова О.Т. Опыт сравнительно-исторического и типологического исследования тюркской топонимики Горно-Алтайской области: дис. ... док. филол. наук: 10.02.20. – М., 1983. – 584 с.
- 22 Тілеубердиев Б.М. Қазақ ономастикасының лингвокогнитивтік аспектілері. – Алматы: Арыс, 2006. – 368 б.
- 23 Лотман Ю.М. Семиосфера: культура и взрыв. – СПб., 2004. – 703 с.
- 24 Сейітова Ш.Б., Доскеева Ш.А., Қасымова Ә.Ә. Шығыс Қазақстан топонимдерінің тарихи-лингвистикалық, этимологиялық және этнолингвистикалық ерекшеліктері: оқу кұр. – Семей: «Zhardem» баспасы, 2020. – 121 б.
- 25 Березович Е.Р. Русская топонимия в этнолингвистическом аспекте. – М., 1998. – 71с.
- 26 Зверова Ю. Отражение пространственной модели «верх/низ» в микротопонимии Пермского края // Philoljgical Studies. – 2019. – №17(2). – С. 123-136.
- 27 Дмитриева Л.М. Русская топонимическая система: онтологическое и ментальное бытие // Известия Уральского государственного университета. – 2001. – №20. – С. 13-18.
- 28 Выготский А. Мышление и речь. – М., 1982. – 504 с.
- 29 Леонтьев А.Н. Деятельность, сознание, личность. – М., 1975. – 130 с.
- 30 Бахтин М. Проблемы поэтики Достоевского. – Изд. 4-е. – М., 1979. – 318 с.
- 31 Залевская А. Национально-культурная специфика картины мира и различные подходы к ее исследованию // Языковое сознание и образ мира: сб. ст. – М., 2000. – С. 39-54.
- 32 Тарасов Е. Тенденции развития психолингвистики. – М., 1987. – 166 с.
- 33 Уфимцева Н.В. Этнические ритмы и стереотипы культуры // Язык, сознание, культура, этнос: теория и практика: матер. 11-го всеросс. симпоз. по психолингвистике и теории коммуникации. – М., 1994. – С. 97-99.
- 34 Стеценко А. О специфике психологического и лингвистического подходов к проблеме языкового // В кн: Язык и сознание: парадоксальная рациональность. – М., 1993. – С. 24-33.
- 35 Тарасов Е. Языковое сознание и его познавательный статус // Проблемы психо-лингвистики: теория и эксперимент: сб. науч. тр. – М., 2001. – С. 301-311.
- 36 Психологический словарь / под ред. А.В. Петровского, М.Г. Ярошевского. – М., Политиздат. 1990. – 494 с.
- 37 Леонтьев А.А. Основы психолингвистики. – М., 1999. – 287 с.
- 38 Ушакова Т.Н. Языковое сознание и принципы его исследования // Языковое сознание и образ мира: сб. ст. – М., 2000. – С. 13-23.

- 39 Бодуэн де Куртенэ И.А. Значение языка как предмета изучения: избр. тр. по общему языкознанию: в 2 т. – М.: Изд-во Акад. наук СССР, 1963. – Т. 2. – С. 129-138.
- 40 Ростова А.Н. Метатекст как форма экспликации метаязыкового сознания (на материале русских говоров Сибири): монография. – Томск, 2000. – 194 с.
- 41 Привалова И.В. Языковое сознание: этнокультурная маркированность (теоретико-экспериментальное исследование): автореф. ... док. филол. наук: 10.02.19. – М., 2006. – 48 с.
- 42 Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов – М.: КомКнига, 2007. – 576 с.
- 43 Языковое сознание: содержание и функционирование: тез. докл. 13-го междунар.симпоз. по психолингвистике и теории коммуникацию / Российская академия наук. – М., 2000. – 287 с.
- 44 Томахин Г.Д. США: лингвострановедческий словарь. – М.: Рус.яз., 1999. – 576 с.
- 45 Стернин И. Язык и национальное сознание // Логос. – 2005. – №4. – С. 156-171.
- 46 Гумбольдт В. фон. Избранные труды по языкознанию / пер. с нем. – М.: ОАО ИГ Прогресс, 2000. – 400 с.
- 47 Алдашева А. Аударматану: лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер. – Алматы, 1998. – 53 б.
- 48 Әмірбекова А.Б. Концептілік құрылымдардың поэтикалық мәтіндегі вербалдану ерекшелігі: филол. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2006. – 137 б.
- 49 Ислам А. Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті: филол. ғыл. док. ... автореф. – Алматы, 2004. – 47 б.
- 50 Уәлиев Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: 10.02.02: филол. ғыл. док. ... дис. – Алматы, 2007. – 336 б.
- 51 Бабушкин А.П. Типы концептов в лексико-фразеологической семантике языка. – Воронеж, 1996. – 149 с.
- 52 Степанов Ю.С. Константы. Словарь русской культуры: опыт исследования. – М.: Наука, 1997. – 562 с.
- 53 Карасик И.В. Языковой круг: личность, концепты, дискурс. – Волгоград: Перемена, 2002. – 476с.
- 54 Попова З.Д., Стернин И.А. Очерки по когнитивной лингвистике. – Воронеж: Мир, 2001. – 318 с.
- 55 Әбдуәли Қ. Қазақтар: ана тілі әлемінде: 3 т. – Алматы: Дайк-Пресс, 2009. – Т. 1. – 784б.
- 56 Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Павлодар, 2010. – 306 б.
- 57 Хасанов Б. Мемлекеттік тіл: әлеумет және жастар. – Алматы, 2013. – 200 б.
- 58 Иманбердиева С.Қ. Тарихи ономастикалық кеңістік (X-XIV ғғ. түркі жазба ескерткіштер негізінде): филол. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2010. – 291 б.

- 59 Жартыбаев А.Е. Орталық Қазақстан топонимиясының тарихилингвистикалық, этимологиялық және этномәдени негіздері: филол. ғыл. док. ... автореф. – Алматы, 2006. – 44 б.
- 60 Seitova Sh.B., Satenova S.K., Mamysheva M. et al. Toponymic Space of Tarbagatay District of East Kazakhstan Region As A Reflection of the Material and Spiritual Culture of the Kazakh People // ASTRA Salvensis. – 2021. – №1. – P. 435-447.
- 61 Мурзаев Э.М. Словарь народных географических терминов. – М.: Мысль, 1984. – 653 с.
- 62 Молчанова О.Т. Топонимический словарь Горного Алтая. – Горно-Алтайск, 1979. – 337 с.
- 63 Абдрахманов М.А., Конюхов А.А. Топонимические названия Шории // Языки и топонимия Сибири: сб. ст. – Томск, 1966. – Т. 1. – С. 159-169.
- 64 Жақыпов А. Қаракерей тума тарихы. – Алматы: Үш қиян, 2004. – 360 б.
- 65 Смағұлұлы Т. Найман Мәмбетқұл және Ырғызбай әулие әулеттері. – Бас. 3-ші. – Семей, 2004. – 284 б.
- 66 Сейітова Ш.Б. Қазақ этнонимдерінің тарихи-лингвомәдени жүйесі (Шығыс Қазақстан аймағы материалдары бойынша): 10.02.02: филол. ғыл. док. ... автореф. – Алматы, 2009. – 35 б.
- 67 Афанасьев О.Е., Троценко А.В. Категория «легенда» в региональном топонимическом пространстве: на примере Днепропетровской области Украины // Псковский регионологический журнал. – 2014. – №17. – С. 67-77.
- 68 Бабалар сөзі: 100 т. / құраст. С. Қасқабасов Б. Әзібаева, С. Қосан және т.б. – Астана: Фолиант, 2011. – Т. 80. – 414 б.
- 69 Турышева О.Н. Теория и методология зарубежного литературоведения: учеб. пос. – М.: Флинта: Наука, 2012. – 160 с.
- 70 Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері: актуальные вопросы казахского языка. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 283 б.
- 71 Каймулдинова К.Д. Қазақстанның аридті аумақтарының топонимиясы: монография. – Алматы: «Те-color» баспасы, 2010. – 280 б.
- 72 Бияров Б.Н. Өр Алтайдың жер-су аттары. – Алматы, 2002. – 180 б.
- 73 Жучкевич В.А. Общая топонимика. – Минск: Вышейш. школ., 1968. – 432 с.
- 74 Сапаров Қ. Баянаула топонимикасы: ғылыми-танымдық зерттеулер: монография. – Алматы: Эпиграф, 2017. – 316 б.
- 75 Әбдірахманов А. Топонимика және этимология. – Алматы: Ғылым, 1975. – 207 б.
- 76 Комлев Н.Г. Словарь иностранных слов. – М.: ЭКСМО-Пресс, 2006. – 669 с.
- 77 Абаев В.И. О происхождении фонемы γ (h) в славянском // В кн.: Проблемы индоевропейского языкознания. Этюды по сравнительно-исторической грамматике индоевропейских языков. – М., 1964. – С. 115-121.

- 78 Дульзон А.П. Вопросы этимологического анализа русских топонимов субстратного происхождения // Вопросы языкознания. – 1959. – №4. – С. 35-46.
- 79 Болғанбаев Ә. Қазақ тілінің лексикологиясы. – Алматы: Мектеп, 1979. – 176 б.
- 80 Койчубаев Е. Краткий толковый словарь топонимики Казахстана. – Алма-Ата: Наука, 1974. – 275 с.
- 81 Ержанова Ұ.Р. Батыс Қазақстан Облысы топонимдерінің этнолингвистикалық сипаты: филол. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 1998. – 157 б.
- 82 Ахметжанова Ф.Р., Әлімхан А.Ә. Қазақ шығысының жер-су аттары. – Өскемен: ШҚТУ, 2000. – 104 б.
- 83 Малов С.Е. Уйгурское наречие Синьцзяна. – М.: Наука, 1961. – 256 с.
- 84 Ондар Б.К. Топонимический словарь Тувы. – Кызыл: Тувинское книжное издательство, 2007. – 550 с.
- 85 Әбдірахманов А. Қазақстанның жер-су аттары. – Алматы: ҚазССР Ғылым Академиясы, 1959. – 219 б.
- 86 Томанов М. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 192 б.
- 87 Қоңыратбаев Ә., Қоңыратбаев Т. Көне мәдениет жазбалары. – Алматы, Қазақ университеті, 1991. – 400б.
- 88 Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков. – М.: Наука, 1974. – Вып. 1. – 768 с.
- 89 Мамырбекова Г.М. Қазақ тіліндегі араб, парсы сөздерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2017. – 656 б.
- 90 Сағидолда Г.С. Түркі-моңғол тілдік байланысы: топонимия және фразеология. – Астана: Кантана Пресс, 2011. – 354 б.
- 91 Сейітова Ш.Б., Мамышева М.Е. Үржар ауданы топонимикалық жүйесінің тілдік қабаттары тарихи-лингвистикалық аспектіде // С. Торайғыров университетінің хабаршысы. – 2022. – №4. – Б. 247-258.
- 92 Қайдар Ә. Атамекен атауларындағы «ақтандақтар» // Кіт.: Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ана тілі, 1998. – Б. 148-157.
- 93 Мырзахметов М. Қазақ қалай орыстандырылды? – Алматы: Атамұра, 1993. – 153 б.
- 94 Қарасаев Ғ. Қазақстан және Алтай өңірі XVIII-XX ғасырлар аралығында: Қазақстанның шығысы және Алтай өлкесі деректерінен. – Өскемен: Медиа-Альянс, 2004. – 392 б.
- 95 Султаньяев О.А. Казахские микропонимы Кокчетавской области, образованные от личных имен // Ономастика и грамматика: сб. ст. – М.: Наука, 1969. – С. 208-213.
- 96 Искакова Х.Ф. Структура составных топонимов (на материале Крыма) // Тюркская ономастика: сб. ст. – Алма-Ата: Наука, 1984. – С. 163-171.
- 97 Линко Т.В. Қазақша мал атаулары // Кіт.: Қазақ ономастикасының мәселелері. – Алматы, 1986. – Б. 116-121.
- 98 Молчанова О.Т. Участие усложненных притяжательных предигативных синтагм в номинации географических объектов Горного Алтая

// Матер. конф. о проблемах Азербайджанской ономастики. – Баку, 1986. – С. 115.

99 Подольская Н.В. Словарь русской ономастической терминологии. – М.: Наука, 1988. – 200с.

100 Суперанская А.В. Что такое топонимика? – М.: Наука, 1985. – 275 с.

101 Попова В.Н. Структурно-семантическая природа топонимов Казахстана (сравнительно-историческое исследование): автореф. ... док. филол. наук. – Алматы, 1997. – 39 с.

102 Сауранбаев Н. Қазақ тілі. – Алматы, 1953. – 219 б.

103 Аблақов Ә., Исаев С., Ағманов Е. Қазақ тіліндегі сөз тіркесінің дамуы мен лексикалану процесі. – Алматы: Санат, 1997. – 320 б.

104 Салқынбай А.Б. Тарихи сөзжасам: семантикалық аспект: монография. – Алматы: Қазақ университеті, 1999. – 309 б.

105 Оралбаева Н. Қазақ тілінің сөзжасамы. – Алматы, 2002. – 192 б.

106 Салқынбай А.Б. Қазақ тілі сөзжасамы: оқу құралы – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 271 б.

107 Бияров Б. Жер-су аттарының сөзжасамдық үлгілері: монография. – Алматы, 2012. – 460 б.

108 Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы: Мектеп, 1974. – 403 б.

109 Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі / ред. М.Б. Балақаев және т.б. – Алматы: Ғылым, 1989. – 368 б.

110 Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис / ред. Е. Жанпейісов. – Астана, 2002. – 784 б.

111 Омарова А. Қазақ тіліндегі нөлдік жұрнақтың функциональдық және семантикалық аспектісі: филол. ғыл. док. ... автореф. – Алматы, 2006. – 52 б.

112 Мурзаев Э.М. Местные географические термины // Вопросы географии: сб.ст. – М.: Наука, 1970. – С. 16-35.

113 Ермекбаев Ғ.Ж. Жер бедері атаулары (семантикалық, морфологиялық талдау, фоносемантикалық сипаттама): филол. ғыл. канд. дис. – Алматы, 1999. – 136 б.

114 Ганиходжаева М. Прилагательные цвета узбекского языка сравнительноисторическом аспекте. – Ташкент, 1986. – 289 с.